

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

МЕДИА ЭТИКА

Жас мамандардың
тәжірибесінен

MEDIA ETHICS at WORK

True Stories From Young Professionals

ЛИ ЭНН ПЕК
ГАЙ С. РИЛ



«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»
жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік
бағдарламасы аясында
іске асырылды

Media Ethics at Work

*True Stories from
Young Professionals*

2nd edition

Lee Anne Peck
Guy S. Reel

Editors



ӘОЖ 174 (075.8)
КБЖ 87.7я73
Л49 П24

«Жаңа гуманитарлық білім.
Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»
жобасының редакциялық алқасы:

Редакциялық алқаның төрағасы – *Тәжин М.М.*
Төрағаның орынбасары – *Сағадиев Е.К.*
Жауапты хатшы – *Кенжеханұлы Р.*
Алтаев Ж.А.
Алишанов Р.А.
Жаманбалаева Ш.Е.
Жолдасбеков М.Ж.
Қасқабасов С.А.
Қарин Е.Т.
Құрманбайұлы Ш.
Масалимова Ә.Р.
Мұтанов Ғ.М.
Нұрышева Г.Ж.
Нысанбаев Ә.Н.
Өмірзақов С.Ы.
Саңыылбаев О.С.
Сыдықов Е.Б.

Кітапты баспаға әзірлеген:

Ұлттық аударма бюросы

Аудармашылар – *Мұқанов Б.*
Сәбит Б.
Қадылбек Б.

Әдеби редактор – *Бәмішұлы Б.*
Ғылыми редактор – *Саудбаев М.*

Жауапты шығарушы – *Кәпқызы Е.*

Жалпы редакциясын
басқарған – *Медеубекұлы С.*

Пікір жазғандар – *Ерпекбеков М.*
Сеңгірбай М.

Copyright © 2017 by CQ Press, an Imprint of SAGE Publications, Inc. CQ Press is a registered trademark of Congressional Quarterly Inc.

All rights reserved. No part of this book may be reproduced or utilized in any form or by any means, electronic or mechanical, including photocopying, recording, or by any information storage and retrieval system, without permission in writing from the publisher.

Л49 П24 **Ли Энн Пек, Гай С. Рил**

Медиа этика. Жас мамандардың тәжірибесінен. Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 2018 жыл. – 304 бет.

ISBN 978-601-7943-18-9

Бұл кітап студенттер мен жас мамандарға бұқаралық ақпарат құралдары саласында кездесетін этикалық мәселелерді шешу жолдарын көрсетуге арналған. Еңбекке жарнама, жаңалықтар, қоғамдық қатынастар саласында жұмыс істейтін жас мамандар тап болған күрделі мәселелер мен шынайы оқиғалар арқау болған. Әрбір жағдаят кеңінен баяндалып, қатысушылар әрекеті арқылы жан-жақты ашылып көрсетіледі. Сондықтан оқырман «Мұндай жағдайда мен не істер едім?» – деген ой үстінде болады.

Кіріспе материалда философиялық толғамдар мен теориялық тұжырымдарға, моральдық мәселелерге де орын берілген.

Кітап – студенттердің теориялық білімдерін тәжірибемен оңтайлы ұштастырып, өмірде кездесетін тосын, күрделі мәселелерден жол тауып шығуға баудитын тағлымды еңбек.

ӘОЖ 174 (075.8)
КБЖ 87.7я73

ISBN 978-601-7943-18-9

© 2017 by CQ Press, an Imprint of SAGE
© «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018



...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады...

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінен

Редакторлар бұл кітапты 2015 жылдың 20 тамызында дүниеден өткен профессор Дэниел Рэймолдқа арнайды. Оның журналистикадағы еңбектерінің орны орасан зор.

Мазмұны

РЕДАКТОРЛАР ТУРАЛЫ	18
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ	20
АЛҒЫ СӨЗ	26
КІРІСПЕ.....	32
I ТАРАУ. МЕДИА ЭТИКА НЕГІЗДЕРІ	37
1. ЭТИКАЛЫҚ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫ	38
<i>Ли Энн Пек</i>	
Терминдер	39
Медиа мамандарына арналған кодекстер.....	40
Философиялық теориялар.....	41
Сократ	41
Платон.....	42
Аристотельдің ізгілік этикасы.....	43
Канттың этикалық міндеттер туралы ойы.....	46
Утилитаризм мен Дж.С. Милдің пайдалылық қағидаты	47
Росс бұйрығы және оның нақты міндеттері	50
Джон Роулдің надандық пердесі туралы теориясы.....	51
Сиссела Боктің жариялылық тесті	52
Қамқорлық этикасы	53
Этикалық шешім қабылдау және дін	55
Қорытынды ойлар	56
Библиография	56
2. МОРАЛЬДЫҚ ТҮРҒЫДАН КЕМЕЛДЕНГЕН КӘСІБИ МЕДИА МАМАНЫ	58
<i>Дэни Эллиот</i>	
Моральдық кемелдену теориясы.....	59
Моральдық кемелдену теориясындағы тұлғалар	59
Моральдық кемелденудің бастапқы сатысы	60
Моральдық кемелденудің қарапайым сатысы.....	61
Моральдық кемелденудің соңғы сатысы.....	62
Моральдық кемелдену тәжірибесі.....	63
Жас тілші оқиғасы	63
Моральдық кемелдену мүмкіндіктері	64
Медианың кәсіби маманына айналу	65
Сара дилеммасының шешімі	66
Жаттығу: Моральдық кемелденуге ұмтылу	67
Библиография	68

II ТАРАУ. АДАЛДЫҚ 69

3. ТӘРТІП БҰЗУҒА ҚАРСЫЛЫҚ 70

Фотоны өзгерту (монтаждау) әрекеті 70

Доника Менсинг

Моральдық кемелдену теориясы..... 70

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Поттер қорабы..... 72

Тығырық: Әшкере ету керек пе, әлде үнсіз қалған жөн бе? 73

Шешім: Кеңесшіден көмек сұрау 74

ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: NPPA-ның этика кодексі 75

Соңы: Кәсіби стандарттарды қорғау..... 76

Ой елегінен өткізсек 76

Егер... 77

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер..... 78

ТАҚЫРЫПТАР: Фотоны өзгерту (монтаждау) әрекеті

Тәртіп бұзуға қарсы тұру, кәсіби стандарттар мен жеке стандарттарды қорғау

4. САЯСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ НЕМЕСЕ КӘДІМГІ САЯСАТКЕРЛЕР 79

Саяси кампания тактикалары 79

Люсинда Остин

Оқиға: Жоғары деңгейдегі саяси кампания..... 80

Тығырық: Адастыру немесе назарды басқа жаққа аударту..... 80

Шешім: Өзінің «моральдық құбыланамасын (компасын)» ұстану..... 82

ОЙ ҚҰРАЛЫ: PRSA этика кодексі 83

Соңы: Саяси сауаттылық..... 84

Ой елегінен өткізсек 84

Егер... 85

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер..... 86

ТАҚЫРЫПТАР: Этика және «саяси ойын», кампаниялардағы бұрмаланған

ақпарат және көзқарас алуандығы, үгіт-насихат және әділдік

5. ФОКУС ТОП ДИЛЕММАСЫ 87

Мәмілеге келу туралы оқиға 87

Нэнси Фурлоу

Оқиға: Коммерциялық емес ұйымның ребрендингі 87

Тығырық: Бастық кампания қызметкерлерін алдайды 88

Шешім: Үнсіздік үрейі 89

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Маркетингтік зерттеу стандарттарының екі кодексі 90

Соңы: Ойындағыны ашық айтуға дағдылану 91

Ой елегінен өткізсек 92

Егер... 93

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер..... 94

ТАҚЫРЫПТАР: Нарықты зерттеу, этика ережелеріне қайшы келетін

әрекеттермен жұмыс істеу, өзекті мәселені көре білу, кеңесшілермен

жұмыс істеу

6.	БҰЛ – КЕРЕМЕТ ТОП!	95
	Жасөспірім кейпіне ену	95
	<i>Ричард Д. Уотерс</i>	
	Оқиға: «Менің не істегенімді қалайсыз?»	95
	Тығырық: Клиентке адал қызмет көрсету	96
	Шешім: Өтіріктен бас тарту	98
	ОЙ ҚҰРАЛЫ: «Поттер қорабы» және Навран моделі	99
	Соңы: Адалдықты сақтау, бизнестен айырылу.....	100
	Ой елегінен өткізсек	101
	Егер.....	101
	Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	103
	<i>ТАҚЫРЫПТАР: Интернет арқылы алдау, әлеуметтік медиа, дәрменсіз адамдарды қорғау, сенімге кіруге тырысу</i>	
7.	КҮДІКТІЛЕРДІ АНЫҚТАУ	104
	Уэйкодағы атыс	104
	<i>Рэй Никамп</i>	
	Оқиға: Мотоциклшілер бандасы, қарулы полиция және атыс.....	104
	Тығырық: Есімдерін атау керек пе?	105
	Шешім: Есімдерін қолдану.....	106
	Соңы: Бәсекелес басылымдар жаңалықтарға ықпал етеді	106
	ОЙ ҚҰРАЛЫ: Зардапты азайту	108
	Ой елегінен өткізсек	108
	Байқап көріңіз:	109
	<i>Тақырыптар: Әлеуметтік медиа, қылмыстан зардап шегушілер, бәсекелестер қысымы, ақпаратқа бірінші қол жеткізу</i>	
8.	ЖАЛҒЫЗ ЖҮРІП ЖОЛ ТАБУ	110
	«TV CREW» телеарна қызметкерінің оқиғасы	110
	<i>Джордж Л. Дэниелс</i>	
	Оқиға: Торнадо және оның салдары.....	111
	Тығырық: Жұмысты қайта істеу керек пе?	112
	Шешім: Шынайылық	112
	ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Файлдар мен VNR файлдарын қолдану	113
	Соңы: Көп оқиға, мол тәжірибе	115
	Ой елегінен өткізсек	116
	ОЙ ҚҰРАЛЫ: Этикаға сай келетін видео мен аудиоға монтаж жасауға қажетті әдістемелік ұсыныстар	117
	Егер... ..	118
	Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	119
	<i>ТАҚЫРЫПТАР: Монтаждау немесе редакциялау сәттері, материалды қысқарту кезіндегі манипуляция, бейнематериалдарды пайдалану, кейбір жұмыстарды қайта істеу, жеке жұмыс істеу үшін қажетті стандарттарды, материалдарды тарту</i>	

9.	СТУДЕНТТЕРДІҢ ІЗДЕНІСТЕРІНЕ КӨМЕКТЕСУ: АҚПАРАТТЫ ҚҰПИЯ ЖОЛМЕН АЛУ	120
	<i>Джо Миранда</i>	
	Оқиға: Кредит берудің бейресми ережелері.....	121
	Тығырық: Күрделі ресурстардан ақпарат жинау	121
	ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Оқу орнын ауыстыру ережелері	122
	Шешім: Басқа адамның кейпіне ену	123
	ОЙ ҚҰРАЛЫ: Милль және рационализациядан қашу.....	124
	Соңы: Жарияланым және саяси өзгеріс.....	125
	Ой елегінен өткізсек... ..	126
	Егер.....	127
	Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	128
	<i>ТАҚЫРЫПТАР: Алдау, ашықтық, процесс туралы, мақсат пен құралдың тепе-теңдігі</i>	
10.	АЛДЫН АЛА ШЕКТЕУ: «АТАҚ БИІГІНЕН ТӨМЕН ҚАРАУ» ОҚИҒАСЫ	129
	<i>Джон Х. Кеннеди Винна Велла</i>	
	Оқиға: Сыныптағы өзгеше кездесулер	129
	Тығырық: Журналистер немесе журналист еместер	131
	Шешім: Олар енді не істеуі керек?	132
	ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Ақиқатты іздеу және тәуелсіздік	133
	Соңы: Үлкен нәрсенің кішкентай бөлшегі	134
	Ой елегінен өткізсек:	135
	Егер... ..	136
	Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер	136
	<i>ТАҚЫРЫПТАР: Цензура және алдын ала шектеу, ұжымдық журналистикада әкімшілердің (администраторлардың, бастықтардың) журналистерге қарсы болуы, өз ұстанымынан айнымау</i>	
11.	ДЕРЕКТЕРМЕН БЕТПЕ-БЕТ КЕЛУ	138
	Дереккөздегі қарама-қайшылықтар	138
	<i>Кайлин Браун</i>	
	Оқиға: Деректерге «малтығып қалу»	138
	Тығырық: Деректерді түгел қамту керек пе, әлде ішінара алған жөн бе?.....	140
	ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Зардапты азайтудың SPI мандаты және Сиссела Бок тесті.....	140
	Шешім: Енді не істеуім керек?	141
	Соңы: Оқырманның реакциясы.....	142
	ОЙ ҚҰРАЛЫ: Надандық пердесі	143
	Ой елегінен өткізсек	144
	Егер... ..	145
	Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	146
	<i>ТАҚЫРЫПТАР: Объективті болу, оқиғаның мән-жайын анықтау, оқиғаның балама дереккөздерін пайымдау, деректерге мән беру</i>	

III ТАРАУ. СЕЗІМТАЛДЫҚ (сақтық)..... 147

12. САҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ 148

Студенттің қайтыс болу оқиғасы 148

Франсес Парриш

Гай С. Рил

Оқиғаға қатысты краудсорсинг (ел аузындағы сөз) әдісімен ақпарат жинау 148

Тығырық: Өлімнің себебін қалай жариялау керектігі жайлы 151

ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Facebook немесе басқа да әлеуметтік желілерді қолдану 152

Шешім: Оқиғаның мән-жайы..... 153

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Керол Гиллиганның «Қамқорлық этикасы»..... 154

Соңы: Кәсіби тұрғыдағы әрекет..... 155

ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Әлеуметтік медианы қолдану..... 156

Ой елегінен өткізсек 156

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер..... 157

Егер... 157

Тақырыптар: Әлеуметтік желілерден ақпарат іздеу, қатенің салдарын бақылау

13. ИММЕРСИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЭТИКА..... 159

«Ақ шуыл»..... 159

Дэвид Р. Дэвис

Кэсси Родерберг

Оқиға: «Бұны неге жазып отырсың?» 159

Тығырық: Этика сақтау мен дереккөздерді қорғаудағы тепе-теңдік..... 160

Шешім: Қоғамнан оқшауланғандардың арызын жеткізу 163

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Керол Гиллиганның «Қамқорлық этикасы»..... 164

Соңы: «Халықпен аралас»..... 165

Ой елегінен өткізсек 166

Егер... 166

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер..... 167

ТАҚЫРЫПТАР: Этика мен дереккөздерді қорғау арасында тепе-теңдікті

ұстау, қоғамның осал топтарымен тілдесу, дереккөзбен «достасу»

14. ЖЕКЕТҰЛҒА ҚҰПИЯСЫН САҚТАУ ӘДЕБИ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰҚЫҚ 168

Қыз зорлау қылмысы мен жәбірленуші 168

И Натаниел Фредерик

Айми Павиа Мидер

Оқиға: «Бұл әдеттегі қылмыс емес» 168

Тығырық: Жасыру жеткіліксіз..... 169

Шешім: Детальдарды қалдыру..... 170

ОЙ ҚҰРАЛЫ: У.Д. Росс..... 171

Соңы: Келешекті ескеру 172

Ой елегінен өткізсек 172

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер..... 173

ТАҚЫРЫПТАР: Жапа шегушілер туралы шешім қабылдау, зорлау құрбанының

есімін жасыру мақсатында оқиғаны ойластыру, журналистің қоғам мен

зардап шегуші алдындағы міндеттерін анықтау

15. СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ, РЕСМИ ҚЫСЫМ: ШЕТЕЛДЕН КЕЛГЕН СТУДЕНТТІҢ ЖАҒДАЙЫ	174
<i>Даниэль Реймолд</i>	
Оқиға: Америкалық мәдениет және Миннесота Твист.....	175
Тығырық: Батыл пікірлер, қарапайым көзқарастар	176
Шешім: Асқынып бара жатқан мәселені үкімет басып тастағысы келеді	177
ОЙ ҚҰРАЛЫ: SPJ этикалық коды.....	178
Соңы: «Айтылған сөз – атылған оқ» емес.....	180
Ой елегінен өткізсек	183
Егер... ..	184
Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	184
<i>ТАҚЫРЫПТАР: Кросс-мәдениет, қоғамның дәрменсіз топтарын қорғау, Үкіметтегі шенеуніктермен жұмыс істеу, мақала жариялауда қысым көрсету</i>	
16. ӘРЕКЕТСІЗДІКТІҢ КЕСІРІ	185
Жартылай ақылы «ит сауық кеші»	
<i>Жизель А. Оже</i>	
Оқиға: Біздің алғашқы барбекю кешімізге келіңіздер!	185
Тығырық: Айтқанды істеу ме, әлде ақиқат үшін күрес пе?	187
Шешім: Жарнаманың шынайылығы	188
ОЙ ҚҰРАЛЫ: PRSA этикалық кодексіндегі тәртіп ережелері	190
Соңы: PR маманы.....	190
Ой елегінен өткізсек	191
Егер... ..	192
Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер	193
<i>ТАҚЫРЫПТАР: Жарнамадағы адалдық, клиенттермен ниеттес болу, бастықтың қателіктерін көру</i>	
17. ӨТІНІШ, БҰЛ ВИДЕОНЫ ҚОЛДАНБАҢЫЗ!.....	195
Ауыр апат.....	
<i>Рэй Никемп</i>	
Оқиға: Сарбаз, қыз, ішімдік және қызыл шам.....	195
Тығырық: Бұл бейнематериалды қолданбауыңызға бола ма?	197
Ой құралы: Шындықты айту ма, әлде зардап шектіру ме?.....	197
Шешім: Барлығын көрсет!.....	198
Соңы: Екінші рет ойлану мүмкіндігі берілмейді.....	199
Ой елегінен өткізсек	200
Егер... ..	202
Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	203
<i>ТАҚЫРЫПТАР: Залал келтірмеу, мүдделі топтарға сезімталдықпен қарау</i>	
18. ДЕРЕККӨЗДІҢ ӨКІНІШІ: «МАҚАЛАДАН МЕНІҢ АТЫ-ЖӨНІМДІ АЛЫП ТАСТА»	204
<i>Майкл О’Доннел</i>	
Оқиға: Менің жұмыс берушім өткен өмірім туралы Google-ден шындықты біліп қоймай ма?.....	205

Есіңді жи	206
Тығырық: Шағын басылым, көп оқырман	207
Шешім: Іздеу жүйесінен айналып өтуге тырысу.....	209
ОЙ ҚҰРАЛЫ: Клиффорд Дж. Кристиан құпияны сақтау және адамгершілік	
хақында	210
Соңы: Көп сұраныс, жаңа стандарттар.....	211
ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Жарияламау туралы өтініш түскен кезде не істеу керек?	212
Ой елегінен өткізсек	217
Егер.....	218
Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	219
<i>ТАҚЫРЫПТАР: Құпиялылық, веб-архивтердің өзгеруі, ақпарат пен залалдың арақатынасы</i>	

IV ТАРАУ. БАЛАНС 221

19. ЖАПА ШЕГУШІНІҢ ДОСЫ 222

Қайтыс болған студент туралы оқиға222

Луис А. Бойнтон

Адам Рью

Оқиға: Студенттік ұйым президентінің мәйіті табылды

222

Тығырық: Эмоцияны тізгіндеу.....

223

Шешім: «Мен өз пікірімнен қайтпадым»

224

ОЙ ҚҰРАЛЫ: У.Д. Росс пен Сиссела Боктің философиясы

225

Шешім: Тізгінді тең ұстау.....

227

 Ой елегінен өткізсек

228

 Егер... ..

229

 Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....

230

ТАҚЫРЫПТАР: Бірнеше рөлдің тепе-теңдігі, жасырын дереккөз,

аудиожарнама, досың үшін ақпарат тарату

20. ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ҚАҚТЫҒЫСЫ 231

Ұждан мәселесі 231

Кэти К. Превис

Оқиға: Қоғаммен байланыс бөлімінің әрекеті

231

Тығырық: Бейтарап болу

232

ОЙ ҚҰРАЛЫ: PRSA мүшесінің кәсіби құндылықтар туралы мәлімдемесі

234

Шешім: Этика кодексінің ұсыныстары

235

ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Нені таңдайсыз?.....

237

Соңы: Келісімге келу.....

237

 Ой елегінен өткізсек

238

 Егер... ..

238

 Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....

239

ТАҚЫРЫП: Қоғаммен байланыс орнату, шындыққа жету, қиянаттың

көрініс табуы

21. СІЗ МАҒАН НЕ ЖІБЕРГЕНСІЗ?	241
Тағлымдама кезіндегі жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу оқиғасы .	241
<i>Келли Скотт Рейсли</i>	
Оқиға: Супервайзердің екіұшты өтініштері.....	241
Тығырық: Не істеу керек?	243
ОЙ ҚҰРАЛЫ: Мән доктринасы және келісімді бұйрық	243
Шешім: Тағлымдамадан кету	244
ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Жұмыс орнында жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу немесе сексизм мәселесін шешу	245
Соңы: Болашаққа көз тігу	246
Ой елегінен өткізсек	247
Егер... ..	247
Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	248
<i>Тақырыптар: Жұмыстағы сексизм мен жәбірлеу, тағылымдамадан өту құқығы, қолдау табу</i>	
22. ЖАРНАМА БЕРУШІНІҢ ҚЫСЫМЫ	249
Мектептегі түскі ас оқиғасы.....	249
<i>Рэй Никемп</i>	
Оқиға: Мектептегі түскі асқа қатысты шағым	249
Тығырық: Жарнама берушінің қысымы	250
Шешім: «Мені бұл оқиға абдыратып тастады»	251
ОЙ ҚҰРАЛЫ: Еркін қимылда	251
Соңы: Ішкі цензура	252
Ой елегінен өткізсек	252
ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Журналистік құндылықтар мен бизнес бірлестіктерден түскен қысымдар теңгерімі туралы RTDNA нұсқаулығы.....	253
Мынаны байқап көріңіз.....	253
Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	254
<i>ТАҚЫРЫПТАР: Жаңалықтарға сырттан түскен қысым, жаңалықтың тәуелсіздігі, БАҚ-қа қаржылық қысым көрсету, өзіндік цензураның қауіптері</i>	
23. ЖУРНАЛИСТІК ШЕШІМ КӨПШІЛІКТІҢ ҚАЛАУЫНА ҚАЙШЫ КЕЛСЕ... ..	255
Веб-талдаудың ықпалы жөнінде	255
<i>Гэри Риценталер</i>	
Оқиға: Маңызды мақала неге бас мақала емес?	256
Тығырық: Бірінші бетке қай мақаланы қою керектігін кім шешеді?.....	257
Шешім: «Жоғалтып алған мүмкіндік»	259
ОЙ ҚҰРАЛЫ: У.Д. Росс және қарама-қарсы жауапкершіліктің бірін таңдау.....	260
Соңы: Барынша көп талдау, таңдау және сауал.....	261
Ой елегінен өткізсек	263
Егер... ..	263
Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	264
<i>ТАҚЫРЫПТАР: Технология және дәстүр, қоғамдастық ұсынысын қосу, жаңалықтар туралы пайымдау</i>	

24.	ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ БЛОГТЕГІ ПІКІРІН ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНҒАН ЖӨН?	265
	Кеңесшінің блогі туралы	265
	<i>Джэн Лич</i>	
	Оқиға: Қала әкімінің кеңесшісі ойындағысын айтты	266
	Іс-әрекет құралы: Блогте жаңалықтарда қолдану тәсілдері.....	267
	Тығырық: Блогтегі жазбалардың барлығынан ақпарат жасау керек пе?	268
	Шешім: Жарияла да, таңғал!.....	270
	ОЙ ҚҰРАЛЫ: Дәйдің ЖСШ (жағдаят, сараптау, шешім) моделі	271
	Соңы: Блоггердің маңызы артты	272
	Ой елегінен өткізсек	273
	Егер... ..	274
	Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	275
	<i>ТАҚЫРЫПТАР: Көпшілік алдында сөйлейтін сөз, интернеттегі ақпараттарды тексеру, стандарттардың өзгеруі</i>	
25.	ЖАЗЫЛДЫ МА, ЖАЗЫЛҒАН ЖОҚ ПА?	276
	Ренжулі профессордың оқиғасы	276
	<i>К. Тим Вулфемейер</i>	
	Оқиға: Кеш. Профессор және ашулы студенттер	277
	Тығырық: «Сөзімді қайтып алдым»	278
	ОЙ ҚҰРАЛЫ: Этикалық кодекс және теория	279
	Шешім: Жеті өлшеп, бір кес	280
	Соңы: Қоғамдық ықпал және жекелеген әсер	283
	Ой елегінен өткізсек	283
	Егер... ..	284
	Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	285
	<i>ТАҚЫРЫПТАР: Ережелерді түсіну, жаңалықтарды пайымдау</i>	
26.	ҮНІ ЕСТІЛМЕЙТІНДЕРДІҢ МҰҢ-ШЕРІН ЖЕТКІЗУ	286
	Өзгенің жағдайын баяндау	286
	<i>Бет Е. Концепсион</i>	
	Оқиға: Жаңа жоба күтпеген нәтижеге жеткізеді	286
	Тығырық: «Бұл оқиғаны айтатындай мен кіммін?»	287
	ОЙ ҚҰРАЛЫ: Роулдің әлеуметтегі алуандық көзқарасы және әділеттілік	288
	Шешім: Адвокат іздеу	289
	Соңы: «Әр нәрсе – өзінше бір оқиға»	290
	Ой елегінен өткізсек	291
	Егер... ..	291
	Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	292
	<i>ТАҚЫРЫПТАР: Қоғамдық ақпарат пен жеке сектор, әлеуметтік және экономикалық теңсіздік, әртүрлі дереккөздерді іздеу</i>	

27. ЖАЛҒЫЗ ОЙЫН – ЖАҚСЫ ҰСЫНЫС	293
Жұмыс іздеу этикасындағы екі жағдай	293
<i>Скот Р. Хамула</i>	
Оқиға: «Мен жұмыс таптым, бірақ...».....	294
Эмили Парнель	294
Джош Мюррей	294
Тығырық: Екінші ойды қабылдау	295
Эмили Парнель	295
Джош Мюррей	297
ОЙ ҚҰРАЛЫ: Кейінгі ұрпақ	296
Шешім: Асығыс шешім	297
Эмили Парнель.....	297
Джош Мюррей	298
ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Бенджамин Франклиннің тепе-теңдік қағазы	298
Соңы: Екі тәсіл, екі нәтиже	298
Эмили Парнель.....	299
Джош Мюррей	299
Ой елегінен өткізсек	299
Егер... ..	300
Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер.....	300
<i>Тақырыптар: Шыдамдылық, ашықтық, жұмыс іздеу</i>	
ҚОСЫМШАЛАР: ЭТИКА КОДЕКСТЕРІНЕ СІЛТЕМЕЛЕР	302

Редакторлар туралы

Ли Энн Пек, Ph.D., – Грили қаласындағы Солтүстік Колорадо университеті Коммуникация мектебінің журналистика және медиа зерттеулер профессоры. Ол ағылшын журналистикасы және коммуникация курстарынан сабақ береді. UNC университетіне ұстаздық қызметке орналаспас бұрын Швейцарияның Лугано қаласындағы Франклин университетінде халықаралық коммуникациялар департаментінің ассистент профессоры болды. Оның зерттеулері студенттердің этикалық шешім қабылдауында тиімді жолдарын табуға бағытталған.

Пек кәсіби еңбек жолын Молин қаласындағы (Иллинойс) Daily Dispatch басылымында тілшілі қызметінен бастады. Колорадо университетінің Техникалық журналистика бакалавры дипломын алған соң ол Солтүстік Колорадоның Фронт Рейнджідегі Choice Magazine журналында – редактор, кейін бас редактор болды. 1980 жылдардың ортасында Индиана мен Делавэр басылымдарына арнап мақалалар жазды. The Fort Collins Coloradoan басылымында редактор, шолушы, Rocky Mountain News басылымында мәтін редакторы (қазір бұл қызмет түрі жоқ) қызметін атқарды. Сонымен қатар Пек Tamra Bay Online және Microsoft-тың Denver Sidewalk онлайн басылымдарында тәжірибеден өтті. Пектің мақалалар жазумен, өңдеумен және қоғамдық жұмыстармен айналысатын Little White Dog Communications атты компаниясы бар. Ол бұқаралық коммуникация бойынша Огайо университетінің докторы, Оңтүстік Калифорния университетінің философия магистрі, Оңтүстік Флорида университетінің бұқаралық коммуникация магистрі, CSU ағылшын тілі магистрі. Ол 20 жылдан астам уақыт бойы Кәсіби журналистер ұйымымен белсенді жұмыс істеп келеді.

Гай С. Рил, Ph.D., – Оңтүстік Каролинаның Рок-Хилл қаласындағы Уинтроп университетінің бұқаралық коммуникация профессоры. Мемфис қаласындағы (Теннесси штаты) The Commercial Appeal басылымында тілші және редактор қызметтерін атқарған. Журналистикадағы проблемалар мен коммуникация тарихы туралы еңбектер жазған Рил журналистика және бұқаралық коммуникация бойынша сабақ береді.

Ол XIX ғасыр таблоидтарындағы ерліктің көрінісін зерттеп, *The National Police Gazette and the Making of the Modern American Man, 1879–1906* (2006) атты кітап жазған. Огайо университетінің докторы, Мемфис университетінің магистрі, Теннесси университетінің бакалавры.

Авторлар туралы

Жизель А. Оже – Род Айленд колледжінің қоғаммен байланыс профессоры. Флорида университетінде бұқаралық коммуникация бойынша докторлық дәрежесін қорғаған. Англиядағы Ланкастер университетінің халықаралық қатынастар және стратегиялық зерттеулер магистрі. Ол коммерциялық емес ұйымдарды насихаттау, ашықтық, әлеуметтік желілер мен академиялық әділетсіздік туралы зерттеген. Оженің коммуникация саласында 20 жылдық тәжірибесі бар. Тәжірибе мен академиялық білімді шеберлікпен ұштастыра білгендіктен, оның еңбектері студенттер үшін маңызды.

Люсинда Остин коммуникация, стратегиялық коммуникациялық компаниялар, стратегиялық хат және коммуникациялық зерттеулер курстарынан сабақ береді. Элон университетінің ассистент профессоры. Остиннің зерттеулерінде стратегиялық коммуникацияға әлеуметтік желілердің әсері кеңінен қарастырылған. Оның ішінде денсаулық сақтау саласы, коммуникация дағдарысы, ұйымды құрудағы қоғамның және қоғамдық қатынастардың мүмкіндіктері қамтылған. Ол Мэриленд университетінің коммуникациялық қатерлерді зерттеу және ICF International орталығында, федералды үкіметке және коммерциялық емес ұйымдарға коммуникациялық қолдау көрсететін CDC, NHS, FEMA секілді фирмаларда және америкалық «Қызыл Крест» қоғамында жұмыс істеген. Еңбектері бірнеше танымал журналда жарияланған.

Лоис А. Бойнтон – Чапел Хилл қаласындағы Солтүстік Каролина университеті Медиа және журнализм мектебінің қауымдастырылған профессоры. Медиа этика және қоғаммен байланыс курстарынан сабақ береді. Сонымен қатар ол – Парр университетінің этика орталығының қызметкері. Ол ұстаздық қызметке келмес бұрын 14 жыл бойы тілші, редактор, қоғаммен байланыс маманы қызметтерін атқарған. Еңбектері Journal of Mass Media Ethics, Communication Yearbook, Public Relations Review, Prism басылымдарында жарияланған. UNC-Chapel Hill университетінің магистрі және докторы.

Кейлин Браун Олбани қаласындағы Albany Business Review және Times Union компаниясының The Troy Record басылымының тілшісі болған. Осы қаладағы Сент-Роз колледжінің қауымдастырылған профессоры. Медиа этика және журналистика курстарынан сабақ береді. Студенттердің The Chronicle газетінің кеңесшісі. Олбаниядағы Нью-Йорк мемлекеттік университетінің Ph.D докторы.

Бет Э. Концепсьон – Еркін өнер мектебінің деканы. Ол Саваннадағы өнер және дизайн колледжі бағдарламасын үйлестірушісі. Концепсьон журналистика, медиа/қоғаммен байланыс саласында 25 жылдан астам қызмет еткен. Жаңалықтар, жарнама, әлеуметтік желілердегі маркетинг, жаңа медиа салаларына маманданған. Ол Oglethorpe университетінде бакалавр, Миссисипи университетінде ғылыми бакалавр дәрежесін алса, SCAD университетінен магистр және қаржы магистрі дәрежелеріне қол жеткізеді. Докторлықты Оңтүстік Каролина университетінде қорғаған.

Джордж Л. Дэниелс – Алабама университеті Коммуникация және ақпараттық ғылымдар колледжінің қауымдастырылған профессоры. Магистратураға түскенге дейін ол Цинциннати, Атланта, Ричмонд (Вирджиния штаты) телеарналарында жаңалықтар продюсері қызметінде болған. Оның зерттеулері бұқаралық ақпарат құралдарындағы қызметтің әртүрлілігі, журналистикадағы әртүрлілік, бұқаралық коммуникациядағы білім беру секілді тақырыптарды қамтыған. Ол Джорджия университетінде бұқаралық коммуникация магистрі және докторы дәрежелерін алды.

Дэвид Р. Дэвис – Оңтүстік Миссисипи университетінің Бұқаралық коммуникация және журналистика мектебінің директоры. Алабама университетінің докторы, Соусерн Мисс және Огайо университетінің магистрі. Бұқаралық коммуникация тарихынан сабақ береді. Нәсілшілдіктің баспасөздегі көрінісі туралы үшінші кітабын жазып жатыр. Академияға жұмысқа тұрмас бұрын 10 жылдан астам уақыт бойы Арканзас газеттерінде, соның ішінде Arkansas gazette басылымында тілші болған.

Дени Эллиотт – Оңтүстік Флорида университетінің Элинор Джамисон Пойнтер атындағы Медиа этика және басылым саясаты кафедрасының меңгерушісі, Журналистика және медиа зерттеулер бөлімінің басшысы. Эллиотт практикалық этика бойынша New Ethics for New Media, What You Think You Know Can Kill You: Busting the Myths of Breast Cancer секілді 10 кітап, 190-нан астам ғылыми мақала жазған. Уэин университетінде философия магистрі атанып, оқытушы этикасы бағыты бойынша пәнаралық докторлық дәрежесін Гарвард университетінде алған.

Натаниэль Фредерик II – Уинтроп университетінің бұқаралық коммуникация департаментінің ассистент профессоры. Оның зерттеулері мен ұстаздық қызметі медиа-құқық, медиа-тарих, мәдениеттану салаларына бағытталған. Ол азаматтық құқық үшін болған америкалық көтеріліс кезіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының түрлі мәдениеттермен және әлеуметтік наразылықтармен бетпе-бет келуі туралы еңбектер жазған. Медиа зерттеулер саласының магистрі, Пенсильвания мемлекеттік университетінің коммуникация бойынша Ph.D докторы.

Нэнси Фурлоу – Арлингтондағы (Вирджиния) Мэримаунт университетінің бухгалтерлік есеп, экономика, қаржы және маркетинг департаментінің төрайымы. Оның зерттеулері өнімнің орнын ауыстыру, экологиялық таңбалау, әлеуметтік маркетинг пен «жасыл» жарнамаға бағытталған. Оңтүстік Миссисипи университетінде коммуникация бойынша докторлық қорғап, Луизиана штаты университетінің журналистика магистрі дәрежесін алды.

Скотт Р. Хамула – Нью-Йорктегі Итаки колледжінің стратегиялық коммуникация департаментінің төрағасы, қауымдастырылған профессор. Жарнама саласында, Мичиган мен Нью-Йорк радиостансаларында қызмет етті. Итакидағы маркетингтік коммуникациялардың дамуына үлес қосты. Америкалық жарнама федерациясының кеңесшісі болды. Оның зерттеулері аудитория, клиентті таныту, жарнаманы сатуды басқару, радио мен телестансалардың стратегиялық брендингі салаларын қамтыған. Чикаго университетінің маркетинг бойынша магистрі.

Джон Х. Кеннеди 40 жылдан астам уақыт түрлі мерзімді басылымда (соның ішінде, негізгі метрополиялық газеттің редакторы, журналда фрилансер әрі публицистикалық жинақтың авторы) ақпараттар қызметінде тілші, редактор қызметтерін атқарған. 1994 жылдан бастап бірнеше колледжде ұстаз болды. 1999 жылы Швейцариядағы америкалық колледжде, 2003 жылы Филадельфиядағы Розмонтта коммуникациялық факультет ашты. Шығыс Африкаға барып, журналистерге журналистік зерттеу жүргізуді, компьютерлік журналистика мен этиканы үйретті. Қазір Бостон университетінің журналистика бөлімінде сабақ береді.

Ян Лич – Кент мемлекеттік университетінің Журналистика және бұқаралық коммуникация мектебінің қауымдастырылған профессоры. Жыл сайын Кент қаласындағы бұқаралық ақпарат құралдарындағы этика бойынша семинар өткізетін Этика мәселесі жөніндегі Poynter KSU медиа индустриясының құқықтық орталық директоры. Флорида штатының Санкт-Петербург қаласындағы Пойнтер атындағы журналистика зерттеулері институтының стипендианты. 2014 жылы АҚШ мемлекеттік департаментіне, Үндістанның

төрт қаласындағы мамандар мен студенттерге медиа этикадан тренингтер өткізді. Кент штатындағы факультетке келмес бұрын ол The Akron Beacon Journal басылымында редактор және вице-президент болды. Жақында Цинциннати кәсіби журналистер қоғамының ұлықтау залы оның есімімен аталды.

Эми Павия Мидер – Журналистика докторы, Уинтроп университетінің ассистент профессоры. Мультимедия, журналистика курстарынан сабақ береді. БАҚ психологиясын, мультимедия этикасын зерттейді. 6 жыл бойы Сан-Диегодағы жаңалықтар қызметінде жұмыс істеп, екі сағаттық жаңалықтар шығарған. Сан-Диего мемлекеттік университетінің Коммуникация магистрі, Остиндегі Техас университетінің коммуникация Ph.D. докторы.

Доника Менсинг – Ренодағы Невада университетінің Рейнолд журналистика мектебінің қауымдастырылған профессоры. Медиа этика, интерактивті жарияланым, БАҚ медианың сыни анализі тақырыптарынан сабақ береді. Ол журналистік білім беру мен желілік журналистика бойынша мақалалар жазған. Джордж Вашингтон университетінің ғылым, технология, қоғамдық саясат магистрі. Невада штаты университетінің журналистика және саясаттану магистрі әрі Ph.D докторы.

Джо Мирандо – Хаммондтағы Оңтүстік-Шығыс Луизиана университетінің коммуникация профессоры. Газет тілшісі, мәтін редакторы, мектеп мұғалімі болған. Ол докторлық диссертациясында колледждерге арналған жарияланымдардағы этиканы оқыту мәселесін талдаған. Оның зерттеу нәтижелері Бұқаралық медиа этикасы (Journal of Mass Media Ethics) журналында өзге де мақалалармен бірге жарияланды. Оңтүстік Миссисипи университетінің докторы. Сонымен қатар Мирандо Журналистік білім беру ассоциациясының магистратура ұстазы қуәлігін алды.

Рэй Никамп – Сан Маркостағы Техас мемлекеттік университеті журналистика және бұқаралық коммуникация мектебінің қауымдастырылған профессоры. Университет бітіргенше телеарнадағы жаңалықтар қызметінде істеді, жаңалықтар жинау барысына жаңа технологиялардың әсеріне, БАҚ-тағы этикаға, жаңалықтарды беру процесіне назар аударып, зерттеуге көңіл бөлді. Оның зерттеулері радиожурналистикада жаңа медианы қолдануға бағытталған. Пенсильвания штаты университетінің бұқаралық коммуникация докторы.

Майкл О’Доннел – Сент-Полдағы Сент-Томас университетінің (Миннесота) коммуникация және журналистика саласының қауымдастырылған профессоры. Сайт дизайны, жарияланым дизайны, фотожурналистика және визуальді коммуникация бойынша сабақ береді. Сент-Томас университетіндегі студенттер басылымына 10 жылдан астам кеңесші болып, дәстүрлі басылымның TommieMedia.com онлайн жаңалықтар сайтына көшуіне атсалыс-

қан. 30 жылдық тәжірибесінде спорт тілшісі, редактор, St. Pioneer Press және Chicago Tribune басылымдарының дизайнері қызметтерін атқарды. Айова штаты университетінің магистрі.

Фрэнсис Пэрриш Уинтроп университетінің студенттік газетінде штаттық тілші, кейін бас редактор болды. Шарлоттадағы The Greenville News және Urban Home Magazine басылымдарында тәжірибеден өтті. 2015 жылы Уинтроп университетін бітірген соң Андерсонда (Оңүстік Каролина) Independent Mail басылымында білім саласына маманданған журналист қызметіне орналасты.

Кэти К. Превис – Шығыс Кентукки университетінің коммуникация саласының қауымдастырылған профессоры. Қоғаммен байланыс бойынша сабақ береді. Батыс Вирджиния университетінің, The Reed College of Media мектебінің онлайн-мұғалімі. Оның зерттеулері қоғаммен байланыс компаниялары, этика, әлеуметтік медиа, ғылыми және денсаулық бағытындағы коммуникация және пиардың осы дискурстағы рөлі салаларын қамтыған. **Келли Скотт Рэйсли** – Солтүстік Колорадо университетінің коммуникация мектебінің оқытушысы. Ол стратегиялық қарым-қатынас, медиа жоспар мен медиа зерттеу, саяси коммуникация, мәдениеттер арасындағы коммуникация, жарнама принциптері курстарынан сабақ береді. Солтүстік Колорадо университетінің коммуникациялық зерттеулер магистрі. Докторлық дәрежесін де «Жоғары білім беру және студенттерді басқару» тақырыбында осы университетте қорғаған.

Даниэль Реймолд 2015 жылдың 20 тамызында қайтыс болды. Сент Иосиф университетінің ассистент профессоры, осы университеттегі The Hawk студенттер ұйымына жетекшілік етін, студенттік журналистика туралы College Media Matters блогінің негізін қалады. Реймолдтың бірінші кітабы Sex and the University: Celebrity, Controversy, and a Student Journalism Revolution 2010 жылы жарық көрді. Огайо университетінің докторы, Темпл университетінің магистрі.

Адам Рью – журналистика, қоғаммен байланыс, коммуникация салаларында көп жыл қызмет атқарған, тәжірибелі маман. Ол Шарлоттадағы, Ричмондтағы (Вирджиния), Шарлоттавилдегі (Вирджиния) және Солтүстік Каролинадағы Чапел Хилдегі теле және радиостансаларда қызмет еткен. Стратегиялық коммуникация, дағдарыс коммуникациясы, байланысты дамытуды зерттеумен айналысады. Солтүстік Каролина университеті, БАҚ және журналистика мектебінің түлегі.

Гэри Риценталер – Освегодағы Нью-Йорк мемлекеттік университетінің журналистика және жаңа медиа департаментіне шақырылған ассистент

профессоры. Жаңа медиа, онлайн журналистика мен мобильді журналистика курстарынан сабақ береді. 20 жылдан астам ірі онлайн журналдарда, дизайнерлік фирмаларда, стартап-компанияларда жұмыс істеді. Флорида университетін бітірген. World Wide Web-тегі журналистика тарихы, әлеуметтік және мобильді медиа, виртуалды өмірдің күнделікті тұрмысқа кірігуі туралы зерттеулер жүргізген.

Кэсси Роденберг психикалық аурулар мен жарақаттар, кедейлік туралы жазады. Магистратурамен Оңтүстік Бронкстағы төрт жылдық жобасын қатар алып жүрді. Оның бірнеше еңбегі «Интернеттегі үздік ғылыми мақала» атанды. Қазір ол Олбанидағы Нью-Йорк университетінің әлеуметтану саласында докторлық диссертация жазуда, сонымен қатар бірнеше колледжде сабақ береді.

Винни Велла – қылмыс, кедейлік, қаладағы оқиғалар туралы жазатын Hartford Courant басылымының штаттағы тілшісі. 2012 жылы Филадельфиядағы Ла Салле университетін бітірген. Оқуын аяқтағаннан кейін, The Denver Post басылымында жұмыс істеді. 2013 жылы жаңалықтар саласында Пулитцер сыйлығын алған қызметкерлердің қатарында болды. Сондай-ақ Philadelphia Daily News тележаңалықтары үшін екі жыл қатарынан түнгі қарақшылар шабуылы мен полицейлердің оған қарсы шаралары жайында сюжеттер дайындады.

Ричард Д. Уотерс – Сан-Франциско университетінің менеджмент мектебінің қауымдастырылған профессоры. Маркетинг, қоғаммен байланыс, фондрайзинг, коммерциялық емес ұйымдарды басқару салаларынан сабақ береді. Ұйымдар мен мүдделі тараптар арасындағы байланыс, Web 2.0 технологиясын қолдануды зерттейді. Fortune 500 және Philanthropy 400 ұйымының АҚШ бойынша кеңесшісі. 45-тен астам ғылыми мақала жазған. Флорида университетінің коммуникация докторы.

К. Тим Вульфемейер – Сан-Францискодағы Сан-Диего университетінің Журналистика және медиа зерттеулер мектебінің журналистік диплом бағдарламасының координаторы, профессор. Калифорния, Айова, Техас, Нью-Мексико және Гавай радиосы мен телеарналарында жұмыс істеген. Ол журналистика этикасын, радио мен телеарнадағы жаңалықтар мазмұнын, жаңалықтар сайтының мазмұнын, аудитория сұранысын, бұқаралық медиадағы сауаттылық, балаларға арналған жарнама, спорт журналистикасын зерттейді. 6 кітаптың авторы және телавторы, 30 мақала жариялаған. Айова университетінің магистрі, Лос Анджелестегі Калифорния университетінің докторы.

АЛҒЫ СӨЗ

Үстаздар үшін: Бұқаралық ақпарат құралдарындағы этика туралы курстарымның алғашқы аптасында мен оқушыларыма www.iwantu2boutraged.blog.spot.com блогін¹, медиа мамандардың соңғы жіберген этикалық қателіктері кездесетін хабарламаларды² көрсетемін. Сонымен қатар тоқсан бойы жаңа міндеттерді біртіндеп енгізіп отырамын. Сол арқылы студенттердің ірі ұйымдардағы тәжірибелі мамандардан гөрі, өздерінің (студенттік) бұқаралық ақпарат құралдарына қызығушылығы, жас мамандарға деген құрметі артады. Өз стандарттарын жасау барысында студенттер өз қатарластарының іс-қимылын талқылағысы келетінін байқадым. Сол уақытта олардан: «Ал сіздер не істер едіңіздер?» – деп сұрауым мұң екен, пікірталас бірден қыза түсетін.

Уайтхаус пен Макферсон *Journal of Mass Media Ethics* басылымдары бұқаралық медиадағы этика туралы жинақтар студенттерді бірден көшбасшы компанияға жұмысқа орналасуға дайындайтындай көрінетінін жазған³.

Осы кітаптың телавторы Гай Рил екеуміз бұның өте дұрыс пікір екеніне көз жеткіздік. Себебі, көптеген кітап бұқаралық ақпарат құралдарының жас мамандары университетте, тағылымдамада немесе бірінші жұмыс орнында бетпе-бет келуі мүмкін жағдайлардан гөрі, тәжірибелі менеджерлердің жолында кездескен этикалық проблемаларды қамтиды.

- 1 Сіз өзіңіздің сабақтарыңыз үшін www.blogger.com арқылы тегін блог аша аласыз. Сайттағы ақпаратты пайдаланушы хостымен қолдануға болады.
- 2 Мен өзімнің блогім үшін Google іздеу жүйесінен «медиа этикасы», «журналистика этикасы», «қоғаммен байланыс этикасы», «жарнама этикасы» терминдері туралы ұлттық және халықаралық деңгейдегі күнделікті жарияланатын ақпараттарды алып тұрамын. Сонымен қатар мен Poynter's Morning Mediawire, MediaBistro's Morning Newsfeed секілді медиа ұйымдарының күнделікті электронды ақпараттық бюллетендеріне жазылғанмын.
- 3 V. Whitehouse and J. B. McPherson, *Media Ethics Textbook Case Studies Need New Actors and New Issues Journal of Mass Media Ethics*, 17, No. 3 (2002).

Уайтхаус пен Макферсон «Студенттерге медиа бизнес саласындағы жастардың, еңбек жолын енді бастаған мамандардың басынан кешкен жағдаяттарын көрсету керек» деген қорытындыға келген. «Олар этикалық шешім қабылдаудың жауапкершілігін сезініп, өз пікірлерін биліктің ең төменгі баспалдағынан бастап жеткізе білуі тиіс»⁴.

Бұл кітапта қызметтің алғашқы сатысында орын алған оқиғалар мен оларды пайымдауға мүмкіндік беретін құралдар қарастырылған. Кітап бетінде қамтылған оқиғалардың барлығы бұқаралық медиада, көпшілікпен байланыс саласында, жарнама, мерзімді басылым мен радиода және онлайн журналистикада жас мамандардың басынан өткен.

Бұл оқиғалардың кейіпкерлері (жас мамандар) көбіне-көп таңдау жасау кезінде тығырыққа тіреледі. Кейбірінде дереккөз айтқан ақпаратын жарияламауды сұраса, енді бірінде басшының жарнама материалына байланысты қулық әрекеттері әшкереленеді. Сонымен қатар сандық (digital) технологиялар заманының өзгерістері де қамтылды.

Мысалы, кей бөлімде «басқа адамның атынан интернетте отыру дұрыс па?», «веб-архивтен дереккөздің өтініші бойынша материалды өшіруге бола ма?» – деген секілді сауалдарға жауап беріледі.

Осы күнге дейін бәсекеге қабілетті ортадағы жас мамандардың этикалық қателіктері туралы көп жазылды. Атышулы істердің ішінен The New York Times-тің бұрынғы қызметкері Джейсон Блэр, The New Republic басылымының бұрынғы тілшісі Стивен Гласс, The Washington Post қызметкері болған Джанет Кук туралы оқиғаларды атап өтуге болады. Бұл жас тілшілер өтірік айтты, оқиғаларды ойдан құрастырды, өздерінің редакцияларын ұятқа қалдырды, бұқаралық медиада жұмыс істейтін барлық маманның беделіне нұқсан келтірді. Олар дұрыс жолды таңдамағанын біле тұра, осындай әрекеттерге барды.

Жоғарыдағы аталғандарға қарағанда, кітаптағы оқиға кейіпкерлері мен басқа да жас мамандардың түйсіктері жоғары. Олар этикалық проблемаға тап болғанда тек дұрыс шешім қабылдауды ғана ойлағанымен, қандай шешім дұрыс болатынын білмеді және олардың бойында түйсігім алдайды-ау деген қорқыныш басым болды.

Дилеммаларда жас мамандар әділетсіздік, біржақты көзқарас, сенсация, мүдделер қақтығысы секілді проблемалармен бетпе-бет келеді. Бұл мәселелер медиа-карьері баспалдағында жиі ұшырасады. Айырмашылығы – еңбек өтілі аз, жас мамандар оқиғаның этикалық аспектілерін көрмей, өз қалауымен әрекет етуі мүмкін.

4 сонда

Этикалық дилеммаларды мойындаған күннің өзінде олар пайдалана алатын ресурстар өте аз. Ал еңбек жолы енді басталған жас маман үшін бұл өте күрделі жағдай болып көрінуі мүмкін. Тіпті жас тілшілердің кімге, қашан, қандай сұрақ қою керектігіне де сенімсіздікпен қарайтыны жасырын емес. Сөйтін, өз әлсіздіктерін байқатпау үшін ойына бірінші келген нәрсені айта салуы да ықтимал. Білімсіз болып көрініп қалмайын деп мүлде сұрақ қоймайтындары да бар.

Міне, сондықтан осы кітаптағы шынайы оқиғалардың рөлі зор. Қарапайым стильде жазылған бөлімдерде этикалық дилеммалар жас мамандарға түсінікті жеткізілген.

Әр бөлімде оқырман өзіне «мен бұл жағдайда не істейтін едім?» немесе «қай жол дұрыс болар еді?» деген сұрақ қоя алады. Оқиғаның басынан бастап, кейіпкердің мәселесі қалай шешілетініне дейін баяндалатындықтан, студенттер түрлі стратегиялар жасап, сол арқылы өздерін этикалық дилеммаларға дайындай алады.

Кітапта қамтылған мәселелер барлық медиа мамандарына ұшырасуы мүмкін, сондықтан тараулар мамандық бойынша емес, адалдық, сезімталдық және тепе-теңдік сияқты тақырыптарға бөлінген. Оқиғаларды кез келген ретпен қолдануға болады. Студенттердің ыңғайына қарай оқиғаларды өзіңіз байланыстырып алсаңыз да ерік өзіңізде. Мысалы, жаңалықтар желісі қамтылған оқиғаларды, немесе философиялық теориялар арқылы шешілетін оқиғаларды жинақтап, олардан бір топтама жасауға болады.

Сабақ басталған алғашқы аптада мен теорияға кіріспес бұрын жаңалықтарда айтылып жатқан этикалық дилеммаларға тоқталып кетуді ұсынамын (ондай жағдайды көрген кезде блог арқылы бірден жариялап отыру жұмысты жеңілдетеді). Студенттердің көпшілігі мұндай мәселелердің кең таралғанын, оның қаншалықты қауіпті болуы мүмкін екенін біле бермейді. Мен олардың болашақта бетпе-бет келуі мүмкін мәселелер кезінде шешім қабылдау құралдарын білгісі келетінін өз тәжірибемнен көріп жүрмін.

Бұл кітапты сіз журналистік этика жөніндегі сабақты беру ерекшелігіңізге қарай негізгі оқулық немесе қосымша материал ретінде пайдалануыңызға болады. Негізгі оқулық ретінде кітап батыстық этика теорияларының түсіндірмелері, этика кодекстері, моральдық кемелденуге қатысты зерттеулер туралы бір семестрге қажетті материалдарды қамтиды. Сонымен қатар кітапта БАҚ этикасы туралы басқа кітаптарда жоқ жастарға қатысты 25-тен астам оқиға бар. Олардың көпшілігі — жаңа технологиялардың пайда болуынан туындаған этикалық қиындықтар. Сонымен қатар БАҚ этикасы туралы кез келген сабақ барысында өзіңіз мысал ретінде келтіргіңіз келген

оқиганы ғана таңдап, өз материалыңызға қосымша ретінде қолдана аласыз. Ал егер осы курстан бірінші рет сабақ бергелі отырсаңыз, барлық бөлім пікірталас ұйымдастыруға, бақылау сұрақтарын қоюға, эссе жазғызуға немесе емтихан қабылдауға мүмкіндік береді.

Бұл кітапты бұқаралық медиа немесе қоғаммен байланыс курстарында да қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады. Жалпылама курстарда барлық шешім қамтылмаса да, кейбір оқиғалар студенттерге белгілі бір жағдайлардың алдын алуға септігін тигізін, оларды сақтандыруы да мүмкін. Әрине, баспасөз-хабарламасын, жаңалық жаза білу қабілеттері маңызды, бірақ студенттер өз салаларындағы этика түсінігін де үйрене бастауы керек.

Егер бұл кітапты негізгі оқу құралы ретінде пайдалансаңыз, Аристотельдің ізгілік туралы доктринасына түсініктемеден бастап, Канттың категориялық императивін, Милдің пайдалылық принципін, Джон Роулдың әділдік теориясын және т.б. теорияларды таба аласыз. Кітапта әр теорияның қазіргі заманғы бұқаралық медиа жұмысында қолданылған мысалдары берілген. Кейбір бөлімдерге әдейі уақыт бөлін, студенттерге аталған философия еңбектерінің түпнұсқасын оқытамын десеңіз де өз еркіңіз. Көптеген веб-сайт ондай материалдарды тегін ұсынады, сондай-ақ қазір оларды кітапханадан алу мүмкіндігі де жоғары.

Бөлімдерде берілген Этика кодекстері де жас мамандарға жақсы көмекші бола алады. Сонымен қатар студенттермен жұмыс істеудің кез келген әдісін таңдап, Этика теориясының Кодекске қарағанда ұғымы терең екенін көрсетуге болады. Ал «Ой құралы» тақырыпшасында белгілі бір оқиғада қолдануға болатын кодекс немесе теория қамтылған.

Егер сіз этика теориясы туралы сабақ өткізгіңіз келсе, бір сабақта, тіпті бір аптада барлық теорияны қамтудың керегі жоқ. Теорияны талқыласаңыздар, кітаптан бір оқиганы таңдаңыздар. Оқиғада белгіленген нақты теорияны ғана қолдану керек деген де түсінік жоқ. Теорияны бұрын талқыланған оқиғалармен де байланыстыруға болады. Екінші тарауда біз этикалық шешім қабылдауды адамгершілік тұрғысынан қарастырдық. Онда жас тілші өз этикасы мен кәсіби этика арасында қарама-қайшылыққа тап болып, өз-өзін танығанын, моральдық дамығанын айтады. Бұл оқиғадан да студенттер өздерін көре алады.

Бөлімдердегі қосымша функциялар да көп мүмкіндік береді. Мысалы, «Ой елегінен өткізсек» тақырыпшасында айтылғандар арқылы студент жас маманның әрекетін қайта қарап шығады. Кейбір бөлімдердегі «Іс-әрекет құралы» практикалық кеңес береді, ақпаратты қалай жинау немесе блогтегі хабарламаны қалай қолдану керектігі туралы айтады. Бөлімдерде қосымша

ақпарат алуға арналған сілтемелер, ал қосымшаларда этика кодекстерінің веб-адрестерінің тізімі берілген. «Егер...» деген тақырыпшада оқырманды проблема туралы ойландыратын осыған ұқсас оқиғалар берілген. Әр бөлімге негіз болған шынайы оқиғаларға қарағанда, «Егер...» тақырыпша-сында берілген жағдаяттарда шешім жоқ, яғни студент немесе оқырман оқиға шешімін өзі табуы керек.

Бөлімдердегі барлық оқиға шынайы. Бөлім авторлары жас маманның өзінен ақпарат алып, оның не ойлайтындығын білді. Біз кітапқа қажетті материалдарды жинай бастағанда компаниялар мен адамдардың өз аттарын қолдануды жоспарлағанбыз. Алайда кейбір жас маман әлі сол күмәнді шешім қабылдаған адамдармен жұмыс істеп жатқандықтан аты-жөнін өзгертуге тура келді. Басқа жағдайлардың барлығында жас маман жұмыстан кеткендіктен немесе басшылары ауысқандықтан, ондай сақтық шаралары қажет етілмеді. Кейінкердің аты өзгертілген бөлімдерде оның себебі түсіндірілген. Ал ондай түсіндірме болмаса, адам аттарының барлығы өмірден алынған деген сөз⁵.

Біз бұл кітап студенттерге этикалық шешім қабылдау барысында қажетті қасиеттерді меңгеруге көмектеседі деген сенімдеміз. Сол арқылы олар жаңалықтар мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жоғары стандарттарды қолдауға өз үлестерін қосатын болады. Кітаптың ұсынып отырған негізгі түсініктері мен тәжірибесінің арқасында студенттер мен жас мамандар курс барысында үйренген әрі талқылаған дүниелерін күн сайын өзгеріп отырған реалийлерімен бетпе-бет келгенде шынайылықпен байланыстыруға мүмкіндік алады.

Уақыт талабына қарай өзгеріп отыратын медиа саласы кейде этикалық курстарды жас мамандар үшін емес, бастықтар үшін де қиындатып жатады. Ал жастар жұмысқа теория мен моральдық реинтеграциямен, этикалық біліммен кірісетін болса, олар бірден қандай шешім қабылдауды білмесе де, оқиғаны дұрыс пайымдай алатынына сенімді болады.

АЛҒЫС

Пек БАҚ этикасынан дәріс беруде өзінің қазіргі деңгейге жетуіне ықпал еткен Колорадо штаты университетінің медиа этика профессоры Гарретт

5 Егер оқытушыларға Пек құрастырған бағдарламалар, эссе немесе тест үлгілері қажет болса, leeanne.peck@unco.edu поштасы немесе (970) 351-2635 телефон нөмірі арқылы хабарласуға болады.

Рэйге, Пойнтер институтының ғылыми қызметкері Боб Стилге, Оңтүстік Флорида университетінің бұрынғы өкілі Джей Блэкке, Иллинойс штаты университетінде этикалық зерттеулермен айналысатын Христиан Клиффордқа, Огайо штаты университетінің түлектері мен профессорларына алғыс айтады.

Рил Уинтроп университетіндегі әріптестеріне, оның ішінде Лоуренс Тимбс пен Уильям Клик атты докторларға, бұрынғы студенті Фрэнсис Пэрришке алғыс білдіреді.

SAGE баспасы Брайтон университетінен Паула Херсум мен Канисий колледжінен Барбара Дж. Ирвин, Оклахома штаты университетінен Джои Сенат атты рецензенттерді ерекше атап өтеді.

КІРІСПЕ

Энди Петерсон журналистика мектебін 2015 жылы бітірген. Ол колледждің бірінші және екінші оқу жылы аралығында жаз айларында тағылымдамадан өткісі келеді. Оны шын мәнісінде не қызықтырды? Колорадоның тумасы Энди жарнамаға қатысы бар жұмыстарды жақсы көреді. Оқуының алғашқы жылында университет газетінде жұмыс істеген ол енді Денвердегі жарнама агенттігінде тағылымдамадан өтуге ниетті. Бірінші курстың көктемгі семестрінде The Denver Egotist сайты арқылы жұмыс беруші мекемелердегі барлық бос орындарға өтініш берді. Семестр аяқталған кезде шағын агенттік оған жаз айларына жұмыс істеуді ұсынды. Компанияда өзі оқитын университеттің бизнес мектебін бітірген түлектер қызмет ететінін білгенде, Эндидің қуанышында шек болмады.

Э. Петерсон христиан діндарларының жекеменшік компаниясында тағы екі студентпен бірге аптасына үш күн жұмыс істей бастады. Бірақ бірнеше апта өткен соң, ол бұл тағылымдамасының тек ақшаны ғана емес (тағылымдама ақылы болатын), сонымен қатар уақытты да босқа құрту екенін түсінді. Ол жетекшілеріне түскі ас сатып алып, супервайзері бекіткен клиенттерге арналған мәтіндерді әлеуметтік желілерге жазатын. Кейін тағылымдамадан өтіп жүрген басқа жастар да бұл агенттік мүшелерінің екіжүзді екенін білді. Мысалы, агенттік алкогольді өнім компаниясының жаңа өнімі – қош иісті ромды жарнамалауы керек. Петерсонға тұтынушылар атынан Yelp және Google жүйелерінде клиенттер үшін жағымды пікірлер тарату жұмысы тапсырылады. Мақсат – тұтынушылардың берген бағасы арқылы өнімнің сапа белгісін арттыру. Эндидің бастықтары осы сайттар арқылы агенттік өз рейтингін көтеретінін де айтып мақтанды. Сөйтіп, Петерсон 7 түрлі Gmail идентификаторын (аккаунтын) ашты.

Тағылымдама уақытының соңына қарай, ол өзінің фейк хабарламаларының Yelp немесе Google жүйелерінде мүлде жарияланбағанын байқады. «Мен бұны білген соң ешкімге айтпадым. Себебі жағдайды түзей аламын, жазған-

дарым жарияланған, бірақ жүйедегі қателіктер кесірінен көрмеген болармын деп ойладым», — дейді Петерсон. «Біраз уақыт өткен соң жетекшіме жазған пікірімді (комментарий) еш жерден таппай жатқанымды айттым. Алдымен ол ештеңе демеді. Кейін клиенттердің бірі біздің ештеңе жазбағанымызды біліп, маған келді», — дейді ол. Петерсон бірден Yelp орталығына хат жазды. Оған Yelp орталығының жазған жауабында: «Сәлеметсіз бе! Біздің орталықтың қолдау қызметі сіздің аккаунтыңызды жабу туралы шешім қабылдағанын хабарлаймын. Сіздің аккаунтыңыз бірнеше жалған аккаунт (<http://www.yelp.com/violations>) ашып, қолданғаны үшін жабылды», — делінген.

Осылайша, Петерсонның әрекеттері әшкере болды. «Егер жалған аккаунт ашсаңыз, олар сізді сайтты қолдану құқығынан мүлде айыруы мүмкін», — дейді ол.

Бір айта кетерлігі, осындай қулық әрекеттерден шаршаған тағылымдамалардан өтушілердің бірі жұмыстан кетіп қалған. Ол шілденің ортасында графикалық дизайн курсынан өткен. Бұл үшеуі ешқандай тәжірибе де алмады, кері байланыс орнатуды да үйренбеді. Бірақ Петерсон жұмысын жалғастыра берді.

Петерсон басқа адам болып көрінгеннен өзге ештеңе де үйренбегенін айтады. «Бір қызығы, тағлымдаманың соңында кетін бара жатып, өз қызметімді жарнамалауға тура келді», — дейді ол.

Өзін жайсыз сезінсе де, өзіне берілген жұмыстарды атқарғысы келмесе де Петерсонның сол жерде қалғаны дұрыс болды ма? Егер сіз «ол дұрыс істеді» деп ойласаңыз, оның әрекетін қалай ақтап алар едіңіз? Ал егер оның әрекетін құп көрмесеңіз, оған қандай кеңес берер едіңіз? Қайда барғаны жөн еді?

Міне, кітапты оқу барысында осындай күрделі сауалдарды қоя отырып, оның жауабын да табуды үйренесіздер. Сонымен қатар мұнда алғашқы жұмыс орнында, тағылымдамада немесе студенттік бұқаралық медиада бетпе-бет келуіңіз мүмкін проблемалар жан-жақты қамтылған. Еңбек жолының басында сіздің алдыңыздан мынадай проблемалар шығуы мүмкін:

Менің мәтінімнен сенсация жасағысы келетін редакторға не айтамын?

PR-клиент баспасөз-хабарламасына менің өтірік деректер қосқанымды немесе одан кейбір мәліметтерді алып тастағанымды қаласа не істеймін?

Материалдағы шындықты өшіріп тастауды талап етсе ше?

Әрине, медианың түрлі саласында жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан мамандардың өзі осындай тығырыққа тірелуі мүмкін. Тек айырмашылығы — жас маман этикалық проблеманы аңғармайды және қандай шешім қабылдауды біле бермейді. Сіз өз мамандығыңыз туралы жалпы ақпаратты ғана білесіз, ал жұмыс берушілеріңіз туралы көп ақпараттан

бейхабарсыз. Жеке проблемаңызды кіммен, қашан бөлісе аласыз? Еңбек өтілін енді бастаған маман болу – жаңа нәрсе үйрену деген сөз. Оның ішінде моральдық тұрғыдан ойлау қабілетін шыңдау да бар.

Бұл кітап жас мамандардың қызметке енді кіріскен кезінде кездестірген этикалық дилеммаларын ұсынады. Олардың қалай таңдау жасағанын біле отырып, сіз де өзіңізге сауал қоясыз да, олардың орнында болсаңыз не істейтініңізді ойланасыз.

Кітаптағы барлық оқиға өмірде болған. Бөлім авторлары кейіпкерлермен бетпе-бет кездесін, этикалық дилеммалар кезінде олардың не ойлап, не істегендерін білді.

Кітапта толығымен адамдардың өз есімдерін қолданамыз деп жоспарлағанбыз. Бірақ этикалық мәселелер қарама-қайшылықтарға толы әрі бір адамның оқиғасын айта отырып, екінші тараптың оған қатысты ойын жеткізбеу – әділетсіздік болғандықтан, кей жағдайда кейіпкер аттарын өзгерттік. Мысалы, кіріспедегі оқиға кейіпкері бізден өз есімі мен компания атын өзгертуді өтінді. Біз оны Энди Петерсон деп атадық.

Әр бөлімдегі оқиғаны оқи отырып, сол ортада өзіңіз қалай әрекет ететініңіз жайлы ойланыңыз. Сондай-ақ оқиғаны өз қатарластарыңызбен талқылауыңызға да болады. Этикалық ойлау практикасы сізді PR фирма, жарнама агенттігі немесе жаңалықтар қызметінде жұмыс істегенде дұрыс шешім қабылдауға үйретеді.

Кітап ұсынған мысалдарды оқымас бұрын сіз философиялық теориялар мен этикалық кодекстер туралы бөліммен танысасыз. Ол құралдар кітаптағы жас мамандардың оқиғасын талқылауға ғана емес, болашақ жұмыс орындарында да шешім қабылдауға көмек бола алады. Сондықтан барлық философтың ойларын және кодекстерді оқып шығуға кеңес береміз. Екінші тарауда адам моральдық даму арқылы мінезін қалай қалыптастыратыны туралы айтылған.

Жас мамандар тап болған оқиғалар кез келген медиа-маманның ба-сынан өтуі мүмкін болғандықтан, кітапта тараулар мамандық бойынша емес, проблемаларға байланысты бөлінген. Оның ішінде әділетсіздік, бір жақты шешім, сенсация және мүдделер қайшылығы қамтылған, яғни сіз PR-маманы болғыңыз келмесе де, оның оқиғасы арқылы проблема туралы біліп, кейін жұмыс барысында оны кез келген сәтте қолдана аласыз. Сонымен қатар басқа мамандықтардың этикалық проблемасымен танысуға жол ашады.

Оқиға туралы бөлімдерде «Ой құралы» атты тақырыпша нақты жағдайда қолдануға болатын теориялар мен кодекстер берілген. Онда кейде

бірнеше ойлау әдісі ұсынылды. Сонымен қатар бөлімдерде талқылауға арналған сауалдар, веб-сілтемелер, практикалық кеңестер берілген. Мысалы, Facebook-тан алған ақпаратты қалай қолдануға болатыны туралы материал бар.

Бұл кітап кәсіби қабілет пен біліктілікті арттыруға көмектесе алады. Әрине, қателіктер кез келген уақытта болуы мүмкін. Мысалы, қазір банкир қызметін атқарып жүрген Петерсон сол кезде басқа тағылымдамадан өтушілермен бірге кетіп қалмағанына өкінеді. Тағылымдама біткен соң күзгі семестрде ол бұқаралық медиадағы этика жөніндегі курстан өтті. Себебі ол бұған дейін мұндай курстан өтпегендіктен, атқарғысы келмеген міндеттер туралы бастықпен қалай сөйлесу керектігін білмеген.

«Маған өз пікірімді айтуым керек еді. Жарнама саласында көп тәжірибе жинағым келді, бірақ ойлағанымдай болмады», – дейді Петерсон. Сонымен қатар оның «бастықтардың үнемі әділ болмайтынын білдім» дегені де рас. Жұмыс барысында этикалық дилеммаға тап болған жастар кейде істеп жүргендерінің дұрыс емес екендігін біледі. Бірақ оның әртүрлі себептері болады. Мысалы, оның ақымақ болып көрінгісі келмеуі, басшыларға сенімсіздігі, өз проблемаларын түсіндіре алмауы, кейде батылдық жетпеуі де мүмкін. Осындай мәселелерді шешуге көмектесу үшін біз осы кітапты құрастырдық. Сондықтан да қазір Энди өзіне-өзі сенімді қызметкерге айналды десек те болады.

Жұмыстың алғашқы күнінен бастап сіз сол ұйым үшін жауапты боласыз. Кәсібилік – сол жауапкершілікті қабылдау. Сіз тағылымдамадан өтуші немесе жаңадан келген қызметкер болсаңыз, өзіңізден тәжірибесі көп маманға дәріс оқығыңыз келмейтіні рас. Бірақ сауал туындаса, оны қою керек.

Бүгінгі таңда бұқаралық медиа жылдам өзгеретіндіктен, этикалық дилемма кезінде, тіпті бастықтар мен тәжірибелі мамандардың өзі не істерін білмеуі мүмкін. Әр кәсіби маман өз сенімінің, өз беделінің архитекторы, адамдардың оған деген сенімі – жалпы бұқаралық медиаға деген сенімінің қалыптасуына бастайтын негіз. Егер сіз моральдық түсініктер мен жақсы теория негізінде өзіндік этика ережесін жасасаңыз, кез келген жағдайда не істеу керектігін білмесеңіз де, ол жөнінде дұрыс пайымдауға қабілетті боласыз.

I ТАРАУ

МЕДИА ЭТИКА НЕГІЗДЕРІ

- 1. Этикалық шешім қабылдау құралдары*
- 2. Моральдық тұрғыдан жетілген
кәсіби медиа маманы*

Этикалық шешім қабылдау құралдары

Ли Энн Пек

«**Б**ұл жерде бір шикілік бар». Сіздің ойыңызға келген бірінші тұжырым осы болды. Сіз ұжымға жаңадан келген, әрі кеңседегі ең жас маман болсаңыз да, жобадағы кейбір мәселелердің этикаға сай келмейтінін сезін тұрсыз. Не істеу керек? Кіммен сөйлескен жөн?

Біріншіден, алаңдаудың қажеті жоқ. Сіз жалғыз емессіз. Сіздің әріптестеріңіз, басқа кәсіби ұйымдар мен кодекстер, сонымен қатар қолдануға болатын этикалық теориялар бар. Этикалық теориялар мен қажетті құралдарды бүгіннен бастап үйрену болашақта болуы мүмкін этикалық дилеммаларды шешуге көмектесе алады. Сонымен қатар тек интуицияға сенін шешім қабылдауыңыз мүмкін. Ал оқиғалар мен дилеммалар арқылы үйрену шешім қабылдағанда сенімді болуға әрі өзіңізді жайсыз сезінбеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ осындай оқиғаға тап болған басқа адамдарды да түсіне бастайсыз.

Студенттер осы бөлімдегі батыс философтарының теорияларын қолдана алады. Бірақ бұл студенттер, ұстаздар мен әріптестер «Иудей-христиандардың перспективасын және «Алтын ережелерді» білмеуі керек» дегенді білдірмесе керек. Сондай-ақ осы бөлімдегі әр философың теориясында медиа мамандар бетпе-бет келген қиындықтарды жеңіп шығуға көмектестің, оны қолдана алатын оқиға мысалдары да берілген.

Бөлім кейбір негізгі анықтамаларды, этика кодекстері туралы түсініктерді қамтиды. Бөлім дилемманы шешуге қажетті Батыс теоретиктерінің этикалық ойларынан басталады. Одан кейін нақты теориялар берілген. Сонымен қатар осы бөлімнен көптеген теориялардың әділеттілік, эмпатия мен теңдік секілді бір-біріне ұқсас ұғымдарды қамтитынына көз жеткізесіз. Бір айта кетерлігі, оларды жеке өмірде де қолдануға болады. Сіздің Аристотель болғаныңызды кім біліп жатыр?

ТЕРМИНДЕР

Кітап оқырмандарының көпшілігі философия курстарынан өткен болуы да мүмкін. Ондай жағдайда бұны қайталау деп түсініңіздер. Ал егер ондай курстардан өтпеген болсаңыз, басынан бастайық. Философияны оқу үш түрлі саланы қамтиды:

1. Болмыс деген не? (Онтология).
1. Таным деген не? (Эпистемология).
2. Қалай әрекет ету керек? (Этика).

Бұл кітапта, әрине, «қалай әрекет ету керек» деген мәселе қарастырылады, оның ішінде өзіңіз таңдаған мамандық аясында не істеу керектігіне назар аударылады. Гректердің *ethos* сөзін ескерсек, этика шешім қабылдаудың философиялық негіздерін қарастырады. Дилеммалар арқылы ойланған кезде сіз латынның *mores* сөзінен шыққан мораль туралы ойлайсыз. Мораль адамдардың өздерін қалай ұстайтынын, қалай әрекет ететінін көрсетеді. Сондықтан этика моральды қарастырады.

Өз кезегінде этика үш түрге бөлінеді:

1. Метаэтика мораль тілінің мәнін саралайды. «Адамдар қолданатын сөздер не мағына береді» деген сауалға жауап береді.
2. Нормативті этика этикалық әрекеттердің принциптері ретінде әрекет ететін нормаларды қарастырады.
3. Қолданбалы этика немесе казуистика нормативті теорияларды белгілі бір этикалық дилеммаларға қатысты қолданады.

Бұл кітап нормативті этиканы ғана емес, өзіңіз таңдаған мамандықтың принциптерін зерттеуді, одан кейін қолданбалы этика үлгілерін ұсынады. Сөйтп, ол жоғарыда айқындағандай, сіздің қолданбалы этиканы кітаптан оқып қана қоймай, өмірде қолдануыңызға да жол ашады. Сонымен қатар жас мамандар туралы мысалға алынған шынайы оқиғалар бұқаралық медиа туралы заңға емес, бұқаралық медианың кәсіби этикасына қатысты екенін де ескерген жөн. Кейде қоғамдық мораль заңға айналып жатады.

Әрине, екеуі бір-біріне байланысты болғанымен, екеуінің бір нәрсе емес екенін ұмытпау керек. Заң қалай әрекет ету керектігін көрсетеді, ал этика не істеуге міндетті екенінді айқындайды.

МЕДИА МАМАНДАРЫНА АРНАЛҒАН КОДЕКСТЕР

Көп жыл бойы Louisville-Courier Journal атты танымал журналдың бас редакторы болған Генри Уоттерсон (Henry Watterson, 1840–1921) XIX ғасырдың соңында журналистерге арналған этика кодекстерінің жоқ екенін, «моральдық бағыттардың» айқын емес екенін айтып шағымданған. Сол кезден бастап бұл мәселе тек Уоттерсонды емес, АҚШ-тағы басқа да газет редакторларын алаңдата бастады. Журналистика сауда құралына емес, мамандыққа айналған қазіргі таңда осы салада қызмет ететіндердің барлығы сынға ұшырауда. XX ғасырдың басында қоғаммен байланыс орталықтары, радио, жарнама салалары, баспасөз агенттіктері де (қоғаммен байланыс саласы) «мораль» тұрғысынан қатаң бақылауда болды. Біртіндеп барлық бұқаралық медиа этика туралы кодекс дайындай бастады. Олардың кейбірі жаңартылып, әлі де қолданылып жүр.

Өзіңіз таңдаған мамандық туралы іздене бастағанда, сол саланың этикалық кодекстерін оқып, оны түсіну де маңызды. Кітаптың қосымшасында Америкадағы Кәсіби журналистер қауымдастығы мен қоғаммен байланыс ұйымдарының түрлі этикалық кодексіне сілтемелер берілген. Кейбір авторлар өздері жазған этика кодекстеріне өз бөлімдерінде сілтеме бере кетуді ұмытпайды. Кейбір медиа ұйымдардың өз этикалық кодексі бар. Сондықтан жұмыс ауыстырған сайын жаңа жердегі этикалық кодекстер туралы сұрай жүрген жөн. Сонымен қатар көптеген бұқаралық медиа іс-әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін этикалық кодекстерін интернетке жариялайды.

Медиа этика кодекстері — ереже немесе заң емес, ол методикалық ұсыныстар. Себебі медиа мамандары дәрігерлер мен заңгерлер секілді лицензия алмайды, этика кодекстерін бұзғаны үшін лицензиясынан айырылмайды. Бірақ олардың жұмыстан шығып қалуы мүмкін. Алайда жұмыстан қуылғанымен, ол енді осы салада қызмет ете алмайды деген сөз емес. Рас, жұмыс табуы қиындайды. Әуелі этика кодексін бұзу адамдарға зиян келтіріп, мамандықтың беделін түсіреді.

Медиа нормаларын түсіну үшін Этика кодекстері таптырмайтын құрал бола алса да, олардың шеңберінен шығып, проблема туындаған кезде басқа теорияларды, өзге ойларды да қолдана білу керек. Адами құндылықтарды зерттейтін Пойнтер институтының ғалымы, этика саласының маманы Боб

Стил бұқаралық ақпарат құралдарындағы мамандар ойлау мен пайымдаудан туган ережелерге бағыну керектігін айтады⁶. Басқаша айтсақ, этикалық шешім қабылдау кезінде кодекстерді негізге алғанмен, біртіндеп өзіңіздің пайымдауларыңызды қолдану керек болады. Себебі барлық этикалық дилеммалар түсінікті бола бермейді.

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТЕОРИЯЛАР

Этикалық дилеммаларды шешу кезінде бұрынғы заман теорияларын бағаламауға болмайды. Мысалы, этика туралы зерттейтін қазіргі заман ғалымдарының еңбектері секілді Аристотель мен Иммануил Кант сияқты философтардың теориялары да көмек құралы бола алады. Кейде белгілі бір теория немесе кәсіби кодекс проблеманы шешуге жеткілікті болуы мүмкін. Кей жағдайда түрлі теориялар мен құралдарды біріктіруге тура келеді. Ол, әрине, дилеммаға байланысты. Сондықтан қазірден бастап өз ресурстарыңызды дайындай беру маңызды.

СОКРАТ

Біз Сократтан бастаймыз. Ол — Аристотельдің ұстазы болған Платонды оқытқан. Тас қалаушының ұлы Сократ Афинада б.з.д. 469—399 жылдары өмір сүрген. Ол ойлау еркіндігі мен қағидаларды берік ұстану жолына сенген. Сократ өзі ешқандай жазба қалдырмаған, бірақ Платонның Сократпен диалогі бар. Сократ афиналықтарға олардың моральдық өмірін зерттеу арқылы көмектескісі келді. Ол бір сөзінде: «Зерттелмеген өмір — өмір сүруге татымайды⁷», — деді.

Сократ афиналықтарға олардың әрқайсысы өзінің моральдық әрекеттері үшін жауапты екенін, этикаға сай келмейтін әрекеттер надандықтан болатынын жеткізуге тырысты. Кітаптың бөлімдерін оқып отырғанда да осыны есте ұстаған жөн. Жас мамандар шешім қабылдауға қажетті ақпаратты білмегендіктен, этикалық дилеммаларға тап болып жатады. Сократ та азаматтардың надандығын жоюды өзінің міндеті санады.

Афина үкіметі жағдайға басқаша қарады. Б.з.д 399 жылы ол Сократты қамауға алып, «өзінің идеяларымен, жалған Құдайымен жастардың санасын улады» деп өлім жазасына кесті. Платонның «Критон» диалогінде Сократтың

6 <http://www.poynter.org/uncategorized/1758/the-ethical-decision-making-process/>

7 Plato, Five Dialogues: Euthyphro, Apology, Crito, Meno, Phaedo, translated by G. M. A. Grube (Indianapolis, IN: Hackett, 1981), 41 аударған.

досы оны түрмеден қашуға үгіттейтіні айтылған. Сократ өз себептерін айтып, ол ұсыныстан бас тартады. Осы диалогте Платон Сократтың ұстанымдарын атап өткен: тәуелсіздік, өз ісіңе жауап беру, әлеуметтік жауапкершілік. Бұл бұқаралық медиада істейтін мамандар үшін де өте маңызды ұстанымдар.

Сократ досына өзінің өмір бойы Афина азаматы болғанын, заңды бұзып, қашудың қажеті жоқ екенін түсіндіреді. Бұл тек заңсыз емес, әрі әдепсіз болатынын айтады. Сократ Критоннан түрмеден қашса, қала тұрғындарына оның қандай хабар қалдыратынын сұрайды. «Афинадан басқа жерде біреуді ізгі істерге үйрету мүмкін бе?» деген сауалға жауап іздейді. Ондай жағдайда ол екіжүзді болар еді. Оның екі ұлы бар. Соларға қандай хабар жіберетін еді?

Сократ түрмеде қалып, дарға асылатынына сенеді. Ол афиналықтардың моральдық қасиеттерін күшейткісі келеді. Өзінің тәуелсіз түсіндірмелері арқылы шешімін ақтап, әлеуметтік жауапкершілікті сезінетінін айтқан соң Критон оның не себепті түрмеде қалатынын түсінді. Одан кейін Сократқа ештеңе айтпады.

Платон – «Сократтың әдісі» деп аталатын Сократтың ақиқатты іздеу техникасын зерттеген афиналықтардың бірі.

Шешен әрі ұстаз әрбір адам өз пиғылы мен әрекеттерін пайымдап отыруы керек деген ойда болады. Жұмыс орнында немесе университетте сіздер де өз ойларыңызды толықтыратын пікірдегі немесе этикалық проблемалар кезінде шешім қабылдауға көмектесетін адамды таба аласыздар.

ПЛАТОН

Сократ дарға асылғаннан кейін оның шәкірті Платон (б.з.д. 428/7 – 348/7) Афинадағы саяси атмосфера туралы дауға араласады. Платон саясатқа араласқысы келді, дегенмен оның орнына философиялық зерттеулерін жалғастыруды жөн көрді. Сөйтін, Афинадан кетеді. 12 жыл бойы ол Италияда грек философы Пифагор құрған коммунада өмір сүрген болуы мүмкін. Сонымен қатар кейбір деректерде, оның Египетте ауылшаруашылық қауымында болғаны айтылады. Кейбір ғалымдар Платон өзінің саяхаттарын «Республика» (б.з.д.360 ж) еңбегіне енгізгенін жазған. Бұл еңбекте билік философтардың қолында болатын утопиялық әлем суреттеледі.

Афинаға оралған соң, Платон алғашқы университет саналатын академия жұмысын бастады. Онда Платон жазып, редакциялаған Сократтың ойлары қамтылған ғылым, математика, философия пәндері оқытылды. Платон сабырлылық, ерлік пен даналық біріксе, ең жоғары адамгершілік – әділдік туатынын үйретті. Ол кезде әділдік қазіргі мағынасынан да кең

ауқымда қолданылды. Ол ең ізгі жақсылық ретінде моральға негізделген «жақсы өмір» мағынасы екендігін көрсетті, яғни басқаша айтсақ, моральдық өмір ең жақсы өмір болды.

Платонның «Республика» еңбегіндегі «Үңгір аллегориясы» медиа мамандықты енді меңгерін шыққан жас мамандарға «жақсы өмірге» жетудің жолдарын көрсетіп, олардың өмірдегі орнын табуына көмектесе алады.

«Республика» еңбегін оқи отырып, Платонның адамдардың моральдық әрекеттеріне деген сенімі берік болмағанын көруге болады. Ол адамдарға мүмкіндік берілсе, қолынан келіп тұрса, көпшілігі моральға қарсы әрекет етеді деп ойлады. Платон этика ақыл-ой деңгейіне байланысты болады деп есептеді, яғни ақыл-парасаты барлар «Республика» әлемінде философ-билеуші бола алады.

Платон «Үңгір аллегориясында» бұқараның кейде қате пікірде болатынын айтады. Батыс философиясында ең әсерлі үзінді осы болғандықтан оның символикалық мәнін түсінудің маңызы зор.

Платон «Үңгірінің» қорытындысында адамдар үңгірде мәңгіге байлаулы қалады, яғни тек алдыға қарай алады. Тұтқындардың артында жарық жанып тұрады. От пен қабырға арасындағы жерден «қуыршақ» ұстаған адамдар өтеді. Оның көлеңкесі тұтқындардың басында түрлі бейнелер шығарады, ол тұтқындар үшін шынайы өмір көрінісі іспетті болады. Бір тұтқын қашып кетіп, сырттағы шынайы өмірді көріп, қайтып келеді. Сөйтіп, ол тұтқындар көрген көлеңке өтірік екенін айтқанымен, оған ешкім сенбейді.

Бұқаралық медиада істейтін мамандар бұл шығармадағы тұтқындарды интернетте тараған өсек-аяңға, көргені мен естігенінің барлығына сенетін қоғам ретінде қарастыра алады. Қолына қуыршақ ұстаған адамдар – қоғамды бақылап, оның көңілін көтеретін ақпараттық манипуляторлар. Ал үңгірден тыс өмір – шынайы өмір. Үңгірден шыққан тұтқын – басқа тұтқындардың көзін ашқысы келетін медиа маман, яғни бұқаралық медиа мүшесі болған соң қоғамды ағарту керек, бірақ алдымен өзіңізді тәрбиелеп, шындықты айтуға қажетті ерлікті шыңдау керек.

АРИСТОТЕЛЬДІҢ ІЗГІЛІК ЭТИКАСЫ

Аристотельге (б.з.д.384–322) Сократ пен Платонның әсері көп болды. Ежелгі Грекияның солтүстігіндегі Македонияда дүниеге келген Аристотель – Никомаха атты дәрігердің ұлы. Ол қазір де шешім қабылдауға қажетті құрал ретінде қолдануға болатын «Мән доктринасын» (The Doctrine of the Mean) жасады. Б.з.д 367 жылы Аристотель Афинаға көшіп барып, 20 жыл бойы Платонның академиясында оқыды. Платон қайтыс болған соң,

Аристотель Афинадан біраз уақытқа кетіп қалады. Кейін б.з.д. 335 жылы қайта оралып, жеке мектебін – лицей ашты. Ал Платон академиясы оның қазасынан кейін немере інісі Спеюпсистің басқаруына өтті.

Аристотель небәрі 60 жыл өмір сүргенімен, артында өлмес мол мұра қалдырды. Ғалымдардың айтуынша, біздің қолымызға Аристотель еңбектерінің тек үштен бірі ғана жеткен. Оның еңбектерінің Платон жазбаларынан ерекшелігі – Аристотель комедия мен иронияны көп қолданбады, сонымен қатар биология, физика секілді басқа да салаларды зерттеді. Аристотельдің этика туралы еңбектерінің арасында оның шәкірті Эвдем жазып алған «Эвдем этикасы», өзінің ұлы Никомах редакциялаған «Никомах этикасы» секілді еңбектері бар. «Никомах этикасы» оның өмірінің соңғы жылдарында жазылғандықтан, Аристотельдің негізгі ұстанымдарын дәл көрсетеді деп айтылып жүр.

Аристотель этикалық шешім қабылдауды өнер (техне) ретінде бағалады. Сонымен қатар ол этикалық тәртіп нақты ғылым бола алмайтынын айтты. Себебі кез келген жағдайға сай келетін формула болмайды. Аристотель өзінің шешім қабылдау құралына ешқандай атау бермеген. Бірақ көпшілігі оны «Алтын мән» (The Golden Mean) немесе «Мән доктринасы» The Doctrine of the Mean (Алтын аралық немесе Аралық доктринасы) деп атайды («Алтын ережелермен» шатастырып алмас үшін соңғы нұсқаны қолданған жөн. – *Авт.*).

Аристотель кез келген этикалық жағдайда нақты әрекет ету ережесі жоқ екенін айтса да, тым артық кетпеу керектігіне сенді. Ол ізгілікті артықшылық пен кемшіліктің ортасындағы қасиет ретінде бағалады. Мысалы, ерлік пен батылдықтың ізгілігі екі нүктенің ортасында тұрғанын айтты. Оның бірі – албырттық, екіншісі – қорқақтық. Ал идеал нүктенің орналасуы адам мен оқиғаға байланысты өзгеріп отырады.

Шектен асудың үлгісі мынандай:

Бей-берекетсіздік ----- сараңдық
Сайқымазақтық ----- арсыздық

Екі шектің арасындағы әрекеттердің қайсысы ізгі? Аристотельдің айтуынша, қайсысын таңдауды білу үшін жағымды қасиеттен бастап әрекет ету керек. Аристотель кітаптан оқып білгендерін интеллектуалды ізгіліктер деп атады. Мысалы, кәсіби этика кодексін білу жас мамандар үшін интеллектуалды ізгілік болады.

Аристотель бізге әрекеттер арқылы моральдық ізгіліктерді үйрену керектігін айтып кетті, яғни ізгі әрекеттерді тәжірибеден өткізіп отыру керек.

Ол: «Моральдық ізгіліктер — өміріміздің бір бөлігіне немесе дағдысына айналуы керек», — деді. Бұл доктринаны қолдану үшін адамның мінезі түзу болғаны жөн. Аристотель өзінің айтқандарын ізгілік әрекеттерімен тәрбиеленген адам ғана түсініп, қолдана алатынын айтқан.

Адам мінезінің қалыптасуына ата-анасы, қасындағы жақындары әсер етеді. Одан кейін шіркеудегі тәлімгерлер, мектептегі ұстаздар, университеттегі профессорлары да осы міндетті өз мойындарына алуы керек. Жоғары білімді меңгерін, жұмысқа орналасқан кезде әріптестер мен бастықтар да жетекшіге айналады. Адам мінезінің қалыптасуы — үздіксіз процесс. Аристотель үлкендер осы жауапкершілікті өз мойнына алу керектігін айтқан. «Ал есейген соң ол адам болашақ ұрпақ үшін тура сол міндеттерді мойнына алады», — деп түсіндірді философ.

Аристотель доктринасын қолдануға бір мысал келтіре кетсек. Сіз жергілікті жаңалықтар қызметінде жұмыс істейсіз делік. Мектеп оқушысының жол апатынан қайтыс болғаны туралы хабар жетті. Редакцияның фотографы, видеооператоры түрлі суреттер мен видеолар түсірді. Онда қансыраған дене, апат орны жан-жақты қамтылған. Әріптестеріңізбен бірге сіз соның ішінен күнделікті басылымға және интернетке жариялау үшін біреуін таңдауыңыз керек.

Осы секілді басқа да жағдайлар туралы қосымша ақпараттар пайдалану керек. Мысалы, бұл аймақта соңғы 30 күн ішінде 4 оқушы жол апатынан қайтыс болған және оған алкогольді ішімдік себеп болған. Полицияның айтуынша, осы жағдай да алкогольдің кесірінен болуы мүмкін. Қоғам алаңдаулы және дүрліге бастады. Осы ақпаратты ескере отырып, Аристотель доктринасының негізінде қай суретті немесе видеоны жариялау жөнінде шешім қабылдауға болады. Апат орнын ба? (Қанға боялған адамдардың суретін бе?) Фотоларды көбірек берген жөн бе? Осының орта мәнін табу керек. Соңғы уақыттағы бірнеше қайғылы оқиға сізді шектен тыс ашуландыруы мүмкін, өйткені сіз бұл мәселені «жылы жуып қоюға» болмайды деп ойлайсыз.

Бұл жағдайда әр адамның өз шешімі болады. The Doctrine of Mean сізге және әріптестеріңізге деректерді пайымдауға көмектесе алады. Аристотель «Никомах этикасында» былай деп жазды: «Ізгі әрекет — қажет уақытта эмоцияны дұрыс бағытқа, дұрыс объектіге, дұрыс адамдарға қолдану⁸», яғни мінезіңізді дұрыс қалыптастырсаңыз, мәселенің орта мәнін табу жеңіл болады да, кейін ол дағдыға айналады.

8 Aristotle, *The Nicomachean Ethics*, trans. David Ross, revised by J. L. Ackrill and J. O. Urmson (New York: Oxford University Press, 1998), 38.

КАНТТЫҢ ЭТИКАЛЫҚ МІНДЕТТЕР ТУРАЛЫ ОЙЫ

Енді Аристотель мен Ежелгі Грекияны бірнеше ғасырға артқа тастаймыз. Философ Иммануил Кант (1724–1804) Шығыс Пруссиядағы (қазіргі Калининград, Ресей) Кенигсбергте ер-тұрман жасайтын шебердің отбасында дүниеге келген. 16 жасқа толғанда ол Кенигсберг университетіне түсіп, ол жерде өзінің ерекше моральдық тәртібімен көзге түседі. Оқу бітірген соң университетте профессор болып, өмірінің басым бөлігін сол жерде ұстаздық етумен өткізеді.

Кант қоғам заңмен жүріп, тәртіпке бағынуы керек деп есептеді. Сондай-ақ ол барлық адам тең әрі ешкім әлдекімнің мақсатқа жету құралына айналмауы керек деген ойда болды. Канттың категориялық императиві бізден айналамыздағылардың бәрі келісетіндей әрекет етуді талап етеді. Сол арқылы әр адам заң бойынша жүріп, тәуелсіз және тең құқықты қоғамда өмір сүрмек. Кант «Адамгершілік метафизикасы негіздері» атты еңбегінде «Категориялық императив – барлық саладағы адамдар ұстануы керек ең жоғары принциптер⁹», – деп жазған.

Назар аударыңыз: Канттың ойынша, әр адамның еркіне тек ақыл әсер етуі керек. Сіз өз қалауыңызды бақылай аласыз, бірақ өз әрекетіңіздің салдарына ықпал ете алмайсыз.

Оның «жоғары» нұсқасында (CI) былай делінген: «Сол мезетте жалпыға ортақ әмбебап заңға айналатындай тек максимумда әрекет етіңіз¹⁰». (Максимум – әр адам келісуі керек принцип. «Плагиатқа жол жоқ!». Мысалы, медиа мамандықтарда бұл – сақталуы керек максимум әрі жалпыға ортақ әмбебап). Сондықтан да адамдар басқалары да пайымдауға қабілетті болатын максимумды құруы немесе соған еруі керек. Кант адамдардың пайымдай алатын қабілетке ие екенін айтып, ақыл адамның қалауынан да жоғары болуы керек деп есептеген. Кантқа сенсек, тек ізгілік қана моральдық сипатқа ие, ал ол адамның қалауымен емес, әрекетімен өлшенеді.

Егер басқалар да сіздің максимумыңызбен әрекет етпесе, ол принциптен өзіңіз де бас тартуыңыз керек. Мысалы, қоғаммен байланыс маманы өзінің тұтынушысын жақсы жағынан таныту үшін үнемі өтірік айтса, Кант одан: «Басқа PR мамандардың да осылай әрекет еткенін қалайсың ба?», –

9 Immanuel Kant, *Grounding for the Metaphysics of Morals*, trans. James W. Ellington (Indianapolis, IN: Hackett, 1981), G421. (Grounding цитаталарында Пруссия академиясы басылымының редакциясында G бет нөмірімен бірге келтіріледі; түп нұсқасы 1785 жылы басылып шыққан)

10 сонда

деп сұрайтын еді. Әрине, жоқ. Бұл — ең басты мақсат емес. Себебі жаңсақ сөйлеу адамдарды сенімсіздікке итермелейді, PR мамандарының барлығын өтірікші етіп көрсетеді, «оларға сенуге болмайды» деген пікір қалыптастырады.

Кант екінші адамгершілік «формуласында» (CI)¹¹: «Адам атаулыға — мейлі ол өзің бол, мейлі өзгелер болсын — ешқашан құрал ретінде қарама, мақсат ретінде қара, амалың осындай болсын», — дейді. Жұмысыңызда біреуге ақыл айтуыңыз мүмкін, бірақ өзіңізге де біреудің ақыл айтқанын қалайсыз ба? Мысалы, сіздің жұмысыңыздағы жаңалықтар тілшісіне штат губернаторы ұнамайды делік. Тілші оның жаман қасиеттерін сипаттайтын цитаталарды ғана қолданғысы келеді. Әрине, басқа қырынан таныта алатын сөздері де бар. «Цитаталарды менің талаптарым бойынша таңда». Бұл барлық журналистерге ұсынылатын максимум ба? Жоқ. «Барлық журналистер цитаталарды ақылмен таңдауы керек». Иә. Бұл — максимум бола алады.

Кант жауапкершілік бізді заңға бағынатын азамат ететін максимумдардан тұрады деп есептейді. Бұл кітаптың мақсаты — медиа мамандардың жауапкершілігін көрсету. Моральдық қоғамға арналған заңдылық формуласы атанып кеткен категориялық императив туралы Кант тағы бірде былай деп жазды: «Әрбір саналы адам өзі үшін де, басқалар үшін де заңдық күші бар қағидаларға бағынуы керек».¹²

Аристотель секілді Кант та адам моральдық тәрбие алмай, категориялық императивті қабылдай алмайды дегенге сенді. Қандай максимумды сақтау керектігін қалай білуге болады? Кант моральдық тәрбие туралы өз ойын «Мораль метафизикасы. Екінші бөлім. Ізгілік ілімі» (Doctrine of Virtue: Part II of the Metaphysics of Morals) атты еңбегінде жазған. «Адамгершілік концепциясының өзі алдымен адамгершілікті бойына сіңіруге екендігін көрсетеді». Медиа мамандары үшін адамгершілікті бойға сіңіруге университет курстарынан бастау алады.

УТИЛИТАРИЗМ МЕН ДЖ. С. МИЛЛЬДІҢ ПАЙДАЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАТЫ

Негізгі утилитаризм доктринасы кез келген әрекеттің ең жақсы әдісі — барлық жапа шеккендерге пайда әкелетіндігін айтады. Ұзақ жыл бойы бұл доктрина кеңейтіліп, бүгінде бірнеше нұсқада қолданылып жүр.

11 сонда 436-б

12 сонда 431-б

Бүгінде утилитаризм (пайдакүнемдік) өзінің жеке басының пайдасын немесе экономикалық шарттарын қанағаттандыратын кемшілік кейде артықшылық ретінде де сипатталады. Адамдардың көпшілігі мораль өз әрекеттерінің пайдалы және зиянды салдарын тепе-теңдікте ұстауға байланысты екеніне сенеді. Бұл идея медиа саласындағы көптеген мамандарға таныс. Мысалы, мүгедектер ісімен айналысатын қызмет директоры өзінің жұмысын дұрыс атқармайды делік. Соның кесірінен ондаған кембағал жан өздеріне тиесілі қызметтерді ала алмай отыр. Егер директор журналистен бұны жариялау не себепті маңызды екенін сұраса, ол: «Бұл жағдайдың қандай артықшылықтары бар екеніне назар аударыңыз» немесе: «Оның қандай зиян шектіретінін ойланыңыз», — деп жауап берер еді. Журналист бұл жағдайдың зиянды жақтарын да, агенттіктің беделін де таразыға салады да, бұл проблеманы айтудың қоғам үшін пайдалы екеніне көзі жетеді. Көптеген адам проблемамен танысады да, әлеуметтік қызмет саласындағы агенттіктердің дұрыс жұмыс істеуіне септігін тигізеді.

Джон Стюарт Милльге келсек, ол 1806–1873 жылдары өмір сүрген. Лондонда әкесі Джеймстің қатал тәрбиесімен өскен. Сонымен қатар утилитаризмнің әкесі саналатын Джереми Бентам да оған әсер еткен. Милль бала кезінен классикалық утилитаризмді оқыды. Кейбір деректерде оның 3 жасында грек тілін үйренгені айтылады. 20 жасқа толғанда Милль сабақтарды қарқынды оқу әдісінен бас тартады. Ауырып ем алған соң, ол Бентамның қарапайым математиканы қолдану арқылы шешім қабылдаған кезде зиян шегетін адамдардың емес, пайдасы тиетін адам санын есептеу туралы утилитаризм маркасын¹³ қайта қарап шығады.

XIX ғасырда Милль этикалық шешім қабылдау барысында сапаның да маңызды екенін айтты.

Милль өзінің «Утилитаризм» еңбегінде: «Бұл — абсурд. Тек санға (көптігіне) қарап бағалауға болмайды, сапаға да қарау керек»¹⁴, — деп жазды. Мысалы, ол push-rip ойынынан гөрі өлең оқудың пайдалы екенін айтты. Сол кезеңде өмір сүрген адамдардың көпшілігі осы ойынды ойнайтын еді. Милль теориясы «көпшілікке пайдасы тиетін ұлы ізгілік» негізінде туындаған. Ол қаншалық бақытты екенінді пайымдағанда сапа да ескерілуі керектігін алға тартты.

Милль Бентамның утилитаризмі нұсқасын сол күйі қолдану ұрпақтар мәдениетіндегі сабақтастықты үзетінін айтты. Сондай-ақ ол адами құн-

13 Бұл — кез келген әрекеттің игілігі мен рақат факторын нақты анықтайтын Бентам ұсынған математикалық формула

14 John Stuart Mill, *Utilitarianism*, edited by G. Sher (Indianapolis, IN: Hackett, 1979), редакциялаған, 8.

дылық саналатын ерік-қалауы Бентам анализінен де жоғары тұруы тиіс деген пікірді ұстанды.

Шешім қабылдау процесіне сапаны назарда ұстаудың маңыздылығын түсіну үшін медиа мамандардың экстремалды ойларын еске алса болады. Оларды ақпарат жинағанда өтірік қоспауға, манипуляция мен заңды бұзбауға не итермелейді? Олар «бұл ақпарат көп адамға зияннан гөрі, пайда әкеледі» деуі мүмкін. Әрине, барлығына да дәлел табылады. Анығында, бұл әрекеттерді мүмкіндіктер арқылы жеңілдетуге болады. Медиа маман өте сирек жағдайда ғана жалған сөйлеуі мүмкін. Оның өзінде, өтірікке жол беруге қоғамға пайда әкелу мақсатына жету үшін ғана рұқсат етіледі. Ақпаратты алу үшін өтірік айтсаңыз, ақпараттың рас екеніне адамдар пеліктен сенуі керек?

Мысалы, сіз – көрермендер шағым түсірген кілем тазалайтын компанияның жұмысын әшкерелеу үшін сол жерге жасырын барған телеарна тілшісісіз. Сіз әріптесіңіз екеуіңіз жақын маңнан пәтер жалдап тұрасыз. Содан кейін компанияға хабарласып, үш бөлменің кілемдерін 99 долларға тазалап беруін сұрайсыз.

Кілем тазалаушылар келеді де, белгілі бір жағдайларға байланысты баға қымбаттау болатынын айтады. Сіз жасырын камерамен оны түсіріп алып, келесі аптада эфирден көрсетесіз. Сіз шағымданған көрермендерге пайда тигіздім деген пікірдесіз, бірақ сан емес, сапа туралы ойландыңыз ба?

Кілем тазалау адамдар үшін аса маңызды мәселе емес. Ал сіз қоғам үшін аса маңызды жағдайда оқиғаның мән-жайын анықтау мақсатында немесе ақпарат алудың басқа жолы мүмкін болмай қалғанда ғана өтірікке бара аласыз.

Милль жасырын камераны қолдану ізгі әрекетке жатпайтынын айтатын еді. Жарнама мен оқырманды көбейту үшін де өтірік аргументті қолдануды дұрыс деп санамас еді.

Милль жасырын зерттеу жүргізіп жүрген журналистерден: «Сіз бұл жағдайда, менің пайдалылық принципімді қалай қолданар едіңіз?» – деп сұрауы мүмкін. Оның журналистерге ақылмен шешім қабылдауды ұсынатынына сенімдіміз. Бұл – оның Бентамнан басты ерекшелігі. Журналистердің ақпаратқа қол жеткізудің басқа да құралдары бар ма? Мысалы, жоғарыдағы кілем тазалайтын компанияға алданған адамдардан сауалнама алып, компаниядан соған жауап беруін сұрауға болушы еді ғой? Осындай сегментпен жасалған материалды көрген басқа адамдар да зиян шекпейді.

Ешқандай өтіріктің қажеті жоқ. Аристотель мен Кант секілді Милль де оның принциптерін қолданбас бұрын алдымен адамгершілік қасиеттерді күшейту керектігін айтты. Сондай-ақ ол дағды адамға сенімділік береді деді. Әдетте, журналист этикалық шешім қабылдау кезінде өз пайымына сүйенуі

тиіс. Сондықтан бақыт пен ізгілікке келгенде санға сүйену — толық нәтижеге жету деген сөз емес. Егер шешім қабылдау қиынға соғып, тығырыққа тірелсеңіз, Милль «Утилитаризм»¹⁵ еңбегінде негізгі моральдық ережелерге сүйену керектігін айтады. Ол бұл ережелерді «қосымша моральдық қағида-даттар» деп атады. Ал медиа мамандары үшін этикалық кодекстер бар.

РОСС БҰЙРЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НАҚТЫ МІНДЕТТЕРІ

Енді ежелгі ғалымдардың ойын негізге алған ХХ ғасыр философтарына тоқталсақ. Шотландиядан шыққан Уильям Дэвид Росс (1877–1971) Аристотель еңбектерін зерттеген және аударған. Ол этикалық шешім қабылдау туралы өз идеяларын 1930 жылы жазған «Құқық және жақсылық» (The Right and the Good) еңбегінде баяндаған. Ол утилитаризмнің орнына ақылға немесе түйсікке сүйенуге шақырған.

Росс адам түсініп, маңызды шешім ретінде қабылдай алатын алғашқы әсерге негізделген (*prima facie*) міндеттерге сенді. Ол келесі негізгі функцияларды атады:

- Өз сөзінде тұру (үдеге берік болу);
- Қайырымдылық үшін алғыс білдіру;
- Әділеттілікке дағдылану;
- Басқа адамдардың өмірін жақсарту;
- Зияннан арылу;
- Қажет кезде өзгеру;
- Өз-өзіңді дамыту.

Бір айта кетерлігі, Росс бұл міндеттерді толықтыруға болатындығын тұжырымдаған, яғни бұл тізімді өз қалауыңыз бойынша жалғастыра аласыз. Кейбір этикалық дилеммаларда екі немесе одан да көп міндет бір-біріне қайшы келуі мүмкін. Олай болған жағдайда, Росс тізімге қарауға кеңес береді. Сол оқиғада олардың қайсысы маңыздырақ? Қайсысы сай келеді, соны таңдау керек. Сіз таңдаған *prima facie* — алғашқы әсерге сүйену міндеті өзекті міндет деп аталады. Росс моральдық қағидалардың абсолютті еместігін айтар еді, яғни кодекстер мен қағидалардың ерекшеліктері бар. Сіз өз ақылыңызға жүгінуіңіз керек. Мысалы, PR маманының бір тұтынушысы бұған дейін қоқыс полигонына айналған жерден тұрғын үй құрылысын бастады делік. Қоршаған ортаны қорғау сарапшылары «бұл орын болашақ үй иелеріне ешқандай қауіп төндірмейді» деген шешім шығарды. Ал PR маманы өз клиентіне баспасөз-хабарламасында бұл орынның бұрын қоқыс тастайтын жер болға-

15 сонда, 8

ны туралы ақпарат бермейтінін айтады. Бірақ осы сөздерінен кейін өзінің міндеттерін таразыға салып, оны айтпау қоғамға пайдадан гөрі, көп зиян келтіреді деген қорытындыға тоқтайды. Себебі сатып алушылар өзін алданған адамдай сезінуі мүмкін.

Бұл оқиғада маманның міндеті оның тұтынушыға берген уәдесінен де жоғары тұр. PR маманы клиентіне өз сөзінде тұра алмайтынын айтып, оның себебін түсіндіреді.

Росс «біздің міндеттер айқын болуы керек» дейді. Росс теориясы бойынша адам өз міндеттерін қанша пайымдағанымен, — ақыры ақылға тоқтайды. Көпшілігі оның «шешім қабылдау кезінде түйсікке сену керек» деген сөзін жақтаса, бірі — «ақыл таразысын» қолданғанды жөн көреді.

ДЖОН РОУЛДІҢ НАДАНДЫҚ ПЕРДЕСІ ТУРАЛЫ ТЕОРИЯСЫ

Джон Роул (1921–2002) — қазіргі заман философы және Гарвард профессоры. Ол этикалық шешім қабылдау кезінде көптеген студент маңызды санайтын әділдік тұжырымдамасын жасаған. 1971 жылы жеке құқықтар туралы «Әділдік теориясы» (A Theory of Justice) атты кітап жазған. Роул этикалық дилеммаларға тап болған кезде шешім қабылдау үшін қоғамдағы өз орның туралы ойлаудың керекті жоқ деп есептейді. Оның орнына сол жағдайға өзіңді қойып көргенді жөн санайды. Ол «надандық пердесі» ұғымын енгізді.

Ол перденің артында тұрғанда адам бәрін де ұмытады. Тіпті өзінің кім екенін ұмытқанда ғана адам осы дилеммаға қатысы бар жандармен байланыс орната алады.

Өзіңнің кім екеніңді ұмыту — дәрежеңді, дініңді, этникалық ерекшелігіңді, құндылықтарыңды ұмыту деген сөз емес. Сіз тек көзқарастарды пайымдап, саралап, барлық қатысушыны қарастырасыз, себебі олардың барлығы бір-бірімен тең дәрежеде. Шешім қабылдағаннан кейін перде түрілген кезде сіз өзіңіздің қандай адамға айналатыныңызды білмейсіз. Сіз басшы немесе құл, монарх немесе кедей болып оянуыңыз мүмкін.

Медиа этика туралы зерттеген ғалым, кітаптың келесі бөлімінің авторы Дени Эллиотт Роул теориясын қолданғанда келесі кеңестерге жүгінгенді жөн көреді¹⁶:

- Шешіміңіз әсер етуі мүмкін барлық адамның тізімін жасаңыз (өзіңізді қоса алғанда);

16 11 Deni Elliott. 2001. Handout from Association for Education in Journalism and Mass Communication Media Ethics Division workshop, Washington, D.C.

- Өзіңізді надандық пердесінің артына қойып көріңіз. Содан кейін дилеммаға қатысқан әр адам туралы болжам жасаңыз;
- Бірнеше адам арасындағы пікірталасты елестетін көріңіз.

Мысалы, сіз жарнама агенттігінде жұмыс істейсіз делік. Сіздің басшыңыз баспасөз жарнамасына арнап макет жасауды сұрайды. Белгілі бір этникалық топтың стереотипін күлкілі етіп көрсетуіңізді қалайды. Бірақ, сіздіңше, бұл ешқандай қызық емес. Керісінше, жарнама зиян әкеледі деп ойлайсыз.

Осы дилемманы шешіп көріңіз. Бастығыңызбен оның идеясы дұрыс еместігі жөнінде сөйлесуге дайындалып, жоғарыдағы кеңестерге жүгініңіз.

Бұл пікірталастағы адамдар: тұтынушылар, этникалық топ өкілдері, бастығыңыз және агенттікті жалдаған тұтынушы. Басқалар туралы ойлауға бола ма?

Роулдің айтуы бойынша, барлық адам тең болғандықтан, «әділдік принципі әділ келісім немесе мәмілеге негізделіп, шешім де табылуы мүмкін»¹⁷. Ол дәрежесі бірдей адамдардың пікірталасы теңдікке әкелетінін айтты. Осылайша, әрқайсысының принциптері бір-біріне сай келіп, барлығы жеңеді.

Роул үшін де, Кант үшін де (Канттың категориялық императивіне сәйкес) әрекет адамның «еркіпдікке және тең құқылы рационалды табиғатына» байланысты таңдалады. Роул да соны меңзейді. Егер теңдік болса, қоғам үшін де жақсы болады.

СИССЕЛА БОКТИҢ ЖАРИЯЛЫЛЫҚ ТЕСТІ

Қазіргі заман философы, «Өтірік: қоғамдық және жеке өмірдегі моральдық таңдау» (Lying: Moral Choices in Public and Private Life) кітабының авторы Сиссела Бок басқалардың алдында өз әрекеттерімізді ақтап алудың маңыздылығына сенеді, яғни сіз өз әрекеттеріңіз туралы ойлап қана қоймай, шешім қабылдау процесін жариялы етуіңіз керек.

Оның «Жариялылық тесті» (the test of publicity) «қай кезде өтірік айтуға болады?» деген сұраққа жауап іздейді. Оны медиа мамандары басқа да этикалық дилеммалармен қатар қолдана алады. Өтірік қоғамды адастырады, ал егер бұқаралық ақпарат құралдарында істейтін маман осындай жағдайға тап болса, яғни қоғамды алдау дұрыс деп шешсе, ол этикалық дилеммалар арқылы шешім қабылдауы керек.

17 John Rawls, A Theory of Justice (Boston: Harvard University Press, 1971), 120
Роулдің пікірі этикалық шешім қабылдаған кезде біздің қоғамдық санамызды көтеруге көмектеседі.

Боктің этикалық шешім қабылдау моделі: біріншіден, этикалық шешімге қатысушы адамдарға жанашырлық таныту, екіншіден, әлеуметтік сенімді қолдау керек деген екі принципке негізделген. Осы екеуіне көз жеткізген соң үш сатыдан тұратын этикалық шешім сараптамасы қарастырылады:

1. Өзіңіздің дұрыс немесе бұрыс деген ойларыңызды саралаңыз. Дилемма тудырған курсқа көзқарасыңыз қандай? (Сізді не алаңдатады?);
2. Альтернатива (балама таңдау) жөнінде кеңес алу есіңізде болсын. Этикалық проблемаларсыз мақсатқа жету жолы бар ма? Әріптестеріңізден сұрауға немесе философтардың теорияларына жүгінуге болады;
3. Бұл әрекет басқаларға қалай әсер етеді? Мүмкін болса, айналаңыздағылармен талқылаңыз. Тіпті болмаса, әртүрлі пікірдегі әріптестеріңізбен тілдесін көріңіз.

Боктің айтуынша, шешім қабылдас бұрын осы үш сатыдан өтсеңіз, өз әрекетіңізді ақтай аласыз, яғни ол жариялылық тестінен өтеді.

Мысалы, сіз ақпараттық сайт редакторысыз делік. Кеше концерттен кейін қала орталығында қақтығыс болды. Сайтыңызға тілші түсірген видеоны жариялайсыз. Онда полиция қызметкерлері мен азаматтардың бірін-бірі ұрып-соққаны көрсетілген болса, сіз сансыз сауалдың астында қалатыныңыз анық. Сол кезде сіз полицияның оқушы отбасына немесе студентке қол жұмсап жатқан әрекетін көрсеткен себебіңізді ақтай аласыз ба, яғни сіз жариялылық тестіне тап боласыз.

Сіз көрсеткен мәселе қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін маңызды делік. Боб Стил Пойнтердің (Poynter.org сайтынан алуға болады) бақылау тізімі бар. Ол жасырын камераларды қолдану арқылы алдаудың бір түріне арналған. Стилдің айтуынша, жасырын камераны қоғам үшін өте маңызды жағдайларда ғана қолдануға болады. «Оның жоғары деңгейдегі жүйелік қателіктерді анықтауда немесе қоғамға кесірін тигізбеу секілді жағдайларда ғана өмірлік маңызы бар». Соның өзінде ол өтірікті ақтап алуға болатын 5 белгіні ұсынады¹⁸.

ҚАМҚОРЛЫҚ ЭТИКАСЫ

Этиканың тағы бір саласы – «Қамқорлық этикасы» феминистік теорияға негізделген. Ол басқаларға да, адамның өзіне де бағытталған. Басқаша айтсақ, бұл идея этикалық шешім қабылдау үшін өзара қарым-қатынастарды негізге алады. Біз «Қамқорлық этикасын» жақтаушы екі адам туралы айтамыз.

¹⁸ [http://www.poynter.org/uncategorized/744/deceptionhidden-cameras-check list/](http://www.poynter.org/uncategorized/744/deceptionhidden-cameras-check-list/)

Кэрол Гиллиганның «Өзгенің дауысымен» (In a Different Voice) атты кітабы ең алғаш 1982 жылы жарық көрген. Онда әйелдердің пікірталас кезінде басқаларға қамқорлық танытуға бейім екені айтылады. Гиллиган әйелдердің ерекше моралі бар екеніне сенеді: Олар еркектерге қарағанда басқаша сөйлейді, себебі кішкентай кезінен қамқорлық пен жауапкершілікті бойына сіңіріп өседі. Қамқорлық сезімін дамытқан адамдар тек өзін ғана емес, басқаларды да ойлап, ешкімнің зардап шекпегенін қалайды.

Гиллиганның айтуынша, ғылым жолындағы ер адамдар, оның ішінде, Зигмунд Фрейд пен педагог-психолог Лоуренс Кольберг ер мен әйелдің ерекшеліктерін ескермеген. Сондықтан олардың моральдық кемелдену туралы зерттеулері мен ойлары кей жағдайда әйел адамдарға қатысты болмауы мүмкін. Кейінгі зерттеулер моральдық ойлау гендерлік ерекшеліктерге қармайтынын айтса да, Гиллиган «Қамқорлық этикасының» тұжырымдамасын жасауға септігін тигізді.

1984 жылы шыққан «Қамқорлық: этика мен моральдық тәрбиедегі әйелдер қолданатын тәсілдер» (Caring: A Feminine Approach to Ethics and Moral Education) атты кітаптың авторы, педагог Нель Ноддингс утилитаризм мен қызметтік этика әйелдердің этикалық дилеммалардағы әдістерін түсіндіре алмайтынын айтады. Оның айтуынша, әйелдер үшін этика қарым-қатынастан басталады. Шынайы қамқорлық адамдармен шынайы қатынасты талап етеді. Оған тек адал ниетпен ғана жетуге болмайды.

Өзара қарым-қатынаста екі адамның бірі — қамқоршы болса, екіншісі — оның қамқорлығындағы адам болады. Қарым-қатынас өз деңгейінде сақталуы үшін қамқорлық екіжақты немесе олар бірін-бірі тең дәрежеде қолдай білуі тиіс. Ноддингс өзінің «Қамқорлық» атты кітабында: «Студент жай ғана субъект емес, одан әлдеқайда маңызды тұлға¹⁹», — дейді. Мысалы, сізге тек сабақ берумен шектелін қана қоймай, сонымен қатар аман-дығыңыздың да маңызды екенін көрсеткен ұстаздарыңыз болуы мүмкін.

Ноддингстің айтуынша, дилеммаға тап болған адамдар қамқорлық көрсетуді өздерінің міндеті санауы керек. Мысалы, сұхбат алып тұрған маман бұл идеяны қалай қолданады? Ол сұхбат беріп тұрған адамға бар ынтысымен көңіл бөліп, тыңдауы мүмкін, яғни оған ықылас білдіру арқылы, қамқорлық танытады. Сол арқылы сұхбат беруші де ашыла түседі.

Қамқорлық этикасы медиа мамандарына қолдануға келмейтіндей көрінуі мүмкін. Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарын бейтарап деп есептейтіндіктен, бұл кәсіби жұмысыңызға деген қамқорлықты көрсетеді.

19 Nel Noddings, *Caring: A Feminine Approach to Ethics and Moral Education* (Berkeley: University of California Press, 1984), 20.

ЭТИКАЛЫҚ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ДІН

Кейбіріміз этикалық дайындықты жексенбілік мектепте немесе катехизация сабақтарында бастадық. Бала кезімізде біз жақсы мен жаманды діни тәрбие арқылы үйрене бастаймыз. Мұсылмандар, христиандар, үнділер және еврейлер немесе басқа дінді ұстанушылар өз діндеріне сай этикалық ұстанымдарға берік болады. Әрине, дін моральдық мағынада да қолданыла алады, бірақ ғалымдар кейде сол арқылы көпшілікті адастырып жіберуі мүмкін.

Ағылшын философы Энтони Гаррад Ньютон Флей жасөспірім кезінде дінге қарсы көтеріліс жасаған. Әкесі — дін қызметкері, өзі атеист болған философ 2010 жылы 87 жасында дүниеден өтуіне бірнеше жыл қалғанда, яғни 2004 жылы 81 жасында Құдайдың бар екеніне сенетіндігін айтқан. Оған дейін де «Құдайдың әмірімен әрекет ету немесе Құдайға көзсіз сену дұрыс па?» деген сауалға жауап іздеуге тырысқан. Бұл сауалға жұрттың бәрін қанағаттандыратын жауап табу қиын.

Агапе теориясын христиандар адамзатты шексіз сүйю деп түсіндіреді. Жақыныңа деген сүйіспеншілік сезімі де ертеден бар.

Жақынын сүйю — адамның өзінің ғана емес, басқалардың да мүддесін ескеру, яғни басқаларға деген көзқарас. Сондықтан біз өз жақындарымызды олардың қандай екеніне, кім екеніне қарамастан тең дәрежеде жақсы көруіміз керек. Олардың бірін — мақтап, бірін — даттай алмайсыз, демек, алалай алмайсыз. Кейде мұндай жағдайдың болып жататыны да шындық. «Бірі» «өзге» үшін принципі үнемі жүзеге аса бермейді.

АҚШ мәдениетінде иудейлік-христиандық дәстүр ерекше дендеп енгенімен, бұл агапе немесе өзге дінді ұстануға тыйым салынады дегенді білдірмейді. Барлық дінде махаббат ұғымы бар. Мысалы, исламның негізін қалаған Мұхаммед пайғамбар риясыз қарым-қатынасты насихаттаған. Мұсылмандар Құранның Құдай сөзі екеніне сенсе де, кітапта Мұхаммед пайғамбардың әрекеттері мен сөздері кездеседі. Мұсылмандар Құран бағыштаған сайын оның есімін қосады. Исламның этикалық көзқарастары Құранда жатқанымен, этикалық сипаттың үлгісі Мұхаммед пайғамбар саналады²⁰. Олар қарапайым өмір сүрген, рухани дамуға мән берген. Бірақ жылдар өте Құранды бұрмалаушы секталар пайда бола бастады.

Muhammad: Honor-Centered Morality кітабының авторы Мұхаммед А. Сыдық (Mohammad A. Siddiqi) Мұхаммед пайғамбардың коммуника-

20 <http://www.britannica.com/biography/Muhammad/The-ethical-and-spiritual-character>

торлары (уағызшылары) басшылыққа алуға тиіс әмбебап этикалық кодексті жасап кеткенін айтады. «Бұл қарым-қатынасты тек белгілі бір ұлт немесе адамдар тобын қолдау үшін емес, адамзат игілігі үшін қолдану маңызды²¹», – дейді ол.

Бұл кітап Батыс философтарына арналғанымен, Азиядан шыққан этикалық теориялар да қарастырылуы мүмкін. Оның ішінде Конфуций ілімі, индуизм, буддизм де бар. Мысалы, 1869 жылы дүниеге келген Махатма Ганди шешім қабылдау үшін маңызды қағидаттарды құрастырған. Ганди зорлықсыз әлеуметтік тәртіпті шешім қабылдау үшін қажетті белгі ретінде насихаттады. Конфуций (б.з.д. 551 ж) әр адамның теңдігін, білім алуын, әлеуметтік жауапкершілікті жоғары бағалады.

ҚОРЫТЫНДЫ ОЙЛАР

Кәсіби мамандарға этикалық шешім қабылдауға септігін тигізетін кейбір теориялармен, кодекстермен танысқаннан кейін келесі бөлімдерде моральдық даму мен оның шешім қабылдауға әсері туралы қарастыратын боламыз. Сіздер осыған дейінгі қадамдарды саралап, теориядан тәжірибеге (практикаға) өтуге дайын болуларыңыз керек. Кітаптың одан кейінгі бөлімдері студенттің немесе жас мамандардың кәсіби ортаға араласа бастағанда тап болған күрделі оқиғалары туралы баяндайтын болады.

Сонымен қатар авторлар шешім қабылдау құралдары туралы да баяндайды. Олардың әдісінің дұрыстығымен сіздің келісуіңіз де, келіспеуіңіз де мүмкін. Бірақ сіздер өздеріңізге қажетті құралдарды білетін боласыздар. Сонымен Аристотель айтқандай, жаңа мінез қалыптастыруға кірісейік!

БИБЛИОГРАФИЯ

- Aristotle. Introduction to Aristotle. Translated by Richard McKeon. New York: Modern Library. 1947.
- Aristotle. The Nicomachean Ethics. Translated by David Ross. New York: Oxford World's Classic. 1998.
- Baron, Marcia, Pettit, Philip, and Slote, Michael. Three Methods of Ethics. Malden, MA:Blackwell Publishing. 1997.
- Bok, Sissela. Lying: Moral Choices in Public and Private Life. New York: Pantheon Books. 1978.
- Christians, Clifford G., and Merrill, John C., eds. Ethical Communication. Columbia: University of Missouri Press. 2009.

21 Clifford G. Christians and John C. Merrill (eds.), Ethical Communication: Moral Stances in Human Dialogue (Columbia: University of Missouri Press, 2009), 143.

- Gilligan, Carol. *In a Different Voice*. 29th ed. Boston: Harvard University Press, 1992.
- Good, Howard, ed. *Desperately Seeking Ethics*. Lanham, MD: Scarecrow Press, 2003.
- Good, Howard, ed. *Journalism Ethics Goes to the Movies*. Lanham, MD: Rowman & Littlefield, 2007.
- Herman, Barbara. *The Practice of Moral Judgment*. Cambridge, MA: Harvard University Press, 1993.
- Kant, Immanuel. *The Doctrine of Virtue: Part II of the Metaphysics of Morals*. Translated by Mary J. Gregor. New York: Harper & Row, 1964. (Original work published 1797)
- Kant, Immanuel. *Ethical Philosophy*. Translated by James W. Ellington. Indianapolis, IN: Hackett, 1983.
- Kant, Immanuel. *Grounding for the Metaphysics of Morals*. Translated by James W. Ellington. Indianapolis, IN: Hackett, 1981. (Original work published in 1785)
- Mill, John S. *Utilitarianism*. Edited by George Sher. Indianapolis, IN: Hackett, 1979. Noddings, Nel. *Caring: A Feminine Approach to Ethics and Moral Education*. Berkeley: University of California Press, 1984.
- Plato. *Republic*. Translated by Robin Waterfield. Cary, N.C.: Oxford University Press, 1998.
- Rawls, John. *A Theory of Justice*. Boston: Belknap Press of Harvard University Press, 2005.
- Ross, W. D. *The Right and the Good*. Indianapolis, IN: Hackett, 1988. (Originally published 1930)
- Steele, Bob. When might it be appropriate to use deception/misrepresentation/hidden cameras in newsgathering? Available at the Poynter Institute website. [http:// www.poynter.org/uncategorized/744/deceptionhidden-cameras-checklist/](http://www.poynter.org/uncategorized/744/deceptionhidden-cameras-checklist/)
- Sullivan, Roger J. *Immanuel Kant's Moral Theory*. Cambridge, UK: Cambridge University Press, 1989.
- Vaughn, Stephen, ed. *Encyclopedia of American Journalism*. New York: Routledge, 2007. Wick, Warner A. Introduction. In *Ethical Philosophy (I. Kant)*. Indianapolis, IN: Hackett, 1995.

Моральдық тұрғыда кемелденген кәсіби медиа маманы

Дэни Эллиот

Кейбір адамдар этиканы адамның жеке қасиеттерінің бірі деп ойлайды: Адамның бала кезінен қалыптасқан этикалық дағдылары болады немесе оның мүлде болмауы да мүмкін. Бірі – шіркеуден, ата-анасынан қай жолдың дұрыс екенін үйренеді, бірі – үйренбейді. Сол қалыптасқан дағдыларына қарап, адамды жақсы және жаман деп бөлін қараймыз. Сондай-ақ абсолютті дұрыс немесе мүлде қате таңдау деген бар. Сізге өзіңізді қалай ұстау керектігі туралы көп ойланудың қажеті жоқ. Сіз оны білесіз.

Шынтуайтына келсек, этикалық шешім қабылдау – өмірлік тәжірибемен бірге толығып отыратын шеберлік. Бұл – біздің сөйлей, жүре және интеллектуалды дами алатынымыз секілді, бойымызда бар қабілет. Спорт жаттығулары физикалық қозғалысқа әсер ететіні секілді, дұрыс этикалық шешім қабылдау кезінде мотивация мен таңдауыңызға тікелей байланысты болады. Осыны түсінген сайын сіз көбірек жаттығып, этикалық шешім қабылдаудың маңызды аспектілерін көре бастайсыз. Сонымен қатар моральдық даму жолындағы өз мүмкіндіктеріңіз бен әлсіздіктеріңізді де байқайсыз.

Бүгінгідей әркім интернетке ие, сандық (digital) технологияның қарқынды дамып жатқан ғасырында әркім бұқаралық коммуникацияның тұтынушысы да, жасаушысы да бола алады. Сол себепті де көптеген ақпарат агенттігі аудитория мен ақшаны көптеп тарту үшін керектінің бәрін істейді, өйткені олар көрермен тарапынан бәсекелестік тудырған күшті қысымға түседі. Сондықтан қазір бұқаралық медиада қызмет ететін мамандар үшін жоғары этикалық стандарттарды меңгеру, оны жұмыс барысында қолдану бұрынғыдан да маңызды бола түсті.

Бұл тараудан сіз этикалық шешім қабылдау сатыларымен қатар моральдық талғампаздықты үйренетін боласыз (психологиялық теориялар сілтемелерде берілген көптеген дереккөзден алынды). Одан кейін сіз өз этикасы мен мамандық талаптары арасындағы қарама-қайшылықтарға тап болған жас тілшінің оқиғасымен таныса отырып, сол арқылы өз-өзіңізді тексеріп, моральдық кемелденуге мүмкіндік аласыз.

МОРАЛЬДЫҚ КЕМЕЛДЕНУ ТЕОРИЯСЫ

Адамның моральдық кемелденуінің ең үздік аналогиясы – туған тілімізді меңгеру. Бұл екі процесс те (моральдық кемелдену мен туған тілді меңгеру – редактордан) бірізді дамуға негізделген. Екеуі де қоршаған ортамен тығыз байланысты болады, яғни адами тұрғыдан жетілу үшін айналаңдағы адамдардың әсері көп деген сөз.

Коммуникациялық қабілет секілді моральдық жан-жақтылық сіздің әдетте қалай әрекет ететініңізді емес, сіздің қолыңыздан не келетінін көрсетеді. Адам бойындағы қабілеттер мен оның қол жеткізген жетістіктерінің айырмашылығы осында. Айталық, сіз Оксфорд профессорлары секілді шабыттана сөйлей аласыз, алайда асханада тапсырыс берген кезде олай сөйлей алмайсыз ғой (сөйлемеуге де тиіссіз). Тіпті сіз ең күрделі моральдық пайымдауға қабілетті болсаңыз да, көлігіңізде отырып, қоғамға қалай пайда келтіру туралы ойлаймын деп артыңыздағы көліктерге кедергі жасай алмайсыз.

Моральдық кемелденуінің бірізді әрі болжалды сипаты психологтердің адамның күрделі пайымдауларға дейінгі даму сатыларын көрсететін маңызды белгілерін анықтауына түрткі болды.

МОРАЛЬДЫҚ КЕМЕЛДЕНУ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР

Моральдық кемелдену туралы зерттеулер ХХ ғасырдың ортасында швейцариялық психолог Жан Пиаженің еңбектерінен басталды. Балалардың ойын

барысында құрастыратын ережелерін зерттей отырып, Жан Пиаже бала кездегі ойынның уақыт өте келе мінез-құлыққа әсер етін, дүниетанымын қалыптастырып, қоғамдағы өзінің орнын белгілеуге алғышарт болатынын анықтады. Пиаже бара-бара олардың қабілеттерінің талаптары да олардың әділдік туралы түсініктері секілді күрделене түсетінін жеткізді.

Пиаженің еңбегін дамытқан психолог Лоурент Кольберг моральдық кемелдену теориясының атасы саналады. Ол тұңғыш рет адамдардың дұрыс немесе бұрыс әрекеттер туралы ойлауының нақты белгілерін көрсетті. Мораль туралы зерттейтін психологтер Уильям Перри мен Кэрол Гиллиганның еңбектері сияқты оның теориясы да адамның пайымдау деңгейі белгілі бір шешім қабылдауға әсер ететінін көрсетеді.

Дербес әрекет — моральдық кемелденудің маңызды аспектісі. Моральдық талғампаздық тек зиян келтірмейтін және көпшілікке пайдасы тиетін таңдау жасауды ғана емес, таңдау жасауға дұрыс себептердің әсер етуін көздейді. Мысалы, математикалық тестілеуден жақсы нәтиже көрсеткен студентті алайық. Мұнда оның тек жоғары балл жинағаны емес (жақсы балды көршісінен көшіріп те алуы мүмкін), оның дұрыс жауап табуы мен ойлау қабілетін танытқаны маңызды. Математиканы расымен түсінетін студенттер математикалық ұғымдар туралы жеке ойын айта алады. Сол сияқты моральдық тұрғыда кемелденген медиа маманы, мейлі ол жаңалықтар қызметіндегі редактор немесе блогі бар жеке маман болсын, дұрыс және сенімді ақпарат береді.

МОРАЛЬДЫҚ КЕМЕЛДЕНУДІҢ БАСТАПҚЫ САТЫСЫ

Балалар айналадағы адамдар туралы қандай пікірде болу керектігін таңдағанда, қарапайым әдістерге жүгінеді: олар ықпалды адамдардың айтқанына сенеді, дегенін істейді. Гиллиган, Кольберг пен Перри бұл бейімділікті әртүрлі қырынан зерттеп, бірнеше қорытындыға келді.

Гиллиган моральдық тұрғыда кемелденбеген адам өзін әлсіз сезініп, оған зияны тикі мүмкін адамдардан өзін қорғауы үшін әрекет ететінін айтты¹. Кольберг моральдық дамудың бастапқы сатысындағы адам сыйсияпат алып, жазадан қашқысы келеді деген қорытындыға келді². Перри этикалық және интеллектуалды жетілудің алғашқы сатыларында адам дог-

1 Carol Gilligan, *In a Different Voice* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1982).

2 Lawrence Kohlberg, *The Philosophy of Moral Development* (San Francisco, CA: Harper & Row, 1981).

матикалық сипатта болатынын, дұрыс шешім қабылдау үшін оған айналанындағылардың беделі әсер ететінін айтты³.

Біз моральдық деңгейіміз қандай болса да, кейде образға сай келетін беделге жауап береміз. Мысалы, әуежайда тексеруден өткен кезде қол жүгін тексеруге беріп, тәртіпке бағыну керектігін білеміз. Жұмысқа қызметтен айырылып қалмас үшін уақтылы барамыз. Бұл әрекеттердің әрқайсысында шешім шығару үшін көп уақыт қажет емес. Энергияны күрделі этикалық шешім қабылдау үшін сақтаған жөн.

МОРАЛЬДЫҚ КЕМЕЛДЕНУДІҢ ҚАРАПАЙЫМ САТЫСЫ

Моральдық дамудың ортаңғы сатысы «қарапайым саты» деп аталады. Себебі бұл деңгейде адам уақытының көп бөлігін жұмыста өткізеді. Гиллиган бұл сатыдағы адамдардың қолында билік болатынын, өз қабілетін дұрыс пайдалану басқа да адамдарға пайда әкелетінін айтады. Кольберг бұл сатыдағы адамның моральдық кемелденуінің белгісі ретінде олардың этикалық тұрғыдан дұрыс немесе бұрыс шешім қабылдарда заңдарға, ережелерге немесе қатарластарының пікіріне жүгінетінін жазды.

Перри релятивизм терминін ұсынды. Шартты түрде ойлайтын адамдар барлығының жауабы бола бермейтінін, тіпті дұрыс жауаптың болмауы да мүмкін екендігімен келіседі. Сонымен қатар олар жағдайға, мәдениетке, топтарға байланысты жақсылық пен жамандық туралы ережелер мен түсініктер өзгеріп отырады деп ойлайды.

Орта мектептегі, колледж бен спорт командаларындағы, жатақханалардағы бандалар мен топтар жалпыға бірдей мораль туралы ойлаудың жақсы үлгісін көрсете алады. Топтық ережелерге сәйкес, кез келген жағдайда жалпыға ортақ мораль элементтері болады. Мысалы, колледж сыныбын алайық. Мүғалім сөйлегенде немесе оқушылар, студенттер сынып сағатында мәтіндерді оқығанда барлығы да шартты түрде қабылданған тәртіпке бағынады.

Бұл сіз тағылымдамадан өтуге барған немесе жұмысқа орналасқан кез келген мекемеде болуы мүмкін.

Сізге сол ортадағы қарым-қатынастарға, адамдардың әрекеті мен басыңыздың тапсырмаларына, басқа да жағдайларға бейімделу үшін, өзіңізді қалай ұстау керек екенін анықтауға уақыт қажет. Осы кітаптағы кейбір оқиғаларды байқасаңыз, медианың жас мамандары жаңа қызметке орна-

3 William G. Perry, *Form of Intellectual and Ethical Development in the College Years* (New York, NY: Holt, Rinehart and Winston, 1970).

ласқанда этикалық дилеммаларға тап болса, «жүйені» білмегендіктен немесе басқалардың алдын орап кетуден қорыққандықтан, тығырыққа тіреледі, яғни дұрыс шешім қабылдау үшін кеңсе мәдениетін меңгеру — маңызды.

Білікті мамандар күн сайын басқаларға қатысты қандай әрекеттің дұрыс екенін білу үшін жүздеген таңдау жасауға мәжбүр. Біз автобуста бір-бірімізге соқтығысып қалғанда ренжімейміз. Кітапханада шуламаймыз. Бұл таңдаулардың барлығы көп ойлануды қажет етпейді, бұл — жазылмаған қағида. Біз оларды қарапайым мораль ретінде қабылдағандықтан, соған сай әрекет етеміз.

МОРАЛЬДЫҚ КЕМЕЛДЕНУДІҢ СОҢҒЫ САТЫСЫ

Уақыт өте келе адамның дербес шешім қабылдауын қажет ететін күн де туады. Бұл кезде беделді адамдардың шешімдері жеке мәселелерге жауап бере алмайды. Көпшілікке еру де дұрыс болмауы мүмкін. Әр адам өз әрекетіне жауапты екенін түсіну — моральдық дамудың маңызды сатыларының бірі.

Моральдық шешім қабылдау дербес әрекет ретінде бағаланады. Адам оны айтқанды орындау немесе сыртқы ережелерге бағыну рефлексінен тыс пайымдайды. Сондай-ақ жалпыға ортақ ережелерге негізделген принцип құрастыруға тырысады. Ал моральдық таңдау жасау арқылы әр адам қоғам игілігіне өз үлесін қоса алады. Егер біреу ерекше шешім қабылдаса, ол ерекше «проблемасы» бар адам ретінде қарастырылады. Дегенмен шешім қабылдаушы өзінің жеке қажеттіліктерін де ескереді, яғни моральдық талғампаздық ортақ игілік үшін ешкімнің құрбан болмағанын сезінуден тұрады.

Моральдық тұрғыда шешім қабылдау үшін уақыт пен күш керек. Өзге мәселе мұндай ұқыптылықты қажет етпейді. Бірақ осы деңгейге жеткен адам күрделі этикалық жағдайды тез таниды және ешкімнің зардап шекпеуін де назарда ұстайды.

Моральдық қабілеттің маңызды аспектілерінің бірі — өз қателігін мойындау. Бұл — моральдық кемелдіктің белгісі. Сондықтан адам өз кемелдігін көрсететін кезде барлық оқиғаға қатысы бар адамдарды ескеріп, барлық балама жолдарын қарастыруға тырысады.

Перри оны «белгісіздік міндеті» деп атайды. Біз деректерге қатысты өз білімімізді қолдана отырып шешім қабылдаймыз. Бірақ осы уақытқа дейінгі пайымдарымыздың қате екенін көрсетуі мүмкін жаңа ақпарат алуға барынша ашық болып қала береміз. Сіздер осы кітаптағы шынайы оқиғаларды оқыған кезде этикалық дилеммаға тап болған жас мамандардың

кейін өздерінің алғашқы жауаптарының аясынан шығып, барлық моральдық маңызы бар аспектілерді ескере бастайтынын байқайсыздар.

Моральдық кемелденудің бұл сатысы адамгершілік тұрғысынан терең ойланып, шешім қабылдауда әр кәсіби маманның жауапты болуын талап етеді және ол талапты орындай отырып, біз өз тәжірибемізді арттырамыз.

МОРАЛЬДЫҚ КЕМЕЛДЕНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Сара бакалавр дипломын енді ғана алған, жұмысқа орналасқанша алып-ұшпа, шыдамсыз жас журналист болатын. Ол орта деңгейлі ақпараттық мекемеге тілші қызметіне орналасқанына қуанышты еді. Бұл қызметті және ондағы қызметкерлерді жақсы көрді. Тіпті Сара жұмысқа ерте келіп, кеш кететін. Қолындағы мүмкіндіктерге қатты елітетін. Оған сюжеттеріне кейіпкер болған адамдардың тағдыры қатты әсер етін, оларға көмектесудің жолын табатын. Сара, сөйтіп, өзін мықты, намысқой, жаңа ортаға өзгерістер енгізе алатын маман ретінде сезінді.

Сара менің редакцияда өткізген этикалық семинарыма қатысты. Осы семинарда ол өз оқиғасын айтып берген еді. Оның өтініші бойынша есімі өзгертіліп отыр. Сара басынан кешкендерін басқа адамдармен бөлісу мақсатында келген екен.

ЖАС ТІЛШІ ОҚИҒАСЫ

Сараның айтуынша, жұмыс орны оның этикасын бағаламаған. Осы қызметке орналасу үшін басқа елді мекеннен көшіп келген ол жұмыста белгіленген уақыттан да ұзақ отыратын. Бұл қалада ешкімді танымайтын. Қосымша жүктемеден қашпайтын Сара мектеп пен колледжде де осы еңбекқорлығы үшін алғысқа бөленіп жүріпті. Бірақ жұмыс орнында бәрі басқаша болып шыққан. Осы семинарға келерден бір апта бұрын кәсіподақ төрағасы оған күніне 8 сағаттан артық жұмыс істеуге болмайтынын ескерткен. Бұл саясат Сараны таңғалдырады әрі әділетсіз болып көрінеді. Себебі ол жас тілші болғандықтан, жұмысын жақсы орындау үшін оған тәжірибелі маманға қарағанда, көбірек уақыт қажет деген сенімде еді. Сондықтан тәжірибесі аз маман қосымша жұмыс уақыты үшін ақы сұрауды жөн көрмеген.

Оған редактор: «Сіз — жақсы журналиссіз. Сіздің міндетіңіз — оқиға туралы баяндау. Бірақ аяғы ауыр нашақордың бұдан арғы тағдырына алаңдаудың қажеті жоқ. Көмек беретін басқа да орындар бар. Егер әлеуметтік қызметкерлер мен мемлекеттік ұйымдар өз жұмысын дұрыс орындамаса, оларға хат жазыңыз. Бірақ сынған нәрсені жөндеу — сіздің

міндетіңіз емес», — депті. Сара үшін бұл ескерту редакциялық саясатқа қайшы дүние сияқты көрінді. Өйткені баспанасыз жүргендер туралы мәселені жылы жауып қоя салып, басқа тақырыпты ізден кету — ол үшін екіжүзділік секілді еді.

Кәсіподақ төрағасы да, редактор да басқа журналистердің Сараға қатысты шағым түсіргенін айтады. Төраға: «Сіз отбасылы журналистерді жұрт алдында жаманатты етесіз», — десе, редактор: «Тілші емес, миссионер болу — редакциядан дос табудың жолы емес», — депті.

Осылайша, Сара өзінің қосымша күш-жігерінің бағаланбай, керісінше сынга ұшырағанына ренжіді, ызаланғаннан жүрегі ауырды. Оқиганы соңына дейін жеткізген әр ісінен ләззат алып жүргенде, бұнысы қалайша қате болғаны?

МОРАЛЬДЫҚ КЕМЕЛДЕНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Өз оқиғасын айта отырып, Сараның басқалар тарапынан аяушылық күткені көрініп тұрды. Бірақ топтағы тәжірибелі журналистер оған қолында билігі бар адамдардың артықшылықтары туралы айта бастады.

Мен түскі астан кейін әріптестері айтқан пікірлерді Сараның ауыр қабылдамағанына көз жеткізгім келді. Бірақ Сара өзіне қатысты пікірлерге ренжімегенін, қайта дұрыс екенін, оған мотивация мен таңдау туралы көбірек ойлану керектігін айтты. Ол енді «жалғыз рейнджер» болғысы келмеді. Әріптестерімен түсіністікте жұмыс істеу арқылы жетістікке жетуге болатынын түсінген Сара жағдайды өзгерткісі келді.

Бұл менің Сараны соңғы көруім еді. Оның оқиғасы маған қатты әсер етті. Мен мұны кейін алғашқы жұмыс орындарында журналистика этикасы бойынша проблемаларға тап болған жас журналистермен талқылап жүрдім.

Сараның оқиғасы моральдық кемелденудің мынадай аспектілерін көрсетеді:

1. Моральдық кемелденудің қандай сатысында болсын бөгде ортаға түскен адамдардың көпшілігі этикалық анализдің қарапайым пішініне жүгінуге бейім болады. Сара өз әріптестерімен жақсы қарым-қатынас орнатудың маңызды екенін, журналистердің өз жұмыстары арқылы әлемді өзгерте алатынын білді. Бірақ өзін жаңа жұмыс орнында тәжірибесіз әрі оқшауланған адам ретінде сезініп, ол бұрынғы жұмыс істеу тәсілдеріне, қолдау табу үшін көп жұмыс істеген кездеріне жүгінді. Қосымша жұмыс істеп, әр тапсырманы ұзақ орындап, сюжет кейіпкерлерімен дос болды. Мектептегі кездері секілді жақсы жұмыс істегені үшін мақтау сөз естігісі келді.

2. Моральдық кемелдену моральдық тұрғыда жетілген адамдардың әсер етуімен жақсы жүзеге асырылады. Сара өз дилеммасымен бөліскен кезде семинарға қатысушылар оның таңдауы туралы өзгелердің не ойлайтынын, не себепті күмәнданатынын пайымдауға кеңес берді. Оның мотивациясы мен интуициясы редакциядағы тәртіпке сай келмейтінін түсіндірді.
3. Моральдық кемелденуді тек әрекетті емес, мотивацияны зерттеу арқылы да түсінуге болады. Басқаларға көмектесу – жақсы әдет. Бірақ оны жасау үшін себептер көп болуы мүмкін. Сара сюжет кейіпкерлеріне көмектесу арқылы өзін де әлсіз сезінетін әрі жанын қоярға жер таппайтын, ал қамқорлықпен айналысу оның жанын жайландыратын. Семинардағы басқа журналистер оған жұмысқа тек кәсіби журналист емес, адам ретінде қараудың өзгешеліктерін көрсетті.

МЕДИАНЫҢ КӘСІБИ МАМАНЫНА АЙНАЛУ

Адамдар күрделі жағдайлар арқылы дамиды, өзгереді. Өздері тап болған жағдай арқылы кең ауқымда ойлауды үйреніп, кейбір философтар айтқан моральдық кемелділікке жетеді. Әрине, жаңа жұмыс орнында журналистік міндеттеріне байланысты Сараның басқалардың өзінен не күтетінін білгісі келгені дұрыс.

Медиа теоретиктер Билл Ковак пен Том Розенстиль былай дейді: «Журналистиканың негізгі міндеті – азаматтарға керек ақпаратты жеткізу»⁴. Бұл журналистерге қауіп пен әрекеттің салдарын теңгеруге мүмкіндік береді. Кейде дәл сол күйі есеп беру зиян шектіреді, яғни журналистің міндеті – ақпарат берген кезде оның салдарын түсіндіре білу.

Мысалы, азаматтар сайлауға түсіп жатқан тұлғалардың біріне қызметін асыра пайдаланғаны үшін қылмыстық айып тағылғанын білуі тиіс. Ақпараттың бұл түрі адамға маңызды таңдау жасауға көмектеседі. Шенеуніктің ұлы кәметтік жасқа толмай ішімдік ішкені үшін мектеп тарапынан жазаланса, ол аудитория үшін маңызды емес. Себебі мұндай ақпаратты тарату бала үшін зиян. Заңнама мақаланы жариялауға кедергі болмаса да, этикалық тұрғыда бұл – дұрыс емес.

Сараның жағдайына келсек, оның ешкімге зияны тимеді. Ол өз әріптестерінің жұмысын жеңілдету үшін қолынан келгеннің бәрін істеді. Бірақ

4 Bill Kovach and Tom Rosenstiel, *The Elements of Journalism* (New York, NY: Three Rivers Press, 2007), 12.

оның редакторы жақсы таңдау жасады: егер қоғамдағы кейбір топтар мемлекет тарапынан жасалатын қолдауға ие болмаса, ол туралы айту керек. Бір адамның оқиғасын үлкен мәселе ретінде көрсету — қоғам назарын жүйелі проблемадан басқа жаққа аударады.

Уақытша көмек үйсіз адамға уақытша ғана азық болуы мүмкін. Бірақ аудиторияға адамдардың неліктен баспанасыз жүргенін, бұл мәселені қалай шешуге болатынын көрсету жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін білуге, басқа да құқықтарын қорғауға септігін тигізе алады.

САРА ДИЛЕММАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

Біз Сараның одан кейінгі жағдайынан бейхабармыз. Бірақ оның басынан өткен жағдайды ой елегінен өткізе отырып, өзін моральдық кемелдену айнасы арқылы жақсы қырынан танытуға тырысып жүр деуге толық негіз бар. Егер ол қызметін қалай атқарғаны туралы жұмыстан кетіп қалғаннан кейін ғана ойланса қайтер еді? Сара қоғамды өзгерткісі келгендіктен журналист болды. Бірақ кәсінодақ төрағасы, редактор, семинардағы мамандар оған жалғыз өзі тиімді жұмыс істей алмайтынын аңғартты. Ақиқатқа Сараның көзімен ғана қарасақ, шындығында, өзі жұмысты жеңіл атқарды. Ал редакциядағы әріптестерінің мүмкіндіктерімен, қоғаммен санасуға тура келгенде, таңдау күрделене түсті. Оған жеке адам туралы жазу ұнайтын. Редакторының үлкен әлеуметтік проблемаларды жеке адамдар арқылы көрсете білудің маңызды екені туралы пікірімен толықтай келісетін. Сөйте тұра, ол жеке қажеттіліктерді өтеу қоғамды өзгертуге мүмкіндік бермейтінін түсінді.

Сара әйелдер үйінде жұмыс істегісі келді және сол жерге ерікті болып орналасты. Осы жерде дос тауып, тапсырмаларын орындау үшін негізгі жұмысынан бірнеше күнге сұранып та жүрді.

Сара өз сюжеттері арқылы көрерменге қоғамның түрлі саласынан жаңа мәліметтер бере алатынын байқады. Кейде сәтті, кейде сәтсіз шыққан жұмыстар арқылы кең ауқымды ойлау деңгейі оның жазғандарының маңыздылығын арттырды.

Сара тек өзін ғана ойлап, басқалармен бәсекелесуді қойды. Оның орнына әріптестерімен қоян-қолтық жұмыс істей бастады. Олар кейін Сараның жақын адамдарына айналды. Бірлескен тәжірибе мен өзара қолдау арқылы олар моральдық кемелденуге, қазіргіден де жақсы адамға айналуға тырысты.

ЖАТТЫҒУ: МОРАЛЬДЫҚ КЕМЕЛДЕНУГЕ ҰМТЫЛУ

Моральдық шешім қабылдау қабілетін күшейтудің көп жолы бар. Олардың ішінде мына үшеуіне жүгініп көруге болады:

1. Өзіңіз жақында ғана жасаған этикалық таңдауыңызды ойлап көріңіз. Оның зиян шектірмейтін немесе жақсы нәрсеге жетелейтін қандай терминдері мен нұсқалары бар? Осы бөлімдегі категорияларды қолдана отырып, өзіңіздің әр таңдауыңыздың моральдық кемелдену деңгейін анықтаңыз. Қиын жағдайда неге ондай шешім қабылдағаныңызды түсіндіріп көріңіз;
2. Өзіңіздің моральдық талғампаздығыңыздың эволюциясына назар аударыңыз. Уақыт өте келе сіздің пайымдарыңыздың қалай өзгергені туралы ойланыңыз. Өмір сүруіңізге әсер ететін ережені, мысалы, «өтірік айтпа» немесе «басқа адамдарды сыйла» секілді ережелерді қарастырып, оған ең алғаш рет қалай келгеніңізді есіңізге түсіріп көріңіз;

Әдетте, ереже түйсігіңде бала кезінен қалыптасса, оған ата-ана тәрбиесінің әсер еткені.

Одан кейін орта мектепте ережелерге жүгінбеген адамның қоғам тарапынан қандай қуғынға ұшырайтынын есіңізге түсіріңіз. Қазіргі пайымдарыңызды да ойлап көріңіз. Бүгін сіз ол ереженің әлсіздерді қалай қорғайтынын, қоғамның гүлденуіне қалай әсер ететінін ойлауыңыз мүмкін. Сіз адал болғыңыз келеді, бірақ есейген кезде таңдау жасаудың себептері өзгереді.

Енді жұмыста қолданғыңыз келетін ережелер туралы ойланып көріңіз.

3. Сұхбат алу үшін бір адам табыңыз. Оның бүгінгі күннің Ганди болуы міндетті емес. Басқаларға деген көзқарасы мен әрекеті қатты әсер еткен айналаңыздағы әріптестеріңіз бен менеджерлерге назар аударыңыз. Солардың бірін кездесуге шақырып, өз ойыңызды айтыңыз. Мысалы, «сіздің жұмысыңызды бақылап жүрмін. Сіздің басқалар туралы ойыңызды ашық айтатыныңыз ұнайды» деуіңіз мүмкін.

Одан кейін: «Не себепті? Бұл техниканы қайдан білдіңіз? Жас кезіңізде өзіңізді басқаша ұстадыңыз ба? Бұл не себепті жақсы әдіс деп ойлауыңыз?» — деген секілді сұрақтар қойыңыз. Өзіңізге ұнаған кәсіби және жеке қасиеттер туралы сұрай отырып, сіз ол қасиеттерді өз бойыңызда дамытуға да жол ашасыз.

Бір теориямен танысып, оның қалай жұмыс істейтінін көргеннен кейін өз мүмкіндіктеріңізді ары қарай дамыта беруге болады. Келесі бөлімдерде

сіздер бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы жас мамандардың дилеммалары туралы біле аласыздар. Олардың таңдауын көре отырып, өздеріңіздің не істейтіндеріңіз туралы да ойланыңыздар.

БИБЛИОГРАФИЯ

- Elliott, Deni. *Ethics in the First Person*. Lanham, MD: Rowman & Littlefield, 2006.
- Elliott, Deni. *Moral Development Theories and the Teaching of Ethics*. *Journalism Educator*, Autumn (1991): 18–24.
- Elliott, Deni. *Universal Values and Moral Development Theories*. In *Communication Ethics and Universal Values*, edited by C. Christians and M. Traber, 68–83. Thousand Oaks, CA: Sage, 1997.
- Gilligan, Carol. *In a Different Voice*. Cambridge, MA: Harvard University Press, 1982. Kohlberg, Lawrence. *The Philosophy of Moral Development*. San Francisco, CA: Harper & Row, 1981.
- Kovach, Bill, and Rosenstiel, Tom. *The Elements of Journalism*. New York, NY: Three Rivers Press, 2007.
- Perry, William G. *Form of Intellectual and Ethical Development in the College Years*. New York, NY: Holt, Rinehart and Winston, 1970.
- Piaget, Jean. *The Moral Judgment of the Child*. New York, NY: Free Press, 1948.

II ТАРАУ

АДАЛДЫҚ

3. Тәртіп бұзуға қарсылық
4. Саясатты пайдалану немесе кәдімгі саясаткерлер
5. Фокус топ дилеммасы
6. Бұл керемет топ!
7. Күдіктілерді анықтау
8. Жалғыз жүріп жол табу
9. Студенттердің жауап іздеуіне көмектесу:
Ақпаратты құпия жолмен алу
10. Алдын ала шектеу: «Атақ биігінен төмен қарау» оқиғасы
11. Деректермен бетпе-бет келу

Тәртіп бұзуға қарсылық

*Фотоны өзгерту (монтаждау)
әрекеті*

Доника Менсинг

Сіз жұмыста этикалық тәртіпті естен шығармайсыз. Бірақ басқалардың этикаға сай келмейтін әрекеттерін көрген кезде, не істеу керек? Олардың мұндай әрекеттеріне қарсы тұру немесе ол туралы хабарлау үшін сіздің қандай жауапкершілігіңіз бар?

Фотожурналистика мектебін енді бітірген түлек кәсіби тәуелсіз фотографтың ірі спорт шараларын түсіргенде қулыққа баратынын білді делік. Жас фототілшінің кәсіби стандарттардың бұзылғанын әшкерелеуі керек пе? Егер солай болса, қалай айтқаны жөн? Ол осындай мәсемен бетпе-бет келеді.

МОРАЛЬДЫҚ КЕМЕЛДЕНУ ТЕОРИЯСЫ

Дэвид Калверт 25 жасынан бастап бірнеше жыл бойы ұлттық телеграф қызметі, газеттер мен басқа да клиенттер үшін фото түсірумен айналысқан. Жоғары оқу орнында фотожурналистикадан сабақ беретін ұстазының да оның таңдауын қолдағаны тіптен шабыттандырып жіберді. Колледж бітір-

ген соң штаттан тыс фотобизнес ашып, ірі жаңалықтарды, ұлттық спорт шаралары мен маркетингтік компанияларды тіпті тойларды да суретке түсіріп жүрді. Жақсы табыс тапқанына, өз шығармашылығына, тапсырмалардың әр алуандығына разы еді.

Калверт өзінің мектебі мен жұмыс тәжірибесінің арқасында этикалық әдеттері мен кәсіби қызметінің стандарттарын жасады.

Ол жаңалықтар үшін түсірілген суреттерді өзгерту дұрыс емес әрі бұл аудиторияны алдау деп түсінді. Қиып, аздап өңдеуден басқа өзгерістер жасауға болмайды деп санады. Көптеген кәсіби семинарлар, сабақтар мен ұстаздары да оның бұл стандартын бекіте түсті. Бірақ бірде ол ірі спорт жарысында түсірілген суреттің басылым бетіне дайындалып жатқанын көріп, қатты таңданып қалды.

Калверт қасындағы тәжірибелі тілшінің өз компьютерінде бір суретке Photoshop арқылы өзгерістер енгізіп отырғанын көреді.

«Бұл — жұма еді. Сенбі күні мен ол суреттің басылым бетіне шыққанын көрдім. Келесі күні мен оның артында отырып, тағы да сол әрекетін байқадым. Оның тағы да сондай қулыққа барғанына таңғалдым. Сосын оның осы әрекеттерін телефоныма түсіріп алдым», — дейді Калверт.

«Мен досыма көрсету үшін түсірдім. Видеоны басқа мақсатта қолданамын деп ойлаған жоқпын. Тек досыма көрсетін: «Мына адамның не істегенін қара!» — деп айтқым келді», — дейді ол.

Калверт келесі күнгі жарияланымдардан кешегі өңделген суреттің жарияланғанын көреді. Бірақ бұл — басы ғана.

Күнделікті жаңалықтарды шолып отырған Калверт ірі газеттің фоторедакторының жазбасына көзі түседі. Фоторедактор фрилансер түсірген суреттің өзгертілгенін байқап, бұл жөнінде өз блогіне жазады. Редактордың айтуынша, ол спорт шарасынан түсірілген суреттердің қағаздағы нұсқасын іздегенде екі суретті көрген: бірі — орташа көлемді сурет, екіншісі — тура сол сәтте, сол жерде түсірілген үлкен көлемді сурет.

Суретті дұрыстап қараған редактор екі суретті де бір адамның түсіргенін байқайды. Оның біреуінде ойыншының артындағы адамды алып тастап, таза фон қалдырған. «Ол адамды алып тастағанда, сурет расымен жақсырақ көрінеді. Бірақ қандай жолмен?» — деп жазды редактор.

Редактор желілік қызметтің фотостудиясына хабарласып, суреттің өңделгені туралы олардың да күдігі болғанын біледі. Сосын суреттің екі нұсқасын да өз блогінде жариялайды.

Калверт өтіріктің ақыры әшкере болғанын біліп, жеңілдеп қалады. Ал редактор блогінен кейін желілік қызмет басқа фототілшілерге өңделген

сурет өткізбеу туралы ескерту жасайды да, фрилансермен келісімшартты үзетінін хабарлайды. Калвертке келсек, оның мәселесі осымен шешіледі.

Бұл кәсіби стандарттарды ұстанудың маңызды екенін көрсеткен қатаң сабақ болды.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Поттер қорабы

Гарвардтың әлеуметтік этика профессоры Кіші Ральф Поттер ашқан Поттер қорабы этикалық шешім қабылдау үшін қажетті қарапайым ұсыныстарды қамтиды. Ол этикалық пайымдаудың төрт өлшемі: дерек, құндылық, принцип, адалдыққа негізделген. Этикалық дилеммаларды шешу үшін алдымен деректерден бастап, құндылықтарды анықтап, принциптерді айқындап, сосын адалдықтың қаншалықты маңызды екенін білу керек. Соңғы жол дилемманы шешудің төте жолына әкеледі. Қажет болса, бұл процесс дерек, құндылық, принцип және адалдық сәйкескенше және шешім қабылданғанша қайталана береді.

1. Деректер	4. Адалдық
2. Құндылықтар	3. Принциптер

Деректер. Кез келген этикалық мәселенің анализі деректерді бағалаудан басталады. Оқиға туралы не білеміз? Бұл бөлімде Калверттің фототілші туралы көргендерін айтуы қате болушы ма еді? Егер фотограф өзгертілмеген суретті жариялауға берсе, ешқандай зиян келмес еді. Журналистер деректердің растығын үнемі қадағалауы керек.

Құндылықтар. Бұл сатыда шешім қабылдаған адам өз құндылықтарын

көрсетеді. Мысалы, Журналистердің ұлттық ассоциациясының Этикалық кодексінде мынандай құндылықтар белгіленген: шындық, дәлдік, жан-жақтылық, сыйластық, адамгершілік. Бұл бөлімдегі жағдайда негізгі құндылық шындық болды. Себебі Калверт жаңалықтардағы суреттердің дұрыс болуы керектігіне, кәсіби мамандардың шынайы болуы керектігіне сенді. Адамгершілік құндылығы оның фотографты жария түрде масқаралайтын әрекетке бармауынан көрінді. Нақты құндылықтардың маңызын түсіну проблеманы шешу кезінде нақты әрекеттерді бағалауға мүмкіндік береді.

Принциптер. Құндылықтарды түрлі этикалық жүйелердің призмасы арқылы қарастыру әрекет ету мүмкіндіктерін құрастыруға жол ашады. Бұл принциптер Аристотельдің доктринасын, Канттың категориялық императивін немесе Милдің пайдалылық принципін қамтуы мүмкін.

Калверттің жағдайына келсек, Аристотельдің доктринасына сүйенсе, ол экстремалды әрекеттерді анықтай алады – ештеңе істемей отыра береді немесе кәсіби фотографтарға арналған сайтта өзі түсірген видеоны жариялайды, әрекет ету жолдарын ойласты-

рып, мәселені сыйластықпен шешуге тырысады. Канттың категориялық императиві бойынша, Калверт газет редакторына хабарласып, оған фотографтың өтірік айтқаны туралы хабарлай алады, яғни егер біз Канттың теориясы бойынша ешкім өтірік айтпауы керек десек, онда өтірікті жазалап, шындықты көтермелеу керек. Милдің утилитарлық принципі бойынша, санды емес, сапаны ескеретін балама таңдауымыз керек. Біз қарастырған жағдайда фототілшінің үндемей қалғаны, тек оның өзіне ғана пайда әкеліп, мамандық пен қоғамға кесірін тигізді. Ал ол туралы әңгіме болса, қоғамға да, мамандыққа да пайдасы тиіп, кәсіби стандарттарды қадағаламаған фототілші ғана сынға ұшырар еді.

Адалдық. Процестің бұл сатысында кімге, неге адал екенін анықтау пайымдауды жеңілдетеді. Бұл жағдайда Калверттің өзіне, өзінің мамандығына және қоғамға деген тұрлаулылығын атауға болады. Ол өзінен «басқа фототілшіге деген адалдықтың қоғам мен мамандыққа деген адалдықтан да маңызды болуы мүмкін бе?» деп сұрауы тиіс. Мамандыққа деген адалдық, қоғамға деген адалдық фотолардың өңделуін болдырмауды талап етеді. Мамандыққа немесе қоғамға адал болу туралы шешім қабылданған кезде бағыт айқын болады. Тек бұл шешімді сыйластық пен тиімділікке негіздей отырып, қалай қабылдауға болатынын анықтау керек.

ТҮҒЫРЫҚ: ӘШКЕРЕ ЕТУ КЕРЕК ПЕ, ӘЛДЕ ҮНСІЗ ҚАЛҒАН ЖӨН БЕ?

Келесі күні Калверттің осы оқиғаға байланысты ойының быт-шыты шықты. Ол газет редакторының блогінен жаңартылған ақпаратты көрді. Редактордың айтуынша, оған штаттан тыс фототілші хабарласып, спортшыға артындағы адамды суреттен алып тастаудың оңай екенін көрсету үшін ғана өзгертілген суретін қателесіп жүктеп қойғанын айтқан. Фотограф өз әрекетінің қате болғанын, ол үшін жазалануға дайын екенін де жеткізген. Газет редакторы фотографқа кешірім жасағанын айтып, осы әңгімені жариялаған.

Калверт қатты таңғалады. «Оның қателескені туралы айтқан сөзін оқығанда: «Өтірікші!» — деп айқайлағым келді. Сол кезде мен жаңалықтар қызметіне хабарласу керек деп ойладым. Желілік қызметте одан да жақсы фотографтардың бар екенін айтқым келді», — дейді Калверт.

Калверттің дилеммасы айқын: ол мұны байланыс қызметіндегі біреуге айтуы керек пе еді немесе блог газет редакторына ма? Жұртқа фототілшінің суретті өзгерткенін дәлелдейтін видеоны көрсетуі керек пе еді?

ШЕШІМ: КЕҢЕСШІДЕН КӨМЕК СҰРАУ

Калверт бұл дилемма туралы екі күн ойланды. Әрине, проблема толық болмаса да, басқа тараптан шешімін тапты. Бірақ қоғамдық көзқарасы айқын болмай қалды. Кейбір редактор «қателікті түсінгендіктен», фотоны өзгерткен әлгі тілші жұмысын жалғастырып, жұртты тағы да алдайтын еді. Калверт желілік қызмет архивінен осы фотографтың басқа да суреттерін тапты.

Осы мамандықтың иесі ретінде Калверт кәсіби стандарттардың қапысыз орындалғанын қалады. Егер ол стандарттардың бұзылғанын көріп тұрып, елеусіз қалдыратын болса, онда өзінің де стандарттарды орындамағаны деп ойлады. Себебі кәсіби стандарттар фотожурналистикаға деген қоғамдық сенімді қолдау үшін керек деп ұқты. Ол өзі сенетін стандарттарды қорғауды парызым деп санады.

«Фотографты желілік қызмет жазалады. Бірақ мені жұмыс барысындағы өтірік қатты алаңдатты. Сондықтан мұның жария болғаны желілік қызметтегі кәсіби мамандар мен индустрия үшін маңызды деп ойладым», – дейді Калверт.

Калверт журналистика профессорлары мен өзі қатты сыйлайтын екі фотографтан кеңес сұрады. Олардың бірі – Калверттің редакторға хабарласпағанын дұрыс десе, екіншісі – редакторға хабарласу керектігін айтып, көптеген кеңес берді.

Барлық кеңесті тыңдап болған соң, Калверт бірнеше ұсыныс бойынша жоспар құрды. Бұл жоспар арқылы ол өзі қалаған нәрсеге қол жеткізе алатынына сенді. Ол желілік қызметтегі фоторедакторды танитын досына хабарласты. Әлгі спорт шарасында фотографтың әрекетін телефон арқылы видеоға түсіріп алғанын айтты. Сонымен қатар ол «осы фотографтың желідегі басқа да суреттері өзгертілген болуы мүмкін» деген күдігін де жеткізді. Досына ақпараттың маңыздылығын айтып, осы әңгімені желілік қызметтің редакторына жеткізуін сұрады.

Хабарламаны жіберген соң, Калверт жеңілдеп қалды. Ол кәсіби стандарттарды орындай отырып, көңілін жайландырды.

Визуалды журналистиканы дамытумен айналысатын Фототілшілердің ұлттық ассоциациясының Этикалық кодексі¹ визуалды журналистердің стандарттары мен идеалдарын айқындайды. Кодекстің қосымшасында келесі ережелер жазылған: Визуалды журналистер қоғамның қамқоршысы секілді әрекет етуі керек. Біздің негізгі рөліміз – қоршаған ортадағы маңызды оқиғалар мен көзқарастарды визуалды түрде көрсету. Біздің негізгі мақсатымыз – объектіні нақты кескіндеу және тура сипаттау. Визуалды журналист ретінде біз қоғамды ақпараттандырып, образдар арқылы оның тарихын сақтауымыз керек.

Фотосурет пен видео ұлы ақиқатты анықтап, қателіктерді тауып, үміт сыйлап, визуалды түсінік арқылы әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдарды бір-бірімен байланыстыра алады. Фотолар өзгертілген болса, ол басқаларға кесірін тигізуі мүмкін.

Кодекс екі бөлімнен тұрады. Біріншісінде визуалды журналистердің күнделікті жұмыстарында сүйенетін стандарттар белгіленген:

1. Субъектілерді көрсеткенде нақты және жан-жақты бол;
2. Фоторесурстарды өзгертуден сақтан;
3. Фотоға немесе видеоға түсіргенде контексті қамтамасыз ет, жеке және белгілі бір топтық стереотиптерден қашық жүр. Жұмыстағы қате түсініктерді мойындап, олардан аулақ болуға тырыс;
4. Түсіріп жатқан барлық субъектіге сыйластықпен, адамгершілікпен қара. Әлсіздерге, қылмыс пен трагедия құрбандарының қайғысына ортақ бол.

Қайғылы сәттерді қоғам міндетті түрде көруі керек кезде ғана көрсет;

5. Фотоға түсіру жанама түрде болса да, оқиғаларға әсер етеді;
6. Фотоларды өңдеу барысында оның мазмұны мен контексті толық сақталуы тиіс. Суреттерді өз ыңғайыңызға қарай өзгертіп, видеоға көрермендерді адастыратын дыбыстар қоспаңыз;
7. Ақпарат үшін немесе көрініс үшін дереккөздерге, субъектілерге материалдық төлем жасамаңыз;
8. Көріністерге әсер еткісі келетін адамдардан сыйлық немесе өтемақы алу жөніндегі өтінішін орындамаңыз;
9. Басқа журналистердің еңбегіне саботаждық етпеңіз.

№ 6 стандартқа қосымша ретінде NPPA өзінің ресми сайтында сандық өңдеуге арналған ресурстар мен фотограф енгізген аздаған өзгерістің өзі кумулятивті әрекет етіп, мамандыққа деген сенімді төмендететіні туралы мақала² берілген.

Газет редакторының блогінен көпшіліктің арттағы фонды алып тастағаннан ешкім ешқандай зиян көрмейтінін, тіпті фототілшілер солай істейді деп санайтынын көруге болады. Бірақ фотографтар кейбір өзгерістерді енгізгенімен, суреттің мазмұнын өзгертпейді. NPPA стандарты бойынша «мазмұнның тұтастығы мен фото контекстінің сақталуы» әр фотографтың міндеті саналады.

Дегенмен жаңалықтарға арналған суретте артындағы фонды алып тастау, оқиғаның шынайылығын өзгертеді және барлық фотоға деген сенімсіздік тудыруы мүмкін.

1 Фототілшілердің ұлттық ассоциациясының Этика кодексінің толық нұсқасын мына жерден көруге болады: http://www.nppa.org/professional_development/business_practices/ethics.html

2 Сандық (digital) фотолар заманындағы этика туралы баяндаманы мына сілтеме бойынша көруге болады: http://www.nppa.org/professional_development/self-training_resources/eadp_report/

СОҢЫ: КӘСІБИ СТАНДАРТТАРДЫ ҚОРҒАУ

Редактор блогіндегі хабарламадан кейін желілік қызмет фотографпен келісімшартты бұзды. Кейін фрилансердің архивтегі бұрынғы суреттерін де өшірді. Архивтегі суреттерді де өшіру қалыпты жағдай ма, әлде оған электронды пошта әсер етті ме, ол жағын Калверт білмейді. Бірақ желілік қызмет бұл құқықбұзушылықты байыппен қабылдап, толығымен қарастырды. Калверт өз мамандығының кәсіби стандарттарын қорғап, адал, орынды және тиімді әрекетке бардым деп ойлады.

«Ондай адамдар үнемі ерекшеленін тұрады. Мен бұлай еткеніме разы емеспін, бірақ жаңалықтар қызметі өз фотографтарының бірі этикалық принциптерді бұзып жүргенін білгені жөн деп ойладым. Жұрт не болып жатқанын білуі керек», – дейді Калверт.

Ой елегінен өткізсек:

1. Газеттегі фоторедактор өңделген фотолардың растығын анықтамай, сол күйі жариялады делік. Бұл оқиға Калверттің ұстанымына әсер ететіні анық. Ол қандай шешім қабылдауы мүмкін?
2. Калверт қолында бар видеоны интернетке жүктеді деп елестетін көріңіз. Сіздің ойыңызша, мұның қандай салдары болуы мүмкін? Калверт үшін не өзгерер еді? Оның видеоны қандай сайтта жариялағаны маңызды болар ма еді?
3. Көптеген адам достары мен отбасына деген адалдыққа басымдық беріп, арызқойларды немесе «көртышқандарды» менсінбейді. Калвертті «арызқой» деуге бола ма? Кәсіби этикалық стандарттарды бұзудың жеке этикалық стандарттарды бұзудан айырмасы бар ма?
4. Кейбір адамдар фондағы кемшіліктерді алып тастау, суреттің толық мазмұнын өзгертпейді деп есептейді. Сіз қалай ойлайсыз? Жаңалықтарға арналған суреттерді түсіруге қандай ұсыныс айтар едіңіз?
5. Фотоларды түрлі бағдарламалық жүйелер арқылы өзгерту жарнама мен өнерде кең тарағандықтан, адамдар барлық сурет өзгертілген болуы мүмкін деп ойлайды. Мұның фотожурналистикаға қандай әсері болуы мүмкін? Бұл жағдай фотожурналистердің өз стандарттарын күшейтуі қажеттігін көрсете ме?
6. Осы бөлімнің соңында берілген сілтемелер тізімінде өткен ғасырдағы Дартмут колледжінің өзгертілген суреттерді көрсеткен сайты бар. Солардың біреуін таңдап, NPPA Этика кодексі немесе Поттер қорабы арқылы талдау жасаңыз. Өзіңіз фотограф немесе редактордың орнында болсаңыз, не істейтін едіңіз? Фото өзгертілмес бұрын қандай сауал қояр едіңіз? Осы мысалдарда берілген проблемалардан құтылу үшін қандай стандарттар жасауға болады?

Егер...

Сіз – жергілікті телеарнаның тілшісіз. Radio Television Digital News Association¹ ұйымының Этикалық кодексімен және жұмыс орныңыздың этикалық ережелерімен таныстыңыз. Онда суреттер мен видеоны өзгерту және жалған видеоларды қолдану этикаға сай келмейтіні, оларды қолданған жағдайда журналистің жұмыстан қуылатыны туралы айтылған.

Бірақ сіз әрінтестеріңіздің өз стандарттары бар екенін білесіз. Этикалық мәселе туралы айта бастасаңыз, редакцияда жұмыс істеудің өзі қиынға соғатынын байқайсыз. Сосын жұмысыңызды дұрыс атқарып, байсалдылық танытқанды жөн көресіз. Бірақ үш айдан кейін айналаңыздағылардың этикаға сай келмейтін әрекетіне алаңдай бастайсыз. Мысалы, мынадай жағдайға куә болдыңыз делік:

- Оператор көпшіліктің алдында сөз сөйлеп тұрған адамнан жақсы дыбысталған көрініс алу үшін алғашқы бес минуттық сөзін қайталауды сұрайды;
- Бір тілші күйеуінің достары ашқан бизнес туралы хабар шығарады;
- Денсаулық сегменті туралы спортзалда түсірілім жасаған тілші сол фитнесзалдың біржылдық тегін қызметін пайдаланады;
- Мэрмен сөйлескен продюсер видеооператордан жақында өткен муниципалды кеңес сайлауы туралы оның даулы мәлімдемелерін алып тастауды өтінеді;
- Жұмысқа орналасуға басқа штатқа барған тілші сұхбат алу үшін ауырып жатқан адамды үш күнге сол жаққа шақырады;
- Хатшы өзінің үйдегі кеңсесін толтыру үшін жаңалықтар қызметіндегі материалдарды алады;
- Продюсер аурухана видеосын жаңалық ретінде жариялайды;
- Дереккөзбен романтикалық қарым-қатынаста болған тілші.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлар бойынша құндылықтарды, принциптер мен адалдықты саралау үшін Potter Vox (Поттер қорабы) әдісін қолданыңыз. Телеарна қызметкері ретінде осы жағдайлардың кез келгенін жария ете алар ма едіңіз? Алаңдаушылығыңызды кімге және қалай айтар едіңіз? Осы деректерді жариялау немесе айтпау туралы шешіміңіздің қандай салдары болуы мүмкін?

CBS News бюросының бұрынғы басшысы Трэвис Линн студенттерге go-to-hell әдісін қолдану туралы кеңес беретін. Оның идеясы бойынша, сіз

1 <http://www.rtdna.org/pages/best-practices.php>

алдағы уақытқа арнап көп ақша үнемдесеңіз әрі біраз уақыт жұмыссыз жүруге мүмкіндігіңіз жетсе, өзіңізді еркін сезінесіз және этикалық проблема туындаған кезде өз ойыңызды еркін айта аласыз. Мысалы, жұмыс орнындағы этикалық келіспеушілікке байланысты темекі шегуді қоюға мәжбүрлейтін жағдайды елестете аласыз ба?

Мәселен, этикаға қайшы тәртіпке рұқсат беретін ұйымға жұмысқа тұрғыңыз келмейді. Олардың этикалық стандарттары туралы білу үшін қандай сауал қояр едіңіз? Жұмыс орныңыздағы этикалық беделіңіз туралы не айтар едіңіз? Бір айта кетерлігі, көптеген медиа ұйым жұмысқа қабылдар алдында этика туралы ештеңе айтпайды, сондықтан осы мәселені көтеріп, зерттеу жүргізуіңізге болады.

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

«Сандық (digital) фотолар заманындағы этика» тақырыбындағы NPRA ресурстары:

http://www.nppa.org/professional_development/self-training_resources/eadp_report/ethics.html

Әлемдегі ең ірі жаңалықтар қызметінің бірі – The Associated Press-тің бірнеше бөлімнен тұратын «жаңалықтар принциптері мен құндылықтары туралы» баяндамасы:

<http://www.ap.org/company/News-Values>

Өткен ғасырдағы өзгертілген суреттердің коллекциясын қамтитын сайт:

<http://www.fourandsix.com/photo-tampering-history/>

Журналистер суреттердің өзгертілгеніне қарсы болса, суретшілер өзгертілген фотолардың эстетикасын тойлауда. Кейбір суреттерді мына сайттан көруге болады:

<http://www.instantshift.com/2009/07/20/80-excellent-examples-of-photo-manipulation-art/>

«Сандық (Digital) басқарудағы этика» (The Ethics of Digital

Manipulation) атты эссе деректі фотоларды көркем суреттермен салыстырады. Автор, спорт журналисі, астрономиялық фотолармен айналысатын маман «суретті өңдеу мен жақсарту барысында қай әрекет этикаға сай» деген сұраққа жауап іздейді.

http://www.astropix.com/html/j_digit/ethics.htm

Саясатты пайдалану немесе кәдімгі саясаткерлер

Саяси кампания тактикалары

Люсинда Остин

Колледждің екінші курс студенті Николь Миллер жылдың ең ірі саяси кампанияларының бірінде тағылымдамадан өтуге қабылданды. Саясатқа да, тағылымдамаға да бірінші рет барған Миллер өзіне тапсырылған жұмысты екі етпей орындауға бекінді. Басында ол саяси кампанияны дамытуға арналған «стратегиялық ойлау» және басқа да әдістерге еш күдіктенбей қарады. Бірақ оған жүктелген жауапкершілік артып, этикалық тұрғыда күмәнді санайтын тапсырмалар беріле бастағандықтан, оны «маған берілген тапсырманың барлығына сене бергенім дұрыс па?» деген сауал алаңдата бастады. Оның ойынша: саяси кандидаттың «саяси ойын» ойнап жүргенін көре тұра, өзі құлай сенген үміткерін қалай жақтауға болады, басшысының нұсқауын орындауға бұдан кейін де міндетті ме? Онда ол өз ұстанымдарына қалай адал бола алады?

Жоғарыдағы саяси үміткер әлі күнге дейін саясатқа араласады, ал Миллер мүдделер аясындағы мемлекеттік қызмет өкілі ретінде стратегиялық коммуникациялар компаниясында жұмыс істейтіндіктен, мысалға алынған оқиғада кандидаттың есімі аталмайды, ал Миллердің аты өзгертілген.

Оқиға: Жоғары деңгейдегі саяси кампания

Элон университетінде стратегиялық коммуникациялар мамандығы бойынша оқитын Николь Миллер алғашқы тағылымдамасында президенттікке үміткер кандидаттардың бірін қолдады. Оқудан тыс уақыттарда ол кандидатты қолдауға, кампанияның жұмысын белсенді орындауға, тағылымдаманың талаптарына сай болуға тырысты.

Ол кезде Миллер саясат әлемі туралы ештеңе білмеген еді. Бұл саламен тағылымдама барысында танысамын деген ойда болды. Ол күн сайын кандидаттың атынан сөйлейтін бұқаралық медиамен, түрлі қауымдастық өкілдерімен тығыз байланыста болды. Тағылымдама барысында жақсы жазуды, стратегиялық ойлауды үйренді. Сөйте тұра, өзіне саяси мансаптың қажет емес екенін түйсінді.

Миллер өкілдік еткен саяси партия бәсекелестерімен өзара қарым-қатынас барысында этика мәселесі туындады. Кандидатты қолдайтын науқан шараларына оның жақтастары ғана емес, қарсылас кандидаттың да жақтастары қатысты. Көп ұзамай оның командасында өздері қаламаған адамдар көбейіп кетті. Алғашқыда Миллер мұның не үшін керек екендігін түсінбеді.

Кейінірек «ойынды» түсінді әрі екі жақ та оны жақсы ойнап жатыр деген ойға келді.

Кампания менеджерінен ол сайлау науқанында түрлі стратегиялар қолданылатыны туралы білді. Мәселен, кампанияға қарсы екенін көрсетуге міндеттелген өз адамдары, элеуметтік желіде бәсекелестерінің әрекеттерін аңдып отыруға арналған фейк аккаунттар, бұқаралық ақпарат құралдарына берілген жалған хабарламалар қолданылған екен.

Тығырық: Адастыру немесе назарды басқа жаққа аударту

Екі тараптың да іс-әрекеттерін білген соң, Миллер бұл кампанияның мүшесі болу этикалық талаптарға сай келетініне күмәндана бастады. Тағылымдамадан өтуші болғандықтан, оған шаралар кезінде шерушілерді «стратегиялық» түрде орналастыру, жалған элеуметтік аккаунттар арқылы жағдайды бақылап отыру жұмысы тапсырылды.

Ол өз партиясының жақтастарын оппозиция белгілерімен қамтамасыз етіп, жалған элеуметтік фейк аккаунттар арқылы қарсыластарын да бақылап отырды. Сайлауда жеңіп шығу үшін науқан барысында кез болған күмәнді баспасөз материалдарын сараптап, оқиғаларды жаңсақ түсіндіруі мүмкін ақпараттық хабарламалар таратуға мәжбүр болды.

Мысалы, ол кандидаттың қарсыласы кәсіпкерлермен түскі ас ішіп отырған мейрамханаға шерушілерді бастап барды. Кандидаттың күн тәртібіндегі мәселелердің көпшілігін жоққа шығаратын мәлімдемелер жасап, шерушілер арқылы оны көпшілікке таратты.

Кампания барысында Миллер жүргізген әлеуметтік желілердегі жалған аккаунттар пікір жазу үшін емес, қарсыластарын бақылау үшін ашылған. Сонымен қатар оның қолында қарсыластардың Twitter-імен күресуге мүмкіндік беретін құралдар болды. Әртүрлі адамның атынан ашылған жалған Twitter аккаунттар кандидаттың мәлімдемелері туралы сындарға жауап беріп отырды.

Миллер мұндай жалған аккаунттар олардың қарсыластарында да бар екенін білді. «Біз олардың атауларын сайлаушылар арасындағы тізіммен сәйкестендіріп көрдік. Екінші жақ та солай істегеніне сенімдімін. Себебі біздің кейбір Twitter-ге жауап берілмеді», – дейді Миллер.

Ол бұқаралық медианы адастыру үшін алдағы болатын шаралар мен кандидат сөз сөйлейтін жерлер туралы қысқаша хабарламалар беріп отырды. Кейде ондай хабарламалардың бірнеше нұсқасын шығарды. Кейбіреуі – шаралар туралы дұрыс ақпарат берсе, бірі – шараның орны мен уақыты туралы жалған ақпарат берді.

Миллер өзін бұрыс жолға түскендей сезінді: Ол өзінің партиясын, жұмыс берушілерін қолдауы керек пе, әлде этикалық ережелерді сақтағаны жөн бе? Бұл екі мәселе оның саясат туралы және моральдық құбыланама (компас) туралы ойлануына түрткі болды.

«Бұл маған қиын жағдай болды. Мен кандидатты, команданы, кампанияны толығымен қолдадым. Бірақ менің моральдық компасым бұл дұрыс емес деген белгі бергендей болды», – дейді Миллер. Оның айтуынша, Миллер қарсыластарының да сондай әрекеттерді қолданып жүргенін көріп, этикалық тұрғыдан дұрыс емес деген дүниелерге мән бермеуге тырысқан.

Саяси сарапшылар «деректер мен өтіріктің арасында аз ғана айырмашылығы бар» «әділетсіз кампаниялар» жиі болып тұратынын айтады¹. Дулио, Медвик, Нельсон² секілді ғалымдар «кампания этикасы – оксюморон (өзара түсініктер қайшылығы)», – деді. Олар әрбір жаңа саяси кампания тәжірибесі күннен-күнге күмәнді болып бара жатқанын айтқан.

1 C. Jaffe-Pickett, Ethical Issues for Political Candidates, Markkula Center for Applied Ethics, http://www.scu.edu/ethics/practicing/focusareas/government_ethics/roundtable/elections.html.

2 D.A. Dulio, S.K. Medvic, and C.J. Nelson, *Shades of Gray: Perspectives on Campaign Ethics* (Washington, DC: Brookings Institute, 2002).

Саяси этика мен этикалық ережелер түрлі ұйымдардың Этика кодекстері арқылы айқындалады. Медвиктің айтуынша, бұл кәсіби кодекстер тұтынушыға немесе өз мүдделерін алға жылжытуды мақсат еткен индивидумға моральдық міндеттер мен этикалық талаптарды айқындап береді³.

«Әлеуметтік желілердегі жағдайға мән бермеуге де болушы еді. Бірақ мен адамдармен байланыс орнатуды талап ететін күрделі жағдайларға тап болдым.

Бірде маған басқа кандидатты қолдаушыларға барып, қарсылық білдіруді тапсырды. Мен адамдардың таңдау құқығына, қолдау құқығына қол сұққандай болдым», – дейді Миллер. Бұл жағдайларда ол өзін сол адамдардың орнына қойып көрген.

«Мен кандидатты қолдау барысында шерушілерді шараларға жіберуді өзім ұйымдастырғанымға қапаландым. Кандидатты қолдау құқығымның бұзылғанын да сездім», – дейді Миллер. Ол саяси процестер кезінде адамдардың таңдау еркіндігіне, сөз бостандығына қол сұғуға болмайтынына сенген.

«Біз әртүрлі кандидаттарды таңдадық. Олар өз кандидатына барынша қолдау білдіргісі келді», – дейді ол. Осы жағдайдан соң Миллер өзіне жүктелген міндет туралы ойлана бастады. «Бұлай істегенім дұрыс емес және олай жасауға қажеттілік те жоқ», – дейді Миллер.

ШЕШІМ: ӨЗІНІҢ «МОРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫЛАНАМАСЫН» (КОМПАСЫН) ҰСТАНУ

Бұл мәселе Миллердің «моральдық құбыланама» туралы ойлануына түрткі болды. Екінші курс студенті болғандықтан ол университетте этика мен коммуникациялық құқық курстарын әлі оқымаған еді. Ол оқу бағдарламасы барысында этика туралы азғана мәлімет алған, яғни ол өзінің ұстанымдарын негізге алды⁴. Сонымен қатар ол Американың қоғаммен байланыс қауымдастығы⁵ секілді бірнеше этикалық кодекспен таныс еді.

3 D. E. Miller and S. K. Medvic, Civic Responsibility or Self-Interest? In *Shades of Gray: Perspectives on Campaign Ethics*, eds. D. A. Dulio, S. K. Medvic, and C. J. Nelson (Washington, DC: Brookings Institute, 2002), 18–38.

4 L. Austin and Y. Jin, Approaching Ethical Crisis Communication With Accuracy and Sensitivity: Exploring Common Ground and Gaps Between Journalism and Public Relations, *Public Relations Journal* 9, no. 1 (2015). <http://www.prsa.org/Intelligence/PRJournal/Vol9/No1>.

5 Public Relations Society of America (PRSA), Member Code of Ethics. <https://www.prsa.org/aboutprsa/ethics/codeenglish>.

Миллер құқық пен этика курстарынан өтпесе де, жұмысындағы кей жағдайларды PRSA этика кодексімен сәйкестендіріп көрді. Одан кейін бастығына барып, кейбір тапсырмаларды орындау оған ыңғайсыздық тудыратынын айтты.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: PRSA этика кодексі

PRSA этика кодексі насихат, адалдық, ниеттестік, тәуелсіздік және әділдік секілді кәсіби құндылықтарды қамтыған. Кәсіби құндылық саналатын насихат ережесі кез келген маман белгілі бір тұтынушы мен ұйымның атынан әрекет етсе де, қоғамның мүддесін бірінші орынға қою керектігіне үндейді. Адалдық ережесі партияның атынан әрекет ететін маман нақтылық пен шынайылықты назарда ұстауға бағыттайды. Ниеттестік «қоғам мүддесін назарға ала отырып, клиентке адал болу» қажеттілігін ескертеді¹. Әділдік ережесі бойынша маман барлық пікірлерді сыйлап, ой бостандығын қамтамасыз етуі керек.

Бұл жағдайда Миллер жұмыстағы насихат барысында әділдік пен шынайылықтың болуы керектігіне сенді. Осы орайда ең қиын мәселе шынайылық еді. Себебі Миллерге берілген кейбір тапсырмалар шынайылық пен нақтылықты қажет етпеді.

Бұл жағдай уақыт өте ушыға түсті. Себебі ол өзінің кандидатына және оның жағдайды өзгерте алатын қабілетіне сенді. Бұл кандидатты қолдау Миллер үшін қоғамдық мүддені ескерумен тең болды. Ақыр соңында ол таңдау еркіндігін және қарсыластарының өз кандидатын қолдау құқығын таңдап, әділдік орнады.

1 American Association of Political Consultants, AAPC Code of Professional Ethics, <http://theaacpc.org/member-center/code-of-ethics>

«Менің басшым өзім қаламаған нәрселерді істеп жүргенімді білген кезде қатты таңғалды», — дейді Миллер.

Business Week пен CNN-де жұмыс істеген, The Ethics Guy атанып кеткен Брюс Вайнштейн саясаткерлерге арналған Этика кодексіп ұсынды.

Оның айтуынша, құжатта әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке басымдық берілген⁶. Саяси кеңесшілердің америкалық ассоциациясы да кәсіби этика кодексін ұсынды. Оның ішінде, әріптестеріне және клиенттерге құр-

6 B. Weinstein, A Code of Ethics for Politicians, Anderson Cooper 360, CNN. <http://ac360.blogs.cnn.com/2008/06/10/a-code-of-ethics-for-politicians>

метпен қарау, сенім білдіру, сайлаушыларды алдамау, тең құқықты қамтамасыз ету, бұқаралық медиамен шынайы қарым-қатынас орнату секілді мәселелер айтылған⁷.

«Мен қоғамды алдайтын тапсырмаларды орындамайтын болдым. Жалған ақпарат немесе қарсыластардың ар-намысына тиетін хабарламалар таратудан бас тарттым», – дейді Миллер. Сонымен қатар ол нақты деректерге негізделмеген басқа кандидатқа күйе жағатын ақпараттарды да таратқысы келмеді. Осы жағдайдан кейін ол дереккөздерді тексерін, ақпаратқа көз жеткізуге баса назар аударатын болды.

Соңы: Саяси сауаттылық

Миллер өзіне кейбір тапсырмалардың ұнамайтынын айтқан соң, мұндай жағдайға қайтып кезікпеді. Ол әлеуметтік желілердегі хабарламаларға барлық талапқа сай бақылау жасап, кандидаттың кампаниясы үшін стратегиялық ойлауды қамтамасыз ететін ақпараттарды жинаумен айналысты.

«Менің басшым мені жақсы түсінді. Ол саясат басқа арена екенін, оған үйрену үшін уақыт керек екенін айтты. Ол не себепті осындай амалдар таңдалғанын мәлімдеп, барлығын түсіндіруге тырысты», – дейді Миллер.

Ол басшысы сипаттаған саясат аренасын өзі үйренісіп кете алатын орта деп санамады. Миллер тек өзінің этикалық ұстанымдарын сақтай отырып тағылымдамадан өткісі келді.

«Мен стратегиялық ойлау мен этикалық ойлаудың арасы өте нәзік әрі күрделі екенін білдім. Біз атқарған істердің барлығы қоғам алдында, жария түрде болғандықтан, мен оны этикаға сай емес деп санадым. Себебі кампания ақпарат алатын стратегиялық әдістерді ойдан шығарған», – дейді Миллер.

Ой елегінен өткізсек:

1. Миллердің жағдайында оның тағылымдамадан өткен кампаниясы қарсыластарының әдістерін қолданған. Миллер өзінің этикалық ұстанымдарына сүйене отырып, кандидатын жеңіске жеткізу үшін не істей алатын еді?
2. Миллер ақпаратқа мониторинг жасауға арналған әлеуметтік желілердегі фейк аккаунттар арқылы хабарлама жазу барысында өзін қолайсыз сезінді. Әлеуметтік желілерден жалған аккаунт ашып, оны қолдану орынды ма? Ондай жағдайлар бола ма? Болса, қандай жағдайлар?

⁷ American Association of Political Consultants, AAPC Code of Professional Ethics, <http://theaacpc.org/member-center/code-of-ethics>

3. Миллер этикаға қайшы келетін әрекеттерді орындаудан бас тартқанымен, ол жұмыс істейтін кампания сол әдістерді қолдануды жалғастыра берді. Бұл этикалық дилемманың бар екенін көрсете ме? Оны қалай шешуге болады?
4. Егер кампания басшысы Миллерге берілген тапсырмаларды ары қарай орындауды талап етсе, ол қалай жауап берер еді? Ондай жағдайда не істеген жөн деп ойлайсыз?

Егер...

Миллердің жағдайында ол әлеуметтік желілердегі жалған парақшаларды қолдана отырып, кандидат туралы ақпараттарды сараптауы керек еді. Егер Миллерге әлеуметтік желіден өзін орта жастағы адам ретінде көрсететін жалған парақша ашып, қарсылас кампанияны қолдаушы ретінде тіркелу, бірақ жағымсыз пікірлер жазу туралы тапсырма берілсе не болушы еді?

Мына жағдайды қарастырып көрейік. Сіз штат билігіне сайланушы кандидаттың саяси кампаниясының өкілі ретінде жұмысқа қабылдандыңыз. Сіз кандидатқа сенесіз. Сондықтан оның штат губернаторы болғанын қалайсыз. Сіздің міндетіңіз — интернеттегі түрлі блогтерге және әлеуметтік желілерге кандидат туралы жазу.

Жақында сіздің кандидатыңыздың айтқан сөзі шорт кесіліп, контекстен басқа мағынада қолданылды. Басшылық сізге кампанияның ресми өкілі ретінде немесе Facebook арқылы түрлі қызметтегі адамдар ретінде тіркеліп, түрлі парақшалар ашуға, осы жағдай туралы шыққан жазбаларға жауап жазуға тапсырма берді. Сондағы жұмысыңыз кандидаттың ондай сөз айтпағанын, бұл контекстен қиып алынған мәтін екенін дәлелдеп пікірталасқа түсу, кандидатты қорғау болмақ, яғни, менеджеріңіз сізге түрлі форумдарға жалған атпен кіріп, қоғамның аталған кандидат туралы пікірін өзгерту керектігін айтты.

Сіз Facebook желісінен жалған аккаунттар ашып, кандидат туралы пікір қалдыруға келісер ме едіңіз? Неге? Осындай әрекет жасауға немесе осы жолды таңдамауға қандай факторлар әсер етуі мүмкін? Бұл этикалық тұрғыдан дұрыс емес деп ойласаңыз, онда кандидат туралы қоғамның жаңсақ пікірін өзгерту үшін не ұсынар едіңіз?

Осы сценарийді ары қарай қарастырып көрейік. Егер сізге жалған аккаунттарды кандидат туралы жағымсыз пікірлерге жауап беру үшін қолдануға тапсырма берсе не істейсіз? Қандай жағдайда бұл тапсырманы орындайтын едіңіз?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Артур У.Пейдж қауымдастығы, Жұртшылықпен (қоғаммен) байланыс саласының педагогтері мен жоғары лауазымды қызметтегі мамандарының ассоциациясы:

<http://www.awpagesociety.com>

Мемлекеттік басқару саласы мамандары ассоциациясының этика кодексі:

<http://grprofessionals.org/join/code-of-ethics/>

Іскер коммуникаторлардың халықаралық ассоциациясының этикалық кодексі:

<https://www.iabc.com/about-us/leaders-and-staff/code-of-ethics>

Американың қоғаммен байланыс қауымдастығының этикалық нормаларды орындау саясаты:

<http://www.prsa.org/AboutPRSA/Ethics/AboutEnforcement>

Американың қоғаммен байланыс қауымдастығы жалған онлайн-тәжірибе туралы кеңес береді:

<http://www.prsa.org/AboutPRSA/Ethics/ProfessionalStandardsAdvisories/PSA-08.pdf>

Кәсіби журналистер қауымдастығы, саяси кампаниядағы позиция этикасы туралы:

<http://www.spj.org/ethics-papers-politics.asp>

АҚШ-тың үкіметтік этика басқармасы, Этика кодексі:

<http://www.oge.gov/Education/Education-Resources-for-Ethics-Officials/Resources/Code-of-Ethics>

Word of Mouth компаниясының этика кодексі:

<http://womma.org/ethics>

Фокус топ дилеммасы

Мәмілеге келу туралы оқиға

Нэнси Фурлоу

Коммерциялық емес ұйым ребрендинг (мекеме беделіне қатысты қалыптасқан көзқарасты қайта жаңғырту әрекеті) жасап, жаңа ұрандарын тестілеу үшін фокус-топ сериясын жоспарлады. Жақында ғана қызметке келген Коммуникация жөніндегі вице-президент осы фокус-топқа қосылуды қалайды, сөйтін, слоган жөніндегі өз идеяларын ұсынады. Алайда бірінші фокус-топ вице-президенттің ойындағыдай нәтиже шығара алмады. Вице-президент мұның ақыры неге апарып соғатынын ойлап қауінтене бастады. Өйткені, вице-президенттің пікірінше, президент коммерциялық емес ұйымның жұмысын басқа бағытқа бұрып, нарықтық зерттеу қорытындыларын бұрмалап жіберген. Бірақ вице-президент мұны ашық айтып, бастығына қарсы шыға алмас еді. Мәселенің тым күрделілігінен мұндағы кейіпкерлер аттарын өзгертіп беруді өтінді.

ОҚИҒА: КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМНЫҢ РЕБРЕНДИНГІ

Штаб-пәтері Вашингтонда (Колумбия округі) орналасқан қоғамдық экологиялық ұйымның коммуникация бөлімінде екі жылдан астам уақыт жұмыс істеген Джессика Шелби өз жұмысын қызық әрі пайдалы деп санайтын. Дегенмен ол өзін маңызды шешім қабылдау процесінен тыс қалғандай сезінеді. Ол одан талап еткеннен де көбірек ұсыныс білдіре алатынына сенімді.

Ол ұйым үшін жаңа маркетингтік стратегия әзірлейтін, ребрендинг жасау үшін таңдалған топтың құрамына кіргеніне қатты қуанды. Енді өз білімін көрсете алатын уақыт жетті деп ойлады. Шелби басқа да экологиялық топтар тарапынан қуатты бәсекеге тап болған ұйымның ребрендинг туралы шешімін қолдады әрі оған жарнама агенттіктері ұсынған шығармашылық идеялар да ұнайтын.

Ол кезең қиын да қызықты сәттерге толы болды. Оның департаменті бұқаралық медианың назарын аударып, жұмысын көпшілікке көрсету үшін бар күшін жұмылдырды. Шелби жұмыс істеген екі жылдың ішінде қасындағы қызметкерлердің көбі басқа жұмысқа, тіпті бәсекелес ұйымдарға ауысып кетті.

Шелбидің бөлімінде осы уақыт аралығында үш басшы ауысты. Коммуникация бойынша жаңа вице-президент Джоанна Гилбертті Шелби энергиясы мен энтузиазмы мол адам ретінде бағалады. Гилберт жұмысқа кіріскен кезде бөлімдегі моральдық жағдай түзеле бастады.

«Жаңа вице-президент мінезі ашық, тез тіл табысуға болатын адам, одан көп нәрсе үйренемін деп ойладым. Онымен бірге жұмыс істейтін күндерді асыға күттім», – дейді Шелби.

Тығырық: Бастық кампания қызметкерлерін алдайды

Ребрендинг тобының алғашқы кездесуі стратегияны айқындауға, кампанияның сәтті ребрендинг үшін тиімді жолдарды анықтауға арналды. Топ мүшелері өз ұйымының мақсатын көрсететін ұрандар мен хабарламалардың ықпалын тексеру үшін қаланың ең ірі үш аймағында тиісті шаралар атқаратын болды. Шелби және оның командасының дағдыларының барлығына, жұмыстарына көңілдері толып, алға ілгерілей бастағандарына қуанды.

Келесі кездесуде Гилберт топты таңғалдырып, слоган үшін керемет идеясы бар екенін мәлімдеді. Фокус-топқа жарнама агенттігі жасаған мәтіндермен бірге өз нұсқасын да қарастырғанын айтты. Жиындағы атмосфера өзгеріп сала берді. Аздаған үнсіздіктен соң оның құрастырған слоганы жақсы екені айтылып, келіскен түрде тізімге қосты. Басқа пікір айтқан ешкім болмады.

Шелби бастықтың идеясымен келіскенімен, Гилберттің топ мүшелерімен ақылдаспастан, пікірін сұрамастан шешім қабылдап қойғанын ұнатпады. Гилберт ұсынған сөздің жақсы екенін білсе де, оның негативті сипаты жарнама агенттігі мен ұйым құрастырған ребрендинг стратегиясына сай келмейтінін ойлады. «Біздің стратегия жағымды сипатта болуы керек деп

келіскенбіз. Агенттіктің ұсыныстары Гилберттің сөзінен мүлде басқа сипатта еді. Бұл жақсы емес», – деді Шелби.

Шелби бастығының ойын қуана қабылдасам да, өзге қызметтестері секілді өз ойын ашық жеткізбеді. Себебі ол жақсы қызметкер, команданың белді мүшелерінің бірі ретінде көрінгісі келді. «Бастықты мақұлдасам, мені командадан шығарып жіберер деп қорықтым», – дейді ол.

Коммерциялық емес ұйым алдымен Чикагодағы, кейін Бостон мен Лос-Анжелестегі фокус-топты өткізу үшін көп ақшаға сырттан зерттеу фирмасын жалдады. Чикагодағы фокус-топ баяндамасы командаға ұсынылғанда, оның нәтижесіне Гилберт қуана қоймады. Фокус-топ Гилберттің ұсынысынан бас тартпағанымен, оны ең үздіктер қатарына да қоспапты.

Шелби іштей фокус-топтың позитивті идеяларды қолдағанын қалады. Кейінгі екі топ та дәл сондай идеямен оралатынына сенді. Бірақ кейінірек Гилберттің телефон арқылы кеңесшісіне қалған екі топ оның идеясын таңдауы керектігін айтып, пысықтап жатқанын естіп қалды. Бастапқыда ол: «Дұрыс түсінбеген шығармын», – деп ойлады. Алайда сол күні Гилберт Шелбиге басқа топтар оның идеясын таңдайтынына сенімді екенін айтты.

Осылайша, көңіліне күдік кірген Шелби бастығымен кездескісі келді. Бірақ мұнысы дұрыс бола ма деп күмәнданып, уақыт өткізіп алды. Осындай дилеммамен бетпе-бет келген ол өз-өзіне күмәнмен қарай бастады. «Мен аңғал болғандықтан, барлығы осылай болуы керек шығар», – деген ойға қалды.

ШЕШІМ: ҮНСІЗДІК ҮРЕЙІ

Келесі аптада фокус-топтар Бостон мен Лос-Анжелесте жүргізілді. Гилберт келген нәтижелерді көрсетін, ребрендинг командасының басқа мүшелерімен ештеңе талқыламады. Ол өзінің слоганы жеңгендей күйде жүрді. Команданың басқа мүшелері де Гилберттің не себепті зерттеу нәтижелерін көрсетпегеніне алаңдай қоймады.

Шелби не істерін білмеді. Оған командадағы басқалар да жаңа стратегиямен келіскендей көрінді. Бірақ ол компания үшін бұл стратегия дұрыс болатынына сенімсіз еді. «Бастығым ребрендинг командасының мақсатын, тәжірибесін де елеп-ескермеді», – деп ойлады. Сонымен қатар іске салынған қаражаттың да босқа кететініне алаңдады. Ең алдымен, оған Гилберттің істегендері кәсіби маманның әрекеті еместей көрінді.

«Біз қалған екі фокус-топтың нәтижелерін алмадық. Мен оны тексере алмадым. Сондықтан маған бұл әрекет қастандық сияқты көрінді және мен ешкімге сенбедім», – дейді Шелби.

ОЙ ҚҰРАЛЫ:

Маркетингтік зерттеу стандарттарының екі кодексі

Кәсіби топтар құрастырған кодекстер жалпы этикалық нормаларды көрсетеді. Ол ережелер сіздің моральдық кодексіңізбен сәйкесетінін анықтап, жұмыс орнында оларды қалай қолданасыз, ол – өз еркіңізде. Маркетингтік зерттеулер ассоциациясы (MRA) мен Сапалы зерттеулер бойынша консультанттар ассоциациясының кодекстері Шелбиге бастығына қатысты оқиғада не істеуге болатынына бағдар бере алады.

MRA маркетингтік зерттеу стандарттарының кодексі ассоциация мүшелерінің зерттеулер мен жобаның кез келген сатысында ешқашан жалған мәлімет бермеуі, кейбір деректерді әдейі қалдырып кетпеу керектігін көрсетеді. Кез келген себеппен жалған дерек көрсету немесе мәліметтерді алып тастауға жол берілмейді¹.

Кодексте зерттеушілер «кез келген жағымсыз әрі қарама-қайшы нәтижелерді бұрмаламай, әділ ұсынады» делінген. Гилберттің зерттеу нәтижелерін назарға алмағаны әрі кейбір мәліметтерді алдырып тастағаны бұл кодекс талаптарына сәйкес этикаға сай келмейді.

Гилберт те, Шелби де ассоциация мүшесі болмаса да, кодекстегі стандарттар Шелбиге көмек болып, бастығының әрекеті дұрыс болмағанына көз жеткізуге мүмкіндік берер еді.

Қазір көптеген ұйым маркетингтік стра-

тегиялар мен коммуникация бойынша консультанттар мен агенттіктерді жалдайды. Компания олардың процеске объективтілік пен біліктілік әкелетініне сенімді әрі өздері сондай агенттіктердің көмегінсіз, қажетті нәтижеге қол жеткізе алмаймыз деп ойлайды. Бірақ клиент-кеңесші қарым-қатынасы кейде қиынға соғып жатады. Бұл ортақ коммуникациялық стратегияны қабылдауға кедергі келтіреді.

Көптеген кәсіби ассоциация этикаға сүйенеді. Оның ішінде Сапалы зерттеулер бойынша кеңесшілердің ассоциациясы ұсынған клиент-кеңесші қарым-қатынасы туралы ережелеріне ерекше тоқталуға болады.

Сапалы зерттеу қызметі әдістеріне қатысты топ принциптері мынандай: «Клиент кеңесшілердің баяндамасын олардың авторлық құқықтан бас тарту туралы келісімінсіз тарата алмайды»².

Шелби бұл ережені Гилберттің консультанттарға қойған талабы мамандық стандарттарына қарама-қайшы келетінін айту үшін қолдана алар еді.

QRCA консультанттардың жобаға қатысты тұтынушымен арадағы проблеманы түсіндіру үшін осы принциптерді бастылыққа алғанын қолдайды. Шелби құжатты қолдана отырып, олар жалданған кеңесшілер үшін Гилберттің дұрыс әрекетке бармағанын көрсете алар еді.

1 Маркетингтік зерттеулер ассоциациясы, маркетингтік зерттеу стандарттарының кодексі: <http://www.mra-net.org/resources/documents/CodeMRStandards.pdf>.

2 Сапалы зерттеулер бойынша консультанттар ассоциациясы, QRCA басқарушы принциптері: <http://www.qrca.org/associations/6379/files/Guidelines1-29-07.pdf>

Осындай оқиғалардан кейін Шелби жұмысқа барғысы келмеді. Бір шара қолданбақ болғанымен, кімнің көмегіне жүгінерін білмеді. Бұл жағдайда ол не істеуі керек?

Ребрендинг кампаниясы Гилберттің идеясын қолдана отырып алға жылжыды. Шелби жобадағы жұмысын жалғастыра берді, бірақ бұрынғыдай ықылас танытпады. Ол ребрендинг кампаниясына аз ғана үлес қосып, оның орнына басқа жобалармен жұмыс істей бастады. Көп жылдан бері Шелбидің тәлімгері болған әріптесі одан не болғанын сұрағанда Шелби фокус-топқа байланысты жағдайды айтып берді.

«Мен үнсіз қала алмадым. Шыдамым таусыла бастағандықтан, біреуге айтуым керек болды», – дейді Шелби. Оның айтқанын естіген әріптесі жаңалықты көңілсіз қабылдағанымен, ештеңе демеді. «Ол бұл ұйымда 15 жыл жұмыс істегенін, оны ешкім таңғалдыра алмайтынын айтты», – дейді Шелби. Ал Гилберттің әрекетін әшкерелеу оған еш пайда әкелмейді.

Әлгі әріптесінің отбасы бар әрі бұл ұйымда ұзақ жыл қызмет еткен соң, жалақысы да жақсы болатын. Ол, расымен де, бас қатырғысы келмеді. Шелби тағы да жалғыз қалды.

Бұл кезде ребрендинг жұмыстары жалғасып жатты. Коммерциялық емес ұйымның құрылымында өзгерістер болып, қызметкерлерді қысқарту басталды.

Қызметкерлерді жұмыс орнын сақтап қалу мәселесі мазалай бастады. Әсіресе Шелби сынды жаңадан келгендер қатты алаңдады. Ал Шелби мүмкіндіктерді қарастыра жүріп, жұмысқа шақырған басқа ұйымға ауысты. Ол өз пікірін ұйым мүдделерінен жоғары қойған вице-президентпен жұмыс істегісі келмеді.

Соңы: Ойыңдағыны ашық айтуға дағдылану

Экологиялық топтан кетіп, жаңа жұмыс орнына орналасқаннан кейін бір-неше айдан соң, Шелби өзінің бұрынғы бастығы туралы ақпарат оқыды. Хабарламада коммерциялық емес ұйым кампаниясын Гилберттің жасағаны айтылған және жаңа кампанияның ребрендингісі туралы ақпараттан үзінділер берілген. Ол слогандар Шелби күткеннен жақсырақ шыққанымен, ұйымға сай келмейтіндей көрінді. Біраз уақыт өткен соң оның бұрынғы әріптесі хабарласып, кампанияны өзгерткелі жатқанын, Гилберттің ол жерде енді жұмыс істемейтінін айтады.

Ребрендинг кампаниясы ұйымға бюджетте қарастырылғаннан да қымбатқа түскен.

Гилберттің кеткенін естіген соң Шелби, ең алдымен, өзінің бұрынғы жұмыс орнына барғысы келеді. «Мен ол жердегі достарымды, ұйымда өткен уақыттарды сағынып жүрдім», – дейді Шелби.

Өткенді ойша шолған Шелби бір әріптесінен басқа ешкімге болған жағдайды айтпағанына өкінді. Өз ойын өзгелерге дер кезінде айтса, компания қаражатын үнемдеумен қатар, сол қызметінде де жүре берер еді.

Жұмысын ауыстырғанынан кейін 3 жыл өткен соң Шелби Гилбертке қарсы тұру керек еді деп ойлайды. Ол дилемманы тек «айту керек пе, жоқ па» деген сауал төңірегінен ғана көрді. Қазір енді тәжірибе жинаған соң, проблема басшының кәсіби этика стандарттарын бұзғанында екенін жақсы түсінеді. Осындай жағдайға енді тап болса, не істер еді? Ол бұрынғы профессорларымен сөйлесіп, кәсіби этика кодекстерімен танысып, өз көзқарасының дұрыстығын анықтайтын едім деп ойлайды.

Шелби проблема жалғыз Гилберттің этикасында ғана еместігін білмеді. Ол кәсіби этика кодекстерін қолданса, қандай пікірталас туатынын білер еді. Гилбертке оның кәсіби этика стандарттарын бұзып қана қоймай, консультанттарға қатысты да дұрыс қарым-қатынаста болмағанын айтуы мүмкін. Сосын ол бұрын фокус-топ туралы қате ойлауы ғажап емес еді. Себебі топ мүшелері зерттеудің заңды нәтижелерін ұсынғанымен, бастық бұра тартуы да кәміл.

«Басқа фокус-топтардың мәліметтерін алмағандықтан, Гилбертке консультанттар нәтижелерді мәлідемесе ше? Жүз пайыз сенімді болмасам да, олар Гилберттің жағына шықты деп ойлаймын», — дейді Шелби.

Ой елегінен өткізсек:

1. Егер сіз Шелбидің орнында болсаңыз, кіммен бірінші сөйлесер едіңіз? Гилбертпен бе, әлде оның бастығымен бе? Шелби жоғарыдағы бастықтарға Гилберттің ребрендингтік кампанияны адал жүргізбегенін дәлелдей алар ма еді? Шелби осы жолды таңдаса не болар еді деп ойлайсыз? Ол жұмысқа деген ынтасынан айырылып, ақыры басқа қызметке ауысудан өзге тағы қандай жолды таңдай алар еді? Өз нұсқаларыңызды ұсынып көріңіз;
2. Сапалы зерттеулер бойынша консультанттар ассоциациясының веб-сайтында оның мүшелеріне арналған Этика кодексі мен сапалы зерттеулер әдісінің нұсқаулығы берілген. Олардың қандай ережелері бар? Оның ішінде Шелби үшін қайсысы пайдалы болар еді?
3. Ребрендинг үшін не істеуге болатыны туралы ойланып көріңіз. Компания не үшін өз өнімдеріне немесе құрылымына ребрендинг жасағысы келді? Ребрендинг үшін берілетін марапаттардың лауреаттарымен танысыңыз (www.rebrand.com/winners-showcase). Оның ішінен өзіңізге ұнаған үлгіні таңдап, себебін түсіндіріңіз. Сол қатардағы ең нашар деген үлгіні тауып, ойыңызды дәлелдеңіз;

4. Әлеуметтік желілер пайда болғалы Facebook пен Twitter арқылы виртуалды фокус-топтар жүргізу мүмкіндіктері туды. Бұл тиімді әдіс пе? Әлеуметтік желіні пайдалану зерттеу қорытындыларын өзгертуді жеңілдете ала ма?
5. Әлеуметтік желі арқылы фокус-топтар таба аласыз ба? Байқап көріңіз. <https://www.facebook.com/findpaidfocusgroups/> немесе басқа да маркетингтік зерттеу топтарымен танысып, өзіңіз қатыса алатын фокус-топты табыңыз. Бұл әдіс зерттеу технологияларын қолдану тұрғысынан не бере алады?

Егер...

Сіз толық емес жұмыс күні тәртібімен істейтін қызмет іздеп, жақсы жер таптыңыз делік: компания университет қалашығындағы жаңа энергетикалық сусынның кампаниясына сізді жауапты етіп тағайындады. Олар сізге фокус-топ құрғаныңыз үшін ақша төлейді. Сіз фокус-топқа нарықты зерттеуді жеңілдететін кейбір жолдарды пайдалануға мүмкіндік туғаны үшін қуаныштысыз. Сіз зерттеу жүргізу барысында қандай әдістерге жүгінер едіңіз? Төменде сізге көмектесе алатын бірнеше сілтеме берілген:

- Лихай университеті: <http://www.cse.lehigh.edu/~glennb/mm/FocusGroups.htm>
- Картер Макнамардың ашық кітапханасы, «Фокус-топ негіздері»: <http://managementhelp.org/evaluatn/focusgrp.htm>
- Канзас университеті, Community Tool Box: http://ctb.ku.edu/en/table_contents/sub_section_main_1018.aspx

Сіз топ құрмас бұрын алдымен мына мәселелерді қарастыруыңыз керек: Зерттеумен кім айналысады? Өзіңіз жүргізесіз бе, әлде біреуді бекітесіз бе? Қатысушыларды іріктеу үшін қандай талаптар қоясыз?

Зерттеуді қай жерде жүргізесіз? Кампус аумағында болса, ол үшін қандай рұқсаттар алу керек? Энергетикалық сусындардан басқа сусындарды пайдаланасыз ба? Қатысушыларға төлейтін бюджетіңіз қарастырылған ба?

Фокус-топқа кім қатысады? Қанша адам мүше болады? Жас ерекшеліктерін, жынысын ескере отырып, «мақсатты нарықты» қалай анықтайсыз? Адамдарды қатарыңызға қосылуға қалай үндейсіз?

Зерттеу топтарының басшылығына арналған сұрақтарды анықтап алыңыз. Егер талқылағыңыз келсе, «иә» немесе «жоқ» деген жауаппен шектелетін сауалдардан аулақ болыңыз. Есте болуы керек мәселелер: Фокус-топтың мақсаты қандай? Қатысушыларды қалай бақылайсыз? Талқылауға белсенді қатысып отырғандарға немесе мүлде үндемейтіндерге қандай көзқараста боласыз?

Мысалы, сіз зерттеу жүргізіп болып, нәтижелерін энергетикалық сусын компаниясына ұсынуға дайынсыз. Сіз баяндама жасайсыз ба, әлде жазбаларыңызды бере саласыз ба? Қазіргі мәселеде кез келген жағдайдың салдарын қарастырған маңызды:

Компания фокус-топтың нәтижелерін қажет етпейтінін, оны тек кампустағыларға өз сусындарын көрсету үшін ғана пайдаланғанын айтса, не істейсіз? Бұл зерттеу тәжірибесінің этикаға сай келмеуінің үлгісі ме, әлде қоғаммен байланыс орнатудың жақсы тәсілі ме? Егер этикаға сай келмейтін әрекет деп бағаласаңыз, оған қарсы не айтар едіңіз?

Фокус-топ барысында сусынның дәмі бәріне бірдей ұнамаса не істейсіз? Ондай нәтижелерді компанияға қалай ұсынар едіңіз? Сіз зерттеу жүргізгеніңіз үшін ақы алатындықтан, жағымды пікірлер қосар ма едіңіз?

Компания сізге сусынның энергетикалық құндылығы 200 калорий екенін айтпауды өтінсе не істейсіз? Фокус-топты жүргізу барысында бұл мәліметті қалай пайдаланар едіңіз? «Энергетикалық сусынның» құрамында кофеин болатынын ескерсек, ал этикеткада калория мен оның құрамы өте кішкентай әрінтермен жазылған болса ше? Егер фокус-топқа қатысқандар оны байқамаса, өзіңіз айтар ма едіңіз? Олар сұраса не істейсіз?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Маркетинг және қоғаммен байланыс салалары бойынша Этика кодекс-терін ұсынатын кәсіби ұйымдардың веб-сайттары:

Маркетингтік зерттеулер ассоциациясы: <http://www.mra-net.org>

Сапалы зерттеулер бойынша консультанттар ассоциациясы (Qualitative Research Consultants Association): <http://www.qrca.org>

Америкалық маркетинг ассоциациясы (American Marketing Association): <http://www.marketingpower.com>

Американың қоғаммен байланыс қауымдастығы (Public Relations Society of America): <http://www.prsa.org/>

Әлеуметтік желілер арқылы зерттеу жүргізуге арналған сілтемелер:
<http://amabaltimore.org/1939/social-media-the-new-focus-group/>

<http://www.socialmediatoday.com/content/how-use-social-media-market-research>

<https://www.ama.org/publications/eNewsletters/MarketingInsightsNewsletter/Pages/working-hand-in-hand-qualitative-mr-and-social-media-research.aspx>

http://boss.blogs.nytimes.com/2012/01/05/turning-facebook-followers-into-online-focus-groups/?_r=0

Бұл – керемет топ!

Жасөспірім кейпіне ену

Ричард Д. Уотерс

Дженни Куинн қоғаммен байланыс саласындағы халықаралық фирмалардың бірінде жұмыс істеген кезде, оны жаңа музыканттың жарнама кампаниясына жауапты етіп бекітті. Оған ірі шығармашылық кампанияны ұйымдастырған ұнайтын. Бірақ бір жолы оған жоспар бойынша музыкант туралы шу шығару үшін басқа адамның атынан интернетке шығу қажет болды.

Басқалары бұл ойды қуана қабылдағанымен, Куиннге бұл аса ұнай қоймады. Бірақ ол өз жұмысын жақсы көретін еді, бұл тапсырманы орындаудан бас тартсам жұмысымнан айырылып қалам ба деп қорықты. Ол жұмыс берушісі мен клиентінің қолайына жағу үшін, өз ұстанымдары мен кәсіби талаптарды орындай алды ма? Ол үшін кәсіби стандарт түсінігі қандай еді?

Куинн бұл мәселенің шешімін тапты. Оның компаниясы әлі де осы жарнама кампаниясын жүргізіп жатқандықтан, ол кейіпкерлердің атын өзгертуді өтінді.

ОҚИҒА: «МЕНИҢ НЕ ІСТЕГЕНІМДІ ҚАЛАЙСЫЗ?»

Куинн менеджердің көмекшісі болып жұмыс істеген PR-агенттік жасөспірімдер аудиториясын қамтитын жаңа хип-хоп әнші туралы жобаны жеңіп алды.

PR-фирма әншінің дыбыс жазу компаниясы шығарған бірінші компакт-дискінің жарнамасын жасап, оны танымал етуі керек. Дыбыс жазу орталығы бұл хит басқа да әндердің тез танылуына жол ашады деп ойлады.

PR-агенттік хип-хоп әншіні таныту үшін түрлі жоспар құра бастады. Біріншіден, Куинн мен оның тобы компакт-дискіге байланысты баспасөз хабарламасын, арнайы іс-шаралары бар медиа топтаманы қамтитын қоғаммен байланыстың дәстүрлі компаниясын ұйымдастырды. Бұл компания барысында медиа-тур өткізіліп, әнші түрлі журналдарға, салалық басылымдарға, радио мен телеарналарға сұхбат берді.

Он жыл бұрын қоғаммен байланыстың бұл әдісі тиімді болып, оң нәтижеге жетер еді. Бірақ интернет пайда болған, әлеуметтік желілер дамыған бүгінгі таңда ақпараттық компания үшін бұл аздық етеді. Сондықтан PR-агенттік әншінің өмірімен таныстырып, оның жоспарлары туралы ақпарат беретін веб-сайт ашты. Аудитория осы сайттан әншінің аудио және видео жазбаларын жүктеп алып, сұхбаттарын оқи алатын болды. Онда тіпті әнші туралы ой бөлісуге арналған ортақ чат та бар еді. Сондай-ақ ақпараттық компания микросайт және әншіге арналған Facebook парақша да ашты. Ол жерде тыңдармандарға әндерді MP3 форматында көшіріп алуға мүмкіндік туды.

Компания жақсы ұйымдастырылып, қоғаммен байланыс туралы кітаптарда жазылған барлық принципті қамтыды. Куинн өзінің ұқыптылығына разы болып, жұмысын жалғастыра берді. Бірақ кейін тағы бір жағдайдан хабардар болды.

Клиент агенттікке ресми компанияны жүзеге асыратын маркетингтік шараларды орындауға кірісуді тапсырышты. Оның ішінде музыкалық компания PR-агенттіктің түрлі виртуалды чаттар мен әлеуметтік желілерде әнші туралы жақсы пікір қалдырып, оның жаңалықтарымен, әндерінің сілтемесімен бөлісіп отырғанын қалады.

Көптеген ұйым әлеуметтік желілерге мониторинг жасап, онлайн-чаттарға қатысу үшін арнайы қызметкерлер жалдайды. Бұл жарнаманың қалыпты стандартына айналған. Осы ретте Куинн тағы бір проблемаға тап болды. Бастығы оған басқа қызметкерлермен бірге әншінің табынушысы болып көрінуі керектігін айтты. «Ол менің 12 жастағы жасөспірім болып көрініп, чаттарда әншіні жарнамалағанымды қалады», — дейді Куинн.

Тығырық: Клиентке адал қызмет көрсету

Этикалық қарым-қатынас екі жақтан да ашық әрі адал әрекеттерді талап етеді. Ал Куинннің қоғаммен байланыс жөніндегі агенттігі оның нысаналы

аудиторияны алдауын қалайды, яғни агенттік ересектердің балалар мен жасөспірімдерді алдағанын құп көреді. Куинн жаңа хип-хоп әншінің жеке альбомын шығарып, оны онлайн-аудиторияға танытуды дұрыс санады әрі оған бұл науқан ұнады. Бірақ клиенттің өкілдері әншіні таныту мақсатындағы ұйымдастырылған кампанияны қаламады, олар әншінің интернеттегі танымалдылығы өздігінен жүзеге асып жатқандай көрінуі тиіс деп ойлады.

Әлеуметтік медиа ауқымы ұлғайып келе жатқандықтан, жұртшылықпен байланыс мамандары виртуалды әңгімелерді қалай жүргізу керектігін қызу талқылауда. Бірі – чаттарда, жарнама сайттарында немесе қауымдастық пен форумдарда ақпарат таратқан дұрыс десе, бірі – Facebook немесе Google+ қолданған жөн деп есептейді. Жалпы, мамандар әу бастан-ақ чаттарды ақпараттық кампанияның бір бөлігі ретінде пайдалануға күмәнмен қараған¹.

Кейін кейбір агенттіктер чаттарды мақсатты аудиториямен, виртуалды фокус-топтармен байланыс орнатудың тиімді құралы ретінде бағалады². Себебі ол жерден тұтынушылардың нені қалайтыны бірден байқалатын еді.

Зерттеуші Дж.М. Лейстің айтуынша, виртуалды әңгімелесу құралын мамандар жиі пайдаланғанымен, оларда бұл тактиканың тиімділігіне байланысты күдік бәрібір болады³. Кейбіреулері чаттарда адамның шын аты-жөні болмауы мүмкін екенін, тіпті ол жеке адам болмауы мүмкін екенін айтады. Мысалы, Organization X атты ұйымның атымен жеке тұлға тіркелген болуы мүмкін. Сол себепті қоғаммен байланыстың виртуалды түрлерін стратегия ретінде көп пайдаланбау керектігі де айтылып жүр.

Қоғаммен байланыс саласының маманы Сьюзен Коль адамдар чатта өзінің шын есімдерін қолдану керектігін айтқан. Себебі ашықтық тұтынушыларға адаммен өзара байланысты сезінуге мүмкіндік беріп, ұйымға да пайда әкеледі⁴. Сонымен қатар этикалық тәжірибені де нығайтады.

- 1 S. R. Thomsen, @Work in Cyberspace: Exploring Practitioner Use of the PR Forum, *Public Relations Review*, 22, no. 2 (1996): 115–132; Tracey Cooley, *Interactive Communication—Public Relations on the Web*, *PRQ*, 44, No. 2 (1999, Summer): 41–42.
- 2 P. Hurme, *Online PR: Emerging Organisational Practice*, *Corporate Communications: An International Journal*, 6, No. 2 (2001): 71–75.
- 3 J. M. Lace, *At the Crossroads of Marketing Communications and the Internet: Experiences of UK Advertisers*, *Internet Research*, 14, No. 3 (2004): 236–244.
- 4 Susan Koh, *The Nasty Truth About High-Tech Public Relations*, *Public Relations Strategist*, 6, No. 2 (2000, Summer): 27–30.

ШЕШІМ: ӨТІРІКТЕН БАС ТARTУ

Жақсылап ойланып, шешім қабылдаудың колледжде оқыған түрлі модельдерін қарастырған Куинн қарапайым жол тапты. Ол сабақта оқыған мына анықтаманы есіне алды: «Қоғаммен байланыс — ұйым мен қоғам арасындағы өзара тиімді қарым-қатынасты қолдайтын, айқындайтын басқару функциясы»⁵. Осы анықтаманы есіне ала отырып, ол «қоғаммен байланыс мамандары неге осы ережені бұзатын әрекетке өз еріктерімен баруы керек?» деген сауал қойды. Оның айтуынша, интернет арқылы жасөспірімдер мен оқушыларға өтірік айту хип-хоп әншінің жарнамалық кампаниясын құрдымға кетіруі мүмкін.

Куиннге өз ойын айту оңайға соқпады. Себебі ол өте ірі компанияның бір мүшесі ғана еді. Бір қызығы, басқалары да жалған есімді пайдалана отырып, өтірік айтуды еш сөкет деп таппады. Сондықтан ол өз ойын өзгертпей, бас менеджерге өтірікке құрылған ақпараттық науқанға қатыспайтынын айтты.

Ол әншінің болашағына сенгендіктен, дәстүрлі кампанияда жұмыс істегісі келетінін, бірақ 12 жастағы балалардың кейбіне енетін онлайн-нұсқаға қатыса алмайтынын кесіп айтты. PRSA мүшесі ретінде ол этикалық мәселелерді ұйымға хабарлауды міндет санайтынын да жеткізді.

Куинн өз ойын айтып, әсіресе үкіметтік ұйымға шағымданатынын жеткізген соң ерекше толқыды. Бірақ оны жұмыстан да, кампаниядан да шығармады. Басшысы одан әншіні танытудың (жасөспірім кейбіне енбей) басқа қандай тәсілдерін қолдануға болатынын сұрады.

Куинн веб-коммуникацияның заңды құралдарын қолдануды ұсынды. Оның ішінде стратегиялық онлайн-акциялар, YouTube желісіндегі бейнероликтер арқылы микросайт трафигін арттыру секілді жолдарды атап өтті. Бірақ команда мүшелері бұл жолдың аз уақыт ішінде жақсы нәтиже беретініне сенбеді. Оларға керегі — компакт-диск ресми таныстырылғанға дейін-ақ интернетте дүмпу тудыру еді.

Дегенмен агенттік басшылары этикаға сай келмейтін тәжірибеден бас тартты. Оның орнына элеуметтік желілер арқылы әншінің жаңа жинағы туралы ақпараттар тарату үшін тіркелген парақшаларды пайдаланып, заңды жарнамалы науқан жүргізді.

5 S. M. Cutlip, A. H. Center and G. M. Broom, *Effective Public Relations* (Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall, 1994).

ОЙ ҚҰРАЛЫ: «Поттер қорабы» және Навран моделі

Дженни Куинн мен оның әріптестеріне басшылық әншіні таныту үшін онлайн-алдау тәсілдерін қолдануды тапсырғанда, тапсырманы орындауға Американың PR қауымдастығының Этика кодексінің екі бөлігі кедергі келтірді: барлық хабарламада адалдық пен нақтылықты сақтау және мүдделер мен жарнаманы немесе PR-кампания белгілерін ашық көрсету. Бұл жағдайда барлық қадам ұйымдастырылған кампанияның бір бөлігі екенін айтпастан жасөспірімнің рөліне ену – этикалық тәртіпті бұзу еді.

Этика кодексіне қоса Куинн басқа Potter Box¹пен Navran моделі² секілді екі модельге жүгінді. Онда этикалық дилемманы шешу үшін қандай жолды таңдауға болатыны туралы айтылған. «Поттер қорабы» мамандарға жағдайды анықтауға кеңес береді.

Одан кейін шешім шығаруда ескерілетін негізгі құндылықтарды, басшылық принциптерді, ең соңында қандай шешімге келу керектігін айқындайтын ниеттестікті анықтау керек.

«Поттер қорабының» артықшылығы – ол нақты жағдайда тараптардың ең маңызды құндылықтарына назар аударуға мүмкіндік береді. Куинн айтқандай, PR-мамандар көптеген адаммен қарым-қатынас орнататындықтан (жұмыс беруші, клиент, тұтынушылар, онлайн-аудитория), шешім қабылдар кезде олардың ешқайсысын назардан

тыс қалдырмауы керек.

Навран моделі бизнесте этикалық шешім қабылдаудың сатылы қарапайым процесін көрсетеді. Ол мамандарға шешім қабылдауда ұйымды, заңды және өз стандарттарын назарға алу керектігін айтады. Бұл модельдің мынадай қадамдары бар:

Проблеманы, осы проблеманың пайда болуына әкелген жағдайды, тараптардың қарым-қатынасын анықтау, ұйымның аспектілеріне назар аудару;

Нақты шешімдерді анықтау. Ықтимал іс-қимыл нұсқаларын қарастыру;

Шешімдерді бағалау. Әр шешімнің әр тарапқа қалай әсер ету мүмкіндігін қарап, қысқа және ұзақ мерзімдегі салдарын болжау;

Шешімді қарастыру. PR – ұйым мен мүдделі тараптың қарым-қатынасын дамытуға бағытталған. Бір тараптың шешімі этикаға сай болуы мүмкін, бірақ оның екінші тарапқа қалай әсер ететінін де ойлау керек;

Шешім қабылдау. Шешім қабылданған соң, оны клиент пен жұмыс берушіге уақтында хабарлау;

Шешімді бағалау. Жағдайды дұрыс бағаладыңыз ба? Бұдан да жақсы шешім қабылдау үшін не істеу керек еді?

Қабылдануы мүмкін шешімдерді қарастырған кезде Навран моделі PLUS деп белгіленген фильтрді қолдануға

1 M. P. McElreath, *Managing Systematic and Ethical Public Relations Campaigns*, 2nd ed. (New York: Brown and Benchmark, 1996). See also in this book, Donica Mensing's chapter, *Confronting Others' Violations: The Case of the Manipulated Photo* for more details on using the Potter Box.

2 F. Navran, *12 Steps to Building a Best-Practices Ethics Program*, *Workforce*, 76, No. 9 (1997):117–122.

кеңес береді. P – ұйым саясаты, L – заң, U – әмбебап шешім, S – өз ойы. «Поттер қорабы» мен Навран моделі шешім қабылдау барысында пайдалы сараптамалық жүйе ұсынғанымен, Сиракуз университетінің Шеннон Боуэн атты профессоры бұл модельдер әмбебап этикалық жағдайға келмейді дей-

ді. Себебі олар шешім қабылдаушыға принциптерді анықтауға мүмкіндік береді³.

Мысалы, Куинн чатқа жалған есіммен қатысу тәжірибеде бар және оны байланыс құралы ретінде пайдалану этикаға сай келеді деп ойлауы да мүмкін еді.

3 S. A. Bowen, Expansion of Ethics as the Tenth Generic Principle of Public Relations Excellence: A Kantian Theory and Model for Managing Ethical Issues, Journal of Public Relations Research, 16, No. 1 (2004): 65–92.

Соңы: Адалдықты сақтау, бизнестен айырылу

Бұл стратегия ақпараттық-жарнамалық науқанды (компанияны) жандандыруға көп уақыт жұмсады. Бірақ соңында әншінің танымалдығы өздері қалаған деңгейге жетті. Дыбыс жазу компаниясының басшылары компания нәтижелеріне үнемі назар аударумен болды. Олар жеке альбомның сәтті таралғанына көңілдері толса да, агенттік өз қалауын орындамағанына наразы еді. Агенттік әншіні одан әрі таныту жұмыстарымен айналысқысы келсе де, келісімшарттан айырылып қалды.

Куинн бұл сәтсіздікке өзін жауапты сезініп, агенттіктен және командадан кешірім сұрады. Команда мүшелерінің бірі Куиннге онлайн-алдау тәсілін қолданған кезде өзін ыңғайсыз сезінгенін, бірақ ол кезде өз ойын айта алмағанын жеткізді. Басқа ешкім Куиннмен стратегияны өзгерту туралы сөйлеспеді.

Бірақ менеджерлер командасының бір мүшесі жасөспірім ретінде көрініп, ақпарат жинау әдісін қолдайтынын айтты. Сонымен қатар екі немесе үш күн бойы жасөспірімдер интернетте ең көп отыратын сәтте осы әдісті қолдану клиенттің мақсатына жету үшін жақсы мүмкіндік болатынын жеткізді. Одан этикалық аспект туралы сұрағанда, ол PRSA кодексі құрылған кездегі сөздерді қайталады: қоғаммен байланыс маманы этикаға сай келмейтін жолға жүгінсе, ол мүшеліктен шығарылғанымен, ары қарай осы саладағы қызметін жалғастыра алады.

Әрине, агенттік онлайн-алдауды жүзеге асырып, ешқандай проблемаға тап болмауы да мүмкін еді. Шешім шығару барысында Куинн ғылыми жолдар да, кәсіби стандарттар да көмек бола алатынын білді. Түптеп келгенде, адамның жеке әдебі оның кәсіби этикасына әсер етеді. Этикалық

дилеммамен бетпе-бет келген Куинн өзінің жамандық пен жақсылық туралы ұстанымдарына, мектепте оқыған қоғамдық қарым-қатынастар негізіне жүгінді. Ол өзара тиімді қарым-қатынасты сақтап қалғысы келсе де, өз ұстанымдарына сүйене отырып, этикаға сай келмейтін әрекеттен бас тартты әрі оның қандай салдары болатынына назар аудармады.

Ой елегінен өткізсек:

1. Қандай жағдайда басқа біреудің атын жамылып, онлайн-алдау тәсілдерін қолдануға болады? Мысалы, полиция педофильді ұстауы үшін осындай әдіс қолдануы мүмкін. Медиа-мамандар неге бір-бірінен ерекшеленеді? Алдаудың бұл түрі қоғаммен байланыс маманы үшін дұрыс емес деп ойласаңыз, жаңалықтар қызметі оны қолдана ала ма?
2. Егер сізден жаңа ән жинағының онлайн-кампаниясын жүргізуді сұраса, сіз қандай тәсілдерді қолданар едіңіз? Танымал әртістерді таныту үшін қолданылған қандай тиімді кампанияларды атай аласыз? Әлі ешкім қолданып көрмеген ұсыныстарыңыз бар ма?
3. Куиннің басшылығы интернеттегі алдау әдістерін қолдана берсе, ол PRSA ұйымына шағымдана ма еді? Бұл кездесуде оның тиісті орындарға шағымданамын дегені дұрыс болды ма?
4. Бастығы Куиннді кампанияның осы бөлігінен немесе жалпы командадан шығарып жіберді деп елестетіп көріңіз. Куиннен басқаларының барлығы онлайн чатқа жасөспірімдер атынан шықса, этикалық мәселе шешіле ме? Шешілгенде қалай өрбиді?
5. Агенттіктің келісімшарттан айырылғаны үшін Куинн өзін жауапты сезінгені дұрыс па? Неге?

Егер...

2009 жылы президент Барак Обаманың Twitter-дегі парақшасына 2,7 миллион адам жазылды. Бірақ ол ешқандай хабарлама жазбағанын айтып, аудиторияны таңғалдырды.

Ірі қоғам қайраткерлері әлеуметтік желіде өздері хабарлама жазбайтынын білсе де, бұл президенттің туит жазуға мүлде тапсырма бермегенін де көрсеткен алғашқы жағдай болды. Ал түрлі қоғаммен байланыс топтары @BarackObama аққаунтын ақпарат тарату үшін қолданды.

Бұл жағдайды қорғаушылар оны жоғары технологиялардың автоматтандырылған әрекеті деп бағалады. Жалпы, президент, үкімет мүшелері, бизнес пен өнердегі танымал тұлғалар өз ойларын жазбайды деген пікір

қалыптасқан. Бірақ бұл пікір әлеуметтік медианың қолданыс аясының кеңеюіне байланысты өзгергенімен, желідегінің қайсысы жалған парақша екенін анықтау қиынға соға бастады.

Мысалы, сіз Вашингтонда АҚШ сенаторларының бірінің қоғаммен байланыс қызметінде жұмыс істейсіз делік. Журналистермен сөйлесу, баспасөз хабарламасын жазу секілді жұмыстан басқа сізге Facebook желісіндегі сенатор парақшасын жаңартып отыру тапсырылды. Тіпті сенаторға хабарлама келгенде де оған сіз жауап беруіңіз керек.

Сіз бұның басқа сенаторлардың да штабында қалыптасқан қалыпты жағдай екенін білесіз. Бірақ сонда да өзіңізді жайсыз сезінесіз. Біріншіден, сіз басқа адамның кейпіне еніп отырғаныңызға ыңғайсыздансаңыз, екіншіден, сенатордың беделіне нұқсан келтіретін нәрселер жазып қоямын ба деп қорқасыз.

Сіз Facebook-те хабарлама жаза берер ме едіңіз? Егер бұған қарсы болсаңыз, оны басшылыққа қалай жеткізер едіңіз? PRSA мен Word Mouth маркетинг ассоциациясының этика кодекстерін тексеріп, өз пікіріңізді растаңыз.

Қандай мәмілеге келуге болатынын ойлап көріңіз. Мысалы, сіздің жазбаларыңызды сенатор тексеріп, растап отырса, өзіңізді ыңғайсыз сезінбесе едіңіз немесе оларды штаб бастығы тексергені жөн бе, әлде сенатормен сөйлесіп, оның парақшасының қандай болғанын, не жазылғанын қалайтынын анықтап алар ма едіңіз? Парақшаның жаңартылуын жүргізудің қандай адал жолдары бар деп ойлайсыз?

Осы мәселелерді қарастырар кезде сіздерге Ричард Л. Йохансеннің «Адамдар қарым-қатынасының этикасы» атты кітабы көмекке келе алады.

Йохансен коммуникацияның алдамшы тәжірибесі кезінде мынандай бес сауал қоюға кеңес береді:

1. Клиент пен коммуникатордың ниеті қандай? Олардың бірге жұмыс істеп жатқандарынан аудитория қаншалық деңгейде хабардар?
2. Клиент өзінде жоқ қасиеттерге ие екенін көрсету үшін жалған коммуникаторларды пайдалана ма?
3. Коммуникаторға алдамшы қарым-қатынасты қажетті деп санауға қандай себептер әсер етуі мүмкін?
4. Клиент өз атынан интернетке жарияланатын материалдарды қаншалықты тексереді?
5. Клиенттер өз атынан жазылған хабарламалар үшін және авторлардың атын атамайтыны үшін жауапты ма⁶?

6 R. L. Johanneson, *Ethics in Human Communication* (Prospect Heights, IL: Waveland, 2000).

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Артур У.Пейдж қауымдастығы, қоғаммен байланыс саласындағы жоғары дәрежелі мамандар ассоциациясы:

<http://www.awpagesociety.com/>

Word of Mouth маркетингтік ассоциациясының этика кодексі:

<http://womma.org/ethics/>

Американың қоғаммен байланыс қауымдастығының этикалық тәртіп-бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты:

<http://www.prsa.org/AboutPRSA/Ethics/AboutEnforcement>

Американың қоғаммен байланыс қауымдастығы, жалған онлайн әдістер тәжірибесі:

<http://www.prsa.org/AboutPRSA/Ethics/ProfessionalStandardsAdvisories/PSA-08.pdf>

Нью-Йорк Таймс әлеуметтік медиа заманында қоғаммен байланыс тәсілдерін қайта қарау керектігі туралы айтады:

<http://www.nytimes.com/2011/11/21/business/media/redefining-public-relations-in-the-age-of-social-media.html>

PRSA ұсынған басқа да мәліметтер:

<http://prdefinition.prsa.org/>

Күдіктілерді анықтау

Уэйкодағы атыс

Рэй Никамп

Журналистиканың ең негізгі ұстанымы – ақиқатты табу және соны хабарлау. Айтуға оңай болғанымен, іс жүзінде қиынға соғуы әбден мүмкін. Атыс барысында тоғыз адам қайтыс болады. Ал жергілікті бұқаралық медиа қаза болғандардың атын жариялай бастайды. Бірақ бір жас тілші олардың атын жариялауды күте тұрған абзал деп ойлады.

Оқиға: Мотоциклшілер бандасы, қарулы полиция және атыс

Техас штатының Уэйко қаласы. 2015 жылдың 17 мамыры. Жексенбі. Қаланың оңтүстігіндегі сауда орталықтарының біріндегі «Твин Пикс» мейрамханасы қаладағы байкерлер коалициясының кездесуін ұйымдастырып, мотоциклшілерді қарсы алмақ. Кездесуде «Бандидос» атты байкерлер клубы мен «Казактар» (Cossacks) атты байкерлер клубының арасында жанжал шығуы мүмкін еді. Хьюстондағы «Бандидос» клубының мүшелері Техас штатын өз меншігі санайтын. Ал «Казактар» (Cossacks) мұнымен келіспейді. Осы келіспеушілік ылғи да екі топ арасындағы жанжалға себепші болып, ақырында мәселеге тәртіп сақшылары араласушы еді. Бұл жолы да Твин Пикс автотұрағын полиция қоршауға алды.

«Бандидос» келген кезде «Казактардың» мейрамхана маңындағы бос орындардың барлығын иеленіп алғанын көреді. Екі тарап бір-бірімен бет-пе-бет келіп, автотұрақтағы орын үшін таласып қалады. Екі жақ та бірден төбелес бастап, пышақ пен қаруға жармаса кетеді. Арада атыс болады.

Полиция да оларға оқ ата бастайды. Оқиға аяқталған кезде 9 адамның мәйіті табылып, 20 адам жарақат алады. Полиция 177 байкерді қамауға алады. Оларды ұйымдасқан қылмыс тобының мүшелеріне балап, түрмеге отырғызып, әрқайсысына 1 млн доллар көлемінде кепілдік құнын (АҚШ-та сотталған немесе тергеуде жатқан адамдар үшін кепілдік төлеп шығарып алуға болады) белгілейді. Судьяның айтуынша, бұл байкерлердің көпшілігі шетел азаматтары болғандықтан әдейі ескерту түрінде осындай шешім қабылдаған екен.

Тығырық: Есімдерін атау керек пе?

Бұл сол көктемнің ең шулы оқиғаларының бірі ретінде ұлттық деңгейге көтерілді. Оқиғаны сол күні кешке барлық жаңалықтар қызметі көрсетті. Уэйконың телеарналары үшін де бұл ірі оқиға еді. Ірі нарықтық стансалар мен жүйелік командаларға қарағанда, жергілікті билік тарапынан қысымға жиі ұшырайтын Уэйко жаңа ақпаратты көрсетуде жоғары деңгейден көріне бермейтін. Джанет Уилер есімді тілші (есімі өзгертілді) оқиғаны зерттеп, қайтыс болған байкерлердің аты-жөндерін білуге тырысты. Сонымен қатар барлық Уэйко басылымдары байкерлердің қай жақтан екенін білуге тырысты.

Олар «Бандидос» немесе «Казактар» бандасының мүшелері ме, әлде жергілікті байкерлер ме?» – Тілшінің білгісі келгені осы еді.

Уэйко полициясы қаза тапқандардың есімін атамады әрі кейбіріннің туған-туыстарымен байланыс орната алмады. Сержант Партик Суонтон кейбір адамдар полициямен жұмыс істегісі келмейтінін мәлімдеді. Оның айтуынша, полиция барлығының туған-туыстарына хабарлап болған соң ғана, қайтыс болғандардың есімін жарияламақ.

Бірақ екі күн өткен соң Уэйкодағы бұқаралық медианың бірі қорытынды жаңалықтарда және веб-сайтында қайтыс болғандардың тізімін жариялады. «Осы тізімді алу үшін олардың жаңалықтар қызметіне басқа стансалар да хабарласа бастады», – дейді Уилер. Белгілі болғанындай, ақпарат құралдары алдын ала мәліметтерді полициядан емес, жергілікті судьядан алған. Ал Уэйко полициясы тізімді ақыр соңына дейін бермеді.

ШЕШІМ: ЕСІМДЕРІН ҚОЛДАНУ

Бұл мәселе Уилердің редакциясында дау туғызды. «Мен және тағы бірнеше әріптесім полиция мәліметін күткенді жөн көрдік. Полицияның олардың аты-жөндерін атамауының және қамаудағыларды әлі де босатпай отыруының бір себебі болуы керек», – дейді Уилер.

Оның айтуынша, сержант Суонтон ақпараттармен бөлісуге келгенде еш уақытта шегініп көрген емес. Бірақ жаңалықтар қызметіндегілердің көбі мәліметтерді бірден таратқысы келді. Уилер олар қаза болғандардың есімдері жарияланып қойғаннан кейін де, полицияның не себепті ресми мәліметтерді әлі таратпай отырғанына назар аудармағанын айтты.

Уилер қаза болғандардың аты-жөндерін кешкі 5 пен 6 аралығындағы жаңалықтан естіді. Бұған қоса, бастығы да әлеуметтік медиаларды қолдана отырып, қаза болғандардың қай қылмыстық топқа жататынын анықтауды тапсырды. Бұның барлығы Уилерді алаңдатпай қоймады. Атыста мерт болған 9 адамның екеуі – Уэйкодан, қалғандары Техастың басқа қалаларынан еді. Сондай-ақ олардың біреуі – бұзақы, жетеуі – казак, ал біреуінің ешқандай топқа кірмейтіндігі белгілі болды.

«Маған бастығым байкерлердің бірінің әйелімен Facebook арқылы сөйлесіп, әңгімемізді жазып алуды тапсырды. Айта кетерлігі, Уэйко полициясы байкерлердің құқық қорғау органдарына шабуыл жасаймыз деп қоқан-лоқы көрсеткені жайында ескертеді, ал мен бастығымның маған әлеуметтік медиа арқылы қаза болғандардың жақындары жайында жазу туралы тапсырмасын орындаумен отырмын», – дейді Уилер.

Полиция ұсталғандарды босатқан соң, бір күннен кейін Уэйко филиалы қайтыс болған адамдардың тізімін жариялады. «Facebook желісін қолданушылардың көпшілігі бұл әрекетті құптады», – дейді Уилер.

СОҢЫ: БӘСЕКЕЛЕС БАСЫЛЫМДАР ЖАҢАЛЫҚТАРҒА БЫҚПАЛ ЕТЕДІ

Осы оқиғадан кейін Уилер қаза болғандар тізімін полиция мәлімдемесіне дейін жариялап жіберудің артықшылықтары мен кемшіліктері жайында пікірталас ұйымдастырғысы келді. Оның ойынша, кейбір отбасылар туыстарының немесе жақындарының қазасы туралы билік өкілдерінен емес, бұқаралық медиадан естіп қалуы мүмкін еді.

«Әріптестерімнің көпшілігі тізімді Уэйко полициясынан бұрын жариялауды жөн санағанына таңғалдым. Олар үшін бұл, тінті бас қатырар дәнеңе емес секілді көрінді», – дейді Уилер.

Оның айтуынша, сюжет тек Уэйко деңгейімен шектелмеген. Ал команда мүшелерінің көпшілігі жаңалықтар шыққан соң, бұны қалыпты жағдай секілді, үнсіз қабылдаған. «Қайтыс болған адамдардың есімдерін жариялау-жарияламау мәселесінің мүлде талқыланбағаны сияқты, одан кейін де не болуы мүмкіндігі немесе не болғаны назарға ілінбеді. Мені бұл оқиғаның еш маңызы жоқ сияқты бағаланғаны алаңдатты», – дейді Уилер.

«Әрине, ақпаратты бірінші болып хабарлау маңызды. Бірақ дәл осы жолды пайдалану дұрыс па? Бұл – әлеуметтік медианың кесірі. «Ақпаратты әуелі тарат, сосын тексер» деген секілді көрінеді екен. Үлкен ақпарат шыққанда этика екінші орынға сырғып кеткендей көрінді», – дейді Уилер.

Олардың бәсекелестерінің қаза болғандардың аты-жөндерін эфирде хабарлағаны жағдайды қиындатып жіберді. Тізім басқа ақпарат құралдарында жария болғандықтан, жаңалықтар менеджері де өз ақпараттарында бұл адамдардың тізімін жариялау керек деп шешті. Өйткені тізімді өзгелер жариялап қойды ғой, ендігі одан келетін зиян нысанасына тиіп үлгерген де болуы мүмкін. Тіпті туысының қаза болғанын эфирден естіп, төбесінен жай түскендей болғандар да бар шығар. Екінші жағынан, кешкі жаңалықтармен салыстырғанда, күндізгі жаңалықтардың көрермені аз болады. Демек, ол эфирді көпшілігінің көрмегенін де жоққа шығаруға болмайды. Бәлкім, байкерлердің өзге де туыстары оқиғаның қалай өрбіп жатқанын бақылау мақсатында әрбір бағдарламаны жібермей қадағалап отырмағандығына кім кепіл? Егер ол ойда-жоқта туысының (туыстық қатынасының қандай деңгейде екені маңызды емес) қазасын естін қалса... Бұдан оған тиетін соққының әсерін елестетудің өзі қиын.

Біреудің қаза болғаны туралы хабарды оның отбасы әлі естімей тұрып, қоғамның білуі міндетті ме? Этика бойынша мамандардың көпшілігі бұның әртүрлі жағдайға орай болатындығын ескертеді. SPJ стандарты бойынша журналистер «жұртшылыққа тигізетін қасіретті, наланы азайтуы керек» дейді. Егер қаза болған адам танымал болса, әрі қоғамның бұл жағдайды білуі маңызды болса, медиа ақпаратты жылдам тарата алады.

Мысалы, қала мэрін біреу атып кетсе, жаңалықтар қызметінің барлығы бұл туралы хабарлайды. Бірақ байкерлер бұл қатарға жатпайды. Сондықтан ақпарат бергенде жалпылама айтып кетуге де болады. Мысалы, қайтыс болғандардың екеуі Уэйко тұрғыны екені белгілі дей келіп, есімдерін атамай кеткен дұрыс еді. Флорида университетінің докторы Рональд Роджерс полиция іс бітпейінше және туған-туыстарына толық хабарланбайынша мәлімет таратпауға толық құқылы екенін айтады¹.

1 R. Rodgers, R. Pending Notification of Next of Kin, Editingmonks blog, <http://editingmonks.blogspot.com/2010/02/pending-notification-of-next-of-kin.html>.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Зардапты азайту

Кәсіби журналистер қауымдастығының Этика кодексінің үшінші элементі – зардапты азайту. Бұл өзіңізге қандай қарым-қатынастың болғанын қаласаңыз, басқаларға да солай қарау туралы ежелгі өсиеттен шығатын ұғым, яғни сіз өзіңізді мүдделі тараптардың орнына қойып көруіңіз керек. Бұл жағдайда өзіңізді атыстан қаза болғандардың туған-туыстарының орнына қоясыз. Мәселе этикаға келіп тірелгенде, қалай әрекет ету керектігін әріптестермен талқылаудың көмегі мол.

SPJ-дің бұрынғы президенті Фред Браун Этика кодексінің «Зардапты азайту» бөліміне төмендегідей түсіндірме жазған¹:

Бұл оқиғаны айтсаңыз, кім жапа шегуі мүмкін? Уэйко оқиғасында ғана емес, осыған ұқсас өзге де оқиғаларда мұндай ақпаратты қоғамдық медиадан есту қиынға соғар еді. Бұл адамға

эмоционалды соққы болуы мүмкін. Браун бұл жағдайға түсіністікпен қарау керектігін айтады. Өзіңізді қаза болғандардың туыстарының орнына қойып көріңіз. Сіз қандай қарым-қатынасты қалаған болар едіңіз?

Ақиқатты айтудың қоғамға пайдасы бар ма? Медиа қаза болғандардың ішінде жергілікті тұрғындардың бар-жоғын білгісі келді. Олардың арасында қоғам қайраткерлері жоқ еді. Екі адамның Уэйко тұрғыны екені белгілі болды. Оларды тек осы елді мекен адамдары тануы мүмкін болғандықтан, басқа штаттар үшін ақпараттың маңызы болған жоқ.

Қоғам нені білуі керек? Оқиғаның бақылап отыруды қажет ететін тұсы – атыс құрбандарының аты-жөні. Бірақ тізімді тезірек жария ету маңызды ма, әлде туған-туыстарына хабарлап болған соң жариялағаны жөн бе еді?

1 F. Brown, Journalism Ethics: A Casebook of Professional Conduct for the News Media (Portland, OR: Marion Street Press, 2011).

Ой елегінен өткізсек:

1. Кәсіби журналистер қауымдастығының Этика кодексінің негізгі төрт қағидатының біреуі басқаларынан басым болуы мүмкін бе? «Ақиқатты анықтап, хабарлау; Зардапты азайту; Тәуелсіз әрекет; Ашық және нақты болу». Олардың маңызын бағалайтын болсаңыз, қайсысын бірінші орынға қояр едіңіз? Оқиғаны жазу барысында ақпаратты қалай өңдейтініңізге не әсер етуі мүмкін?
2. Өз тәжірибеңізде бәсекелестікке қаншалықты мән бересіз? Ақпаратты бірінші болып жеткізуге асығар ма едіңіз? Ақпаратты бірінші болып білуге ұмтылғанда қандай проблемалар туындауы мүмкін?
3. Уилер мен тағы бірнеше журналист тізімді ерте жариялау этикаға қайшы екенін білсе, редакция олардың ойымен санасар ма еді?

Байқап көріңіз:

Жариялау немесе жарияламау: Екінші бір қайғылы оқиға

Сіз жаздың бір сенбісінде радионың жаңалықтар қызметінде кезекшісіз делік. Барлығы тыныш болатын. Сол тыныштықты полиция көлігінің даусы бұзды. Көп ұзамай тікұшақтың апатқа ұшырағанынан хабардар боласыз. Бірақ радиодан ешқайда шыға алмайсыз. Себебі сағат сайын жаңалықтар беріп, ақпарат таратуыңыз керек. Бұл ретте сіз телефон мен әлеуметтік желілердегі соңғы ақпараттарға сүйенесіз.

Апат болған жерге жақын маңдағы орындарға телефон соғу арқылы сіз апаттың куәгерімен сөйлесесіз. Тікұшақ жергілікті тұрғын үй компаниясына тиесілі екен. Ол клиенттерді тасымалдау үшін пайдаланылған. Куәгер тікұшақтың электр сымдарына соғылып, өзен маңындағы орманды жерге құлағанын айтады.

Полиция тікұшақтың тұрғын үй риэлтерлік компаниясына тиесілі екенін растайды. Бірақ оларда қаза тапқандардың аты-жөні жоқ. Сіз эфирге шығып: «Полиция пилот пен жолаушылар апат орнында қаза тапқанын хабарлады», – дейсіз. Сіз құрбандардың атын атамадыңыз. Өзіңізде бар ақпаратты хабарладыңыз. Бұл SPJ этика кодексіне сай ма?

Бұл жағдайдағы мүдделі тараптарды қарастырыңыз. Өзіңізді солардың орнына қойып көріңіз. Сіз осындай жағдайға тап болсаңыз, оқиғаны қалай жеткізер едіңіз? Фред Браун ұсынған сауалдарды естен шығармаңыз. Ол жауаптар арқылы басқа шешім қабылдауға болар ма еді?

Жалғыз жүріп жол табу

TV CREW телеарна қызметкерінің оқиғасы

Джордж Л. Дэниелс

Бұрындары ірі телеарналар оқиға орнына тілші, оператор, дыбыс жазушы секілді бірнеше адамды жіберсе, бюджеті аз кішкентай телеарналар ақпарат беретін бір ғана журналисті жіберетін еді.

Қазір жаңалықтар бюджеті қысқарып, ірі және үлкен емес ақпараттық арналар мен ұжымдар арасында айырмашылық азайды. Ірі қалалардағы телеарналар бір тілшіні, VJ (видео-журналист) немесе solo (соло) журналисті жібере бастады. Жергілікті жаңалықтар қызметі үшін де бұл қалыпты жағдайға айналды¹.

Алғашқы жұмыс орнына келген жас журналист үшін тапсырмаға жалғыз бару қиындық туғызуы мүмкін. Себебі жаңалықтарды беру, жазу, өңдеу — жылдар бойы тәжірибемен келетін қабілет. Видеоны түсіру және ақпаратты беру де журналистің қолында болғандықтан, этикаға қатысты проблема туындаса, жас журналист кімнен сұрарын да білмей қалуы әбден мүмкін.

Материалдың видеосын жариялауға бола ма? Видео түсіру барысында айналадағы адамдарға ескерту керек пе? Сіз үлгермеген сәттерді түсіріп

¹ Deborah Halpern Wenger and Deborah Potter, *Advancing the Story: Broadcast Journalism in a Multimedia World*, 2nd ed. (Washington, DC: CQ Press, 2012), 80–81.

алу үшін адамдардан сол іс-қимылды қайталауын сұрай аласыз ба? Алаба-маның жас видеожурналисі кез келген оқиғада осындай сауалдар туындауы мүмкін екенін айтады.

ОҚИҒА: ТОРНАДО ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ

2011 жылдың 27 сәуіріндегі EF-4 (ең ірісі – EF-5) торнадосы Тускалус маңындағы Алабама штаты университеті мен университет басқаратын WVUA-TV аумағын жайпап өтті. Тускалус дауылынан 43 адам қаза тауып, басқа округтерде ондаған адам қайтыс болды. WVUA журналистері қайтыс болғандардың санын, дауылдан университетке келген шығынды, аумақты тазалау жұмыстары мен көмек көрсету шараларын ұдайы назарда ұстады.

Алабама университеті журналистика факультетінің студенті және WVUA-TV тілшісі Дэниел Спаркман дауыл кезінде эфир арқылы ауа райын хабарлауға жауапты команданың мүшесі еді.

Дауылдан кейінгі аптада бұл команда округтерді аралап, зардап шеккендер туралы ақпарат жинады. Түрлі қауымдастық мүшелері мұқтаж жандарға қол ұшын созды. Одан кейінгі оқиға Тускалустағы орта мектепті бітірген, 2008 жылы жазғы Олимпиада кезінде жүлде алған жалғыз америкалық боксшы Деонтай Уайлдерге байланысты өрбіді.

Торнадодан кейін алты апта өткен соң Уайлдер Тускалуста Rumble on the River атты жарысқа қатысып, жекпе-жек өткізді. Айқас билеттері торнадо кезінде мектебі қирап қалған Альберте-Сити ауданында тегін таратылды. Rumble аясындағы тағы бір шара – дауылдан зардап шеккендерге көмектесу мақсатында лотерея өткізілді. Лотерея жеңімпазы Деонтаймен түскі ас ішу мүмкіндігіне ие болды. Осы шарада Уайлдердің жекпе-жегінен кейінгі лотереядан түскен қаражат көлемі жария етілмек. Спаркман бұл кешкі ас жайында ақпарат дайындауы керек еді.

Спаркман таңғы асын іше салысымен тапсырмаға кетті. Ол видео түсіріп, мәтінін жазып, оны сол күні сағат түнгі 10-да шығатын WVUA арнасының жаңалықтарына беруі тиіс. Екі минуттық видео Уайлдердің және жеңімпаздың түскі асынан түсірілген кадрларды қамтып, жалпы шара туралы ақпарат беруі керек болатын.

Түскі ас, таныстырылым секілді статикалық шаралар телеарналар үшін қызықты тақырып саналмайды. Бірақ Спаркман Тускалустан шыққан танымал боксшымен кездесуге мүмкіндік туғанына қуанды. Шараны Уайлдердің промоутері боксшының беделін арттыра түсу үшін ұйымдастырғанын білсе де, тілші бұл оқиғаның ақпараттық құндылығы бар деп ойлады.

Спаркман торнадодан кейін көп залал келсе де, жұрт қайта оңалып келе жатқанын, оған Уайлдердің де көмегі тиін жатқанын көрсеткісі келді.

WVUA тілшілері, соның ішінде, Спаркман да тапсырмаларға жалғыз баруға үйренген болатын. Ол өзінің продюсерінен лотереяны кімнің ұтып алғанын, кездесудің қай мейрамханада болатынын білді. Мейрамханада ол жеңімпаздың есімі Луиза Данн екенін, оның Альбертадан келгенін естіді.

Жаңалықтар тәжірибесінде жиі болып тұратындай, оңай деген тапсырманың да өзіндік қиыншылықтары болады. Спаркман камерасы мен штативін алып мейрамханаға барған кезде, Данн лотерея ұтысын қолына алып үлгерген еді. Әйтсе де, ең сорақысы – Уайлдер келмеді. Сөйтін, Спаркманның жоспары жүзеге аспайтын болды, ал сағат 10-дағы жаңалықтарға сюжет тапсыратын уақыт келіп те қалды.

ТЫҒЫРЫҚ: ЖҰМЫСТЫ ҚАЙТА ІСТЕУ КЕРЕК ПЕ?

Спаркман үш түрлі дилеммамен бетпе-бет келді. Біріншіден, Уайлдерді видеоға түсірген жоқ. Бірақ бұл жерде Уайлдердің шараға келмегенін ескеруге болады. Екіншіден, оған жеңімпаздың ұтыс чегін алып жатқан видеосы керек. Алайда Спаркман барғанша, жеңімпазға чек тапсыру бейресми түрде өтіп кетінті. Үшіншіден, оған лотерея жеңімпазы Луиза Данн туралы жалпы мәліметтер қажет еді. Бірақ тілші оған да қол жеткізе алмады.

Бұл проблемалардың әрқайсысында да этикалық мәселе бар. Ол өзі тұрған жерден жеңімпаздың түрін анық көре алмаған жағдайда, өзгелердің жолды босатуын талап ете ала ма? Бұл Луиза Данн түстеніп отырған «табиғи» көріністі өзгертін жібермей ме? Егер чек тапсыру шарасы ресми жоспарланбаған болса, Данның жүлде алғанын қалай көрсетуге болады? Камераға түсіріп алу үшін біреуге өтініш жасап, чек тапсыру рәсімін қайта өткізу керек пе еді, әлде Луиза Даннан жеке сұхбат беруін өтіне ме?

Сюжетті кеш жүлдызы Деонтай Уайлдерсіз, Луиза Даннмен өткізген сұхбатпен ғана берсе, ақпараттық оқиға қалай болады, оқиғаның құндылығы неде? Бұл оқиғаның қоғамдық маңызы болмаса да, көрермендер бокс жүлдызын күтері анық. Спаркман сюжетке Уайлдер қатысқан басқа да видеоларды қоса алатын еді, бірақ ол бүгінгі өткен оқиғаны толықтыра ала ма?

ШЕШІМ: ШЫНАЙЫЛЫҚ

WVUA тілшісі бола тұра Спаркман Кәсіби журналистер қауымдастығының кампус басшысының бақылаушысы қызметін де атқаратын. Сондықтан ол журналистік стандарттар мен этика мәселесіне үнемі мән беретін.

ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Файлдар мен VNR файлдарын қолдану

Видео-журналистер көп жағдайда аутсайдерлер түсірген немесе жаңалықтар қызметінің мұрағатынан алынған видеоларды пайдалану барысында бірқатар проблемаларға тап болады. Видеонь журналист дайындаған материалмен бірге келмегенін көрермен білуі керек.

VNR дегеніміз – фирмалар, қоғамдық мекемелер, мемлекеттік мекемелер мен басқа да бірлестіктер өздері дайындап, журналистерге беретін, веб-сайттарында орналастыратын бейнематериалдар. Сол арқылы компания немесе агенттік ақпараттық контентін бақылап отыра алады, яғни VNR баспасөз-хбарламасының видеонұсқасы деуге де болады.

Теориялық тұрғыда кез келген бұқаралық ақпарат құралы аутсайдерлер ұсынған видеоларды толығымен бере алмайды. Бұл бәсекелестер үшін де маңызды емес: басқа жаңалықтар қызметі де осы материалды қолданатындықтан, сіздердің сюжеттеріңіз бірдей болып қалады. Журналистикада VNR-ді қолданудың да еш маңызы жоқ: сіз ондағы ақпараттың нақты екенін және өндірушінің қандай ойы бар екенін білмейсіз.

Сюжет кезінде оқиғаның маңызын ашатын кейбір ғимараттарды айқын көрсету үшін немесе қажетті адамның видеосы болмай қалған жағдайда VNR-дің үзінділерін пайдалану тәжірибеде кездеседі. Дегенмен видео-журналистер архивтен алынған ескі видео, VNR немесе интернет-сайттардан, мысалы, YouTube-тен алынған видеонь үзінділерін қалай қолдану керектігін білуі керек.

Бірде Даниэль Спаркман құқық қорғау органдары ірі есірткі бандасын ұстаған жерге барды. Сол жерде полиция көп қару тәркілейді. Мұндай жағдайда медиаға қажетті видео мен суреттерді полиция баспасөз мәслихаты барысында ұсынатын. Бірақ осы оқиға кезінде полиция ешқандай материал ұсынбады. Ол желілік жаңалықтар арнасының видеофайлын қолданды.

Сіз тура сол күні түсірілмеген видеонь пайдаланатын болсаңыз, ол туралы көрерменге көрінетіндей етіп экранға ақпарат беруіңіз керек. Мысалы, видеонь кім ұсынғаны немесе қай жерден алынғаны туралы жазылуы керек. Бұл – тек WVUA арнасының емес, барлық телеарна қызметінің саясаты. Есірткіге байланысты жағдайда видеодағы тәркіленген қару мен есірткінің тура сол оқиға барысында табылмағанын айту маңызды болды. Бұл жаңалықтардың этикалық түсінігі үшін маңызды рөлге ие.

VNR және архивтегі басқа да видеоларды қолдану кезіндегі этикалық түсінік Radio Television Digital News қызметінің «Жаңалықтар видеосы» бөлімінде берілген. Оның сілтемесін осы бөлімнің соңынан таба аласыздар. Бұл ұйым VNR немесе басқа дереккөзден алынған видеоларды салғанда көрермендердің ол туралы білуі керектігін, сондай-ақ журналистер VNR-дің қандай жағдайда, қандай мақсатпен түсірілгенін, қандай стандарттарға сай екенін анықтау керектігін айтады.

Тілші оқиғаны баяндап тұрғанда көрсетілетін b-roll немесе cover video түрлері туралы білді. Оның ең жақсысы — алдымен Деонтай Уайлдер мен Луиза Данды, сосын чектің тапсырылуы мен түскі астың барысын көрсету болар еді.

«Тускуласта көп жағдайда ақпараттық сюжет барысында b-roll қолданылатын. Торнадо, басқа да жағдайлар бойынша да видео көп. Бірақ баспасөз мәслихаты секілді шараларды түсірсеңіз, ол жерде жалпылама көріністі қолдану тиімсіз болатындықтан, басқа дереккөзден көрініс іздеу қиынға соғады», — дейді Спаркман. Осы жағдайда тілші Луиза Данның боксшымен бірге тамақтанғанын көрсету керек еді.

Спаркман Уайлдерсіз оқиғаны қалай жеткізерін ойлап тұрғанда, 45 минутқа кешіккен боксшы да келді. Сол кезде тілші оны камерасына түсіріп алды. Уайлдермен амандасып, қолтаңбасын алып, одан кейін оның асқа келген басқа адамдармен тұрған видеоларын түсірді. Бірақ Спаркманға чекті жеңімпазға ұсынып жатқан көрініс қажет еді.

«Оқиға мен жай түсірілген видеолар арасында бір көріністің болғанын қалайтын кездер болады. Фототілші әрі жаңалықтар қызметінің журналисі ретінде болып жатқан шараға сіз де жауаптысыз. Айналадағы адамдардан көмек сұрасаңыз, қол ұшын созатындар аз емес», — дейді жас тілші.

Уайлдер келген кезде Спаркман видеоны түсіріп, боксшыдан Данға чекті табыстауын сұрады. Мұндай жылдам өтетін сәттерді журналистер ұната қоймайтын. Әйтсе де, Спаркман осы сәтті көрсету — сюжетті аяқтау үшін өте қажет деп санады. Бұл туралы ол: «Олардың уақыты аз еді. Екеуі бірге тамақтанып отырғандықтан, өз қалауларымен жүргісі келді», — дейді. Бір жағынан қарасақ, ресми түрде чек тапсыру рәсімін орындау қиын емес секілді.

Төменде Спаркманның эфирден көрсетілген 80 секундтық сюжетінің жазбаша мәтіні көрсетілген. 27 сәуірдегі торнадо кезінде Данн өзінің ең жақын досы Ивонн Майестен айырылды. Данн да Альберта тұрғындары секілді алты апта өткен соң ғана есін жия бастаған. Сюжетте торнадоның оның өміріне тигізген ықпалы туралы айтылады.

Данн ханым:

— Біз досымыздан, баламыздан айырылдық. Альберта қалашығы басқа әлемге айналып кеткендей. Мен үшін солай болды. Басқа әлемге тап болғандаймын.

Спаркман:

— Бұл — 27 сәуір күнгі дауыл кезінде досынан айырылған адамның сөзі. Боксшы Деонтай Уайлдердің бүгінгі әрекеті оған өмірінің қиын сәттерінде үлкен демеу болды.

Дж. Д. / Боксшының промоутері:

— Біз не істедік? Біз «Деонтаймен түскі ас» ұйымдастырдық. Бірақ маңыздысы — адамдардың қайырымдылыққа ақша салғаны. Бұл шараның кульминациясы — осы. Біз конкурс барысында жеңімпазды анықтадық, бүгін онымен бірге танымал боксшы тамақтанатын болады. Сонымен қатар Дани ханымға 500 доллар көлемінде чек табысталады.

Спаркман:

— Промоутер бұл қаражат торнадо кезінде зардап шеккен бір адамға болса да көмек қой.

Дж. Д.:

— Бұл шара лотерея ретінде ұйымдастырылғандықтан, қала тұрғындарының барлығына көмектесе алмайтынымыз белгілі. Біз тек бір адамға қол ұшын соза аламыз. Бүгінгі ісіміз жеңімпаз үшін жақсы әсер қалдырады деп ойлаймын.

Дани ханым:

— Оған алғыс айтамын. Уайлтер және оның отбасына мен сияқты қиындықты еңсере білуін тілеймін. Торнадо зардабы да ұмытылатынына сенемін.

Спаркман:

— Дани ханым бұл қаражатты жаңа жиһаз сатып алуға жұмсамақ. WVUA жаңалықтар қызметі. Даниэль Спаркман, Тускуластан.

Соңы: Көп оқиға, мол тәжірибе

Спаркман этика теориясы мен этика тәжірибесінде іс жүзінде айырма барын шараға бармас бұрын білді. Этикалық шешім қабылдау мәселесі туындаған кезде, ол барлығы сюжетке байланысты екенін айтты. Осы оқиға барысында видео түсірген тілші: «Видео түсіру барысында абай болу керектігін білдім. Сонымен қатар іс-шара барысында сақтық шараларын дұрыс жасағаным сенімді болуым керек еді», — дейді.

Спаркман Уайлдердің кешігіп болса да келгеніне қуанды және одан чекті қайта тапсыруды сұрағанына еш өкінген жоқ. Шараны ұйымдастырушылар нақты бір уақытты белгілегені, жоспарға сай әрекет еткені анық. Сондықтан ол бүгін де тура сондай жағдайға тап болса, осы әрекетін қайталай еді. Оқиға барысында ол журналистиканың негізі не екеніне көз жеткізгенін айтты. «Мен бір оқиғаға байланысты сюжет жасасам, ол табиғи болып шықпаса, жаңалық болудан қалады. Ал бұл шара жеңіл сипатта өтті. Оның маңызды тұсы — Уайлдердің жеңімпазға жүлде табыстауы еді. Сондықтан да боксшының Данға чекті берген сәті табиғи көрінді», — дейді ол.

Торнада оқиғасынан бері Спаркман осыған ұқсас мәселелерге жиі тап болды. Солардың көпшілігінде ол басқа да журналистер секілді этикалық ойлармен бетпе-бет келетін. Қателесіп кетсе проблема көп болатынын, жалғыз өзіне артылар жауапкершілік зор екенін білді. Әрине, оператормен шығатын журналистер де осындай дилеммаларға тап болып жатады.

Ой елегінен өткізсек:

1. Басқалардың өзі істегісі келмегенін немесе өтіп кеткен сәтті қайталауын сұрасаңыз, журналист ретінде қандай сезімде болар едіңіз? Оның сурет үшін, видео немесе мақала үшін қажеттілігі маңызды ма? Спаркманның Уайлдерден чекті қайта тапсыруды өтінгені дұрыс болды ма? Сіз өз еркіңізбен шешім қабылдасаңыз да, іс-қимыл нұсқаларын қарастыру барысында жұмыс орныңызды ескерген жөн бе?
2. Мысалы, сіз телеарнада қызмет етесіз. Бір күні өз арнаңыздың жаңалықтарын көріп отырып, кейбір файлдарда белгі жоқ екенін байқайсыз. Сюжетте пайдаланылған видео үзінділерінде ондай белгі болмағандықтан, тура сол күні түсірілгендей әсер береді екен. Сіз не істейсіз? Бұл этикалық тәртіпке қайшы ма? Ол туралы продюсерге айтасыз ба? Олар бұл мәселеге қатысты ешқандай алаңдаушылық танытпаса не істейсіз? Жоғары басшылыққа айтасыз ба?
3. Телеарна визуалды орта саналады, бірақ кей оқиғалар визуалды болмауы мүмкін. Мысалы, әлемдік қаржы дағдарысын алып көрейік. Егер маңызды санайтын видео болмаса, оны визуалды түрде жеткізе алмасаңыз не істейсіз? Видеоны аз пайдалана отырып, тақырыпты ашуға бола ма? Телеарнаның эфирде пайдаланылған видеолары бар, бірақ ол басқа сайттардан алынған, оны өз сайттарына орналастырғаны жөн бе?
4. Видео-журналистиканы түсіну үшін мына жаттығуды жасап көріңіз. Интернеттен журналистің жалғыз жасаған сюжетін тауып алыңыз. Баспасөз фотографтарының ұлттық ассоциациясы ұйымдастыратын конкурс жеңімпаздары арасынан да нұсқалар қарап шықсаңыз болады. Өзіңіз таңдаған тілшіні бақылап, журналист сөйлескен адамдардың тізімін жасаңыз. Сюжетті жазып алып, журналистің басқа қандай жолдарды таңдауға болатыны туралы ойланып көріңіз.
5. Интернеттегі жаңа сайттардың бірінен бір бейнесюжет көріп, оның аудиосы өте жақсы таңдалғанын байқадыңыз делік. Сіздің ойыңызша, бұл эффект оқиғаны жақсы ашып тұр. Бірақ Radio Television Digital News Association ұйымының аудиожазбасы аудиторияны адастыра алады деген сөзін еске алыңыз. Оған не айта аласыз?

ОЙ ҚҰРАЛЫ: **Этикаға сай келетін видео мен аудиоға монтаж жасауға қажетті әдістемелік ұсыныстар¹**

Интернеттен немесе телеарнадан видео көргеннен кейін біршама уақыт өтсе де оның белгілі бір көрінісі немесе аудиосы есіңізде қалып қоюы мүмкін. Бұл журналистердің визуалды құралдарды қолдануға не себепті баса назар аударатынының басты себебі, яғни визуалды құралдардың осындай күші бар. Әлем бойынша тек электронды журналистикамен айналысатын Radio Television Digital News Association ұйымы хабарлағандай, «фотожурналистер мен редакторлар, продюсерлер дыбыстар мен суреттердің нақтылығына, этикалық кәсіпқойлығына бірдей қарауы керек»².

Фототілшілердің ұлттық ассоциациясы мен RTDNA этикалық кодексінде ұйымдардың суреттерді өзгертуге қарсы екені айтылған. RTDNA кейін де журналистерге қалай әрекет еткен дұрыс екенін айтып, олардың міндеттері туралы толық түсіндіргісі келді. Пойнтер институтымен серіктестік оларға редакциялаудың нұсқаулығын жасауға мүмкіндік берді. Төменде оның үзінділері келтірілген (толық нұсқасын бөлім соңындағы сілтемелер тізімінен көре аласыз).

1. Өтіп кеткен оқиғаны қайталамаңыз. Болмаған дыбысты қоспаңыз. Тек

көрермен монтаж барысында енгізілген дыбыстарды ажырата алатындай дыбыстар ғана қосылуы керек. Басқа жерде және басқа орында түсірілген дыбыстарды, аудиторияны адастыруы мүмкін дыбыстарды пайдаланбаңыз. Оқиғаға болмаған нәрсені қоспаңыз.

2. Музыка мен арнайы эффектілерді қолданған кезде абай болыңыз. Музыка тек редакциялық хабарлама жібергендей болуы мүмкін. Егер оқиға орнында жазылған музыка болса, этикалық тұрғыда оны редакциялауға болады. Бірақ егер дыбыс саундтректің аудиожазбасы болса, журналистер редакциялық реңге мән беріп, музыкасыз берілген сюжетке басымдық қойғаны жөн.
3. Фото және арнайы эффектілерді аздап әрі абайлап енгізіңіз. Баяу қимыл, толығымен қиып тастау немесе кейбір ракурстар адамның беделін түсіретіндей болып көрінуі мүмкін.
4. Редакциялау этикасын жаңалықтарда, жарнама акцияларында, сондай-ақ тақырып қойғанда да ескеріңіздер. Мысалы, жаңалықтарға музыка қосу этикаға сай келмеуі мүмкін.

1 Этикаға сай келетін видео мен аудиоға монтаж жасауға қажетті әдістемелік ұсыныстар http://www.rtdna.org/content/guidelines_for_ethical_video_and_audio_editing

2 сонда

Егер...

Сізді жақында өзіңіз оқитын оқу орнының телеарнасына тілші ретінде қабылдады деп елестетіп көріңіз. Сіз жұмыс кестесі бойынша Рождествода жұмыс істейсіз және сағат 19:00-де қайырымды адамдар туралы сюжет шығаруыңыз керек.

Сіздің бұдан басқа тағы да бірнеше тапсырмаңыз бар, алайда сіздің осы сюжетті жоғары деңгейде түсіргіңіз келді.

Сізге бірден мынадай ой келді делік: әйелдер қауымдастығы Рождествоны баспанасыздар үйінде өткізгісі келеді. Сондағы адамдарға ас әзірлеп, мерекені бірге өткізбек. Сіз туыстарыңызға Рождествода жұмыста болатыныңызды айттыңыз. Бірақ туыстарыңыздың бірге тамақтансақ деген өтінішінен кейін оларды да сол баспанасыздар үйіндегі мерекеге апарып, сюжетті де түсіріп, туыстармен де уақыт өткізуге болады деп ойладыңыз.

Сіз 2:30-да басталатын Рождество дастарқанына 2:15-те келесіз. Ешкім жоқ. Елдің бәрі дастарқанға әдетте 01:00-де отыратын болғандықтан, бұл жерге ешкім келмеген екен. Сіз оны білмей екі сағат күтіп, ақырында жақын жердегі шіркеу қызметкерлері тамақ ысырап болмауы үшін таныстарын шақырады.

Сіз сағат 19:00-де сюжетті тапсыруыңыз керек. Бірақ материалыңыз жоқ. Не істейсіз? Туыстарыңыздың үйсіздерге арналған дастарқаннан тамақ ішіп отырғанын түсіресіз бе? «Жоқ» десеңіз, онда эфир уақытын этикаға сай қандай сюжетпен толықтыруға болады? Басқа жерден оқиға таба аласыз ба?

Мысалы, сіз бастығыңызға хабарласасыз. Ол сізге мұқтаж жандарға тегін Рождество дастарқанын жайған Стейт-Стрит көшесіндегі мейрамханаға баруды тапсырады. Барып, тамақ ішіп отырғандарды бақылайсыз. Кейбірі камераға не себепті көмекке мұқтаж екендіктерін айтады. Одан кейін мейрамхана басшысынан сұхбат аласыз.

Біріншіден, басшы сізбен сөйлескісі келмейді әрі ортаға сай болу үшін эльфтің киімін киюді тапсырады. Ресторан басшысы бастығыңызды «Джо көке» деп атағанынан, бастығыңыз оның ағасы екенін білесіз, яғни бастығыңыз туысының мейрамханасы туралы сюжет жасауға жіберген. Тапсырмада өзіңіз жалғыз жүрсіз. Телеарнада қызметкерлердің аз екенін, бастыққа хабарлассаңыз, оның басқа тапсырма бере қоймайтынын білесіз. Жұмысыңыздан да айырылып қалғыңыз келмейді. Эльф қалпағын киіп алып, «енді не істеу керек» деп ойланып тұрсыз...

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

RTDNA Этика кодексі

http://www.rtdna.org/content/rtdna_code_of_ethics

Этика бойынша видео мен аудиоға монтаж нұсқаулығы

http://www.rtdna.org/content/guidelines_for_ethical_video_and_audio_editing

VNR бойынша қосымша мәліметтер мен ұсыныстар:

Баспасөз-хабарламаларының видео және аудио нұсқаларын қолдану бойынша BBC саясаты:

<http://downloads.bbc.co.uk/guidelines/editorialguidelines/pdfs/video-news-releases.pdf>

RTDNA Редакцияланбаған видео мен аудионы қолдану нұсқаулығы:

http://www.rtdna.org/pages/media_items/guidelines-for-use-of-non-editorial-video-and-audio250.php

VNR проблемасы бойынша RTDNA оқиғасы:

http://www.rtdna.org/pages/media_items/full-disclosure817.php

Жергілікті телеарналардың жаңалықтарында VNR қолдану бойынша NPR оқиғасы:

<http://www.npr.org/templates/story/story.php?storyId=5327152>

Студенттердің ізденістеріне көмектесу: Ақпаратты құпия жолмен алу

Джо Миранда

Университеттің трансферлік кредит саясатына көңілі толмаған студент бұл туралы журналистерге хабарлады. Жас тілші трансферге қатысқан студенттер туралы мәліметтер жинағанымен, алдымен университет басшылығынан қандай курстардың кредитке қабылданатынын анықтамақ болды. Қарапайым әдістер көмектеспеген кезде студент басқа адам болып хабарласады.

Ақиқатты анықтау үшін өтірік айтқан дұрыс па? Егер өтірік айту ақпарат алуға көмектесе, оның тиімді болғаны ма? Оқиға кейіпкері студенттік газетке мақаланы жариялағаны жөн бе? Егер жариялайтын болса, редактор мен аудиторияға ақпарат алу үшін қолданған тәсілдері туралы ашық айтуға міндетті ме?

Бұл бөлімдегі студент осындай оқиғаға тап болды. Кредит беру мәселесі әлі талқыланып жатқандықтан әрі бөлімдегі адамдар университет басшылығымен қарым-қатынасын үзбегендіктен, адам аттары өзгертілді.

ОҚИҒА: КРЕДИТ БЕРУДІҢ БЕЙРЕСМИ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Орталық мемлекеттік университеттің екінші курс студенті Лорен Сагона журналистика бөліміне ауысқан кезде математика курсының негізгі пән ретінде есептелмейтінін біліп, алаңдай бастады. Бұл туралы басқа студенттерге айтқанда, олар да бір мамандықтан екінші мамандыққа көшуде бастарынан кешкен қиындықтарын жеткізеді. Сондай-ақ Орталық мемлекеттік университеттің ішінде мамандықтарын ауыстырған студенттерге қарағанда, басқа университеттен ауысып келетіндердің қиындықтары көп екені байқалды.

Екі жылдық Килпатрик коммуникация колледжінің кейбір студенттерінің он курстық кредиті Орталық мемлекеттік университетке келгенде есепке алынбаған. Соның кесірінен кейбірі қайтадан бірінші курсқа оқуға түскен. Сонымен қатар мамандықтарын ауыстырған студенттер бір-бірінің құжаттарын салыстырып, кейбірінде есепке алынған кредиттердің басқалардың тізімінде жоқ екенін, әрі негізгі және факультативті пәндердің сәйкес келмейтінін байқаған.

Сагона көбірек ақпарат алғысы келді. Алдымен Google іздеу жүйесі арқылы The Chronicle of Higher Education, Education Week және Community College Journal басылымдарынан пайдалы материалдар тапты.

LexisNexis мәліметтер базасы арқылы Current Issues in Education және Community College Review басылымдарындағы ғылыми зерттеулерді оқуға мүмкіндік алды. Дереккөздерден студенттердің мамандық ауыстыру тәртібін реттейтін федералды заңның жоқтығы анықталды, яғни оқу орындары студенттердің таңдауына қарай кредит беру немесе бермеу туралы шешім қабылдай алады. Ал кей жағдайда оқу орындары мемлекеттік саясатқа жүгінген. Бірақ ол басқа штаттардан немесе жекеменшік оқу орнынан мемлекеттік оқу орнына ауысатын студенттердің жұмысын мүлде қиындатып жіберген.

ТҒЫРЫҚ: КҮРДЕЛІ РЕСУРСТАРДАН АҚПАРАТ ЖИНАУ

Сагона Орталық университет пен Килпатрик колледжінің ғылыми консульттарымен және академиялық курстарын ауыстырған студенттермен сөйлесіп, қолында бар ақпараттарды тексерді. Оның айтуынша, Американың басқа да колледждері секілді бұл екі оқу орны да мамандық ауыстыратын әрбір студенттің өтінішін қарастыратын қызметкерлер штатын ашқан.

Барлық колледжде курс жүйелерінің нәмірленуі мен атауы әртүрлі. Мысалы, бір колледжде «Қазіргі заман әдебиетін зерттеу» курсы EN 312 деп

белгіленсе, басқа оқу орнында контенті осыған ұқсас ENGL 159 курсы «Америка жазушылары» деп аталады. Екі жылдық колледждердегі кейбір курс төрт жылдық колледждердің үшінші және төртінші курс студенттеріне арналған пәндерімен мазмұндас және аттас келеді. Осы қиындықтың барлығын ескере отырып, Орталық штат кеңесшілері мамандық ауыстырған кезде болуы мүмкін жағдайлар туралы үнемі ескертетінін айтады. Дегенмен трансфер кредитін бағалау толық тіркеу біткен соң ғана ресми сипат алады.

Сағона ресми дереккөздерден «курстардың эквиваленттілік кестесі» болатынын білді. Онда бір колледждің қандай префикстері басқа оқу орнындағы қандай пәндерге сәйкес келетіні туралы мәліметтер берілген. Ол Орталық университеттің кеңесшілерінен бұл ақпаратты сұрағанда, оны тіркеу бөліміне жіберген еді.

Тіркеу бөліміне барған Сағона өзін мақалаға ақпарат іздеп жүрген журналист ретінде таныстырды. Бірақ хатшы да, басқа бөлімдер де курстардың эквиваленттік кестесін беруге болмайтынын айтты.

Келесі күні Сағона хатшының да, тіркеу бөлімінің де осы кестенің бар-жоғы туралы нақты ақпарат бермегенін есіне алды. Олар тек кестені бере алмайтындарын айтты. Тіркеу бөліміне тағы хабарласып, осындай кестенің бар-жоғын сұрағанымен, нақты жауап ала алмайтынын білді.

Одан кейін Сағона өзін тілшімін деп таныстырғысы келді. Егер солай етсе, оның қолынан не келеді? Ол өтірік жолмен болса да, қажетті ақпараттарды алу керек деп шешті.

■ ■ ■ ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Оқу орнын ауыстыру ережелері

Кәсіби журналистер қауымдастығы тілшілерге белгілі бір жағдайларда ғана өтірік айтуға мәжбүрлейтін әдістерді қолдануға болатынын айтқан¹:

- Іздеп отырған ақпарат маңызды болғанда;
- Ақпарат іздеудің басқа амалы қалмағанда;
- Тілші өтірік айтқанын мойындап, редакторы мен аудиториясына себептерін түсіндіргенде;
- Қоғамға төнген қауіптің алдын алу үшін;
- Журналистер өз әрекеттерін жан-жақты зерттеп, оның болуы мүмкін салдарын, мамандық пен жаңалық қызметінің және өзінің беделіне әсерін салмақтау керек.

1 Jay Black, Bob Steele and Ralph Barney, *Doing Ethics in Journalism* (Greencastle, IN: Sigma Delta Chi Foundation, Society of Professional Journalists, 1993): 112–113.

ШЕШІМ: БАСҚА АДАМНЫҢ КЕЙПІНЕ ЕНУ

Сагона сабақта кейбір журналистің маңызды оқиғалар кезінде басқа адамдардың кейпіне енетіні туралы оқыған болатын. Журналдар мен оқулықтарда журналистердің аурухана емделушісі, бармен, қылмыскер, полиция немесе супермаркет қызметкері болып жүргені туралы мәліметтер берілген. Олар қауіптің немесе әділетсіздіктің алдын алу үшін осындай әрекеттерге барған. Мысалы, тілшілер осындай жолмен психикалық ауруларға шалдыққандарға зиян келтіргендерді, жұмысқа өтініш жазу немесе үй сатып алу кезіндегі кемсітушілікті анықтаған.

Сагона өтіріктің қауіпті екенін білді. Бұл жағдайда өтірікті мойындап, оның кез келген салдарын қабылдауға дайын болу керек. Өйткені оның оқығаны бойынша, журналистің өтірік айту жағдайлары мақсатқа жету үшін жақсы жоспарланған және әділетсіздікті шектеу үшін болған еді. Сондықтан тілші алдымен деректерді қорытады, яғни ақпарат алу үшін бұл жағдайда өтірік айтуға болатынына көз жеткізеді. Бұл журналистиканың ең басты ұстанымы — адалдыққа қайшы. Егер Сагона қажетті ақпараттарын жинаса, кейбір студентке көмегі тиеді. Тіпті оқу орнының саясаты да жақсаруы мүмкін. Дегенмен оның әрекеттері барысында кейбір адамдар жаман жағынан танылып, университетке деген сенім азайды.

Сагона тіркеу бөліміне хабарласып, хатшы оны танып қоймас үшін дауысын өзгертіп сөйлесті. Ол өзін «Килпатрик колледжінің студентімін» деп таныстырып, Орталық университетке ауысқысы келетінін айтты. Қандай курстардың кредиті аталған университетте есепке алынатынын сұрады. Ол курстардың эквиваленттік кестесінің бар-жоғын анықтаудың басқа амалы жоқ деп ойлады.

Ол тіпті басқа адамның атын атамаққа бекінген еді. Бірақ бір жыл ішінде Орталық университетке ауысқысы келетінін ғана айтуды жөн көрді. «Мен Килпатриктен Орталық университетке ауысқанда қай кредиттердің сақталатынын білгім келеді. Қандай курстарға жазылатынымды айтсам, солар үшін кредиттің есепке алынатын-алынбайтынын айта аласыз ба?» — деді ол хатшыға.

Сагона хатшыға Килпатрик колледжінің бес курсының номері мен аттарын берді. Хатшы сол бесеудің екеуі сақталуы мүмкін екенін айтты әрі ақпараттың ресми емес екенін, студент университетке тіркелгенге дейін курстың ресми тіркелмейтінін ескертті. Сагона басқа үш курс туралы сұрап еді, хатшы оларды да ауыстыруға болатынын, бірақ оған ешқандай кепілдік жоқ екенін айтты. Ауыстырылмайтын пәндер негізгі оқу бағдарламасының жоғары деңгейлі курстары саналатын.

Сагона курстардың эквиваленттік кестесін қайталап сұрағысы келмеді. Хатшы ақпараттың ресми емес екенін айтқан соң, тағы сұраса, күдіктенер деп ойлады. «Басқа студенттер хабарласса, оларға нақты курстар туралы ақпарат беріле ме?» деп сұрады. Хатшы бұл бірнеше факторға байланысты екенін айтты. Оның ішінде үнемі өзгеріп тұратын уақыт және курстардың толық тізімі қажет екен. Сагона хатшыға алғыс айтып, телефонды қойды.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Милль және рационализациядан қашу

Мамандықтың негізгі кәсіби құндылығын бұзған журналистер өтірік айтып, ақпарат жинап, өз әрекеттерін ақтап аламын деп ойлайды. Джон Стюарт Милль пайдалылық принципінде жұмыстың санына емес, сапасына мән берген дұрыс деп есептейді.

Лорен Сагона өтірік айтса да, университет саясатының олқылықтарын ашу арқылы жақсылық жасап отырмын деп ойлады. Бірақ оның әрекеттерінің салдары қандай? Университет қалашығындағы басқа дереккөздер болашақта тілшіге сеніммен қарай ала ма? Оның өтірігі студент тілшілердің беделіне нұқсан келтіре ме? Милль өтірікке бармас бұрын мәселені жан-жақты қарастырып, басқа жолдың жоқ екеніне көз жеткізгенді жөн санайды.

Сагона тіркеу бөлімінен өзіне қажетті құжатты ала алмады. Ол басқа не істеуі керек еді? Оқу ауыстырған студенттерден ақпарат жинау үшін әлеуметтік желіні пайдаланғанда не болушы еді? Ол бес студенттің белгілі бір курс бойынша кредит алғанын, ал қалған бесеуі алмағанын дәлелдей алатын деректерді келтірсе не болар еді? Сагона үшін іздеген құжаттарын алудың басқа қандай жолдары бар?

Кәсіби журналистер қауымдастығы қоғамда маңызы жоқ ақпараттарды алу үшін өтірікпен бүркенуге болмайтынын ескертеді. Милльдің айтуынша, кез келген жағдайда, кез келген себеппен өтірік айту бұқаралық медиаға деген сенімді азайтады. Кішкентай оқиға үшін үлкен

нәрсеге зиян келтіруі мүмкін бе?

Журналистер қиын жағдайда қолданған ең жиі кездесетін рационализациямен танысу оқиғаны талқылау барысында мақсатты дұрыс пайымдауға мүмкіндік береді. Сол кезде ғана жұмысыңызда қалаған нәтижеге жете аласыз.

- **Бұл – «ақ өтірік»** (white lie – адал өтірік) және ол үнемі қолданылады. Көңіл көтеру, ақша табу немесе телеарнадағы рейтингті арттыру үшін айтылған өтірік қолдау таппайды. Мұндай жағдайда кәсіби журналистер тарапынан да сынға ұшырау қаупі басым.
- **Материалдың маңызын не арттырады?** Оқиғаның маңызы болуы, аудиторияға әсері және релеванттылығы – ақпаратты пайдалы ететіндер осылар.
- **Материалды бәрі оқиды және көреді.** Барлығы болмаса да, көпшілігі ақпарат алу үшін тілшінің не істегеніне көбірек назар аударып, ақпараттың өзіне баға бермейді.
- **Үкімет пен ірі корпорациялар үнемі өтірік айтады.** Журналистика ақиқатқа бағытталған. Үкіметтің лауазымды тұлғалары немесе кәсіпорын басшылары әділ әрекет етпесе де журналистер мұны қоғамға жариялауы керек. Өздері де өтірікшілер қатарына қосылмағаны жөн.
- **Дедлайн жақындап қалды.** «Эфир уақытын толтыру керек» деген түсінік – кәсібиліктің белгісі емес. Бір тапсырманы уақтылы аяқтау үшін өтірікке баруға болмайды.

Соңы: Жарияланым және саяси өзгеріс

Сагона материал жазу барысында сенсациялық таблоидтық стильден аулақ болуға тырысты. Мысалы, «жасырын зерттеу нәтижесінде кампуста шу шықты» деген секілді сөйлемдерді қолданбады. Бірақ оқиганың мән-жайын анықтау барысында Орталық университет студенттерінің көп көмегі тигенін, трансферлік кредитті бағалауда университет критерийлерінде қарама-қайшылықтарды байқағанын жазды.

Ол хатшыда дайын құжаттың – курстардың эквиваленттілік кестесі немесе ресми емес қолжазбаның бар екеніне сенімді болмады. Қызметкердің сұраққа жауап іздеуі оқу ауыстыру саясатындағы түйткілді көрсетті.

Сонымен, оның артықшылықтары мынадай:

Килпатрик колледжінен ауысып келген студенттер Орталық университет олардың кейбір курстарын қабылдамағанын айтты. Тіркеу бөлімі бұл ақпаратты ресми түрде растамады, бірақ жоққа да шығармады. Килпатриктен ауысып келген студентке тіркеу бөлімі тек бес курстың үшеуі туралы ақпарат беріп, қалған бесеуіне байланысты басшылықтан сұрау керектігін алға тартты.

Материалдың қалған бөлігінде процестің не себепті қиындағаны туралы толық ақпарат берілген. Сагона кемшіліктерді өзі тексерген цитаталармен берді.

Журналистика профессоры Сагонаның өзін не себепті оқуын ауыстырған студент ретінде таныстырғанын сұрады. Сагона өз ойын, әрекетін түсіндірді. Профессор оның әрекетін дұрыс санап, құптай кетті. Бірақ Сагонаға кейбір курстар бойынша студенттердің кредит алмағанын нақтылау керектігін айтты.

Мұны профессор газетке берген материалды өзгерту ойымен айтқан жоқ. Ол мақаланы студенттің өтінішімен газетке сол күні тапсырды. Сабақ барысында газет шешімі де, редактордың түзетуі де профессордың студентке берген бағасына әсер етпеді.

Факультеттің кеңесшісі студенттер газетінің редакторына оқиганы нақтылап алуды тапсырды. Редакция ол үшін дереккөздерге хабарласып, ақпаратты тексеруі керек болды. Бірақ баспасөз мәслихаты кезінде тіркеу бөлімінде ешкім болмады және Сагонаның студенттер каталогындағы нөмірлерді қолданғаны туралы ақпарат жауапсыз қалды. Редакторлар сұрағанда профессор да Сагонаның оқиганы ойдан құрастырмағанына сенетінін айтты.

Сагона тіркеу бөліміндегі хатшымен сөйлескеннен кейін бес күннен соң материал The Reporter басылымында жарияланды. Мақала журналистика туралы материалдар жарияланатын үшінші бетке шықты. Материалға редактор көп түзету енгізбеді.

Сагона студенттер қалашығының басшылығынан шындықты жасыруға болмайтыны туралы тәртіп кодексін бұзғаны үшін жазаланамын ба деп қорықты. Бірақ олай болмады. Кампус басшылығы Сагонаға хабарласпады. Бірақ оның өтірік айтқаны туралы пікірталас арта түсті.

Кейбір курстастары оның өтірігінің дұрыс болғанын, басқа әрекетке барудың мүмкін болмағанын айтса, қалғандары оның материалы оқу орнының имиджіне әсер еткенін немесе бұқаралық медиаға деген сенімді азайтқанын алға тартты. Көпшілігі «Сагонаның әрекеті басқа студент тілшілерді этикалық мәселелерді ескермей, өтірік айтуға бейімдемей ме?» деген күдіктерін жеткізді.

Осы оқиғадан кейін The Reporter басылымында жасырын зерттеуге негізделген материалдар жарияланбады. Одан кейін университетте бірнеше өзгеріс болды. Бірақ оған Сагонаның жазғаны ықпал етті ме, жоқ па, ол жағы белгісіз. Мысалы, Килпатриктен ауысып келген студенттер кредиттеріне байланысты газет редакциясына хат жаза бастады. Бір айдан кейін Орталық университеттің қоғамдық ақпарат басқармасы баспасөз мәліметін таратты. Онда Килпатрик колледжінің әкімшілігімен бірлесе отырып, оқу ауыстыру процесіндегі кедергілер азайтылатыны айтылды. Бұл туралы жергілікті газет те жазды.

Бүгінде Орталық университеттегі курстардың эквиваленттік кестесі оқу орнының веб-сайтына орналастырылған.

Кестеде Килпатрик колледжінің 200-ден астам курсы, олардың Орталық университетте жарайтыны немесе жарамайтыны туралы ақпарат бар. Сондай-ақ университет екі жылдық мектептердің де курстарынан осындай ақпараттар ұсынған.

Ой елегінен өткізсек...

1. Сагона өтірікке бармас бұрын барлық мүмкіндіктерін қарастырды ма? Егер қарастырмаған болса, ақпарат алу үшін басқа қандай жолдарға жүгінуге болушы еді? Мысалы, оқу орнын бітіріп кеткен немесе оқып жатқан студенттерді жинап, тіркеу бөлімінен сұратса не болар еді?
2. Сагона колледжде оқитыны туралы өтірік айтқан кезде хатшы жауап берсе де, тілші ретінде сұрақ қойғанда ештеңе айтпағандай көрінді. Сіз тілші болсаңыз, хатшының оқиғаға көзқарасын өзгерте алар ма едіңіз? Оның есімі мақалада аталғандықтан, одан кейінгі жағдайы не болатынына алаңдар ма едіңіз?
3. Кәсіби редакцияларда тілшілер бастықтарының рұқсатынсыз жасырын жұмыс істемейді. Сагона болған жайтты курстастары мен

профессорына айтып берді. Олармен алдын ала ақылдасуы керек пе еді? Ұстаздар мен редакторлар – университеттің бір бөлігі. Бұл шешім қабылдау барысында ескерілуі керек пе?

4. Егер тіркеу бөліміне барғанда хатшы қажетті құжаттарды қалдырып, өзі шығып кетсе, оны рұқсатсыз немесе суретке түсіріп алар ма едіңіз? Осындай жолға барсаңыз, оны газетке не сайтқа жариялау немесе одан цитата келтіру дұрыс па? Бұл мәселелер маңызды болмаса, хатшыға тілші екеніңізді айтар ма едіңіз, әлде өзіңізді оқу ауыстырып жатқан студент ретінде таныстырар ма едіңіз?

Егер...

1992 жылдың қараша айында ABC телеарнасының Primetime Live бағдарламасында Food Lion супермаркеттерінің антисанитарлық жағдайы туралы материал жарық көрді. Бұл сол кезеңнің ең көп талқыланған жаңалығына айналды. Primetime Live тілшілері Food Lion дүкендеріне жұмысқа тұрып, жасырын камера арқылы әріптестерінің әрекеттерін анықтады.

Шоуда дүкендердің жарамдылық мерзімі өткен тамақтарды жаңа дайындалған ас ретінде ұсынатындары көрсетілді. Бағдарлама эфирге шыққан соң, компания акциялары төмендеп кетті.

ABC көрсеткен жағдайды Food Lion басшылығы жоққа шығармады. Бірақ өтірік айтып, жалған әдістерді қолданғаны үшін компания телеарнаны сотқа беріп, алаяқтық үшін 2 млрд доллар өтемақы сұрады. Сот компанияға 5,5 миллион доллар өндіріп берді. Алайда арада жеті жыл өткенде, федералды апелляциялық сот бұл үкімнің күшін жойып, өтемақы көлемін 2 доллар ғана деп бекітті.

Өзіңізді 1990 жылдардағы Primetime Live продюсерімін деп елестетіп көріңіз. Сіз Food Lion компаниясының қауіпті әрекеттері туралы естідіңіз. Мысалы, бұзылған еттің иісін кетіру үшін оны өңдеу. Бұл оқиғаны зерттеуге бола ма? Неге? Food Lion компаниясы қызметкерлердің құқығын қорғайтын кәсіподақпен күресуде. Сізге жағымсыз ақпарат бергендердің арасында кәсіподақ қызметкерлері де бар. Бұл сіздің шешіміңізге әсер ете ме? Food Lion дүкендерінде не болып жатқанын білу үшін қандай әдістерді қолданар едіңіз?

Егер ол әдістер көмектеспесе, бастығыңызға жасырын жолмен жұмыс істегеннің жөн екенін түсіндіру үшін қандай дәлел-дәйек келтірер едіңіз? Көрермендер мен сыншылар жасырын камераларды «рейтингтік трюк» деп есептейді. Бұл дұрыс па? Food Lion-ға орналасу үшін журналистер өздерінің бұрынғы жұмыс орындары туралы өтірік айтады. Ақиқатты

басты мақсат санайтын мамандықтың осындай өтірігін қалай ақтап алар едіңіз?

Тамақ өңдеудің қауіпті жолдары бар кадрлар қолыңызда болса, журналистердің оларды қайдан алғанын қалай анықтайсыз? Қоғамдық денсаулық сақтау заңдарына жүгіну үшін басшылыққа ақпарат бересіз бе, әлде аудиторияны бірінші орынға қоясыз ба? ABC тәжірибесі материал дайын болғанша, журналистердің бақылауы жалғаса беретінін көрсетті. Егер расымен дүкендердің азық-түлігін қауіпті деп ойласаңыз, материалыңыз дайын болмай тұрып тұрғындарға ақпарат бересіз бе?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Пойнтер институтының жасырын камераны қолдануға болатын жағдайлар тізімі:

<http://www.poynter.org/uncategorized/744/deceptionhidden-cameras-checklist/>

National Public Radio-ның жасырын есептері туралы этикаға байланысты подкасттары:

<http://www.tedconover.com/2010/01/the-ethics-of-undercover-reporting/>

Columbia Journalism Review-дің Құпияға байланысты этикалық дилеммалар анализі:

http://cjr.org/campaign_desk/the_ethics_of_undercover_journalism.php?page=all

Жасырын әдістерді қолдануға байланысты ақпараттық арналардың этикалық кодекстері бар. Мысалы, құпия жазбалар туралы BBC ұсыныстары:

<http://www.bbc.co.uk/editorialguidelines/guidelines/privacy/secret-recording>

Food Lion оқиғасы туралы қосымша ақпарат:

Этикалық және заң мәселелеріне байланысты Пойнтер институтының анализі:

<http://www.poynter.org/uncategorized/2125/abc-and-food-lion-the-ethics-questions/>

Сот құжаттары мен видеоларына негізделген Accuracy in Media есебі:

http://www.aim.org/publications/special_reports/foodlion.html

Зерттеулерді қамтитын C-SPAN видеофильмі:

<http://www.c-spanvideo.org/program/79835-1>

Алдын ала шектеу: «Атақ биігінен төмен қарау» оқиғасы

Джон Х. Кеннеди

Винна Велла

Колледж журналистері студенттердің басылымын қаржыландыратын жекеменшік ұйымдар тарапынан кедергілерге тап болады. Оқу орындарының басшылығы цензура арқылы жарияланымдар контентін бақылап отырғысы келеді. Басқа медиалар жариялап жатқан жаңалықтарды эксклюзивті тапсырма алғанына қарамастан, бұл басылым студенті жариялай алмайды. Енді не істеуі керек?

Бұл Филадельфиядағы Ла Саль университетінің қызметкерлерінің басынан өткен жағдай еді. Студенттік газет редакторлары баспасөздегі шектеулерге жауап беріп, журналистің абыройын қайтарудың жолын тапты.

Оқиға: Сыныптағы өзгеше кездесулер

2011 жылы наурыз айында Ла Саль университетінің апталық газетінің Vinny Vella есімді бас редакторы бір қызықты жаңалық естиді: бизнес-факультет профессоры Джек Раппапорт кампустағы студенттерге спутниктік

арналар арқылы қосымша семинар өткізу барысында экзотикалық би билеген адамдарды көрсетеді. Бұл оқиға кез келген журналистің бәсекелік ынтасын оятып, оқырмандарды таңдандыра жаңалық болары сөзсіз. Оның үстіне оқиға Ла Саль секілді католик мекемесінде болып жатса. Велла газет редакторы Люк Гарольдты осы ақпаратты тексеруге жіберді.

7 сәуір. Біріншіден, мұндай сипаттағы оқиғаны жариялау үшін деканның рұқсаты керек. Веллаға университет заңгерлері зерттеу жұмыстары бітпей тұрып материалды жариялауға тыйым салды. Бас редактор, Кевин Смит, Гарольд деканнан материалды жариялауға рұқсат беруді сұрады.

«Менің ойымша, әкімшілік бұл оқиғадан ешқандай проблема көрмесе де, біз көре білуіміз керек. Себебі біз көрсетпесек, экзотикалық бишілер туралы ешкім білмес еді», – дейді Смит.

Құжатта бірнеше студенттен сұхбат алынған. Бірақ әкімшілік: «Әлі де күтіңдер», – деп тапсырды. «Материалды жариялауға болатын еді. Бірақ оларға ешкім уақытын айтпады. Әрине, қаржылық жағдайларға байланысты журналистердің талаптары назарға алынбай қалатын кездер көп. Осы жолы да солай болды», – дейді Велла.

8 сәуір. Осы оқиға туралы Ла Саль университеті студенттерінің бірі жазған материал Филадельфияның City Paper апталығында жарияланды¹. Бұдан кейін City Paper веб-сайтына басқа республикалық медиа өкілдері хабарласа бастады. Жергілікті БАҚ осы оқиғаға орай өз жаңалықтарын дайындаумен болды. Колледж қызметкерлері жергілікті телеарналардың университет қабырғасынан тыс жерде студенттерден сұхбат алғанына алаңдай бастады.

Сол оқиғадан кейін журналистиканы тастап кеткен Смит ол туралы басқа медиа жариялап жатқандықтан «құқығым бұзылды» деп есептеді. Оқиғаға City Paper басылымының да ынтасы ауа түсті. Университет маңына камера мен микрофон ұстаған журналистер көптеп келе бастады. Олар көшедегі адамдарды тоқтатып, «осы оқиға туралы естідіңіз бе?» – деп сұрады», – дейді Смит. Оның айтуынша, Әкімшіліктің сюжетке байланысты пікір айтпауы да көмектеспеді. Бұл материал болмаса көптеген БАҚ қалалық журналдың жазғанын көшіріп басар еді және олардың көбі семинар туралы есеп болар еді.

City Paper газетінде семинарға қатысқан, есімі аталмаған адамдардан мәліметтер келтірілген. Сондай-ақ онда бишілер профессордың дәрісінде де болғаны айтылған.

1 Газет 2015 жылдың қазанынан бастап шықпайды.

Гарольд мұның өтірік екенін білді. «Материалда ашықтық сақталмаған. Ла Саль университеті сол үшін шулы оқиғаның ортасында қалды. Бұл тек университеттің беделін түсірді», – дейді Смит.

Велла өз тілшілерінің біріне берілген тапсырмаға басқа медианың мүдделілік танытқанына қуанды. Бірақ өздері жарияламағанына ашуланды. «Бізді оқиғаны соңына дейін зерттеуді үйретті. Біз үйреткен нәрселерін істесек те, жариялауға рұқсат ала алмадық. Менің көңілім қалды әрі не істерімді білмедім», – дейді Велла.

The Collegian басылымы оқу жылының соңында жарияламақ болған ең шулы оқиға осы болды. Оған дейін Ла Саль университеті басшыларының біріне азық-түлік операциялары кезінде миллион доллар ұрлағаны үшін айып тағылған болатын. Бірақ редакторларға ол туралы жариялауға рұқсат берілмеді. Одан кейін қаңтар айында студент қыз жігітін өлтіргені үшін қамауға алынды. Басшылық қамауға алынған оқиғаны қыздың есімін атамай жазуға рұқсат берген еді.

Басшылық өкілдері олардың қауіптенетін жөндері бар екенін айтты. Себебі студенттік газет адамның ар-намысына тиетін әрі пайдасыз карикатуралар да жариялап тұрған. Әйтсе де, апта сайын газет шығаратын студенттерді бұл мәселе алаңдатпаған.

«Басшылық бізді бағаламады. Олар бізді ақымақ деп ойлады. Біздің кезекті кемшілігімізді күтті», – дейді Смит.

Осылайша, экзотикалық бишілердің сабаққа қатысқаны туралы ақпарат тарады. Редакторларға сенім азайды. «Бізге бір нәрсені үйретеді, ал енді оны іс жүзіне асыруға неге рұқсат бермейді?» – дейді Велла.

ТҮҒЫРЫҚ: ЖУРНАЛИСТЕР НЕМЕСЕ ЖУРНАЛИСТ ЕМЕСТЕР

Студент журналистер деканға барып, материалды жариялауға рұқсат сұрады. Велланың айтуынша, басшылық тағы да қарсы болды. Бірнеше сағаттан кейін декан студенттерге материалды 14 сәуірден кейін, университет заңгерлерінің алдынан өткен соң ғана жариялауға рұқсат бере алатынын айтты. Велла материалға газеттен алдын ала орын белгілеп қоюды сұрады.

Бұрын университет кейбір материалдардың төменгі жақта орналастыруды сұрайтын. Мысалы, ұрлық немесе басқа да этикаға жат оқиғалар солай жарияланатын. Декан Веллаға мақаланы елеусіз жерге орналастыруды тапсырды. Редакторлар тағы да не істерін білмей қалды.

ШЕШІМ: ОЛАР ЕНДІ НЕ ІСТЕУІ КЕРЕК?

Смит пен Гарольд пікірін білу үшін профессор Раппапортқа барды. «Біз қатты ашулы болдық. Люк екеуміз деканға қарсы шығып, материалды жариялай салғымыз келді», — дейді Смит.

Бірақ мұндай әрекет басылымға кері әсер ететіндіктен және газет басшылық пен журналистер арасында ыңғайсыз жағдайда қалатындықтан, райларынан қайтты. Сондықтан университетте журналистика бағдарламасынан сабақ беретін профессор Джон Кеннедиге барып, өз шағымдарын айтты. Олар не істеуі керек?

Кеннеди оларға нақты «былай істеңдер» деген кесімді сөз айтпайтынын, тек бағыт-бағдардың бірнеше нұсқасын ұсынатынын айтты. Ал шешімді студенттер қабылдауы керек. Өйткені, қандай шешім болса да, салдары соларға тиеді.

Кеннедидің пікірінше, шешімнің үш нұсқасы бар: бірі — басшылықтың айтқанын істеу, екіншісі — оларды тыңдамай, өзің қалағандай етіп жариялау, не болмаса үшінші жолды ойластыру. Ақылдаса келе олар материалды төменгі жаққа жариялап, оның үстін бос қалдыру керек деп шешті. Бұл — Кеннедидің айтқан үшінші жолы, яғни өзіндік нұсқаны ойлап табу еді.



Смит пен Гарольд жауап тапқандай болды.

Әдеттегідей студент бейсенбі күні таңертең колледжге келді. Сол күні таңертең Велла сол өңірдегі ең ірі газеттердің бірі – The Philadelphia Inquirer-де тәжірибеден өтіп жүрген. Ол редакторлардың шешіміне қатты алаңдаулы еді. Олардың шешімі дұрыс болды ма? «Бұл – барлығы шешілетін күн», – деп жазды Велла жауапты редакторға. Смит бұл оймен келісетінін айтты.

Газеттің сол күнгі нөмірі қалада мақала мазмұнына бола бірден тарап кетті.

Қызметкерлер газеттің бір бетінің үстіңгі жағын бос қалдырып: «Қосымшадан қараңыз», – деп жазды. Оң жағында – профессор Раппапорт оқиғасы, оның ішінде, материалды не себепті осылай жариялағаны, оның қалай жазылғаны туралы айтылған.

ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Ақиқатты іздеу және тәуелсіздік

Оқу орнының журналисі, әсіресе жекеменшік оқу орнының студенттері цензураға тап болады. Ал жекеменшік университет пен колледж студенттері мемлекеттік оқу орнының журналистерімен тең құқықта емес. Ең кең қолданыстағы Этика кодексін кәсіби журналистер қауымдастығы қабылдаған. Ол төрт негізгі принципті ұсынады: «Ақиқатты іздеу және хабарлау»; «Зиянды азайту»; «Тәуелсіз әрекет ету», «Ашық болу». Кодексте цензураға қатысты этикалық мәселелер туралы ештеңе айтылмаса да, Ла Саль университетінің журналистері ортақ принциптердің үшеуіне жүгінді: ақиқатты іздеу, тәуелсіздік және өз әрекеттеріне жауапкершілік алу. Цензураға қатысты студент-журналистерге мынандай кеңестер бар:

1. **Материалды дайындамас бұрын оқиғаны зерттеу.** Бұл кез келген оқиға үшін маңызды. Әсіресе әкімшілікке байланысты болса, ерекше әділдікті қажет етеді. «Егер сіз дайын болмасаңыз немесе кемшіліктері болса, сізге қарсы

айғақ табады», – дейді Велла, яғни материалдың толық дайын екеніне көз жеткізу керек.

2. **Адал және сенімді болу.** Әкімшілік өкілдеріне жауап беруіне мүмкіндік беріңіз. Олармен сөйлесіп, қарсылықтарын сараптап көріңіз. «Олар неге «жоқ» дейді? Ақпаратты нақты емес деп отыр ма, әлде жағымсыз жарнама керек емес дегені ме?» – дейді Велла. Колледж ішінде студент журналистерді әкімшіліктің қыспаққа алуы бірінші рет емес. «Шыдамның соңғы тамшысы осы болды. Бірінші рет «жоқ» деп тұрса – жағдай басқа. Ал қайта-қайта қайталана берсе, неге үнемі кедергі келтіреді, мен оларға енді көрсетемін» деген де ой келеді», – дейді Велла.
3. **Ұстаздардан кеңес алу.** Кеңесшілер немесе ұстаздар жұмысыңызды әділ бағалап, қамқоршы бола алады.
4. **Әкімшілікке түсіндіруге дайын болу.** Кәсіби журналистер секілді редакторыңызға оқиғаның маңы-

зын мәлімдеңіз. Атқарған жұмысыңыз, оқиғаның мәнін, қоғамдық қызметке әсерін толығырақ түсіндіріп беріңіз. Сіздің ойыңыздағы этикалық императивтерге тоқталыңыз.

5. **Басшылықты игілікті әрекеттерге шақыру.** Вашингтондағы коммерциялық емес ұйым – Студенттік медианың заң орталығы «оқу орындарында белгілі бір деңгейде цензура болады, бірақ бұл – білім саласында ол принциптерді қолдана беруге болады деген сөз емес. Университеттердегі тәуелсіз БАҚ – демократияның маңызды бөлігі. Сонымен қатар діни мектептерде де ескеретін нәрсе – дін еркіндігі баспасөз еркіндігінің тек бір бөлшегі ғана.

SPLC ережесі бойынша «діни оқу орындар журналистерді қорғайтын кепілдіктерге ие болу құқықтары үшін күресуі керек».

6. **Оқиғаны оқу орны шеңберінен кеңірек деңгейде қарастыру.** БАҚ саласында істейтін түлектердің қолдауын сұраңыз. Олар да сізге көмек көрсете алады. Студент-журналистер оқиғаның маңызына қарай басқа да ақпараттық орталықтарға шағым түсіре білуі керек. Көптеген оқу орны жағымсыз жарнамадан қашады. SPLC ережесінде: «Әкімшіліктің цензурасы келесі жылы оқу орнына қабылдау көрсеткішін төмендетуі ықтимал. Сол себепті басшылық өз шешімін өзгертуі мүмкін» делінген.

Соңы: Үлкен нәрсенің кішкентай бөлшегі

Шешім барлығына бірдей ұнай қойған жоқ. Кейбірі «бұл кәсіби қадам емес» деген пікірде болды. Газет кеңесшісі, PR маманы бұл шешім туралы білмеген еді. Велла оларға әкімшілік тәртіпке байланысты әдейі хабарламағанын жеткізді. Смит осы жағдайға қатысты өкініш білдірді.

«Біз оны автобустың астына итеріп жібергендей болдық. Жақсы қарым-қатынаста едік, мынауымыз дұрыс болмады деп ойлаймын. Ол әкімшілік пен газеттің арасын байланыстырып тұратын», – деді Смит.

Декан да оқу жылының соңы болғандықтан бұл шешім туралы Велламен сөйлеспеді (басшылық Веллаға алданғандықтан, кітап бөліміне қатысты пікір білдіруден бас тартты).

Беттің жартысын бос шығару жөніндегі шешімнің иесі Велла еді. Өзінің айтуынша, бұл оқиға оның болашақ кәсіби мүмкіндіктеріне кедергі келтірген жоқ. Велланың оқуын аяқтауына бір жыл қалғанына қарамастан, бір басылым редакторы оған жұмыс ұсынды.

Бірақ Велла оқиғаның ортасында қалғандықтан, барлық назар өзіне ауғанын білді. Сөйтіп, ол ұсынылған жұмыстан бас тартады да, жоғары курстарда тағылымдамадан өтті, ал жетекшілік қызметке Смит тағайындалды.

«Шешім қабылдап, оны жүзеге асырғанымызды жақсы бағалаймын. Әрине, бұл әкімшілікті ашуландырғаны рас. Дегенмен олар газет қызметкерлеріне көзқарастарын өзгертуі керек еді», – дейді Велла. (Университет бітірген соң, Велла The Philadelphia Daily News басылымында полиция репортері болып қызмет атқарды. Қазір Hartford Courant-та жұмыс істейді).

Осы оқиғадан кейінгі жазда Смит бас редактор болды. Жаңа басшы ретінде ол материалдар санын азайтып, ребрендинг жүргізе бастады.

«Бұл университет басшылығының алаңдаушылығын басып, уақыттың өзгергенін көрсетті деп ойлаймын. Олар оқиғаның қайталанбайтынына көз жеткізгісі келді», – дейді Смит.

Оның басшылықпен қарым-қатынасы қалыпты. Басшылық өзгерістер енгізсе, бұл жөнінде материалдың үстіне кішкентай әріптермен ескерту жазып, көрсетін қояды. «Былырғыдай шулы оқиғалардың болмағанын жақсы қарым-қатынастың көрінісі деуге болады», – дейді Смит.

Жоғары курстың соңғы айларында Смит Ла Саль президентінен хат алды. Онда президент редактордың жұмысын өте жоғары бағалап, оқу бітіруімен құттықтапты. Газет кеңесшісі Смитке мұндай жағдайдың бұрын болмағанын айтты. Смит енді кез келген шешіміне үлкен істің бір бөлшегі ретінде қарайтын болды.

Сол жағдайды есіне алған ол басқа қандай жолды ұсынарын білмейді. «Сіз артыңызға бұрылып, «журналист болу – үлкен нәрсенің бір бөлігі болу» деп айта алатындай болуыңыз керек», – дейді Смит.

Ой елегінен өткізсек:

1. Студенттердің материалды сілтеме арқылы жариялау шешімімен келісесіз бе? Неге? Әкімшілік тарапынан кедергілер болмас үшін қандай әдістерге жүгінер едіңіз?
2. Журналистердің материалды мақаланың соңында «төменгі сілтеме арқылы көріңіз» деген жазбамен жариялауы алдауға жата ма? Оқиғаны осындай әдіспен беру шешімін газет кеңесшісі де, декан да білмеді. Бұл алдауға жатса, оны қалай ақтап алар едіңіз? Қалайша?
3. Оқу жылының ішінде The Collegian басылымына кейбір оқиғаларды жарияламау немесе детальдарды жасыру туралы тапсырмалар берілді. Сіздің ойыңызша, әкімшіліктің студенттік медиаға деген көзқарасын өзгерту үшін журналистер не істеуі керек? (Студенттік газетке жауап беретін кеңесші мен декан ашық диалогтен бас тартты).
4. Кейбір жағдайда цензураға тап болған студенттер жеке қаржы көздері арқылы жеке газеттер ашып алады. Сол арқылы оқу орнына

қаржылық тәуелділіктен арылады. Ондай шешімнің қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар?

5. The Collegian басылымының осы оқиға жазылған саны – оқу жылының соңғы шығарылымы еді. Жаңа оқу жылында жаңа редактор келеді. Сіз жаңа редактор болсаңыз, оқу жылын қалай бастар едіңіз?

Егер...

Жекеменшік колледж профессоры бір ғана әйел қатысқан Modern Sexuality атты семинар өткізеді. Сабаққа ешқандай экзотикалық бишілер қатыспаған. Бірақ профессор студент қызды көмекке шақырып, сыныпта әлгі қызбен билейді. Сол кезде қолын жүгіртіп, әйел мен еркек арасындағы бейәдеп коммуникация үлгісін көрсетуі керек. Бұдан қорланған қыз әкімшілікке шағым түсіреді.

Бірнеше күн өткеннен кейін оқу орнының әкімшілігі қаржыландыратын газет ұжымы студенттердің бірінен осы жағдай туралы естиді. Студент сол жағдайға куәгер болғанын айтып, дер кезінде ешкімге хабарламағанына өкінетінін жеткізеді.

Әкімшілік газет редакторына бұл оқиғаны жария қылмауды тапсырады. Басты себеп – студент қыздың ұялатыны және психологиялық соққы алғаны, оқиғаны жария қылу болған жайтты қайта есіне түсіруі мүмкін. Сондай-ақ әкімшілік профессордың жұмыстан шығарылғанын алға тартып, істі жабады.

Ал студенттер оқытушысын таба алмағандарын айтып, профессордың не себепті сабаққа келмей жүргенін сұрастыра бастайды. Бір жағынан, сіз қызға түсіністікпен қарағаныңызбен, өзге студенттер де оқиғаны білуі керек деп ойлайсыз. Бірақ әкімшілік мүлде қарсы болып отыр. Не істейсіз?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

The Student Press Law Center орталығы студент журналистерді қолдайды, қорғайды және ресурстар ұсынады. Сонымен қатар кампуста цензураға тап болған студенттерге кеңес береді. Оқу орнының бұқаралық ақпарат құралдарына арналған жинағы:

<http://www.splc.org/article/2009/02/splc-college-student-media-model-guidelines>

Оқу орындарының медиа ассоциациясы (The College Media Association) оқу орындарының медиа-бағдарламалары мен кеңесшілеріне көмек көрсетеді. Оның этика кодексін мына сілтемеден табуға болады:

http://www.collegemedia.org/about_cma/code_of_ethics/

Мемфис университетінің The Daily Helmsman басылымының бұрынғы редакторы Челси Бuzер туралы оқыңыз. Ол университет қалашығында болған зорлау оқиғасы туралы жазып, полиция қызметкерлері студенттерді сақтандыра алмағанын айтқан. Бuzер колледж әкімшілігі тарапынан цензураға тап болды. Оны газет бюджетін азайтамыз деп қорқытты.

<http://ajrarchive.org/Article.asp?id=5444>

Кейбір штаттардың заң шығарушы органдары студент-журналистерді қорғау үшін өз заңдарын қабылдаған. Мысалы, 2006 жылы Калифорнияда жекеменшік оқу орындарының журналистері мемлекеттік университет журналистерімен тең құқыққа ие болды. Түзетулер енгізілген заң мына сілтемеде:

<http://www.firstamendmentcenter.org/calif-expands-freedoms-for-college-press>

ДЕРЕКТЕРМЕН БЕТПЕ-БЕТ КЕЛУ

Дереккөздегі қарама-қайшылықтар

Кайлин Браун

Баяндап отырған оқиғаңыздағы деректерді таразыға салып, бір жаққа қарай бұра тартып кетпей, оқиғадағы тепе-теңдікті сақтай білу – журналистік шеберліктің көрсеткіші. Оқиға желісінде қарама-қайшылықтар кездескен жағдайда, нақты ақиқатты аудиторияға сол күйі жеткізудің ұтымды жолы қандай?

Студентке балалардың суда жүзу үйірмесі туралы материал жазу жөнінде тапсырма берілді делік. Студент осы тақырыпты зерттей келе, мәселенің алғашында өзі ойлағаннан да басқа қырларын көре бастайды. Ақырында жинақтаған барлық деректерін топтастырып, оқиғаны аудиторияға тура болған күйінде, ешқайда бұра тартпайтын бейтарап, әділ түрде ұсынудың жолын ойластырады.

ОҚИҒА: ДЕРЕКТЕРГЕ «МАЛТЫҒЫП ҚАЛУ»

Беки Вишневский колледждің соңғы курсының студенті еді. Ақпарат жазуға төселіп алған ол бірде мынадай дилеммаға тап болды. Оқиға былай басталған.

Вишневский студенттер басылымына, Хроника және Қарағайлы қыр блогтеріне, журналистика студенттерінің Нью-Йорктегі ең танымал сайттардың бірі — timesunion.com басылымына жазып жүрді. Оның жазғандарын оқырмандар жылы қабылдап, өз пікірлерін де білдіріп тұрды.

Бакалавр кезінде Беки жүзуден колледж құрамасына кіріп, осы спорт түрінен сабақ та берген. Бірде сабақтан мектептегі жүзу үйірмелері туралы жазу жөнінде тапсырма берілді. Әлдебір мектептегі жүзу үйірмесінің айналасында дау туындап, мәселе күн сайын шиеленісіп бара жатқан еді.

Жүзу спортын іштей жақсы білгенімен, ол туралы жазуға келгенде Бекидің ойы тұйықталып, қаламы тартыншақтай берді. Ақырында мұғалімінің электронды поштасына: «Бұл тақырып маған қиын, жаза алмаймын. Әрине, халыққа бұл салада не болып жатқанын жеткізуіміз керек, бірақ мұнда жүрген мамандар мен дереккөздер (оқиганы іштей білетін адамдар) арасындағы ахуалды шиеленістіріп жібергім келмейді», — деп хат жолдады.

Беки бұл үйірмеге қатысты алыпқашпа әңгімелердегі оң пікірлер мен теріс пікірлерді таразылауға дайын емес-тін. Өйткені аталған жүзу үйірмесі оның бұрыннан білетін үйірмелеріне ұқсамайтын. Үйірмеге қатысатын балалардың жас ерекшеліктері де әрқилы.

Сонымен қатар Бекидің бұл тақырыпта бейтарап дүние жазып шығуына кедергі келтірген тағы бір фактор бар еді. Ол — Бекидің жекебасының мүддесі, яғни осы спорт түріне жақын болуы оның журналист ретінде бейтарап көзқарас ұстануына кедергі болды.

Зерттеу еңбегін «Үйірмеде жүзумен айналысуға көбірек уақыт бөлінетін шығар деп ойлап едім, — деп бастаған Беки былай деп жалғады: Жазылатын материалдың мақсаты — екінші сыныптағы оқушыларды спорттың осы түріне баулу және жалпы мектеп ішінде салауатты өмір салтын насихаттау».

Беки мәселені жан-жақты қамту үшін мектеп автобусының қатынауы мен жүзу үйірмесінің дәріс өткізу жиілігі туралы сөз қозғады. Артынша жергілікті «Сырқатты бақылау орталығы» мекемесінің берген мәліметтерін басшылыққа ала отырып, статистикалық дәйектер мен деректер келтірді. Сонда мынадай бір қызық мәлімет тапты. Ақ нәсілділер мен латынамерикалықтарға қарағанда, қара нәсілді оқушылардың суға батып кету көрсеткіші жоғары екен.

Осы деректің себебін анықтауда ең бірінші дереккөз мектептегі спорт директоры екені белгілі. Спорт директоры Вишневскийге көмектесуге келісе кетті. Бекидің қажетті мәліметтер жинауы үшін мектептің статистикалық деректерін ұсынып, жүзу үйірмесінің сабақтарына қатысуға рұқсат жазып берді. Уақыт өте келе Беки директормен өте жақсы араласып кетті.

Тығырық: деректерді түгел қамту керек пе, әлде ішінара алған жөн бе?

Жарияланған мақалада бірнеше адамның әлгі жүзу үйірмесі жайлы көрген-білгендерінен түйген пікірлері қамтылған. Вишневский үйірме директорынан, ата-аналардан, оқытушылардан, оқушылардан сұхбат алды. Мақаланы толыққанды аяқталдыға санаған Вишневский мәселені жан-жақты таныстыру және проблеманы бейтарап ұсыну үшін әртүрлі дереккөздерден мәлімет жиналды деп есептеді. Бұл тұрғыда автор жүзу үйірмесіне қатысты кейбір негізсіз және әділетсіз сыни пікірлерді келтірмеуге тырысты.

■ ■ ■ ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ:

Зардапты азайтудың SPJ мандаты және Сиссела Бок тесті

Сөз бостандығы үшін жұмыс істейтін Кәсіби журналистер қауымдастығы (КЖҚ) журналистерді бірінші кезекте жоғары адамгершілік құндылықтар мен этикаға сүйене отырып, «ешкімге зиян тигізбеу» ұстанымы бойынша жұмыс істеуге үндейді. Бірақ журналистикада «ешкімге зиян тигізбеу» мүмкін емес болғандықтан, журналист «зиянды барынша азайтуы» тиіс. КЖҚ тұжырымдамасында «әдепті журналистика дереккөздеріне, субъектілеріне, әріптестері мен жалпы қоғамға қорған болады» деп жазылған.

Осы қағиданы ұстану үшін журналистер мынаны орындауы керек:

1. Қоғамның ақпаратқа деген қажеттілігі мен одан келуі мүмкін зиянның, келеңсіздіктердің алдын алуда тепе-теңдікті сақтауы керек. Ақпарат іздеу және мақала жазу үшін қоғамға, адамзатқа зиян келтіретін әрекеттерге бармауы тиіс;
2. Ақпаратқа кейіпкер болған немесе қамтылып отырған адамдарға

құрмет көрсетіп, жәбірленушілер мен қарапайым дереккөздердің де өміріне қатер төндіріп алмау жағын қарастырған жөн. Бұл тұрғыда әр адамның құндылықтары мен оның нәсілі, ұлты мен өзге де ерекшеліктері ескерілуі керек;

3. Мәліметтерді заңды жолмен алу мен ақпаратты жариялауда әдептілік негіздері бойынша аққараны ажыратудың айырмашылықтарын тану маңызды;
4. Естеріңізде болсын, жеке адамның өз өмірі туралы мәліметтерді жариялау немесе жарияламау еркі (ықтияры) қоғамның оған деген қажеттілігінен, лауазымды немесе ықпалды тұлғалардың соған деген сұранысынан анағұрлым маңызды. Жекебасқа қатысты ақпаратты жарияламастан бұрын, оның кесірі тиіп кету мүмкіндігін таразылаңыз;
5. Жарияланатын ақпараттың ұзақ уақыт бойы өзектілігін жоғалтпайтынын және ақиқат күйінде қалуын ойластырыңыз.

Беки мақала жазу барысында үйірме туралы әрқилы пікірлерге кездесті. Мәселен, мектеп директоры үйірме сабақтарының «өте жоғары деңгейде» өтетінін айтқанымен, Бекидің өзі сабаққа қатысып жүрін, оның анау айтқандай керемет еместігін көрді. Кейін мұғалімдермен де сөйлесу барысында, бұл пікірге негіз таба бастады. Үйірме мұғалімдері іштегі кейбір келеңсіздіктерді айтты, бірақ мақалада өз есімдерінің аталмауын сұрады. Өйткені ұстаздар мен қызметкерлердің жұмыс орнын жамандауға батылы бармады. «Әрине, кім болса да өз бастығын ашық түрде халық алдында масқаралай алмайды. Кімнің жұмысынан айырылып қалғысы келсін?» — деп түйді ішінен Беки.

ШЕШІМ: ЕНДІ НЕ ІСТЕУІМ КЕРЕК?

Вишневский жұмысқа шындап кірісті. Журналистік қағидаларды басшылыққа ала отырып, кәсіби түрде әрекет ете бастады. Алдымен бөлмелес досына мәселені егжей-тегжейлі баяндап берді, кейін екеуі мақала дұрыс шығуы үшін профессор-редактордың алдынан өтуді жөн деп тапты. Дегенмен Беки ақпараттың жеткіліксіздігін ойлап, әлі де іздене түсті. Кәсіби журналистер қауымдастығы «қаламгер мамандар қалай жұмыс істеуі және қандай сұрақтарға жауап іздеуі керек» деген мәселеде бірден-бір көмекші екені анық. Осы орайда Беки алдымен Қауымдастықтың ресми сайтына жүгінді және ондағы материалдардың арасынан мынадай: «Редакторлардың, продюсерлердің, жаңалық жүргізушілері мен өзге де лауазымды қызметкерлердің қарапайым тұлғалардың өміріне тым етене араласып кетуін кей адамдар әдепсіздік деп тануы мүмкін» деген жазуды кезіктірді.

Бекидің жағдайында мұндай тәуекел жоқ еді. Ол бар болғаны куәгерлермен сұхбат жасап, статистикалық мәліметтер жинады. Журналистік әдепті сақтап, не жазса да алдымен оның қандай да кесірі болар-болмасын таразыға салды.

Сонымен қатар Беки философ Сиссела Боктің әдепті шешім қабылдау процесі туралы еңбегін оқып, осы қағида негізінде өз ісінің дұрыс не бұрыс екендігін тағы бір рет тексерді. Онымен қоймай, осы сала мамандарынан ақыл сұрады. Ақырында мәселені баяндауда журналистік әдепті сақтай отырып, қандай да бір деректі көпшілікке жариялаудан туындауы мүмкін келеңсіздіктерді барынша азайтуға дайын болды. Ендігі мәселе — автор өз шешімін жариялауы керек пе?

Вишневский жинақтаған деректерін жариялағаннан кейін не болатынын пайымдап, мәселеге әр қырынан қарап, сүзгіден өткізді.

Мектептің суда жүзу үйірмесі туралы жақсы пікір қалыптастыратын деректер мен керісінше әсер ететін әңгімелердің басын жинақтай отырып жазылған мақала дайын болды, енді оны аудиторияға ұсыну ғана қалды.

Оқушылардың бірі жүзу спортына мүлде ынтықпай, оның орнына басқа нәрсемен айналысуды жөн көрген болса, Беки оны өзінше былай түсіндірді. Оқушылардың барлығының ұнататын дүниесі бірдей болуы мүмкін емес. Мақалада Беки көзімен көргендерін баяндағанымен, оқырманның өз бетінше шешім қабылдауына мүмкіндік бермеді.

«Мен ойлана келе, өзімді оқытушылардың орнына қойып көрдім. Мәселе анау айтқандай күрделі немесе біреуге зияны тиіп кететіндей емес», — деді Беки.

Соңы: Оқырманның реакциясы

Өзге де басылымдар секілді timesunion.com басылымы да жазылған мәселелерге қатысты оқырмандардан пікір қабылдап, жариялап отыратын. Бекидің мақаласы да көпшіліктің назарына ұсынылды.

Алғашқы күннен-ақ оқырмандар мақалаға өз пікірлерін қалдыра бастады. Сыныптағы сабақта оқытушылар жазылған мақалаға пікір қалдырудың артықшылығы мен кемшілігі туралы пікір алмасуға да көңіл бөлуші еді. Бұл ретте Беки пікір қалдырудың артықшылығын айтатындардың қатарында-тұғын. Ол әсіресе «бірінші келген пікірлер оқырманның мәселеге қатысты шын мәніндегі ойы мен бағасын білдіреді» деген пікірде болатын.

Ал Бекидің мақаласының астына бірінші болып қалдырылған пікір мынау еді:

«Жүзу үйірмесі сабақтан бұрын немесе кейін болуы керек қой. Өйткені бассейнге барып-келу, сабақ арасында жүзу формасын ауыстыру, мұның бәрі біраз уақытты қажет етеді, яғни аптасына осы үйірменің кемінде 10 пайыз уақыты осындай жұмыстарға жұмсалады».

Бірнеше күннен кейін тағы бір құнды пікір жазылды, онда:

«Бұл — өмірде маңызды спорт түрлерінің бірі, балалардың осы спортпен шұғылданғаны аса қажет. Балалардың суға батып кету оқиғаларын азайту үшін мектеп бағдарламасында бұл үйірменің болуы дұрыс. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 11-12 жастағы қара нәсілді балалардың суға батып кету көрсеткіші ақ нәсілді балалармен салыстырғанда 10 есе көп екен. 8-9 жас — жүзумен шұғылдануды бастау үшін таптырмас кезең. Олардың арасынан кейін осы спортпен кәсіби түрде айналысушылардың шығуы да мүмкін. Автор бұл тұрғыда тақырыпты өте керемет аша білген. Мәселеге қатысты екіжақты пікірді де қамтыған», — делінген еді.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Надандық пердесі

Джон Роулдің «Әділдік теориясында» жоғарыда аталған Бекидің оқиғасы секілді жағдайларда әділетті шешім қабылдауға үйрететін құнды пікірлер айтылған. Роулдің пікірінше, көпшілік, негізінен, «надандықтың көлеңкесінен» шыға алмай қалады. Қандай да бір тосын мәселе туындаған кезде адамдардың бәрі бірдей пікір ұстанып, жағдайға бір призмадан қарайды. Вишневский жүзуді үйрететін бапкер ретінде жұмыс істемеген де, спорттың бұл түріне қатыспаған да болуы мүмкін. Роулдің пікірінше, Бекиді ешкім түсіне алмайды. Жекелеген адамдар мәселенің бүге-шігесін біле отырып, мақаладағы позитив пен негативті және қарама-қайшы пікірлерді саралайды. Содан кейін барып өздері іштей шешім қабылдап, көңілдеріне қонымды бір тарапты таңдайды. Роулдің теориясы бойынша, шешім қабылданғанда «жекебас еркіндігі барынша күшейтіліп», «әлсіз топтар барынша қорғалады».

Тілшілер мен редакторлар дайындап жатқан дүниелеріне қолда бар деректердің қайсысын енгізіп, қайсысын қалдыруды ойластырғанда КЖҚ тұжырымдамасындағы журналистік әдеп негіздеріне зияны тиюі мүмкін жайттарды саралап, зардапты барынша азайту мақсатында аудиторияның реакциясын алдын ала сезінуі керек.

Жоғарыдағы оқиғаның деректерін саралау кезінде тілшілер мен редакторлар аталған жүзу үйірмесінің детальдарын барынша молынан қамтып, оны халықпен бөлісуі тиіс. Сонымен қатар үйірменің құрылғандағы мақсатын ескере отырып, оның оқушылардың тәрбиесі мен жалпы өміріне тигізер

пайдасы мен ондағы кемшіліктерді, жұмыс істейтін қызметкерлер мен оқытушылар туралы жекелеген деректерді қатар тізуі қажет. Осының көмегімен тілші бұл үйірменің қаншалықты дұрыс жұмыс істеп жатқаны мен өз міндетін толық атқарар-атқармасын көрсететін суретті оқырманның көз алдына әкелуі тиіс. Беки аталған үйірменің өзі бұрын қатысқан жүзу үйірмесіне ұқсамауы себепті осы екі үйірмені салыстыру әділетсіз әрі оқиғаға оның баға беруі дұрыс болмайды деп шешті.

Беки өзінің жүзу үйірмесіндегі тәжірибесін былай қойып, оның орнына осы үйірмеде қандай ақпараттарға қаныққанын, бұл үйірменің өзіндік ерекшеліктері мен бұрын танымаған қырларын енді жүзу үйірмесіне қатысушы адам ретінде емес, тілші ретінде тани бастады.

Беки жеке ұстанымын былай ысырып қойып, өзін жүзу үйірмесінің оқытушысының орнына қойып қарағанда мәселенің бір жағын ғана көре алар еді. Ақ пен қараның аражігін ажыратуда таза бейтараптық ұстанудың маңызы осында болса керек. Қалай дегенде де, Беки тілші ретінде мәселеге жоғарыдан қараудың орнына, сол үйірменің бір қатысушысы ретінде бір тарапқа қарай бұра бергенін өзі де байқады. Енді ол бар білімі мен тәжірибесін салып, оқушы мен оқытушы арасындағы мәселелерге тең қарай бастады. Осы орайда ол Роулдің «шағылысатын тепе-теңдік» тұжырымдамасына сай, үйірме туралы пікірлер мен нақты деректерді саралады. Яғни «үйірменің негізгі міндеті не» және «қазір ол немен айналысып жатыр» деген екі сауалға жауап іздеді.

Үйірмеге қатысушылардың барлығы бірдей жүзумен толық айналыспаған және бәрі бірдей жүзуге қызықпайтын еді.

Вишневский қолда бар ақпаратқа сүйене отырып осы оқиғаны жазумен болды. Дегенмен бұл материалдың жариялануы үйірмеге қатысушыларға өз зиянын тигізуі де ғажап емес-тін.

Оның пікірінше, кей мұғалімдердің орынсыз сыны жағдайды шиеленістіріп жіберді. Үйірмеге қатысы барлар: үйірме жұмысының шикілігі туралы пікірлерге оқушылар мен ата-аналардың да белгілі бір деңгейде қатысы бар болуы мүмкін еді. Сондықтан жүзу үйірмесі туралы жазылған мақала ақырында үйірменің жабылуына түрткі болуы әбден ықтимал. Демек, мектеп оқушылары бұдан былай жүзумен айналысу

мүмкіндігінен айырылады деген сөз. Сырттай қарағанда белгілі бір мәселенің зерттелуі немесе бейкүнә мақала секілді көрінгенімен, автор еріксіз түрде қаншама оқушыны жүзумен шұғылдану мүмкіндігінен айырғалы отырғанын байқауға болады.

Вишневскийдің пікірінше, оның жазып отырған мақаласы Кәсіби журналистер қауымдастығының әдеп кодексіне сай келеді. Автор шамасы келгенше өзі бұрын көрген үйірмеге қатысты жаттанды стереотиптерден аулақ болуға тырысты. Көпшіліктің бұл үйірме туралы нақты ақпарат алу құқығын бірінші орынға қойды. Дей тұрғанымен, жазылған жайдың ақыры немен аяқталуы мүмкін екенін де ескеріп, барынша сақ болуға тырысты.

Ой елегінен өткізсек:

1. Жақсы тілшілер әдетте өздеріне қажеттен көбірек ақпарат жинайды. Мәселен, егер тілші белгілі бір тұлға мен мекемені негізсіз сынаса, мәселе қалай өзгеріп кетер еді? Жүзу үйірмесіне қатысты оқытушылардың сыны қандай нәтижелерге әкелуі мүмкін?
2. Тілшілер жариялаған мақаласының немесе дайындаған сюжеттерінің ақыры не болатынын болжай білуі керек. Дегенмен бұл, әрине, толықтай мүмкін емес. Негізінен, бұл жағдайда көпшіліктің реакциясы рөл ойнайды. Жүзу үйірмесі мектебінің қызметкерлері айтқан шағымына сол мекеменің басшылығы қалай жауап беруі мүмкін?
3. Егер Беки мәселенің басқа да қырларын қарастырғанда жүзу үйірмесіне қосымша қандай әсерлер болар еді? Оның оқиғаны қайта жасақтауы, фокусты өзгертуі, оқырманда қандай пікірдің қалыптасуына ықпал етті?
4. Тілшілер әдетте сенімді және нақты дереккөздерге ғана сүйенеді. Мәселеге қатысты негізсіз немесе дәлелсіз сын тілші мен үйірме басшылығының арасына сына қағуы мүмкін бе? Қарым-қатынастың бұзылуы қаншалықты әділетті болар еді?
5. Мақалалға қарама-қайшы пікірлер енгізу үшін тілшінің қандай міндеттемелерді орындауы керек? Қандай да бір сыни пікірлерді енгізу

үшін ол пікірлер қандай талаптарға жауап беруі тиіс және оны тілші қалай анықтайды?

6. Кейде дереккөздер кейін жазылған мақалаға қатысты қандай пікірлердің айтылатынын ескермейді? Егер осы үйірме туралы мақаланы сіз жазған болсаңыз, өз жұмысыңыз бен үйірме қызметін тәуекелге тіге отырып, қалай баяндап шыққан болар едіңіз?
7. Тілшілер күн сайын өз мақаласы мен сюжеттеріне қай деректі енгізіп, қайсысын қалдыру керектігін ойлап бас қатырады. Осы мәселе бойынша қандай да бір формула немесе қағида бар ма?

Егер...

Тілшілерге сұхбаттың барлық түрін жүргізуге тура келеді: бетпе-бет, телефон арқылы, скайп, электронды хат немесе өзге де әдістермен. Тәжірибеңіз неғұрлым көп болса, соғұрлым сіздің қажет еткен тақырыбыңыз туралы артығымен әңгімелеп беретін дереккөздеріңіз көбейе түседі. Негізінен, адамдар өздері айтқан нәрсенің нәтижесі қалай болатынын елестетін жатпайды. Тек саясаткерлер ғана бұл тұрғыда абайлап сөйлейді, әдетте көпшіліктен мәлімет алу оншалықты қиынға түсе бермейді.

Егер сіз жергілікті ақпарат құралдарының бірінде штаттағы тілші болсаңыз, қылмыс және құқықбұзушылық тақырыбында қалам тербейтін болсаңыз, жұмыс барысында небір ауыр оқиғалар мен қиын тағдырлармен кездесуіңіз — заңдылық. Ал оны жариялау кезінде ешкімге кесіріңізді тигізіп алмас үшін, қатерді барынша азайтудың жолын іздейсіз немесе күнделікті өмірде де сіз белгісіз дереккөздерден беймәлім бір дүниелердің сырын ашып, оны да көпшіліктің назарына ұсынуыңыз мүмкін. Егер сіздің дереккөзіңізге қандай да бір қатер төнген болса немесе мынадай жағдайларда не істер едіңіз?

- Бірнеше жылдан бері сіздің дереккөзіңіз болып келген кісі зейнетке шығады да, кейін дәл сол жұмысқа қайта орналасып, бұрынғыдан аз жалақы алатын болады.
- Сіз тамақтанатын асхана тек қолма-қол ақша ғана қабылдайды. Себебі бұл асхана салықтан осылай жалтарып жүргенін айтады. Бір жағынан, бұл — сіздің ең жақсы көретін асханаңыз, екінші жағынан, олардың салық төлемей жүргені ашық заңсыздық екенін білесіз.
- Бір танысыңыз заңсыз әрекетке барып, сотты болғанында судьяны сатып алғанын айтады.
- Тағы бір танысыңыздың өзі жұмыс істейтін мекемедегі құжаттарды жасырғанын, мемлекетке есеп бергенде жалған ақпарат жібергенін сіз біліп қалдыңыз.

- Қаладағы бір оқу орнында мұғалім болып жұмыс істейтін танысыңыз студенттердің бірі оған тапанша кезенгенін айтады.

Осы мысалдардың қайсысынан материал дайындар едіңіз? Соның ішінде, қайсысына оқиғаның құндылығын арттыру және аудиторияға қажетті мәліметті ұсыну үшін Джон Роулдің «шағылысатын тепе-теңдік» теориясын қолдануға болады?

Осы мәліметтердің қайсысын қалай жазу керектігі жайлы редактордан барып ақыл сұрайсыз ба? Өзіңіз білетін ақпаратты, әсіресе ол сұхбаттың ішіне енгізілмеген болса, қалай сипаттар едіңіз?

Егер осы мәліметтерді айтып берген кей адамдар сіздің тек дереккөздеріңіз ғана емес, сонымен қатар жақсы араласатын достарыңыз болса ше? Қай жағына қарай жанашырлық танытар едіңіз немесе қай тұсқа өтірік қосар едіңіз және не үшін?

Журналистер әдетте «әрқашан жұмыста жүрміз» деген қағидамен өмір сүреді. Күнделікті өмірде еркімізден тыс түрлі оқиғаларға кездесіп жатамыз. Әрине, сіз әрқашан жұмысты ойлап жүрмеуіңіз мүмкін, бірақ сіздің дүниетанымыңыз сіздің кәсібіңізге қарай тартып тұрады. Қаптаған ақпараттар мен оқиғалардың ішінен жариялауға тұрарлық нәрселерді қалай ажыратасыз, қандай талаптар қоясыз және не үшін? Одан кейін сол оқиғаға қатысты қай мәліметті енгізің, қайсысын қалдыратыныңызды не нәрсеге сүйеніп шешесіз?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Дереккөздің сенімділігі тілшілердің үнемі алаңдаушылығын тудырып отырады. Атақты Катрина дауылынан кейін медиадағы Жазудағы Әділдік пен Нақтылық тобы бұл мәселеге ерекше көңіл аудара бастады: <http://fair.org/extra-online-articles/suspect-sources/>

«Қате дереккөздер мен жаңылыстырушы ақпараттар» атты мақалада мамандар тілшілердің қалай жұмыс істеу керектігін көрсетеді: <http://niemanreports.org/articles/false-sources-and-misleading-information/>

ІІІ ТАРАУ

СЕЗІМТАЛДЫҚ (сақтық)

12. Сақтық және Әлеуметтік желі
13. Иммерсиялық журналистикадағы этика
«Ақ шуыл»
14. Жекебас құпиясын сақтау әдебі және
қоғамдық құқық
15. Сөз бостандығы, ресми қысым: шетелден
келген студенттің жағдайы
16. Әрекетсіздіктің кесірі
17. Өтініш, бұл видеоны қолданбаңыз!
18. Дереккөздің өкініші: «Мақаладан менің
есімімді алып таста»

Сақтық және әлеуметтік желі

Студенттің қайтыс болу оқиғасы

Франсес Парриш

Гай С. Рил

Кандай да бір оқиға ортасынан шорт кесіліп немесе арты күмәнді болып кетсе, тілшілер мен редакторлар мәселенің мәнісін табу үшін алдымен осы тақырыпқа қатысты ақпараттар мен деректерге жүгінеді.

Оңтүстік Каролина штатының Рок Хил қаласындағы Уинтроп университетінің The Johnsonian студенттер басылымы редакторының басынан мынадай бір оқиға өтті.

ОҚИҒАҒА ҚАТЫСТЫ КРАУДСОРСИНГ (ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ СӨЗ) ӘДІСІМЕН АҚПАРАТ ЖИНАУ

2013 жылдың күзгі семестрінде The Johnsonian басылымының бас редакторы Франсес Парришке қарамағындағы редакторлардың бірі түн ортасында қоңырау шалып, бір студенттің қайтыс болғанын хабарлады.

Қайтыс болған студент Абби Керрол еді. Денсаулығына байланысты, бір тоқсанға академиялық демалыс алып кеткен Абби қазанның 31-інде көз жұмады.

Университет апталығы дереу бұл ақпаратты газет бетіне де, интернет нұсқасына да салып жіберді. Дегенмен болған жайды егжей-тегжейлі баяндау керек. Бұл тұрғыда редакция алдымен Twitter мен Facebook секілді әлеуметтік желілердің көмегіне сүйенбек. Әлеуметтік желілер жеделдік тұрғысынан тиімді болғанымен, мәліметтің дұрыстығына келгенде оны сенімді дереккөздерге жатқызу қиын. Парриш пен оның редакторы бұдан хабардар болғанымен, жұмыс барысында мұндай қателікке бой алдыру қалыпты іс еді.

Парриш Керролды танытын әрі оны университет кампусынан бір ай бұрын ғана көрген болатын. Керролдың өлімі туралы ақпарат оны есеңгіретіп тастады, әрі оны ести салысымен, дереу басылым редакторына барынша кеңінен мәлімет жарияла деп тапсырма берді, алайда материалдың қалай жазылуы керектігі жайлы қызметкерімен ақылдасуына мұршасы болған жоқ.

Бас редактордың «барынша кеңейтілген ақпарат бер» деген тапсырмасын орындау үшін шеф-редактор әлеуметтік желі арқылы сұрау салып, мәлімет жинауға кірісті. Ол «The Johnsonian басылымы студенттің қазасы жайлы ақпарат жинауда. Бұған барлығыңыз бір кісідей жұмыласыз деген үміттеміз» деген пост жариялайды. Парриш редактордың бұл әрекеттерінен бейхабар еді. Редакцияның тағы бір мүшесінің қоңырау шалып, не үшін мерт болған студент жайлы әлеуметтік желіде ақпарат жинап жатқанын сұрағанға дейін білген жоқ.

Керролдың қайтыс болуы, шынымен де, құпиясы мол, таңғаларлық оқиға болды. Хабардың түннің бір уағында келуімен қатар, редакцияның да түнделетін ақпарат жинауы редактордың, жалпы редакцияның оқиғаға сақтықпен қарай алмағанын білдіреді.

Ең сорақысы, Керролдың таныстарының біразы оның қайтыс болғанын осы The Johnsonian басылымының Facebook пен Twitter-дегі парақшасынан естіп білді.


Ал The Johnsonian басылымы ең алғаш дереккөз ретінде пайдаланған Facebook-тегі жазба артынша өшіріліп тасталған екен.

Керрол университет кампусында танымал студенттердің бірі болғандықтан, оның достары да көп еді. Университет қабырғасында көптеген іс-шараға атсалысып жүретін.

Facebook-тегі The Johnsonian парақшасындағы Керролдың көз жұмуына байланысты жазылған жазбаға жауап ретінде Парриш Керролдың туыстарының бірінен мынадай жауап алды:


«Мына жазбаны көрін, Керролдың ата-анасы қатты таңырқап отыр. Мен тіпті бұл туралы айтарға сөз таппадым. Жазба Facebook-ке тарап кетіпті. Сіздер мәселенің қалай болғанын нақты білетін біреуден, яғни оның туыстарынан сұрасаңыз да, жетіп жатыр еді».

12.1 СУРЕТ. Facebook-тегі жазба



ДЕРЕККӨЗ: The Johnsonian, келісімімен басылды

12.2 СУРЕТ. Twitter-дегі жазба



ДЕРЕККӨЗ: The Johnsonian, келісімімен басылды



The screenshot shows a vertical list of five Facebook comments. Each comment includes a small profile picture, the user's name, the text of the comment, and the time and interaction status (like/unlike).

Erin Parker
Shame on you Johnsonian staff.
One would think out of respect for the family and the deceased you would wait until details are provided from them. No need to seek and sensationalize.
Yesterday at 11:45 PM · Unlike ·  7

Amber Marie Schilling
I know you guys only have the best intentions, but this isn't really a crowdsourcing moment.
9 hours ago · Like ·  1

Julia Greiner
This post should be removed for the privacy of the family during this time.
9 hours ago · Like ·  4

Will Waldrep
Bad form, Johnsonian, bad form.
7 hours ago · Like

Ty Strickland
Even as a TJ employee, I have to agree with the other commenters here; Facebook day after is neither the place nor the time.
19 minutes ago · Like

ДЕРЕККӨЗ: The Johnsonian, келісімімен басылды

ТҮҒЫРЫҚ: ӨЛІМНІҢ СЕБЕБІН ҚАЛАЙ ЖАРИЯЛАУ КЕРЕКТІГІ ЖАЙЛЫ

Краудсорсинг әдісі (яғни ел аузынан мәлімет жинау) ақпарат жинаудың ең жедел түрі болғанымен, кей жағдайларда бұл әдісті қолдану кері әсерін беріп жататын кездері де болады. Осы жолы да Парриш бір шикіліктің бар екенін біліп, дереу өзі іске кірісті.

The Johnsonian редакциясы Керролдың өліміне қатысты бірнеше адамнан мәлімет жинады. Осының нәтижесінде, Керролдың суицид жасағаны анықталды. Алайда бұл ақпарат ресми расталмаған еді, ал басылым редакциясы оны мақалада атамай кетті.

Бірақ, шын мәнінде, Керролдың суицид жасағаны рас еді. Бұл өз кезегінде мақаланың жазылуын, тіпті күрделендіріп жіберді. Студенттің өлгенін жазу қиын болса, оның суицид жасағаны туралы ақпарат тарату, тіптен қиынға соқты. Не де болса, тілшінің бұл тұрғыдағы міндеті – ақиқатты анықтап, оны қаз-қалпында оқырманға жеткізу. Ал, екінші жағынан, тілші қаралы үй мен қайтыс болған жанға құрметпен қарауы да керек. Қаралы отбасы мүшелері бұл жайды жасырып қалғысы келуі де мүмкін, мұны журналистер ескере отырып, халықтың сұранысы мен тілектерінің ортасында тепе-теңдікті сақтауы қажет.

■ ■ ■ ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Facebook немесе басқа да әлеуметтік желілерді қолдану

Интернет – тілшілер үшін өте құнды дүние. Бірақ өзге құралдар секілді, оны орынсыз қолданудың пайдасынан зияны мол болуы мүмкін. Төменде Facebook-те жарияланған мәліметтерді пайдалануға арналған бірқатар кеңес:

Тексер. Жарияланған ақпараттың барлығы дұрыс емес. Жалқы есімдердің нақтылығын, суреттерді, кестелерді, ақпарат қамтитын кез келген нәрсені тексеріңіз. Ол үшін ақпарат тараған алғашқы дереккөзге хабарласып, нақтылап алыңыз.

Естеріңізде болсын, әлеуметтік желіде кез келген адам қате мәлімет таратуы мүмкін.

Сілтеме. Әлеуметтік желі секілді көпшілікке ортақ жерлерден ақпарат алу заңнамалық тұрғыда дұрыс болуы мүмкін. Бұл мәселеде ешқандай да сот жоқ. Дегенмен белгілі бір жерден алған ақпараттың қай жақтан келгенін оқырманға, тыңдарман мен көрер-

менге қоса айту сіздің кәсіби әдебіңіз екенін ұмытпағайсыз. Екінші жағынан, ақпаратыңыз жалған болса, жауапкершілік сізге емес, дереккөзіңізге жүктеледі. Сонымен қатар сіздің ақпарат алған дереккөзіңіз ол ақпаратты сізге бергісі келмеген болуы да ықтимал. Сондықтан рұқсатын алыңыз.

Жарияланған уақытты ескеріңіз. Бұқаралық медиадағы мәліметтер секілді әлеуметтік желілердегі ақпараттар да ескіріп кеткен болуы әбден мүмкін. Оны жоққа шығаратын өзге ақпарат шыққан болуы ықтимал.

Зерттеңіз және жариялаңыз. Facebook, Twitter, Инстаграм мен өзге де желілер алғашқы дереккөз ретінде қолайлы болуы мүмкін. Дегенмен тек олардың ақпаратына ғана сүйеніп мақала дайындауға болмайды. Әлеуметтік желідегі көп әңгімелердің бірінен гөрі, нақты кейіпкер немесе күәгердің айтқаны сіз үшін құнды мәлімет болады.

Бас редактор Парриш бұл жағдайда не істеу керектігін білмей бас қатырды. Әсіресе ақпараттың әлеуметтік желіде тарап кетуі жағдайды тіптен шиеленістірді. Ақырында бас редактор бұрынғы жетекшісі Ларри Тимбс пен газеттің кеңесшісі Гай Рилден¹ кеңес сұрады. Парриш алдымен әлеуметтік желіде тарап кеткен ақпарат үшін газет бетінде ресми түрде көшірім сұрау туралы ақылдасты. Бірақ кеңесшілері оған олай істеудің жөнсіз екенін айтты. Онсыз да тарайтын ақпарат тарап кетті.

Басылымның түскен абыройын енді Парриш қайта қалпына келтіруге тиіс. Бас редактор Парриш басылымның зор қателік жасағанын түсінді. Әу баста-ақ алғашқы мәліметтерді көргенде, ол алғашқы дереккөздермен жекелей сөйлесіп алу керек еді. Енді қателікті түзетудің бір амалы — әлгі жазбаны жариялаған редакторға қатысты тәртіптік жаза қолдану.

ШЕШІМ: ОҚИҒАНЫҢ МӘН-ЖАЙЫ

Мақала студенттер газетінде жарияланып кеткенге дейін Керролдың ата-анасы бұл туралы айтқысы келмеген еді. Ал Парриштің алғашқы дереккөзі университеттің басшылығы болатын. Ол әлеуметтік желілердегі жағдайды білгісі келген деканмен жолықты. Кездесу ресми түрде рәсімделмегендіктен, декан қазаның себебі жайында ресми жауап бермеді.

Парриш кейін университеттің вице-президентімен жолығып, оқиға жайында пікірін білгісі келеді. Ол да қазаның қалай болғаны туралы ештеңе айтпады. Тек бұның студенттер үшін қаншалықты ауыр болғанын әңгімелеген, яғни дереккөздің ешқайсысы қазаның себебі жайында айта алмағандықтан, *The Johnsonian* басылымы да ол туралы жаза алмады.

«Мәселе нақты болмағандықтан, біз оны суицид деп үзілді-кесілді айта алмаймыз», — деді кейін Парриш. — «Қаза болған уақытта және одан кейінгі бір-екі аптада ешкім ол туралы тарқатып айтпады», — деді. Парриш бұрынсоңды кісі өлімі туралы жазып көрмеген еді. Ал ресми орган қызметкерлері бұл мәселе туралы мүлде ақпарат бермейтінін айтты.

The Johnsonian газетінде жарияланған материал мен әлеуметтік желілерде тарап кеткенінен кейін оқырмандар редакцияға осы мәселе бойынша хат жаза бастады.

Дегенмен Парриш қаза жайлы тағы да қажетті мәліметтерді жинауға кірісіп, басылым мәселеге қатысты студенттердің пікірін жариялай бастады. Бұл материал бір жылдан кейін, яғни Абби Керрол қозғалысының (суицидтің алдын алу қозғалысы) қазаның себебін анықтағаннан кейін жарияланды.

Ескерту: Төмендегі оқиға Абби Керрол қазасы жарияланғаннан кейін бір жылдан соң болды.

1 Рил бұл кітаптың телредакторы

Аббиді еске алу

Микаэла Бишоп, 03.10.2014

Абби Керролдың отбасы мен достары кеш бата үйге жиналды. Донна Керрол әр қонақты жеке-жеке қарсы алып жатты. Жұрттың бәрі жиналғаннан кейін, ол күйеуінің қолынан ұстап тұрып былай деді:

«Абби біз үшін өте қымбат жан еді».

«Абби Керрол қозғалысы» атты суицидтің алдын алу шеруі 28 қыркүйек, сенбі күні Уинтроп университетінде ұйымдастырылды. Шара «Өмір және ар» бағдарламасы резиденттері департаментінің демеушілігімен өтті.

Абби Керрол Уинтроп университетінің биология факультетінің студенті болатын. Ол қаза тапқаннан кейін, яғни былтырғы қазанда Донна Керрол Американың Суицидтің алдын алу ұйымы арқылы осы қозғалысты бастаған. Оның мақсаты – халықтың кампусағы суицид деректері жайында ақпарат алуын қамтамасыз ету. Керрол 2014 жылдың күзінде осы идеяны ақылдасу үшін «Өмір және ар» бағдарламасының директоры, доктор Кети А. Лионмен хабарласты.

Доктор Кети А. Лион бұл бастаманы жоғары бағалап, өз келісімін берді.

Жалпы, студенттердің барлығы Аббидің ерекше тұлға болғанын айттып жатты. Бірі – оның көңіл күйінің әрқашан көтеріңкі жүретінін айтса, енді бірі – оның азаматтық ұстанымын құрмет тұтатыны туралы пікір білдірді. Аббидің қазасы студенттер үшін күтпеген жағдай болды.

ДЕРЕККӨЗ: Michaela Bishop Remembering Abby (Аббиді еске алу), The Johnsonian газетінен. Келісімімен басылды

ОЙ ҚҰРАЛЫ:

Керол Гиллиганның «Қамқорлық этикасы»

Осы кітаптың 1-тарауында «феминистік теория» негізіндегі «Қамқорлық этикасында» қамқорлық дегеннің кісінің өзіне және айналасындағыларға бірдей қатысты екені айтылған. Бұл этикалық шешім қабылдауға тікелей байланысты.

Керол Гиллиганның 1982 жылы шыққан *In a Different Voice* (Әрқилы пікірлер) кітабында әйелдердің этикалық шешімдерді қабылдау кезінде

әрқилы пікірлерді қолдану жолдарын түсіндіреді. Бұл пікірлер адамдармен қарым-қатынасына да байланысты. Осы тараудағы зерттеу кезінде сіздің шешім қабылдауыңызға осы қамқорлық этикасы қалай әсер етер еді?

Қазаның болғаны туралы Twitter-де хабарлардың алдында студенттің отбасын, олардың қандай сезімде екенін ескерер ме едіңіз? Хабардың қайғылы

екені сіздің шешіміңізге қандай да
ықпалын тигізер ме еді?

Осы жағдайда өзге де жағдайларды
қарастырып көріңіз:

Студенттің отбасымен және оның
достарымен қарым-қатынасы. Газет
пен оның негізгі аудиториясы сана-
латын студенттер қауымдастығының
қарым-қатынасы.

Бас редактор мен оның қарамағын-
дағы редакторлар және өзге де қыз-
меткерлердің қарым-қатынасы.

Осы жағдайға әсер етуі мүмкін өзге де
адам факторлары бар.

Журналистер әдетте «оқиғадан кеші-

гіп» қалғаны үшін айыпты болса, енді
бірде өздерінің жазғандарының ақыры
неге апарып соғатынын ескермегені
үшін кінәлі болып жатады. Әдетте, олар
халықтың «болған оқиғадан хабардар
болу құқығына» қызмет етіп, есесіне,
кісінің жеке өмірінің құпиялылығы
секілді тұстарын ескермейді. Көп
жағдайда тілшілердің атақты адамдар-
мен келісе алмай жататыны сондықтан.

Осы жағдайларды есепке ала отырып,
журналистер деректі жариялауда ха-
лықтың «хабардар болу құқығы» мен
жарияланған дүниенің ақыры және
оның құпиялылық деңгейін таразыға
салғаны абзал.

Соңы: Кәсіби тұрғыдағы әрекет

Facebook-тегі бір ғана жазбаға сүйенін таратылған ақпараттың тұтас ре-
дакцияның атына қаншалықты зиян келтіргенін редакция басшылығы анық
ұққандай. Бас редактор Парриш енді барынша кәсіби түрде әрекет ету
керектігін түсінді.

Алдымен ол кеңесшілерімен осы олқылықты жіберіп алған редакторға
қатысты қандай әкімшілік шара қолдану керектігін ақылдасты. Бұл редак-
тордың жасаған алғашқы қателігі емес еді, дегенмен оны жұмыстан шыға-
рып жіберерліктей де үлкен қателік емес. Сонда да бір шара қолдану керек.

Парриш оны редакторлықтан алып, штаттағы журналист лауазымына
түсіріп тастады. Осы арқылы ол барлық редакция қызметкерлеріне мұндай
олқылыққа орын жоқ екенін көрсетпек еді. Facebook-тегі бір жазбаны ре-
дакцияның ақпараты ретінде бере салуға болмайтынын көрсетті. Әлеуметтік
желідегі кез келген жазба бірнеше рет тексеріліп барып жариялануы тиіс.
Оның өзінде сілтемемен.

Парриш Twitter мен Facebook-тегі құпиясөзді ауыстырып, бұдан былай
әлеуметтік желіге жаңалықты тек бас редактор мен мультимедия редакторы
ғана жариялай алатындай етті. Осылайша, әлеуметтік желідегі редакция
жазбасын қатаң бақылауға алды.

Екі жылдан бері бас редактор қызметін атқарып келе жатқан Парриш
әлеуметтік желімен жұмыс істеу бойынша түрлі семинарлар мен шараларға
ден қойып, журналистердің осы саладағы біліктілігін арттыруға мән берді.

■ ■ ■ ИС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Әлеуметтік медианы қолдану

2011 жылы Америка Газет редакторлары қауымдастығы «Әлеуметтік желімен жұмыс істеуге редакторларға арналған нұсқаулық» атты зерттеу жұмысын жасады. Онда төмендегідей кеңестер қамтылған:

1. Дәстүрлі этикалық заңдылықтар онлайн баспада да сақталуы тиіс;
2. Желіге жазылған кез келген ақпараттың көпшілік алдындағы мәлімдемеге айналатынын ұмытпаңыз;
3. Әлеуметтік желіні оқырмандармен кері байланыс құралы ретінде кәсіби түрде пайдаланыңыз;
4. Жаңалықтарды желідегі парақшаға емес, ресми сайттарыңызға салыңыздар;
5. Ақпаратқа сыни көзбен қараңыз;
6. Әлеуметтік желідегі ақпаратты тәуелсіз сараптамадан өткізіңіз;
7. Желіде өзіңіздің жай ғана қолданушы емес, журналист екеніңізді естен шығармаңыз;
8. Әлеуметтік желі – ойыншық емес, құрал;
9. Барынша ашықтықты сақтаңыз және жіберген қателіктеріңізді мойындаңыз;
10. Арадағы әңгімелерді құпия сақтаңыз.

Толығырақ танысу үшін мына сілтемені пайдаланыңыз. http://asne.org/Files/pdf/10_Best_Practices_for_Social_Media.pdf

Аббидің қазасынан кейін әлеуметтік желімен жұмыс істеуде журналистердің кәсіби білігінің төмендігі анықталып, енді бұл мәселеде білек түріп іске кірісуі керек болды. Соның ішінде, краудсорсинг (ел аузындағы сөзге сүйену) пен жазбаларды пайдалануда кәсіби әрекет ету және кейіпкердің жеке өміріне құрметпен қарау жайы ескерілетін болды.

Ой елегінен өткізсек:

1. Бұқаралық ақпарат құралдары қандай да бір қаза туралы ақпарат таратуы керек пе? Соның ішінде, суицидті оқиға ретінде берген дұрыс па? Университет басылымдарының осындай жағдайларда хабар таратуының әдеттегі өзге басылымдардан айырмашылығы бола ма?
2. Парриштің редактордың лауазымын төмендетіп тастағаны дұрыс па? Оның орнында сіз болсаңыз не істер едіңіз?
3. Басылымның әлеуметтік желідегі жазбасы үшін кешірім сұрап, бұрынғы жазбаны өшіріп тастағаны жеткілікті ме? Не себепті? Ал осы басылымнан көшіріп басқан өзге ақпарат құралдары не істеуі керек?

4. Газеттер әдетте қандай да бір трагедиядан соң немесе қылмыстан кейін әлеуметтік желіде ақылдасады. Жоғарыдағы ақпаратты қалай беру керек еді? Ақпарат айтылған күйі сөзбе-сөз ұсынылуы керек пе еді?
5. Әлеуметтік желі саясатына жаңалықтар басылымын қосуда қандай элементті ұсынар едіңіз? Редакцияның әлеуметтік желідегі парақшасына бас редактор мен мультимедиялық редактор ғана кіре алатындай етіп өзгелерді шектеп тастауы жақсы идея ма?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Poynter Institute институтындағы Элин Ангелоттидің «Қораптағы жаңа құрал: Әлеуметтік желі» атты әлеуметтік желіні пайдалану туралы жазған бағаны – болашақ журналистер үшін құнды дүние: <http://www.poynter.org/column.asp?id=67&aid=139520>.

Осы материалды оқып шығып, ең маңызды тұстары туралы ойларыңызбен бөлісіңіздер. Әсіресе «әлеуметтік желінің әлдебір қолданушысының жекебасын анықтағаннан кейін оның жекебас құпияларын сақтауда қандай мәселелерге мән беру керек» деген сауалы мен оған берілген жауаптарға көңіл аударыңыздар.

Егер...

Facebook секілді әлеуметтік желілерде ақпарат тарату мен оны қолданудың толықтай заңды болғанына қарамастан, онда этикаға сай емес мәліметтер де бар. Осы орайда, оларды қай жерде пайдалану, қай жағдайда пайдаланбаудың аражігін қалай ажыратуға болады? Instagram, LinkedIn мен Twitter секілді әлеуметтік желілер – хат алмасу мен пікір бөлісу құралы. Дегенмен оларда онлайн өсек пен жала жабудың да қатар жүретіні анық. Мәселен, Yik Yak қосымшасы 5 миль (8 км) радиусында анонимді жазба қалдыру мен хат жазуға мүмкіндік береді. Мәселен, кей мектептер бұл қосымшада кибербопсалау, өсек пен жекебас мәліметтерін жариялау функциялары болғандықтан оған тыйым салынған.

Қазір өсек-аяң мен жалған ақпаратқа негізделген сайттар мен қосымшалар баршылық. Тіпті олар ең көп оқылатын болуы да мүмкін. Осы орайда университет басылымының ондағы ақпараттарды жазуы қаншалықты орынды? Жазған күннің өзінде ақпарат пен ондағы мәліметтерді қаншалықты нақтылауы тиіс?

Айталық, әлдебір сайт ең қызықты деген ақпараттар жариялайды делік. Сіз ондағы өзіңіз туралы анонимді жазылған мәліметтерге қалай қарар

едіңіз? Мұндай сайттар тұрғанда таза жұмыс істейтін ақпарат құралдары қаншалықты әділетсіздікке ұшырап отыр?

Әлгіндей сайтта сіздің университетіңіздің блогі бар делік. Ондағы жазылған ақпараттарға сіз қаншалықты сенесіз?

Жалпы, ондағы жазуларға жүктелген жауапкершілік деңгейі қандай?

Мұндай сайттарды оқу этикалық тұрғыдан қаншалықты дұрыс?

Өзіңіз осындай жерлерге хабар жіберіп көрдіңіз бе? Не себепті?

Егер сіз университеттің ректоры болсаңыз, осындай сайттарды университет кампусында бұғаттап тастар ма едіңіз? Не себепті?

Кей адамдар өсек сайттардың өзі азаматтық журналистиканың қозғаушы күші екенін айтады. Дәстүрлі ақпарат құралдары аз ғана мәлімет болса да үлкен еңбекпен жинағанда, ел аузындағы сөзбен оңай мақала жаза салатын мұндай сайттар қаншалықты керек? Жалпы, бұл дұрыс па?

Иммерсиялық журналистикадағы этика

«Ақ шуыл»

Дэвид Р. Давиес

Касси Роденберг

Колледжді бірнеше жыл бұрын ғана бітірген Касси Роденбергтің «Ғылыми Америка» журналына ғылыми мақала жазу мүмкіндігінің пайда болуы оның өміріне үлкен өзгеріс әкелмек. Алайда мұндай басылымға мақала жариялаудың оңай емес екені де анық. Касси материалды дайындау барысында Американың ең кедей аудандарындағы есірткіге тәуелділер мен үй-күйсіз жандардың өмірімен танысып, олардың тіршілігін жете түсінуі тиіс. Бірақ мәселенің мәнісіне тереңірек үңілу барысында кейбір этикалық әдептерді сақтауы да керек.

Оқиға: «Бұны неге жазып отырсың?»

Роденбергтің журналистикаға келуінің өзі – бір оқиға. Ол колледжде ғылыми коммуникация мамандығын оқыса, кейінірек журналистикадан дипломдық жұмысын қорғады. Оқуды бітіргеннен кейін телеарнада продюсер болып қызмет етті, артынша «Ғылыми Америка» журналының сайтына қызметке алынды.

Бұл — журналистер арасында ең беделді қызметтердің бірі. Касси осылайша, өзі жақсы көретін тақырыбына еркін қалам тербеуге мүмкіндік алды.

«Мен ғалымдар ескермей кеткен, ғылымның адамға қатысты аспектілеріне, яғни ғалымның зерттеу объектісіне айналған адамдар туралы жазатын боламын», — деп түйді ішінен Роденберг. Адам ағзасының әлденеге тәуелді болуын ғылыми тұрғыдан түсіндіру, тәуелділікті емдеуде ғылыми прогрестің тигізер пайдасын жазу — осы салада қалам тербейтін журналистердің әдеттегі ісі. Ал Кассидің мақсаты — әлденеге тәуелді болып қалған адамдарды тауып алып, кейіпкер ретінде сөйлету еді. Ол осылайша, мәселені екінші жағынан көрсеткісі келді. Әсіресе Нью-Йорктың Бронкс атты кедей аймағындағы тұрғындардың арасынан организмі әлденеге тәуелді болып қалған жандар туралы жазуға бекінді. Сонымен қатар бұл аудан қылмыс ең көп жасалатын жер еді.

Кассидің мақаласы «Ақ шуыл» деп аталды. Физикада «ақ шуыл» термині — үздіксіз және тұрақты (біркелкі) шығатын дыбыс. Касси адамдардың тәуелділігі мен психикалық ауруларды осы құбылысқа ұқсатты. Ол бұл жұмысын фотограф Крис Арнадемен бірге қолға алып, төрт жыл бойы ай сайын төрт мақаладан жариялап отырды.

«Мақаланы жаттанды жолмен, жалаң статистикамен жазу — маған жат нәрсе», — деді ол 2014 жылы «Ақ шуыл» мақалалар сериясының соңғы шығарылымында. «Менің ойымша, ғылым, ең алдымен, нақты цифрлар мен жекелеген адамдардың өміріне негізделеді. Статистиканың жолы — тым жеңіл. Ғылым саласын жазуда көп нәрсе ескерусіз қалып жатады», — деді Касси.

«Ғылыми Америка» журналының редакторлары Кассидің жұмысына жоғары баға беріп жатты. Дей тұрғанмен, бастапқыда Касси тапқан кейіпкерлерінің ақиқатына көпшілік оқырман күмән келтіргені де жасырын емес. Олар бұл басылымнан осындай зерттеу еңбегі шығады деп күтпеген болса керек. Редакцияға «Бұл ғылым емес. Мұны не үшін жазып отырсың?» деген пікірлер де келіп жатты. Касси оларға жауап ретінде ғылыми басылымдарда тек ғылыми терминдерден тұратын теориялар ғана емес, сонымен қатар нақты өмірден алынған оқиғалардың да жариялануы қажеттігін айтып, жауап жазды.

Тығырық: Этика сақтау мен дереккөздерді қорғаудағы ТЕПЕ-ТЕНДІК

Есірткі мен өзге де түрлі нәрселерге тәуелді адамдар туралы жаза жүріп, Касси Роденберг, ең алдымен, сол кейіпкерлердің жекебас құпияларын

сақтауға аса мән берді. Қандай да бір адамнан сұхбат алмас бұрын ол жазылатын дүниенің қысқаша мазмұнын таныстырып, олардың өздерінен тікелей жариялауға рұқсат сұрады. Ол алдымен өз жазғандарының алғашқы жобасын кейінкерлеріне көрсетін алды. Журналистикада бұл міндетті болмағанымен, Касси мұндайға ерекше көңіл бөлді. Оның үстіне сұхбат берген адамдар әлеуметтік әлсіз топ өкілдері болғандықтан, туыстарының немесе белгілі бір ұйымдардың қамқорлығында болатын. Ал бұл қамқоршылар Кассидің үстінен арыздануы әбден мүмкін.

«Менің қызметімдегі ең басты ұстанымым — жұмыс бабымен байланыс орнатқан адамдардың жекебасы мен олардың жеке өмірін қауіпсіздікте ұстау», — деп жазды Касси. Оның кейінкерлері жезөкше, есірткі саудалаушылар секілді заңға қайшы әрекет етіп жүрген адамдар болғанына қарамастан, Касси олардың шын аты-жөнін жарияламады. Оның орнына олардың лақап аттарын пайдаланды. Жасыратыны жоқ, кейде әлгі кейінкерлер мақаланың кей тұстарына келіспеушілік білдіргенімен, соңында оны жариялауға бәрі рұқсатын берді.

Журналист ретінде Роденбергтің мақсаты — қоғам шеттетін тастаған адамдар туралы халыққа кеңінен мәлімет беру еді. Сол үшін де оның сұхбат алған адамдары өздері туралы ашылып сөйледі. Басынан өткен аласапырандармен бөлісуге бірден келісті. Ал сайтқа жарияланған мақаланың астына пікір жазғандардың ішінде мұндай жандардың оңайшылықпен басынан өткендерін бүкпесіз әңгімелей қоймайтынын айтып, бұл кейінкерлердің бәрі автордың жеке таныстары, әлде бұрыннан араласатын адамдары болуы мүмкін екенін айтқандар да болды.

«Бұл мен үшін, кейінкерлерім үшін үлкен тәжірибе болды. Ал оқырмандар үшін — бұл айтулы жаңалық», — дейді бұл туралы Кассидің өзі.

«Әлеуметтік әлсіз топ өкілдерімен жұмыс істеу менің еңбегімді одан сайын жандандыра түсті», — дейді Касси. Мұндай еңбекті жазу үшін стандартты жолдармен ақпарат жинау машықтары мен оларды іске асыруда этиканың сақталуы талап етіледі.

Роденберг өзі әңгімелескен кейінкерлерінің аты-жөнін өзгертін, олардың бастарынан өткен оқиғалардағы детальдарды да нақтылаған жоқ. Өйткені оқырмандар арасынан әлгі кейінкерлерге зияны тиіп кетуі мүмкін адамдардың шығуы да ықтимал екені рас. Мақалаға ақпарат жинау барысында Касси кейінкерлерімен жиі кездесіп тұрды.

«Қазір есіме алсам, күлкім келеді. Кейінкерлермен тіпті етене араласып кеткен кездерім де болды», — дейді Касси. Тіпті ол үй-күйсіз жандарды Алғыс айту күні мерекесінде өз үйіне кешкі асқа да шақырған.

«Оларды тек дереккөз ретінде пайдаланып, тек мәлімет алу үшін ғана хабарласқаным, адамгершілік құндылықтарға қайшы келер еді. Сол үшін мен олармен барынша жылы сөйлесіп, достасуға тырыстым», – дейді Роденберг.

Алғашқы мақалалары жарияланып, онда барлық мәліметтің дұрыс көрсетілін, жасырылатын жері жасырылып қалғанын көрген үйсіздер мен осындай әлеуметтік әлсіз топ өкілдері Кассиге сенуге болатынына көздері жетті. Тіпті ол қаланың осы бөлігінде тұратын азаматтар арасында танымал болып, оларды өзге әлеуметтік топ өкілдерімен байланыстырушы дәнекерге айналғандай еді.

Роденбергтің кәметке толмай жатып адам саудасы мен жезөкшеліктің құрбаны болған адамдармен қарым-қатынасы – өз алдына бөлек әңгіме. Кәметке толмай жатып еріксіз жезөкшелікке салынып кеткендердің кейбірі оған сұхбат бергісі келгенімен, Касси кейіпкер таңдауда аса сақтық танытты. Шама келгенше, ересектерімен әңгімелесіп, олардың суретін жариялағанда беттерін көрсетпей тастап отырды.

Роденберг бірнеше рет қылмыстық әрекеттің де куәсі болды. Әдеттегі журналистер секілді ол өзі куә болған қылмыстық оқиғаларды, жезөкшелік пен есірткі саудасы деректерін тәртіп сақшыларына хабарлаған жоқ. Біріншіден, ол тәртіп сақшыларының бұл қылмыстарды жақсы білетінін, бәрібір болар істің болып, бояуы сіңгенін түсінді.

Сонымен қатар егер ол тәртіп сақшыларына осы қылмыстар туралы хабарлағанда оның кейіпкерлері бұдан былай онымен ашылып сөйлеспей, тіпті жауап бермей қоюы мүмкін екенін де ұқты.

13.1 СУРЕТ

SCIENTIFIC AMERICAN

Sign In | Cart | Register

THE SCIENCES MIND HEALTH TECH SUSTAINABILITY EDUCATION VIDEO PODCASTS BLOGS STORE Q

The White Noise

Life Outside a Methadone Clinic, or Getting Clean from Heroin

This post is part of a collaborative narrative series composed of my writing and Chris Arnade's photos exploring issues of addiction, poverty, prostitution and urban anthropology in Hunts Point, Bronx.

By Cathy Rodenberg on January 29 2014

ДЕРЕККӨЗ: Cathy Rodenberg келісімімен басылды

ШЕШІМ: ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАНҒАНДАРДЫҢ АРЫЗЫН ЖЕТКІЗУ

Американың дәстүрлі журналистикасындағы «дереккөздермен дос болуға болмайды» қағидасымен жақсы таныс болғанымен, Роденберг мына адамдар туралы мақала жазу үшін мәлімет жинаудың жалғыз жолы олармен достасу екенін түсінді. Негізінен, «дереккөзбен достасу» тәсілі бір ғасырдан астам уақыт бұрын пайда болған иммерсиялық журналистиканың (иммерсиялық журналистика — оқиганың ішіне кіру, тереңіне бойлау. Мәселен, абақтыда жатқандар туралы жазу мақсатында белгілі бір уақыт қылмыскерлердің арасында өмір сүру) басты белгісі еді. Ертеректе журналистердің ақпарат жинау әдістері мен кейіпкерлердің өмірін сипаттауда пайдаланатын бірегей тәсілі осы болатын.

Белгілі қаламгер Робин Хемлей «Иммерсиялық жазуға нұсқаулық» атты еңбегінде иммерсиялық жазудың үш түрін атайды: жолсапар жазбалары (жолсапар очеркі), мемуарлар және иммерсиялық журналистика.

Интернеттің келуімен иммерсиялық журналистика ұмытыла бастады, дегенмен оның тарихы тереңде екені анық.

Аталған мақалалар сериясын жазуда да Касси өзін кейіпкерлеріне журналист ретінде таныстыра отырып, иммерсиялық журналистиканы қолданды деуге негіз бар. Кейде журналистер белгілі бір тақырыпты зерттеу үшін өзін басқа адам ретінде таныстыратыны белгілі. Мәселен, бір замандарда ауруханадағы ем сапасы туралы мақала жазғысы келген әлдебір журналист өтірік ауру ретінде сол ауруханаға жатып, мәселемен іштей танысқан еді. Кассидің де бұл тұрғыда үйсіз адам секілді көрініп, солармен араласып кетуіне, мәліметті осылай жинауына болар еді. Бірақ Касси басқа тәсілді таңдады. Қалай дегенде де, Роденбергтің осы тәсілі дәстүрлі америкалық журналистикаға сай келеді. Өйткені ол алдымен кейіпкерлері мен дереккөздерінің рұқсатын алып, жазған кезде де олардың қауіпсіздігін сақтауды естен шығармады. Мәселен, Кәсіби журналистер қауымдастығының Этика кодексі кез келген ақпарат құралында жұмыс істейтін журналистерге мына төрт заңдылықты берік ұстауды ұсынады: ақиқатты ізден және соны ғана жариялау; Қатерді азайту, шама келгенше болдырмау; Тәуелсіз жұмыс істеу; Ашық болу.

Роденберг осы төрт қағиданы да ұстанды. Әсіресе, дереккөздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өзі білетін мәліметтер өзге біреудің қолына өтіп кетпеуі үшін деректерді бүге-шігесіне дейін ашып көрсетуден аулақ болды. Сонымен қатар оның жазған дүниелері журналистің

эртаптаптылығы мен бейтаптаптылығы кодексіне сай, кейіпкерлердің басынан өткен оқиға деңгейінен ары асқан жоқ. Өйткені автордың жалғыз ғана мақсаты — үні көпшілікке жетпейтіндердің арызын тыңдату еді.

Роденберг журналист не жазса да, бейтаптаптықты сақтауы керектігін жақсы білгенімен, сериялық мақалаларында барынша өз кейіпкерлеріне жақындауға, солардың сөзін сөйлеп, соларға болысуға тырысты. Әйтпесе, оның кейіпкері «Роденбергке сұхбат бергеннен бізге пайда жоқ екен» деген оймен келесіде жолатпай қоюы да мүмкін еді. Оның үстіне, иммерсиялық журналистикада, осылайша, бір жаққа бұра тарту — қалыпты нәрсе. Кейіпкердің сөзін сөйлеу, бір жағынан, мақалаға өткірлік қосатыны да рас.

Сонымен қатар редакторлардың «дереккөзге тым жақындап кетпеу керек» деген ұстанымы әдеттегі қалыпты оқиғаларға ғана қатысты болса керек. Ал Кассидің кейіпкерлері осындай ерекше, тың тәсілдерді қажет ететін еді.

ОЙ ҚҰРАЛЫ:

Керол Гиллиганның «Қамқорлық этикасы»

Психолог Керол Гиллиганның пікірінше, этикалық шешім қабылдау әдетте қатып қалған заңдылықтарға емес, «қамқорлық этикасына», яғни қоғам мен айналадағы адамдарға деген қамқорлық аясында көрініс табады. Осы тұжырымдаманы өзге де ғалымдар іліп алып, ақырында ол көптеген салада пайдаланыла бастады. Олардың арасында, әрине, журналистика саласы да бар. Гиллиганның тұжырымдамасына сүйене отырып, өзгелерге деген қамқорлықтың күнделікті шешім қабылдауға қалай әсер ететіні туралы ойланыңыз. Мәселен, осы тәсіл сіздің жазуыңыз бен ғылыми жұмыстарыңызда қалай көрініс табар еді?

1. Журналистік еңбегіңіздің дереккөздеріңізге әсер ету мүмкіндігін зерделеніз. Сіздің жазғандарыңыз кейіпкерлеріңізге қандай да бір әсер ете ме? Роденберг бұл тұрғыда, ең алдымен, кейіпкерлеріне зиян тигізіп алмауды ойлады. Өйткені оның кейіпкерлері

әлеуметтік әлсіз топ өкілдері еді. Егер олардың аты-жөндерін жариялап жібергенде олар заң жүзінде қудаланып немесе өзге біреулердің қастандығына ұшырауы мүмкін болатын. Әрқашан өздерінің аттарын жарнамалауға құмар қоғам белсенділері мен мемлекеттік қызметкерлерге қарағанда, жеке адам ретінде, негізінен, солар халықтың көңіл аударуына мұқтаж болар?! Сіз осы секілді ешкімге таныс емес, бірақ жұрт білуі керек адамдарды білесіз бе?

2. Әлеуметтік әлсіз топ өкілдері туралы мақала жазбастан бұрын редакторыңызбен ақылдасыңыз. Гиллиганның «қамқорлық этикасы» өз бетінше жұмыс істейтін журналистерге арналған. Дегенмен дәстүрлі журналистика заңдылықтарына сай, жұмысқа кіріспес бұрын редактордың кеңесін тыңдап, әлеуметтік әлсіз топ өкілдерінің портретін ашарда қалай жұмыс істеу керектігі туралы сұраңыз. Роденберттің

істегеніндей, сіз де оқиғаны барынша шынайы және қызықты жеткізу мен дереккөздің қауіпсіздігін сақтауда тепе-теңдіктен айнымаңыз;

3. Оқырмандармен барынша ашық болыңыз. Сіз мақаланы жазу барысында қандай да бір келісім жасасқан болсаңыз, оқырмандарыңыз сол туралы білуге толықтай құқылы. Егер сіз кейіпкердің атын өзгертіп берген болсаңыз, оны да айтыңыз және себебін түсіндіріңіз. Егер сіздің жазғаныңызға кейіпкеріңізбен арадағы жекебас қарым-қатынасыңыздың әсері болса, оны да

түсіндіріңіз. Бұл тұрғыда журналистің жағдайға байланысты икемделе алуы керек екенін де естен шығармаңыз. Роденбергтің көпжылдық тәжірибесі мен «Ғылыми Америка» журналының ұсынған еркіндігі жазылған мақалалар сериясының ерекше болып шығуына мүмкіндік берді. Есте сақтайтын бір нәрсе, сіздің көрген оқиғаңыз неше жерден қызықты және ерекше болса да, сіздің журналистік біліктілігіңіз жетіспесе, жазылған дүние оқырмандардың сүйіспеншілігіне бөлене алмайды.

Соңы: «Халықпен Аралас»

Төрт жыл бойы мақалалар сериясын жазу барысында Роденберг бұл тақырыпты әбден түсінді. Әу баста жезөкшелік пен есірткіге тәуелділікке ұшыраған кейіпкерлеріне көмектесем деген сенімі төрт жылдың ішінде семін, ақыр аяғында бар үміті ақталмады. «Бұл бір ғана жылда қалыптасып, бір жылда ғана шешілетін нәрсе емес екенін түсіндім», – деді Роденберг. Осы оймен Роденберг жұмысты соңына дейін жеткізбей, төрт жыл бойғы еңбекті тоқтатқан. Дей тұрғанмен, оның осы тәжірибесі кейінгі жұмыстарында кедейлік тақырыбы туралы жазуына түрткі болып қана қоймай, бұл проблеманы бүге-шігесіне дейін тануына көп көмек берді.

Кейін Касси сол «Ғылыми Америка» басылымында ғылыми тақырыпта қалам тербей жүрін, журналистік еркіндіктің, шын мәнінде, не екенін түсінгенін айтады.

Төртжылдық жоба Кассиге тек еркіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар журналистикада оқып жатқан, өзіне еліктеп, осындай тақырыптарда жазып жүрген студенттермен байланыс орнатуына мүмкіндік берді. Студенттер одан кедей аудандағы әлгіндей адамдар туралы қалай жазу керектігін сұрағанда: «Халықтың ішіне кіріп, адамдармен сөйлесіңдер және оларға адал болыңдар. Достасып, еркін әңгімелесіңдер», – дейтін.

Бірақ ол этиканың мұндай тәсілдерінің бұдан да үлкен тақырыптарды жазу кезінде қолданылмағаны абзал екенін айтты.

Ой елегінен өткізсек:

1. Роденбергтің айтуынша, ол осыншалықты уақыт ішінде кейіпкерлерімен кәдімгідей достасып кеткен. Жалпы, кейіпкер немесе дереккөздермен (ол мейлі қоғам қайраткері болсын, мейлі қарапайым адам болсын) журналистердің достасуы қандай жағдайларда дұрыс, қандай жағдайларда бұрыс болады? (Сіздің оқиғаны қалай жазғаныңыз бен оған өзіңіздің қатысыңызды оқырмандарға сол күйінде берудің маңызды екенін де ескеріңіз);
2. Жылдарға созылған мақалалар сериясында Роденберг кейіпкерлерінің аттарын жасырып, жалған атпен бергенін білеміз. Кәсіби журналистер қауымдастығы да, өзге де кәсіби журналистік ұйым кодекстерінің ортақ талабы бойынша, журналист өз жұмысында анонимді кейіпкерден барынша аулақ болуы тиіс. Тек ақпарат басқа жолмен алынуы мүмкін болмаса ғана анонимді беруге болады. Сіздің ойыңызша, анонимдік қандай жағдайда орынды, қандай жағдайда орынсыз? Кей сыншылардың «анонимді дереккөз жиі цитаталанады» деген пікірімен қаншалықты келісесіз?
3. Мақала кейіпкерлері тұратын Хант Пойнт ауданы Роденберг үшін екінші үйіне айналып кетті. Иммерсиялық журналистикаға жүгіне отырып мәселеге тереңінен бойлауы Роденбергтің тақырыпты жете түсінуіне көмектесті. Журналистің осылайша, тым жақыннан зерттеуі мен тереңге бойлауының қандай да бір жағымсыз әсерлері бар ма?

Егер...

«Ақ шуыл» атты мақалалар сериясы көпшілік оқырманға есірткіге тәуелділік, қылмыс пен өзге де келеңсіздіктердің қоғамға қандай зиян әкелетінін толық түсіндірді. Соңғы жылдары жаппай кедейліктің төмендегені ақпарат құралдарының осы тақырыпты өзекті етіп көрсетуіне алып келді. Сенсус бюросының мәліметінше, 2013 жылы америкалықтардың 14,5 пайызы (45 млн азамат) кедей аймақтарда өмір сүрген. Үкіметтің кедейлікпен күрес саясаты жиі өзгеріске ұшырап отыратыны анық. Ал америкалықтардың өздерінде үкіметтің бұл мәселеге қаншалықты деңгейде араласуы керектігі жөнінде ортақ пікір жоқ. Журналистердің бұл тақырыпта қалам тербеудегі жауапкершіліктері қаншалықты? Ресми статистика бойынша, әр он азаматтың біреуі заңсыз есірткі пайдаланады. Осы мәселені жазуда журналистердің қандай міндеттері бар? Сонымен қатар осы тақырыпты ашуда журналистер қандай қиындықтарға тап болуы мүмкін?

Екінші дүниежүзілік соғыстан бері тұрақты түрде жетіліп келе жатқан журналистік шеберліктің басты талабы америкалық ақпарат құралдарында жұмыс істеумен және ЖОО дипломымен өлшенді. Ал сіздің осы кітапты оқып отырғаныңызға қарағанда, сіз әлі тәжірибесіз және толығымен жоғары білімді журналист емессіз. Болашақ журналистер кездесетін ең үлкен проблеманың бірі – өзінің өмірлік тәжірибесінде жоқ, бұрын-соңды бет-бет келмеген жағдайларды саралап, сол туралы жазу. Сіздің әлеуметтік деңгейіңіз бен этникалық ерекшеліктеріңіз жазып отырған тақырыбыңыздан өзгеше болуы мүмкін. Осындай кедергілерге тап болған кезде оқиғаны тереңірек түсініп, оны түсінікті жазу үшін не істер едіңіз?

Осы орайда, білім көкжиегіңізді кеңейтіп, санаңызды аша түсу үшін көбірек оқуға қажеттілік бар. Газет-журналды көбірек оқыңыз. Түрлі танымдық бағдарламаларды көріңіз. Өзіңізге таныс емес мәселелерді түсіну үшін сол тақырыпқа ынтаңызды оятыңыз.

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Касси Роденбергтің оқиғасы «Ғылыми Америка» журналының тарихына кіретіні анық. Оның кедейлік пен қоғамдық індеттер туралы жазғаны көпшіліктің ықыласына бөленді. Бұл еңбекті төмендегі сілтемеден көре аласыз:

<http://blogs.scientificamerican.com/white-noise/>

Джорджиа университетінің журналистика және бұқаралық ақпарат құралдары факультеті кедейлік тақырыбы туралы жазатын журналистерге мына сілтемеде бірқатар нұсқаулық ұсынады:

<http://www.coveringpoverty.org/>

Кәсіби журналистер қауымдастығы кедейлік тақырыбында қалам тербеушілерге бірнеше әдіс-тәсіл ұсынады:

<http://www.spj.org/divws4.asp>

Денсаулық сақтау саласы журналистерінің қауымдастығы осы тақырыпта мақала жазамын деушілерге мына сілтемеде кеңес береді:

<http://healthjournalism.org/>

Жекетұлға құпиясын сақтау әдебі және қоғамдық құқық

Қыз зорлау қылмысы мен жәбірленуші

II Натаниел Фредерик

Айми Павиа Мидер

Зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамның аты-жөнінің ашық жариялануы ақпарат құралдарының қандай саясат ұстануына байланысты. Дәстүрлі журналистикада мәліметтерді ашық түрде жариялауға рұқсат берілгенімен, бұқаралық ақпарат құралдары этикаға сай шешім қабылдап, мәліметті толығымен жариялау мен зардап шегушінің жекебас мәліметтерін жариялаудан туындайтын келеңсіздіктер арасында тепе-теңдікті сезіне білуі керек. Бұл бөлімдегі мысалдарда адамдардың жекебас құпияларын сақтау үшін олардың есімдері өзгертіліп беріліп отыр.

Оқиға: «Бұл әдеттегі қылмыс емес»

25 жастағы Джонатан Макфадден – Оңтүстік Каролинада орналасқан Рок-Хиллдегі Уинтроп университетінің 2012 жылғы түлегі. Оның журналисти-

қадағы кәсіби қызметі Рок-Хиллдегі The Herald газетінде қылмыс тақырыбы жайында жазатын тілшіліктен басталған. Ол 2012 жылдың тамыз айында мынадай бір оқиғаға тап болды: 39 жастағы Майкл Джамар Тэйлор деген азаматқа «көшеде 16 жастағы қыз баланы зорлады» деген айып тағылады. Мұны естіген қыздың ағасы 22 жастағы Тони Браун күдікті Майкл Джамар Тэйлорды өлтіреді.

Макфадден осы оқиғаны жазуы тиіс еді. Ол жәбірленуші қыздың есімін ашық жариялау The Herald газетінің саясатына қарсы шығу екенін білді. Алайда қайтыс болған адамның аты-жөнінің жариялануы бәрібір жәбірленуші қыздың да кім екенін білдіретін еді. Сонымен қатар оқиға орын алған жердің нақты мекенжайы, Тони Браун мен Майкл Тэйлордың арасындағы қатынастың айқындалуы, айналып келгенде, қыздың есімін жариялауға алып келді. Ақырында The Herald газетінің бас редакторы Макфадденге жәбірленуші қыздың аты-жөнін нақтыламай-ақ, болған оқиғаны баяндап беруге болатынын түсіндірді. Одан кейін Макфадден Ричард Смит атты жергілікті полиция басшысынан қылмыстың нақты детальдарын анықтады. Тәртіп сақшысының айтуы бойынша, тергеушілер күні бойы қылмыс болған жерді зерттегенімен ешқандай айрықша көзге түсетін айғақ таппаған. Шериф Макфадденге: «Бұл қылмыс әдеттегідей кісі өлтіру емес», – деп түсіндірді.

Тығырық: ЖАСЫРУ ЖЕТКІЛІКСІЗ

Енді Макфадден оқиғаның қалай болғанын сол жерде тұратын адамдардан сұрастырмақ болды. Алдымен интервью берген жергілікті тұрғын Майкл Джамар Тэйлордың өз қызына зорлық жасауы мүмкін екенін айтты. Бұл деректі Макфадден шерифтен интервью алған кезінде де естіген еді. Шериф те көршінің сөздерін құптап, расында да, Тэйлор зардап шеккен қыздың әкесі екенін және оның осы зорлық қылмысына қатысы болуы мүмкін деген күдігін айтқан еді. Енді Макфадден зардап шегушінің жекебас құпиясын қорғай отырып, бұл оқиғаны қалай жария ету керектігі жайлы нақты шешімге келуі тиіс еді. Макфадден: «Қолымызда мәліметтер бар. Алайда зардап шегушінің аты-жөнін жарияламай, жекебас құпиясын сақтай отырып жариялау – біздің мақсатымыз», – деді.

Сонымен қатар Тэйлорды Тони Браун өлтірген болуы тиіс деген ой Макфадден үшін тағы бір қиындық тудырды. Тони Браун зардап шеккен қыздың өгей ағасы болғандықтан, Тэйлорды жасаған қылмысы үшін атып өлтірген екен. Браун 40 000\$ кепілдік беріп, азат етілді. Жәбірленушінің

жекебас құпиясын қорғау мақсатында оқиға болған көше нақтыланбады. Өйткені оқиғаға қатысы бар жандардың туыстығы жәбірленушінің кім екенінен хабардар етіп қояр еді. Зорланған қыздың, оған күдіктінің және оны өлтірген адамның өзара қарым-қатынасы полиция қызметкерлері тарапынан расталды. Алайда Макфадден және The Herald газетінің редакторлары қыздың жекебас құпиясын сақтау үшін қабылдаған этикалық шешімдері бұл оқиғаның қалай жарияланатынына әсер етті.

ШЕШІМ: ДЕТАЛЬДАРДЫ ҚАЛДЫРУ

Бірнеше рет ақылдасқаннан кейін редакция мүшелері зардап шеккен қыздың аты-жөнін ашық жазбау керек деп шешті. Зорлау қылмысы жәбірленушінің атына кір келтіретін болғандықтан, журналистер оның жекебас құпиясын сақтауы тиіс болды.

«Әрине, біздің негізгі мақсатымыз — мүмкіндігінше көп мәлімет тауып, халықты хабардар ету болды», — дейді редакция мүшелері, — алайда жас қыздың да құқығын қорғап қалғымыз келді. Ол мектеп оқушысы еді». Қыздың кәмелетке толмағаны осындай шешім қабылдауға түрткі болды. Зардап шегушінің есімін жария етуге заңды түрде рұқсат етілгенімен, оның кәмелеттік жасқа толмағаны басылым басшыларына осындай шешім қабылдауға ықпал етті. Екінші шешім — оқиға болған көшенің атын нақтыламауға байланысты. Шағын қала болғандықтан, көшенің атын жариялағаннан кейін, тұрғындар қызды танып қоятын еді. Оған қоса редакция тобы қыздың, қылмыскердің және оны өлтірген адамның арасындағы қарым-қатынастарды нақтыламаған жөн деп шешті. Газеттің ұсынғаны бойынша қыздың өгей ағасы жай ғана «туысқан» боп аталса, әкесі «танысы» болып берілді. «Әрине, бұл жерде халықты шатастырып алуымыз мүмкін деген үлкен уайым болды», — деді Макфадден, — бұл — өте қиын жағдай. Біз бұны қолдамаймыз. Біз тек ашықтықты ұстанамыз», — дейді ол.

The Herald газеті болған оқиғаға қатысты басты деректерді жариялай отырып, зардап шеккен қызға қатысты жеке мәліметті қорғай алмайтындарына көзі жетті. Макфадденнің айтуы бойынша, журналистердің заңды түрде көптеген нәрсені ашық жазуына құқығы бар, бірақ барлық нәрсені жариялауға рұқсат беру — әділеттілік орнату дегенді білдірмейді. Басқа газеттер оқиғаға қатысы бар адамдардың атын атап, түсін түстегенде бұлардың жалпылама баяндауы олармен арадағы бәсекелестікке кері әсер ететініне қарамастан, Макфадден қабылдаған шешімінен бас тартпады. «Бізде этика «заңдары» бар және біз оларды ұстануымыз қажет. Редакция

саясаты өте ашық, жеңіл болып көрінгенімен, алайда оның іске асуы көп жағдайда қиындай түседі». Осылардың барлығына талдау жасай келе, газет редакциясы зардап шеккен қыздың жекебас құпиясын қорғауды өздерінің ең маңызды әрі басты миссиясы деп қабылдады. Мәліметтердің барлығы сот шығарған құжаттарда ашық түрде жазылса да және оларды жариялауға заңды түрде журналистердің құқықтары болса да, The Herald газетіндегілер шамалары жеткенше жеке мәліметтерді құпия ұстауды жөн көрді. Нәтижесінде, халықты барынша мол ақпаратпен қамту ұстанымына қарағанда, жекелеген адамдардың құпияларын сақтауға басымдық берілді.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: У.Д. Росс

Шотландиялық философ У. Д. Росстың пікірінше, адам баласының іс-әрекетінің дұрыс болуы іс-әрекеттің нәтижелеріне байланысты емес. Сонымен қатар моральдық жағынан жақсы іс-әрекет әдетте шынайы дұрыс ниеттен туады. Біреу іс-әрекетінің дұрыс болғанын қаласа, төмендегі жеті қағидаланы ұстануы керек:

Жұмысыңа адалдық: берген уәдеңде тұру;

Қателікті түзету: біреуге зиян келтірген жағдайда кешірім сұрау;

Алғыс білдіру: саған жақсылық жасағанға алғысыңды білдіріп, жақсылыққа тек жақсылықпен жауап қайтару;

Зиян келтірмеу: ешкімге зиян тигізбеу;

Әділдік: пайда мен зиян арасындағы тепе-теңдік;

Пайдалы болу: басқаларға мүмкіндігінше жақсылық жасап, пайдалы болу;

Өзін-өзі жетілдіру: тұрақты даму.

Зардап шегушінің аты-жөнін жариялауда нақты шешімге келе алмасаңыз, ең болмаса, мына екі парызды басшылыққа алу керек: жұмысыңызға адалдық және зиян тигізбеу. Сіздің міндетіңіз – шындықты айту (жұмысқа адалдық). Өйткені сіз әу баста-ақ оқырманға барлық шындықты жеткіземін деп шешкенсіз. Сізге абырой беретін

қасиеттің бірі – осы. Алайда оған қоса, сіздің басқа парызыңыз бар, яғни жәбірленушінің жекебас құпиясын сақтау (зиян тигізбеу). Өйткені адамның аты-жөнінің жариялануы оған үлкен зиян тигізуі мүмкін. Осыларды таразылап, қай парыздың басым екенін тек қана өзіңіз шеше аласыз.

«Жақсы және Дұрыс» атты кітабында Росс былай дейді: «Менің ойымша, зиянсыз болу парызы – көптеген жағдайда негізгі парыз. Негізінде, біз бір адамның өмірі үшін басқа адамды өлтіруді, не болмаса біреуге жақсылық жасау үшін екінші біреуге жамандық жасауды ақтамауымыз керек» (22 б).

Зиянсыз болу парызы басқа парыздардан басым дегенмен келісесіз бе? Зардап шеккен адамды одан бетер зиянды жағдайдан қорғау оқырманға шындықты айтудан маңыздырақ па? Қай парыз, сіздіңше, басым?

Сіз сонымен қатар пайдалы болу жағын да есепке алуыңыз қажет. Барлық шындықты ашып айту қауіпсіздіктің кепілі болуы мүмкін. Егер адамдар өз араларында айыпталған қылмыскердің барын білсе, қылмыскерден қорғану үшін алдын ала шаралар қабылдай бастауы мүмкін. Басқаларға пайдалы болу парызы зардап шегушіге зиян келтіруден сақ болу парызынан басым ба?

Соңы: КЕЛЕШЕКТІ ЕСКЕРУ

Арада үш жыл өтіп, зардап шегуші он тоғыз жасқа толды. Қыздың кәмелет жасына келгеніне қарамастан, Макфадденнің айтуы бойынша, оның есімі болашақта жарық көретін мақалаларда айтылмайды. Алайда қылмыскерлер Тэйлор мен Браунның арасындағы қарым-қатынасты жарияламау шешімін The Herald газеті қайта қарастырып өзгертуі мүмкін екенін айтты.

Зардап шеккен қыздың кәмелет жасына жеткеніне орай, бұл жағдайға байланысты барлық мәлімет сот шығарған құжаттар негізінде қазір көпшілікке қолжетімді болды. Күнделікті жаңалықтарда зардап шеккен қыздың есімі, оның және қылмыскерлердің арасындағы қарым-қатынасты, қылмыс жасалған көшенің аты келешекте жария болуы мүмкін болса да, The Herald журналистері қыздың жекебас құпияларын қорғауды тоқтатпауды өздерінің парызы деп түйді. Атаққұмар журналистер осындайда сенсация үшін біреудің жеке құпиясын жарияламауы керек. «Әрқашан былай ойлауға тырысыңыздар: Ол жағдайда сіз болсаңыз қайтер едіңіз? Жақын, сүйетін адамыңыз болса ше?» — деді ол іштей. Бастысы, жоғарыдағы оқиға оның жас кезінде, мансабының енді ғана басталған шағында кездескеніне қуанды. Өйткені кейін әбден сақа журналист болған кезде осы іспен танысқанда жәбірленушінің жеке мәліметтерін жариялап жіберуі де мүмкін еді.

Ой елегінен өткізсек:

4. Осы жағдайда сіз зардап шеккен қыздың аты-жөнін жариялайтын ба едіңіз? Жәбірленуші мен қос айыпталушы арасындағы қарым-қатынасты айқындап, халыққа айтар ма едіңіз? Ал болашақта жазылатын мақалаларда ше?
5. Егер күнделікті жаңалықтарда зардап шегушінің есімі аталса, сіздің мақалаңызда оның аты-жөнінің аталуы дұрыс па?
6. Егер жәбірленушінің ата-анасы келін отбасыларының жеке құпиясын сақтауын сұраса, бұл сіздің мақаланы қалай жазатыныңызға әсер етер ме еді?
7. Осы жағдайда полиция мекемесі зорлау қылмысының болғанын растады. Ал растамағанда журналист ретінде оқиғаны қалай берер едіңіз? Сіз көршілердің әңгімелерінен Тэйлордың қызын зорлағанын естідіңіз. Бірақ бұлардың ешқайсысын тәртіп сақшылары департаменті растамағанын білесіз, еш нәрсеге қарамай оқиғаны жариялауға асығар ма едіңіз? Ел аузындағы өсек сіз жазатын мақалаға қаншалықты әсерін тигізе алады?

8. Соттың құжаттары бойынша, қыздың расында зардап шеккені анықталған. Оның аты-жөнін жариялау қаншалықты әділетті шешім? Оқиға қылмыстық жағдайда емес, азаматтық дау-дамай түрінде өрбіген болса, сіз басқаша шешім қабылдар ма едіңіз?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Осы оқиға жайлы көбірек оқығыңыз келсе, мына парақшаға кіріңіз
<http://www.heraldonline.com/news/local/news-columns-blogs/andrew-dys/article12284645.html>

Бұқаралық ақпарат құралдарының зардап шегушілерге зиян тигізбеуі жайлы оқығыңыз келсе:
<http://tribune.com.pk/story/338953/journalistic-ethics-how-themedia-traumatizes-rape-victims/>

Зорлау қылмысы жайлы оқып білгіңіз келсе, Poynter институтының сайтына кіріңіз:
<http://www.poynter.org/2002/rape-and-american-journalism/4480/>

Сөз бостандығы, ресми қысым: Шетелден келген студенттің жағдайы

Даниэль Реймолд

Оқиға университет газетіндегі бір мақаладан басталды. Мақалада шетелден келген әлдебір студент өз еліне байланысты сыни пікірлер айтады. Бұның соңы студенттің өкініші мен АҚШ мемлекеттік департаменті өкілдерінің студенттің болашағына алаңдауымен аяқталып, редакция қабырғасында апталаған дебаттарға ұласты.

Ал бас редактор шетелдік студенттің әлгі сөзі үшін өз елінде оған қандай да бір қысым көрсетілетінін түсініп, редакцияға келін мақаладан өз сөзін алып тастауын өтінетін болса, не істеу керектігі туралы ойлана бастады¹.

Оқиғада адамдардың шын есімдері қолданылған. Әлгі шетелдік студент қазір өз еліне аман-есен оралды.

Дебат кезінде шетелдік студент газеттегі бұл сөздері үшін елінде оған ешқандай да қауіп төнбейтінін айтты. Дегенмен біз бұл кітапта оның фамилиясын атамау керек деп ұйғардық.

1 Holly Miller, No Longer Written in Stone: Online Distribution of News Content Presents New Ethical Challenges, The Minnesota Daily, Aug. 11, 2009, <http://www.mndaily.com/2009/08/11/no-longer-written-stone>.

ОҚИҒА: АМЕРИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МИННЕСОТА ТВИСТ

Мамырдың соңғы күндері университетте әдеттегідей дәрістер аяқталып, *The Minnesota Daily* газеті де жазғы жұмыс кестесіне көше бастаған. Ол енді аптасына төрт реттің орнына бір-ақ рет шығатын болды. Сондықтан қызметкерлердің саны азайып, редакцияда негізінен жұмысын жаңа бастаған тәжірибесіз студенттер ғана еңбек етін жатты. 2009 жылдың жазында Кэтерин Лимн штаттан тыс қызметкер ретінде жұмысқа қабылданды. Журналистік қызметін енді ғана бастап жатқан Лимн келер жылдан бастап штаттық қызметкер ретінде жұмыс істеу үшін құлшыныспен кіріскен. Ол Миннесота университетіне Солтүстік Африкадан АҚШ Мемлекеттік департаментінің демеушілігімен студент алмасу бағдарламасы арқылы келген студенттердің бар екенін білді. Алжир, Мысыр, Ливия, Марокко және Тунис елдерінің 20 студенті осы университеттің жатақханасында бір ай тұратын болыпты. Бағдарлама, негізінен, өзге елдердегі АҚШ туралы бұрыс көзқарастар мен стереотиптерден арылтып, АҚШ-тың шынайы бейнесін танытуды мақсат етеді. Кейінірек Лимннің жазуы бойынша, бұл бағдарламаның аты көшбасшы студенттерге арналған «АҚШ институтын зерттеу бағдарламасы» деп аталып, одан кейін «Америка мәдениетінің үлгісі және Миннесота Твист»² болып өзгерген.

Лимн осы бағдарламаға қатысты мақала дайындап, редакцияға жіберді. Редакция бірнеше күн бұрын ғана бағдарлама туралы баспасөз хабарламасын алғандықтан, Лимннің мақаласын бірден мақұлдады. Лимн мақала жазу үшін университеттегі шетелдік студенттердің тізімін алып, олармен сұхбаттасуды жоспарлады.

Ол алғашқы жобасында жалпы студенттік бағдарлама туралы, оған шетелдік студенттердің қатысуы жайлы сұрады. Редакторлар жалпы мақаланы ұнатқанымен, негізгі фокусты сәл өзгертуді ұсынды. Оған жалпылама мәселелерден гөрі, бағдарламаны жандандыру мақсатында белгілі бір танымал студентті тауып алып, содан барлық мәліметті тереңірек алу туралы ұсыныс айтты. Идеяны қатты ұнатқан Лимннің ойына бірден оралғаны – Ашриф еді.

Тунис мемлекетінен келген ағылшын және Америка әдебиеті мен өркениеті мамандығы бойынша білім алып жатқан 23 жастағы студент Лимнді алғашқы кездесуде-ақ қатты таңғалдырды. Елгезек, алғыр, ағылшын тілін

2 Katherine Lynn, *Tunisian Visitor Shares Philosophies, Views of the U.S.: Ashref, a Student from Tunisia, Visited the U with a Group of North African Students*, *The Minnesota Daily*, July 28, 2009, <http://www.mn-daily.com/2009/07/28/tunisian-visitor-shares-philosophies-views-us>.

еркін меңгерген ол сұхбатта Тунис жайлы, тәрбиесі туралы пікірін бүгіп қала алмады. Сұхбат беруге келіскендердің ішінде өз атын толық жариялауға рұқсат еткен бірен-саран адамның бірі де – осы Ашриф еді.

ТҮҒЫРЫҚ: БАТЫЛ ПІКІРЛЕР, ҚАРАПАЙЫМ КӨЗҚАРАСТАР

Лимн мен Ашриф кампустағы кофеханада кездесті. Лимн Ашрифтің АҚШ медиасының саясатынан хабардар екенін білетін. Дегенмен ол сұхбат барысында айтылған мәліметтердің мақалада жариялануы мүмкін екенін алдын ала ескертті. Осы мақсатта диктофонның қосулы тұратынын да айтты.

Ашриф Тунистегі қазіргі жағдайды сынай отырып, әкесінің де оппозициялық партия қатарында екенін айтып қалды. Лимн Ашрифті бұл әңгіменің мақалада пайдаланылатыны жайында тағы да ескертін, рұқсат сұрады. Ашриф ол ескертуге күлімсіреп жауап қатты. Бұған қоса, Ашриф Лимнге суретке түсіруге де рұқсат берді.

2009 жылы 29 шілдеде Лимн жазған мақала The Daily газетінің бірінші бетінің төменгі жағында жарияланды. Мақала «Тунистан келген қонақтың АҚШ жайлы ойлары» деп аталды. Ашрифтің аты-жөні тақырыпшада әрі мақаланың көрнекі жерінде ірі әріптермен беріледі. Сондай-ақ оның әкесі мен қарындасының аты да аталады. Лимн Ашрифті білімге құштар, академиктер отбасынан шыққан, өзіне және туған еліне жаны ашитын азамат деп таныды. Оның батыл пікірлеріне қарап, бірнеше жылда оның айтулы тұлға болып қалыптасатынына сенім білдірді³.

Бұл туралы Лимн мақаласының басында жазып кетті. Өз сөзінде Ашриф Тунистің білім беру жүйесін айыптап, әсіресе жоғары білім беру саласындағы кемшіліктерді атады. Ал Ашрифтің әкесін Лимн елдің саяси жүйесіне қарсы тұратын бірегей қайраткер ретінде сипаттады. Ол: «Ашриф өз елінің лидері болуды армандайды. Оның батыл ойлары, өзгеше көзқарасы бұл арманын жүзеге асыруының кепілі іспетті», – деп жазды.

Ашриф Тунисті басқарып отырған партияны сынай келіп: «Халық үшін жасап жатқан жұмыстары нақты көрінуі керек», – деді. Оған қоса, Ашриф Барак Обамада бар оптимистік көзқарастың Тунис еліне жетіспейтінін бірнеше рет айтып қалды: «Ол өзі еліне үміт сыйлайды, бұл үміт Тунисте жоқ», – дейді.

Ашрифтің екі езуі екі құлағына жеткен суреті мәтінмен қоса берілген. Бұл сурет оның сұхбат беру кезіндегі көңіл күйін көрсеткендей болды. Ашриф сөз соңында өз ойларын Миннесота оқырман-

3 сонда

дарымен әрі студенттермен бөліскеніне қуанышты екенін жеткізіп, «шындықты айту арқылы мен отандастарымның ой-арманын АҚШ-қа жеткізуге мүмкіндік алғаным үшін бақыттымын. Көптеген отанда-сым айтудан именетін идеяларды жайып салуға батылым барды. Сол үшін кеудемді мақтаныш кернейді», – деп ағынан жарылады.

Лимн де осы мақала үшін және Ашрифпен достасқаны үшін бақытты екенін айтты. «Ол барлық нәрсе жайында ашық айтуға келісті. Тек кейінірек біз күтпеген қоңыраулар келе бастады»⁴, – деді Лимн.

ШЕШІМ: АСҚЫНЫП БАРА ЖАТҚАН МӘСЕЛЕНІ ҮКІМЕТ БАСЫП ТАСТАҒЫСЫ КЕЛЕДІ

The Daily газетінің бас редакторы Холли Миллерге әуелі Миннесота университеті студенттер ұйымының басшысы қоңырау соғады. Миллердің айтуынша, ол кісі былай деді: «Мен құзырлы органдармен сөйлестім, Ашрифтің мақаладағы аты-жөні (онлайн нұсқадағысынан) өшірілуі керек деп шештік. Оның білім беру саласының сапасы туралы және әкесінің саяси белсенді екенін айтқаны оған кесірін тигізуі мүмкін».

Ол Лимнге де қоңырау шалып, өз шешімі туралы айтты.

Келесіде бұлай ашық ақпарат беруге болмайтынын, ең болмаса, сұхбат берушінің аты-жөнін толық жазбау керектігін ескертті. Ал қазіргі мақаладан Ашрифтің атын алып тастауды немесе мақаланы мүлде өшіріп тастауды өтінді.

Лимннің бұл өтінішке құлақ асқысы келмеді. Әсіресе Мемлекеттік департамент қызметкерлерінің университет басылымының саясатына араласуын ұнатпады. Ақырында ол заңгерлермен сөйлесті. Заңгерлердің пікірінше, редакция құрамы жарияланған мақаланы өшірер-өшірмесін тек өздері ғана шешуі керек. Бұдан кейін Лимн газет басшылығымен және студенттер ұйымының басшысымен сөйлесті. Сонымен қатар журналистика саласындағы этика мәселелері бойынша айтулы ғалымдардың бірі – Боб Стильдің де пікірін тыңдады.

Сарапшылардың пікірін жинақтай келе редакция мүшелері бұл жағдайда бірнеше факторды есепке алу қажеттігін айтты. Ең бірінші әрі көпшіліктің ойынша, ең маңызды фактор – жазылған мақаланың халыққа жарияланып қойғаны. «Бұл мақаланы 20 000 адам оқып үлгерген болатын. Ол Twitter-де де, Facebook-та да жарияланды. Бүкіл галамторға тарап кетті», – деді редактор.

4. Ashref, My Reply to Minnesota Nice, The Minnesota Daily, Sept. 7, 2009, <http://www.mndaily.com/2009/09/07/my-reply-minnesota-nice?page=2>

Жарияланған жаңалықтарының тұтастығын жоғалтпау үшін газеттің ұстанатын принциптерінің бірі — жарық көрген мақалаларды өзгертпеу және нақты мәліметтерді өшірмеу.

Дегенмен Миннесота университетінің студенттері, түлектері, тіпті бұрынғы The Daily газетінің тілшілері өз есімдері аталған, не өздері жазған мақалаларды өшіруді немесе олардың есімдерін алып тастауды өтінген жайттар бұрын да болған. Миллердің айтуынша, мұның себебі, негізінен жылдар өте авторлардың ойларын өзгертуімен, өкінуімен, не болмаса, кейінгі жұмыс орнының өзі жайлы мәліметтер тауып алады деп қауіптенуімен байланысты⁵. Мысалы, газеттің бірнеше жыл бұрынғы шолушысы өзі жазған мақалаларын өшіруді сұраған. Себебі ол мақалаларын сол кездері есірткінің әсерінде отырып жазған көрінеді. Бірақ редакция басшылығы бұл өтінішті орындамады.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: SPJ этикалық коды

Кәсіби журналистер қауымдастығының Этикалық кодексіндегі (www.spj.org/ethicscode.asp) ең басты ұстаным — журналистің міндеті — шындықты іздеп, болып жатқан іс-шараларға жан-жақты, әділ көзқарасын білдіру. Осы кодексте жазылған кейбір мәлімдемелер студент-журналистер кезігетін дилемманы шешуге септігін тигізуі мүмкін.

- **Шындықты іздеу және оны жария ету.** SPJ этика кодексіндегі маңызды принциптердің бірі — басылымға шығатын, не болмаса ғаламторда онлайн жарияланатын жаңалықтардағы мәліметтердің толықтығына және расталғанына көңіл бөлу. Соған қарамастан, кодекс журналистерді өз мәдени құндылықтарын сынға алып, оларды басқа адамдарға телімеуге шақырады. Ашрифтің бұл сұхбатқа өз қалауымен қатысқанына қарамастан, The Daily газеті өз ұстанымын Ашрифқа телді деуге бола ма?

- **Зардапты азайту.** Әсіресе SPJ журналистерге жазған мақалаларынан зардап шегуді көруі мүмкін адамдарға жанашырлық танытуды ұсынады. Кәметке толмаған жасөспірімдермен және тәжірибесіз адамдармен байланысқанда сақтық керектігі айтылады. Бұл жерде қандай сезімталдық айтылып тұр және адамға нағыз қауіп төндіретін, не кері әсер беретін жағдайларды қалай анықтауымыз қажет? Ол Ашриф секілді ойланбай мәлімдеме жасаған адамдарға байланысты жағдайда маңызды бола ма?
- **Жауапты болу.** SPJ кодексінің бір тармағында «журналистер жариялаған жаңалықтарын ашық түрде түсіндіріп, халықты журналистік кодекс арқылы диалогке шақыруы керек» деп жазылған. Лимн оқырмандарға жеткілікті мәлімет берді деп ойлайсыздар ма? Журналистік адалдықты сақтай отырып, оқырмандарды редакция процесіне қалай тартуға болады?

5 Miller, No Longer Written in Stone.

Эндрю Манникс The Daily газетінің 2009 жылы бас редакторы болған кезде бір студент ақпарат бөліміне қайта-қайта телефон шалып, ол туралы жазылған мақалада өзінің аты-жөнін алып тастауын өтіңді. Өйткені мақалада ол құмар ойындарына тәуелді студент деп сипатталған еді. Осы ақпарат оның болашақтағы мансабы мен өміріне зиянын тигізеді деп сескенген. Өз кезегінде Манникс бұл мәселенің оңай шешіле қоймайтынын айтады. Өйткені редакция әдетте жарияланып кеткен мақаланы кейінірек өзгертіп жатпайды. Сонымен қатар журналистикадағы этиканың әлі күнге толық зерттелмегенін ескерсек, оны өзгертуге болар-болмасы туралы нақты бір қағида жоқ. Ал газет заңгерлері бұндай кезде «жағдайға қарай әрқилы әрекет ете беруге болады» дейді. Ал әлгі құмар ойындарына тәуелді студенттің жағдайында мақаладағы ақпараттарды өзгерту автор тарапынан емес, ондағы кейіпкер тарапынан көтеріліп отыр. Студенттің жеке қауіпсіздігі, өзінің және отбасының болашағы қатерге тігілуі мүмкін еді.

Ашрифтің оқиғасында да мақаланы өзгерту мәселесі кейіпкердің қауіпсіздігі тұрғысынан туындағанымен, бұл ұсынысты кейіпкер емес, редакцияның өзі жасап отыр. Өйткені әңгіменің саяси сипаты бар болғандықтан, редакция ұжымы Ашрифке қандай да бір зиян тигізіп алуымыз мүмкін деп қауіптенген.

Қауіпсіздік мәселесін талқылағанда ең басты проблеманың бірі – штаттағы адамдардың, не болмаса, The Daily сөйлескен сарапшылардың ешқайсысы Тунис туралы көп нәрсе білмейтін болып шықты. Олар әсіресе Тунис мемлекеті өздеріне қарсылық танытқан азаматтарына қандай да бір шара қолданатыны я қолданбайтындығынан бейхабар. Сондықтан редакция қызметкерлеріне АҚШ үкіметінің Ашриф және оның отбасы қауіпті жағдайда деген пікірін растау қиынға соқты.

Манникс: «Арамызда ешкімнің Тунис тарихы және үкіметі туралы жеткілікті мағлұматы болмағандықтан, бұл қауіптің қаншалықты екенін анықтай алмадық», – деді. «Мысалы, Ашриф Туниске оралған кезде оны тергей ме, жоқ па? Оны да білмедік». Редакция қызметкерлері біраз зерттеу жасаған соң Reporters Without Borders (шекарасыз журналистер) атты журналистер құқықтарын қорғайтын ұйымның жыл сайынғы халықаралық Press Freedom Index (сөз бостандығы көрсеткіші) дерегі бойынша Тунистің ең төменгі орында орналасқанына көз жеткізді⁶.

Редакция қызметкерлері мен университет әкімшілігінің ендігі уайымы – Ашрифтің ашық сынынан кейін Тунис елінің және басқа да Солтүстік

6 Reporters Without Borders, Press Freedom Index 2009, <http://en.rsf.org/press-freedom-index-2009,1001.html>

Африка елдері үкіметтерінің студент алмасу жөніндегі осындай бағдарламаға қатысуы шектелуі мүмкін еді. Жергілікті әкімдік өкіліне Ашриф былай деді: «Егер осы мақала бүкіл бағдарламаға кесірін тигізін, Тунис үкіметі бұны жауып тастайтын болса, менің есімімді алып тастағаныңыз жөн деп ойлаймын». Сондай-ақ ол: «Мен өзімшіл болғым келмейді. Басқа да Тунис студенттерінің осындай мүмкіндіктен айырылып қалуына жол бергім келмеді»⁷, — деп жазды кейінгі хатында.

Осыған байланысты тағы бір маңызды сұрақ туындайды: Лимн Ашрифтің Америка бұқаралық медиасының қалай қызмет ететінімен толығымен таныс екеніне көз жеткізе алды ма? Сұхбат барысында айтылған дүниелердің барлығы толығымен жариялануы мүмкін екенін және оның салдары қалай болатынын ол Ашрифке түсіндірді ме?

The Daily газетінің редакторы Джеймс Андерсонның айтуынша, Ашриф интернеттің ықпалын ескермеген секілді. «Меніңше, ол айтқан мәліметтерін тек АҚШ-тағы оқырмандар ғана оқиды деп ойлаған. Бәлкім, біздің бұқаралық медианың мәдениетін, жаңалықтардың онлайн басылып, өрт сияқты бір сәтте тарап кететінін білмеген болар. Егер де ол интернет журналистиканың қалай жұмыс істейтінін білгенде, жағдай басқаша болар еді», — деген пікір айтты редактор. Осы тұрғыдағы «шетелдіктің аңқаулығы» деген аргументке редакциядағы басқа журналистер онша сенбеді. Өйткені үкіметтік мекемелер студент алмасу бағдарламасымен оқып жатқан студенттердің барлығына бұқаралық медиа жайлы тренинг өткізген еді. Тіпті мақаланы қайта жазу керек деген редакция қызметкерлерінің өздері бұл аргументке сене қоймады. Кейбір адамдардың айтуынша, Ашрифтің есімін алып тастау жағдайға сәл ғана әсер етсе де, мәселені толық шеше алмайды. Өйткені Тунис үкіметі студенттердің арасынан біреу шетелге барып, оларды жамандағанын бәрібір біледі. Ғаламтордан іздесе, Ашрифтің фотосы мен түсініктемелері қай мемлекетте, қай қалада, қандай бағдарламамен оқығанына дейін тегіс шыға келін, сұхбат берген адамның кім екенін оп-оңай анықтап берер еді. Алайда мақаланы толығымен жою, отбасы туралы мәліметтерін, мемлекетінің тарихына қатысты айтылған және сынаған тұстарын түбегейлі алып тастау — редакцияның ақиқатқа қастандық жасағанымен бірдей болар еді.

Соңы: «Айтылған сөз — атылған оқ» емес

Ақырында Ашрифтің қауіпсіздігін ескеру керектігі нақты байқалды. Редакторлар онлайн жарияланған барлық мақалалардан Ашрифтің тегін алып

7 Ashref, My Reply to Minnesota Nice.

тастады. Ашықтықты сақтау үшін мақаланың астына былай деп редактордың ескертуі жазылды:

«Кейіпкердің тегі аталмаған, Ашриф пен оның отбасының мүшелері туралы мәліметтер алғаш басылған үлгісінен алынып тасталды. Мақала авторы Тунис елінің үкіметі мен бағдарламалары туралы айтылған сыни пікірдің Ашрифке зияны тиіп кетуі мүмкін деп қауіптенді».

Редакция қызметкерлері бастапқыда АҚШ мемлекеттік мекемелерінің осындай талабын баспасөзді шектеу деп қабылдағанымен, енді, шын мәнінде, мұның Ашрифті қорғау үшін істеліп жатқанын түсінді.

Сонымен қатар бұл жерде адамгершілік қасиеттердің де үлкен рөл ойнағанын айта кету керек. Ешкім Ашрифтің шындықты ашып салғаны үшін зардап шеккенін қаламады. «Ең басты мәселе, бізге қиындық тудырған жағдай – Ашрифтің түрмеге қамалуы немесе қастандыққа ұшырауы мүмкін

15.1 СУРЕТ Бұл скриншотта студенттің редакцияланған мақаласы көрініс тапқан

The screenshot shows the homepage of the Minnesota Daily website. At the top, there are social media icons (Twitter, Facebook, LinkedIn) and a search bar. The main header features the 'MINNESOTA DAILY' logo, the date 'SATURDAY, JANUARY 27, 2018 7:28:07 EDT/EST', and a 'SUBSCRIBE' button. Below the header is a navigation menu with links for NEWS, SPORTS, OPINION, ENTERTAINMENT, IN DEPTH, MULTIMEDIA, CLASSIFIEDS, SEND A TIP, and DONATE. The main content area displays a news article from 7/23/2009, 12:03AM, titled 'Tunisian visitor shares philosophies, views of the U.S.' with a sub-headline 'Ashref, a student from Tunisia, visited the U with a group of North African students.' A black and white photograph of a young man, Ashref, is shown. To the right of the article is an 'EDITOR'S PICKS' sidebar with three items: 'Report: University child care center set to close' (dated 1/26/2018, 12:03AM), 'Deadline extended for hopeful student body representatives' (dated 1/25/2018, 2:06AM), and 'UMN Board of Regents consider Student Conduct Code changes' (dated 1/25/2018, 1:00PM).

ДЕРЕККӨЗ: The Minnesota Daily келісімімен басылды

15.2 СУРЕТ Бас редактор бағанасында газет басшысы департамент қызметкерінің студент алмасу бағдарламасымен шақырылған қонақтың фамилиясын (тегін) ауыстыруына не себеп болғанын түсіндіріп берді.



ДЕРЕККӨЗ: The Minnesota Daily келісімімен басылды

деген қауіп еді, — дейді Манникс. — Егер бұл адам бас бостандығынан айырылса, бізге түнде ұйқы болмас еді». Алайда редакторларға оқиғаның өзі түпнұсқадағыдай сақталуы өте маңызды болды. Андерсонның айтуынша, Ашрифтің нақты айтқандарын мақаладан анықтау мүмкін емес-ті. Ғаламторда әдейі отырып іздемейінше, ол мәліметтерді табу қиын. «Алайда мазмұны жағынан көп нәрсені өзгерттік деп айта алмаймын», — дейді ол. Қанша дегенмен, Миллер ашықтықты сақтау үшін, редактордың ескертуімен қоса, газеттің шешіміне түсініктеме жазылғанын қалады. Миллер «Тасқа қашалған таңба»⁸ айдарында Поинтердегі Стил мырзаның журналистер арасындағы этикалық дилеммалардың «жаңа формасы мен жаңаша өсуін» талқылады. «Газеттер қағазға ғана басылып шығатын заманда ақпарат берген адамның қайтып келіп, айтқан сөздерін қайтарып алуына мүмкіндік жоқ еді. Ол кезде «айтылған сөз — атылған оқ» еді. Қайтарып алынбайтын. Ал қазір интернет заманы барлығын өзгертті».

8 Miller, No Longer Written in Stone.

Газеттегілер тек түсініктеме беріп қана қоймай, мәселеге қатысты саясатын өзгертін, журналистер бұдан былай ақпарат берушіге мақала жарияланғаннан кейін болуы мүмкін салдарды толықтай түсіндіріп, жеткізуі тиіс болды.

Лимн жаңа саясатты былай айқындады:

Сұхбат беруші адам әр сөзінің қандай да бір салдары болуы мүмкін екенін ескеруі керек. Сол үшін ертең өкінетін сөз айтпауы керек және де осының бәрін сұхбат алушы адамға алдын ала жақсылап түсіндіргені жөн. Сонда ғана жазылған мақалада қандай да бір даулы мәселелер болса, сұхбат беруші де, оны алған журналист те, жариялаған редакция да өз істеріне жауап бере алады.

Ой елегінен өткізсек:

1. Поинтердегі Боб Стилдің айтуы бойынша, The Daily газетіндегі жағдай өзгелерден ерекше және дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігі жоқтың қасы еді. Газет қабылдаған шешіммен келісесіз бе?
2. Лимннің осы жағдайдан ұққан ең маңызды нәрсесі — ақпарат беруші адаммен толықтай ашық болу керектігі. Алайда Миллер «Бұл тәсіл сұхбатты бастамай жатып сұхбат беруші адамды қорқытып тастайды, нәтижесінде, оның ашылып сөйлеуіне кедергі болады», — деді. Ал сіз интервью алардың алдында адамдарға не айтар едіңіз? Репортер болғандықтан жастарға, шетелден келгендерге және бұрын сұхбат беріп көрмегендерге барлық нәрсені егжей-тегжейлі түсіндірер ме едіңіз, әлде бұл сіздің міндетіңіз емес деп ойлайсыз ба?
3. Университеттің ақпарат құралдарында журналистердің профессорларға, кәсіби журналистерге, кампустағы әкімшілік қызметкерлеріне және баспасөз мекемелеріне хабарласуына рұқсаттары бар және олардың барлығы студенттерге көмектесуге әрдайым дайын. Жоғарыдағыдай этикалық дилеммалармен кездескен кезде кіммен сөйлесін, кімнен кеңес алатын едіңіз? Олардың берген ақыл-кеңестерін қалай қолданар едіңіз?
4. Миллер газеттің қабылдаған шешімін түсіндіру үшін арнайы баған жазды. Сіз осындай жолды таңдар ма едіңіз? Мұндай түсініктемелерді оқырмандар қаншалықты керек ететінін, не болмаса қаншалықты лайықты екенін ойланып көріңіз.

Егер...

Онлайн жарияланған мәліметтерді алып тастау немесе өзгерту – өте сирек әрі өте мұқият атқарылатын іс-шара. Осы жағдайда The Daily газеті шетел азаматының қауіпсіздігін қорғау үшін оның тегін алып тастауды жөн көрді. Сіздің ойыңызша, басқа қандай жағдайларда жарияланған мәліметті өзгертін не болмаса алып тастауға болады?

Айыпталған немесе күдіктінің қауіпсіздігін қаншалықты қорғауымыз керек? Есірткімен ұсталған студент сізден есімін мақалада жарияламауын сұрап, оның дилері біліп қойған жағдайда студентті өлтіріп не болмаса жазалауы әбден мүмкіндігін айтса, не істер едіңіз?

Ал 17 жастағы бірінші курс студенті ішімдік ішкен жерінен ұсталып қалып, сізден мақалаңыздағы есімін алып тастауын сұрайды. Оның ең басты аргументі – кәмелет жасына толмағаны.

Егер бұрын қылмыс жасап айыпталған студент сізге екі жылдан кейін келін оған қатысты тағылған айыптарды алып тастағанын айтып, бір кездері сол айыптау туралы жазылған мақаланы да өзгерту керектігін айтса, сіз не істейсіз?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Кейіпкерлер өз сөздерін алып тастау немесе мақаланы мүлде жарияламау туралы өтініш жасаған кезде журналистердің қалай жауап беру керектігі туралы Пойнтер институты мынадай нұсқаулық береді:
<http://www.poynter.org/latest-news/top-stories/104414/5-ways-newsorganizations-respond-to-unpublishing-requests/>

Шекарасыз журналистер атты мекеменің жыл сайынғы Сөз бостандығы көрсеткіші көптеген елдегі БАҚ еркіндігі деңгейін өлшейді:
<http://en.rsf.org/>

Әрекетсіздіктің кесірі

Жартылай ақылы «ит сауық кеші»

Жизель А. Оже

Университетті жаңа ғана бітірген түлектердің кәсіби журналист ретінде қызмет ете бастаған алғашқы күндерінде университетте алған білімін шынайы өмірде жүзеге асыруға асығып, барлық жауапкершілікті өз мойнына алатыны бар. Оның үстіне кей редакция қызметкерлерінің олардың тәжірибесіздігін пайдаланып, күмәнді жобаларға жазып қоятыны жасырын емес.

Университетті жаңадан бітірген маманға басшылық тегін іс-шара өткізу туралы тапсырма берді. Ондағы мақсат – осындай тегін шараларда да мекеме қызметкерлерінің сырттан келетін адамдардан ақша алып қалатынына қатысты жағдайларды анықтау. Тапсырма алған жас маман өзі жұмыс істейтін ортадағы әріптестеріне деген сыйластық пен журналистік нақтылықтың арасында тепе-теңдікті сақтау үшін байқаған заңбұзушылықтарды көрсеткенімен, өзі тәжірибеден өткен компаниямен арадағы байланысын әлі күнге дейін үзбегендіктен, аты-жөнін өзгертуді өтінді.

ОҚИҒА: БІЗДІҢ АЛҒАШҚЫ БАРБЕКЮ КЕШІМІЗГЕ КЕЛІҢІЗДЕР!

Жұртшылықпен байланыс бөлімінің қызметкері, 24 жастағы Лорен Андерсон иттерге арналған күндізгі лагерьге шақырылды. Флорида университетінде

оқып жүрген кезде осы лагерьде тәжірибеден өткен болатын. Сол жердің қожайыны Лоренді ұнатып қалып, оны кәсіби өсуіне мүмкіндік беретін жұмысқа шақырды. Лорен ол ұсынысты қуана қабылдады. Лорен: «Мен практикант кезімде осы мекеменің көптеген іс-шарасын өткізуге көмектескенмін, бірақ PR бөлімінің басшысы ретінде жұмыс істемегендіктен, жақсылап жоспар жасауым керек», – деді.

Harpy Tails Dog Day Camp and Spa атты мекеме иттерге күндізгі уақытта қожайындары қызметте болған кезде түрлі сауықтық шаралар ұйымдастырады. Тазарту, тырнақ алу, шомылдыру – барлығы арзан. 15–25 ит дүйсенбіден жұмаға дейін лагерьде болады. Андерсонды қосқанда, бұл жерде 5 қызметші әрі осы жердің қожайыны Фло Соьер жұмыс істейді.

Шараны ұйымдастырушы Лиз Диллон – бұл саланың өте білікті маманы еді. Тренингтер мен иттерді күту қызметтеріне лицензия алған ол лагерьдегі барлық шараға жауапты болды.

Меңгеруші Синтия Брэнд графиктерді қадағалайтын, иттердің қожайындарымен сөйлесетін және Андерсонның тікелей басшысы еді. Андерсон: «Мен Лизді тәжірибеде жүрген кезімнен бері танитынмын. Бірақ Синтияны одан кейін жұмысқа алды. Ол өте жылы жүзді адам болып көрінді және арамыздағы қарым-қатынас барбекю оқиғасына дейін жақсы еді», – деп есіне алады.

Андерсонның PR бөлімінің меңгерушісі ретінде орындаған ең алғашқы тапсырмаларының бірі – жаңа кітапшалар, кеңсе тауарлары мен бизнес тауарларын шығаруға көмектесу. Осы жұмыс біткен соң Брэнд Андерсонға бір шара өткізуді ұсынды. Әлдебір шараға жаңадан тұтынушы жинау керек. Екеуі ойланып «Тірі барбекю» атты кеш өткізетін болып шешті. Онда иттерді, олардың қожайындарын тамақтандыратын, ойындар ұйымдастырып, тренинг өткізетін болды. Брэнд: «Бұл шара көпшілікке ашық және тегін болады», – деді.

«Мен бұны керемет ұсыныс дер едім. Келін жүрген тұтынушыларға көңіл бөлу мен үшін өте маңызды еді. Сондықтан бұл идеяны толығымен қолдадым. Ит қожайындары үй жануарларына арналған түрлі шараларға қатысуды ұнататын. Олар расында демалып, шараларға араласып, өздері де түрлі тағамдар алып келетін», – деді Андерсон.

Андерсон шараның бағдарламасын жасап, барлығын жоспарлады. Брэнд оларды бір қарап шығып, келісімін берді. Андерсон жергілікті газетке жарнамалар дайындап, келе алатын тұтынушыларға және жергілікті ветеринар мекемелері мен жануарларды қорғау ұйымдарына баспасөз хабарламаларын таратты. Шара кезінде жануарларды қорғау ұйымынан толық ақпарат алу үшін еріктілер тағайындалды. Жергілікті хайуанаттар дүкенінен арнайы

шақыруларды, иттерге арналған тағам толы сыйлық қораптарды, мекемесі жайлы мәлімет беретін кітапшаларды және арнайы ұсыныстары бар купондарды таратты.

Андерсон: «Жұмыс өте көп болды, алайда жоспарды басынан аяғына дейін жеткізу өте қызық еді», – деді. Алайда Брэнд келейін деп жатқан ит тренеріне алынған жиһаз бен тамаққа төлейтін ақшаның жетіспейтінін айтқанда, Андерсонның көңілі су сепкендей басылды. «Брэнд біздің мекемеде жеткілікті қаражат жоғын айтып, жеткізушілермен 30 күндік мезгілге келіссөз жүргізуін ұсынды», – дейді Андерсон таңғалып.

Осы мерекені өткізу үшін бір ай бойы қамданып, Брэндпен алдағы жоспарларын жиі талқылап жүргенде, қаражат мәселесі жайлы еш әңгіме болмаған еді.

Андерсон: «Ештеңе де өзгермеді. Бұл шараны өткізбей тұрған кезде қанша тұтынушы болса, одан кейін де сонша болды. Мен Брэнд жайлы жаман ойлағым келмеді, өйткені ол менің жетекшім болатын. Мүмкін, қожайынымыз компанияны кеңейту жұмыстарын жоспарлаған болар. Одан мен хабарсыз шығармын», – деді. Андерсон ең дұрысы – тыныш қана күту екенін түсінді.

Тығырық: Айтқанды істеу ме, әлде ақиқат үшін күрес пе?

Бұдан кейін Андерсон компания үлкен жобаларды бастайды деп күтті. Өйткені ол қаражаттың жетпей қалуына тек осындай ауқымды шараның оқыстан іске асырылуы себеп болар деп топшылаған. Брэндтен сөз арасында осындай жоспарлары бар-жоғын да сұрады. Брэнд ештеңе де жоспарланбағанын айтты. Андерсон барбекю кешіне қаражат жетпей ме деп уайымдап жүргенін айтып, мәселенің мән-жайын тектей бастады.

Брэнд оған әу баста-ақ компанияның бұл мерекені толығымен тегін ұйымдастыруына қаражат жеткілікті болмағанын айтты. Ол шараға қатысушылардың ерікті түрде садақа беруіне болатынын және тренинг пен иттердің күтімі секілді қосымша шараларға ақша алынатынын түсіндірді. Ол Андерсонға шараны тегін деп жарнамалауға тапсырма бергенде тұтынушылардың назарын аударуды мақсат еткенін айтады. Оның пікірінше, бұл хабарландырудың кейбір бөлігі ғана рас, шараның басым бөлігі тегін болады, тек кейбіреулері ғана – ақылы. Алайда ешкімді ақша төлеуге мәжбүрлемейді. Әркім өзі біледі.

Андерсонды Брэндтің бұл сөзі есеңгіретін тастады. Ол бұл жерде аса зор этикалық дилемма тұрғанын енді ғана түсіне бастады. Бұған дейін

жан-тәнін салып жасаған жарнама материалдарының барлығы алдамшы болып шықты. Ең қиыны, олардың барлығы таратылып қойған еді. Андерсон барбекю мейрамының толығымен тегін болатынына сеніп, көпшілікке де сондай тегін шара өтеді деп уәде бергені рас. Осыны ойлағанда ол ызаланып кетті.

«Мен оған қатысушыларды олай алдамауымыз керектігін айттым. Біз шараның тегін болатыны жайында хабарландыруларды шартарапқа таратып жібердік қой. Синтия: «Бұл оншалықты уайымдайтын нәрсе емес, адамдар барлығын түсінер», — деп жауап қатты».

Андерсон бірнеше күн бойы Брэндті жарнамаларды қайтадан жасап, қатысушыларға «тегін» шараның астарында не жасырынып жатқанын дұрыс түсіндіруді ұсынды. Бұл Брендтің ашуын келтірді, ол Андерсонға өзінің бастық екенін ескертін, жарнама науқанынан қандай да бір ши шығатын болса, өзі мойнына алатынын айтты. Андерсон: «Ол маған жарнаманы ары қарай тарата беруім керектігін айтты», — деді. Андерсон қатты ашуданды. «Мен ол істің дұрыс еместігін білдім. Оны тегін етіп жариялай беруге дәтім бармады. Бірақ Синтияны ашудандырып, қызметімнен айырылғым келмеді» — деді Андерсон.

Бірнеше күн бойы Андерсон осы жағдайды достарына айтып, шешім іздеді. Онда бір ғана жол бар еді: газеттегі жарнамаларды Брэндтің рұқсатынсыз ауыстырып тастау, тұтынушыларды шақырып, барбекю кешінде қай шараның тегін болатынын айту, не болмаса, осы былықтың бәрін жоғарғы басшылыққа жеткізу. Андерсон өзінің және осы бизнес-орталығының абыройын жоғалтқысы келмеді. Ақырында жұмыстан шығып кету жағын ойластырды.

Андерсон: «Бірақ біраз уақыт өткен соң, жұмысты тастап кеткім келмейтінім түсіндім. Мен барып Лизбен сөйлесе аламын ғой. Ол барлық жағдайды бас менеджерге жеткізеді. Менің ойымша, Лиз не болып жатқанын білуі керек еді», — деді. Егер бастық бұл жағдайды біліп: «Онда тұрған ештеңе жоқ», — дейтін болса, бұл Андерсонның қызметін жалғастыруына немесе кетіп қалуына зор әсер етер еді.

ШЕШІМ: ЖАРНАМАНЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫ

Андерсон бұл оқиғадан кейін бір аптадан астам уақыт өткенде, Лиз Диллонға (бас менеджер) барып, мәселені жайып салды. Бұл кездесуге жақсылап дайындалды. Диллонның сұрауы мүмкін сауалдарын пысықтап, мәселені әр қырынан зерттеді. Өзінің жағдайын толығырақ түсіндіру үшін Андерсон өзімен бірге таратылған жарнама кітапшаларын, іс-шара жай-

лы детальдарды және жұмсалуды мүмкін қаражаттың болжамды сомасын жазып алып келді. Шақырылған қонақтардың санын да көрсетті. Брэнд екеуінің есебінше, 200–250-дей адам келуі мүмкін. Андерсонның күткеніндей, Диллон мейрамға қатысты детальдарды және оған керек қаражат жайлы ештеңе білмейтін боп шықты. Ол алдағы барбекю кешінен хабардар болатын, тіпті сол кеште өзі бірнеше тренинг пен ит күтімі сабақтарын өткізуге дайындалып жүрген. Ал көмекші-менеджерді жұмысқа алғанда кейбір қаржы мәселелерімен айналысып, өзінің басқа міндеттерін атқаруға уақыт тапқысы келген.

Диллон ай сайын бухгалтерлік есептерді қадағалап, Брэндтен алдағы екі айдың қаржылық жоспарларын біліп отырған еді. Бюджеттен ірі қаржы жұмсалмағандықтан, барбекю мейрамына қатысты ешқандай проблема жоқ болатын. Ақша жеткілікті еді.

Андерсон жарнамада тегін деп жарияланған мерекенің ақылы болғаны үшін тұтынушыларды ренжітіп аламыз және компания абыройын жоғалтып алуы мүмкін деп қауіптенетінін айтты.

«Бұл нәрсенің қаншалықты заңды, я заңсыз екенін білмедім, бірақ PR тұрғысынан өте жаман екені анық. Адамдар өздерінің алданғанын білсе, тұтынушыларымыздан айырылып қалуымыз әбден мүмкін. Бұл олардың үй жануарларын бізге сеніп тапсыруына кедергі келтіреді. Өйткені олар ай сайынғы төлемдерінің үстіне тағы да қосымша қаржы ала ма деп күдіктенуі мүмкін ғой».

Диллонға Андерсонның компанияға деген жанашырлығы ұнады. Ол бұл жағдайды бастықпен және Брэндпен жеке талқылауға уәде берді. Андерсон: «Ол — өте жақсы кісі. Дегенмен ол маған бірдеңені дұрыс түсінбей тұрғандай көрінді», — деді. Диллон оқиғаға қатысты барлық адамның пікірін тыңдайтынын және қажет болған қаражатты қарастыруы керектігін айтты. «Мен де бұны дұрыс шешім деп көрдім, бірақ Синтия маған ашулануы мүмкін ғой, мен сөзге келіп ұрысуды жақтырмайтын адаммын», — деді Андерсон. Ол қайта жұмысқа кірісті және бұдан былай Андерсон да, Диллон да бұл тақырыпқа қайта оралмады.

Мекеме қожайыны Сойер мен Диллон бір сәтте шешім қабылдады. Андерсон мен Диллонның кездесуінен кейін бірнеше күннің ішінде Сойер барбекю кешін тегін өткізу үшін қаражат тауып берді. Брэнді жұмыстан шығарып, оның орнына ешкімді алмады. Андерсон: «Лиз ешқашан келіп Синтияның не үшін жұмыстан шығарылғанын түсіндірмесе де, оның барбекю кешімен және қожайынның қаражат тапқанымен байланысты болғаны мен үшін айқын еді», — деді.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: PRSA этикалық кодексіндегі тәртіп ережелері

Қорғау, шындық, сараптама, тәуелсіздік, сенімділік және әділдік секілді PRSA (Public Relations Society of America-at www.prsa.org/AboutPRSA/Ethics/CodeEnglish/) – этикалық кодексінің басты алты құндылығымен қоса, «тәртіп ережелері» түрлі жағдайда қандай шешім қабылдау керектігін анықтайтын құрал.

Осы ережелер басты алты категорияға бөлінеді:

1. **Мәліметтің еркіндігі** сіз берген мәліметтің қаншалықты шын әрі нақты екенін анықтап, оны оқыған адам дұрыс шешім қабылдай алуы керек. Мәліметтің байқалмайды деген детальдарын жасырасыз ба? Жасыратын болсаңыз, бұл нәрсе мәліметтің еркін таралуына әсер етеді деп ойлайсыз ба?
2. **Бәсекелестік** сіз және сіз жұмыс істейтін компанияның қызметкерлері өзара ұрсысып, я болмаса бәсекелесіп жүруіне болмайды. Ондай жағымсыз істермен айналысқанша, бәсекелестікті басқаша елестетіп көріңіз: ешкім қаражатты, не болмаса тұтынушысын жоғалтқысы келмейді, алайда бәсекелестің алдында жеңілу сіздің компанияңызға деген көзқарасыңызды өзгертуіңізді қалайды. Тұтынушылардың қалауына құлақ астыңыз ба? Тым дауласқышсыз ба, әлде көнбіссіз бе? Көпшіліктің әрқашан да өзіне ең қолайлы әрі пайдалы бизнесті таңдауға құқығы бар екенін есте сақтаңыз;
3. **Мәліметті ашық айту** шараны кім қаржыландырғанын немесе демеушілердің кім екенін жасыруға болмайды. Компанияны немесе оның өнімдерін жарнамалайтын, алайда бұл қызметтері үшін ақша алатынын жасыратын жалған блоггерлер туралы білеміз. Бұл іс этикаға қайшы. Этика саласы бойынша маман ретінде, сіздің мұндай ақпаратты ашық айтуыңыз керек екенін және халықтың ақпаратты алуына мүмкіндік жасағаныңыз абзал. Барлық детальға түсініктеме беруіңіз керек;
4. **Ақпаратты қорғау** тұтынушы сізге «құпия рецептін» айтса, не болмаса жұмыста болайын деп жатқан жаңалықтарды естіген болсаңыз, ол мәліметті жариялауға, басқа қызметкерлермен, не достарыңызбен бөлісуіңізге болмайды;
5. **Мүдделер қайшылығы** кез келген мүдделер қайшылығына дайын болу керек. Мысалы, сіздің тұтынушыларыңыз өзара бәсекелес болуы мүмкін. Олар бұл туралы хабардар болуы тиіс;
6. **Кәсібилікті арттыру** кәсіби қызметкер ретінде әрдайым кәсібіңізге байланысты жаңадан шығып жатқан өзгерістермен таныс болуыңыз керек. Этикалық талаптарды сақтай білсеңіз, қоғамның сіздің кәсібіңізге деген сенімі артады.

Соңы: PR маманы

Барбекю кеші өте жоғары деңгейде өтті. Тұтынушылар қатты риза болды. Бұл компанияның клиенттер қатарын арттыруға мүмкіндік берді. Андерсон

сол қызметте тағы бір жыл жұмыс істеп, қазір спорттық шараларды ұйымдастырушы менеджер ретінде басқа мекемеде қызмет етеді. Ол ең бірінші этикалық дилеммасын дұрыс шеше білгенін мақтан тұтады. Алайда қазір сол кезде көрмеген басқа да жолдардың барын байқады. Қоғамдық байланыста (PR) оқып жүрген студенттер бұл сала тек пиар қызметі деп ойлайды. PR маманы компанияда қабылданатын барша шешімге араласуы керек. Өйткені олар тек компанияға емес, клиенттерге де әсерін тигізуі мүмкін. Андерсон өз уақытында қабылдаған шешімінің компанияға тигізетін кері әсерін анықтады. Меңгерушісінің ниетін білгенде бір шешім табу керектігін ойлады. Андерсон барбекю кешін жоспарламағанда бұл жағдайдың болмайтынын түсінді. «Іс-шараға қатысты барлық қаражатты өзім ғана жоспарлағаным дұрыс болмаған шығар, егер де Синтия, Лиз және мен үшеуіміз отырып, осы мәселені талқылағанда бұндай қорытындыға келмес пе едік», – деді. Бұл түйткілдің шешімі оған басқа этикалық дилеммаларды оңай шеше білуіне көмектеспесе де, PR саласында болуы мүмкін неше түрлі қайшылықтарды ескеруді үйретті. «Бір жағынан, біз көп тұтынушы жинап, соларға жұмыс істеуіміз керек. Бірақ осы бағытта шынайы болу керектігін ұмытпайық. Бұл оңай нәрсе емес», – деп Андерсон сөзін аяқтады.

Ой елегінен өткізсек:

1. Осы оқиғадағы компанияның PR бөлімінің меңгерушісі болсаңыз, компанияның табысын қандай жолдармен көбейтетін едіңіз? Осы тәсілдер қазіргі тұтынушылар мен болашақ тұтынушыларға қалай пайда әкелер еді деп ойлайсыз?
2. Андерсонның бастығы жарияланған жарнамаларға ескерту ретінде кейбір қызметтердің тек 100\$ төлеген адамдарға тегін болатынын және кей қызметтердің тек ақылы болатынын жаз дегенде не болар еді? Жоғарыда айтылып кеткен этикалық кодексті пайдалана отырып осы шешім қаншалықты дұрыс екенін айтыңыз.
3. Меңгерушіңіздің әрекетін жөн деп таппасаңыз, кез келген кезде бастыққа барып айту дұрыс деп ойлайсыз ба? Жұмыстан қуылатыныңызды біле тұра айтар ма едіңіз, әлде оған бас қатырмас па едіңіз? Егер біреу сіздің жасап жатқан кейбір іс-әрекеттеріңіздің этика тұрғысынан дұрыс емес екенін білсе, ол адамның қандай шешімге келуін қалар едіңіз? Егер ол адамның қарсылығы сізге түсінікті болса, оның ары қарай не істегенін қалар едіңіз?

Егер...

Сайттар, блогтер, жаңалықтар, бұқаралық ақпарат құралдары – қазіргі заманда жарнама жасап, аудитория жинағысы келген PR қызметкерлерінің көптеген онлайн мүмкіндігі бар. Алайда күннен-күнге интернеттің жаңаруы этика мамандарының жұмыстарын қиындатуда. Wal-Marting Across America (Америкадағы Уолл-Март дүкендері) атты жаман атымен танылған блогтің мына бір оқиғасын қарастырайық.

2006 жылдың қыркүйек айында¹ Лаура мен Джим рекреациялық экипажбен өткен сапарлары жайында бірге мақала жазып, блогке жария етеді. Олар Американы аралай жүріп, Wal-Mart дүкенінің дәл жанындағы автотұраққа тоқтайды. Қос журналистің жазуы бойынша, сапарлары керемет болады, олар тоқтаған сауда орталығының қызметкерлері көп жәрдем еткен. Алайда біраз уақыт өткен соң оқырмандар блогтегі жазбаларға күмәнданып, соңында авторлардың кім екенін анықтайды².

Джим – «Вашингтон Постта» қызмет ететін фотограф-Джим Трешер, ал Лаура болса, тәуелсіз жазушы Лаура Ст. Клэйр болып шықты³.

Сапарды Edelman атты халықаралық PR фирмасы ұйымдастырған екен. Олар барлығын Working Families for Wal-Mart (Уолл-Мартта жұмыс істейтін отбасылар) атты топ арқылы даярлады. Осы топ Трешер мен Ст.Клэйрге блог жүргізгені үшін ақша төлеген.

Сіз Edelman фирмасында қызметіңізді жаңадан бастап жатырсыз, бұл сапар жайлы жоспардан хабардарсыз, сіздің ары қарайғы әрекетіңіз қалай болар еді? Кімге не айтар едіңіз? Өзіңіздің ұстанымыңызды түсіндіру үшін қандай дәлел-дәйектер келтірер едіңіз? «Вашингтон поста» қызмет ететін фотографтың бастығы болғаныңызда қызметкеріңіздің осындай іске араласқаны үшін шара қолданар ма едіңіз? Кәсіби журналистер қоғамы жазған Этикалық кодексі сіздің осы сұрақтарға жауап беруіңізге көмектеседі.

Wal-Mart сауда орталығының жауапты қызметкері болғаныңызда Edelman фирмасымен қарым-қатынасты үзетін бе едіңіз? Edelman фирмасының бастығы болсаңыз, блогтің жалған екені анықталғаннан кейін не

1 Pallavi Gogoi, Wal-Mart's Jim and Laura: The Real Story, Bloomberg Businessweek, Oct. 9, 2006, http://www.businessweek.com/bwdaily/dnflash/content/oct2006/db20061009_579137.htm.

2 Сонда

3 Сонда. Сондай-ақ <http://walmartwatch.org/blog/archives/identity-of-wal-marting-across-america-rver-revealed> сілтемесін де қараңыз

істер едіңіз? Ең қызығы, сол жылы компания PR саласына интернеттің үздік қолданушы аталымында топ жарған еді.

Wal-Mart пен Edelman-ның барлық кінәні басқа жаққа жаба салғаны дұрыс бола ма? 2006 жылдағы блогтердің жаңаруы осы болған жағдайды ақтай ала ма? Солай болса, болашақта күннен-күнге жаңарып жатқан технологияларға байланысты қандай этикалық стандарттарды шығарар едіңіз?

Wal-Marting Across America жоспары айқындалғанынан кейін Ричард Эделман төмендегідей мәлімдеме жасады⁴:

«Мен бұл жағдайда өз кінәмді толықтай мойындаймын. О бастан блоггерлердің кім екенін жасырғанымыз тұтынушылардың емес, 100% әкімшіліктің қатесі болды.

Word of Mouth Marketing қауымдастығының маркетинг жөніндегі ережесін қолдайтынымызды тағы да мәлімдегім келеді. Ондағы жариялылыққа қатысты принциптерді жазуға өзіміз қол ұшын созып едік. Біздің міндетіміз — жұмыста жариялылықты ұстану. Халық бізге сенгендіктен, біз де олардың сенімін ақтауға тырысамыз».

Edelman фирмасы мәлімдемелерінде кешірім сұрай отырып, қайта-қайта ашықтық пен сенім мәселесін қозғайды. Қызметке жаңа кіргенде шындықтың сенімге апарар жалғыз жол екенін еш уақытта ұмытпаңыз. Жоғарыдағы оқиға мен компанияның оған қатысты мәлімдемесі туралы не ойлайсыз? Егер Edelman фирмасында қызмет атқарып жүрген болсаңыз, осы жағдайдан тыс қалар ма едіңіз? Ал Wal-Mart орталығында жұмыс істесеңіз ше?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Word of Mouth Marketing қауымдастығы жазған ашықтық бағдарлары:
Edelman/Wal-Mart blog case: <http://womma.org/ethics/code/>

Arthur W. Page Society ұйымы — PR-дың рөлін жақсарту үшін жұмыс істейтін кәсіби мекемелердің бірі. Жылда колледж студенттері арасында болатын жарыстарға демеуші болады. Жарыстарға қатысу шарттарын және алдыңғы байқаулардың жеңімпаздарымен танысу үшін мына сілтемені басыңыз:
<http://www.awpagesociety.com/insights/winning-case-studies/>

PR Институты жұртшылықпен байланыс туралы тәжірибелік зерттеулерді жариялайды: <http://www.instituteforpr.org>

4 Richard Edelman, A Commitment, Oct. 16, 2006, http://www.edelman.com/speak_up/blog/archives/2006/10/a_commitment.html.

Қоғамдық қатынастарға ықылас танытушы әрбір адамға келесі блог сайттарын қарау пайдалы болады. Әрқайсысы PR блогтердің қандай болу керектігін түсіндіреді:

<http://www.invesp.com/blog-rank/PR>

PR студенттерге арналған блогтер:

<http://www.bachelorsdegreeonline.com/blog/2011/50-best-blogsfor-the-public-relations-major/>

PR сайтында ең маңызды 25 блог:

<http://service.prweb.com/learning/article/public-relations-blogs-25-essential-pr-bloggers-you-should-be-reading/>

Өтініш, бұл видеоны қолданбаңыз!

Ауыр апат

Рэй Никемп

Журналистер көбіне өмірдің күңгірт жақтарын, негізінен, кісі өлімін жария етуге мәжбүр болып жатады. Өз бастарын қатерге тіге отырып, оқиғаны көпшілікке жариялау үшін жұмыс істейді. Бір ауыр қазаның видеожазбасы сотта көрсетілген жағдайда тілшілер үлкен сынаққа тап болады. Видеоны бірден жариялау керек пе, әлде қаза тапқан адамның туыстарынан немесе жарақат алған кісіден рұқсат сұрау керек пе?

Оқиға: Сарбаз, қыз, ішімдік және қызыл шам

2007 жылғы 29 желтоқсанда таңертең Эль Пасо қаласында (Техас штаты) 19 жастағы Валери Таламантес бағдаршамның қызыл шамында тоқтап тұрған еді. Кенеттен оның көлігінің артынан белгіленген 60 миль/сағат жылдамдықпен келе жатқан бір жүк көлігі келіп соғады. Оның қасында тұрған басқа бір көлік те зардап шегеді. Таламантестің көлігінің сау-тамтығы қалмайды. Жедел жәрдем оны дереу ауруханаға жеткізеді. Ертеңінде Валери Таламантес көз жұмады.

Жүк көлігінің жүргізушісі — жергілікті Блисс фортының сарбазы штаб-сержант Эдисон Байас. Оның Иракта әскери борышын атқарып қайтқанына он күн болған еді. Полиция оны мас күйінде абайсызда кісі өлтіру айыбымен қамауға алады. Байастың қанындағы алкогольдің көлемі — 0,27, яғни заңмен белгіленген мөлшерден үш есе көп еді.

Бір жарым жылға созылған сот процесінде Байастың қорғаушысы оның ауыр соққы салдарынан, жүйкесіне зақым келгенін дәлелдей отырып, әскери дәрігерлердің бұл диагнозды анықтамағанын айтады. Адвокаттың айтуы бойынша, ол Таламантестің көлігін соғар алдында, жүйкесі сыр беріп, өзін-өзі игере алмай қалған. Бірақ прокурорлардың пайымдауы бойынша, Байастың бұрыннан ішімдікке қатысты проблемасы болған: екі рет тұтқындалып, төрт рет наша қолданғаны үшін әскери наркодиспансерге жіберілген.

Байастың сот отырысын Эль Пасодағы KDBC-TV арнасының тілшісі Рамон Эррера бақылады. Ол Техас мемлекеттік университетін осыдан алты ай бұрын бітіріп, CBS корпорациясының бөлімшесінде жарты күндік тарифпен жұмыс істеп жүрген болатын. Жаңалықтар департаментінің бюджеті қысқартылып, жалғыз тілші ретінде Эррера сот ғимаратына жіберіледі.

Сот басталғаннан кейін, сот хатшысы медиа қызметкерлеріне округтік прокурордың сотта бағдаршамда орналасқан камера түсірген бейнежазбаны таяу арада көрсететінін айтады. Бағдаршамның қызыл жарығына өтіп кететін жүргізушілерді ұстау үшін орнатылған камераға жүк машинасының Таламантестің көлігін қалай соққаны және қиылысқа дейін сүйреткені көрсетілген видеожазба жазылған. Репортерлерді бұл жаңалық қатты толқытады. Алайда не полицияның, не округтік прокурордың репортерлерге бейне-материалдарды көрсетпейтіні белгілі болады. Мұнымен қоймай, сот залына камера алып кіруге тыйым салынады. Ең сенімді дәлелді көрермендеріне көрсете алмайтындары үшін репортерлер мазасыздана бастайды.

Соттың бұқараға тарауы тек бір ғана камераға түсіріліп, Эль Пасоның бүкіл төрт арнасына беріледі. Бұл сот ғимаратында іс процесін терезеден камераға түсіру әдеттегі жағдай болатын. Эррераның айтуынша, соттың көпшілігі бұндай әрекетке тыйым салмайтын. Сот залының үлкен экранында апаттың видеосы көрсетіле бастағанда оператор камераны терезе арқылы экранға көздеп, түсіре бастайды. Газеттер мен сайттардың фотографтары оны камераларына тартып алады.

Бағдаршамның үстінде және артында орналасқан камералардың түсірген бейнежазбасында Таламантестің көлігі басқа көліктің қатарына келіп тоқтағаны анық көрінеді. Кенет бұлыңғыр бір көлік сол жақ артынан

келіп, оларға соғылады. Таламантестің көлігі қиылысқа дейін сүйретіледі. Видеожазба түрлі-түсті болғанымен, ұсақ детальдарды ажырату мүмкін емес. Себебі апат таң сәріде, қараңғы кезде болған. Дегенмен видеожазбада соққының өте анық бейнеленгені соншалық, қазылар видеоны көргенде эмоцияларын жасырмады. Байас дірілдеп, көзін бір сүртіп алды.

Тығырық: Бұл бейнематериалды қолданбауыңызға бола ма?

Округтік сот бейнематериалды көргеннен кейін тыңдауды түстен кейінге қалдырады. Түстен кейін сотқа қайтып келген репортерлер таңғы оқиғаны әңгіме етті. Жарақат алған адамның әкесі ортаға шығып, репортерлерге өтінішін білдірді: «Білемін, бұл — әрине, сіздердің жұмыстарыңыз, бірақ мына бейнежазбаны көрсетпеулеріңізге бола ма?» — деген ол бұл бейненің Валери Таламантестің достары мен отбасына өте қатты әсер ететінін түсіндірді. Араларындағы әңгіме өте сыпайы түрде өтті. Репортерлер уәде бере алмайтындарын білдірді, себебі шешім қабылдайтын редакцияның басшылары болатын.

Мұндай жауап Эррераны уайымға салды. Бірақ бұл алаң — репортерлердің жауабына қатысты емес, өзін құрбан болған қыздың әкесінің орнына қойып, қаншалықты ауыр болатынын сезінгенінен еді. «Видеоны көргенде сөйлей алмай қалдым. Ол қыздың орнында өз қызымды елестетін көрдім».

Эррера мен фотограф базаға қайта оралып, бас редактор мен продюсерге Таламантестің өтінішін білдірді. Барлығы бірге қосылып бейнені тағы бір рет көрді.

Ой құралы **Шындықты айту ма, әлде зардап шектіру ме?**

Дәрігерлер Гиппократ антын «бастысы — зардап шектірме» деген сөздермен бастайды. Өйткені дәрігерлердің бір ғана қате әрекеті науқастың өмірін қиюы мүмкін. Сол сияқты журналистердің де бір сөзі мен жазуы орны толмас өкінішке апарып соқтыруы ықтимал. Халықаралық журналистер қауымдастығының Этикалық кодексі

де мұны растайды. Сол Этикалық кодекске сай, алғашқы принцип — шындықты іздеп, басқаларға жеткізу. Екінші принцип — залалды барынша азайту.

Таламантес отбасының қарапайым адамдар екені журналистік этиканың одан да қатал стандарттарын қажет етеді.

салдарынан тууы мүмкін эмоциялық ауыртпалық жайлы айтты. Алайда директордың оларға жауабы дайын еді: «Ендеше, теледидар көрмеңіздер!» Эррера директормен дауласқан жоқ: «Бәлкім, дұрыс айтасыз», – деді.

Бейнежазба сол түнгі жаңалықтарда толығымен көрсетілді. Алдымен Эррера округтік прокурордың осы видеоны дәлел ретінде ұсынғаны туралы, соған қоса көрермендерге графикалық видеоның көрсетілетіні ескертті. Видеоның дыбысы болмағаны үшін, Эррера өзінің пікірлерін қосты: «Сіздер Байас пен Таламантес көлігінің соқтығысқанын көріп отырсыздар». Аталған бейне бұдан кейін де бірнеше рет пайдаланылды, телестанса апатқа қатысты жаңа ақпараттар пайда болған кезде оның қалай болғанын көрермендердің есіне салуы үшін, қайталап беріп жатты. «Бұл видеоның Валеридің хикаясын айту үшін маңызы зор болды», – дейді Эррера.

Бейне жазбаны қолданудың «дұрыс еместігін» іштей түсінсе де, Эррера және оның басшылары видеоның ақпараттық құндылығы жоғары деп есептеді. Сот ғимаратындағы репортерлер телестансалардың бұл материалды қолдану мүмкіндігі жоғары екенін айтады. Олардың бастықтары бұл мүмкіндікті жібермейтіні анық.

Кейін осы оқиғаның телеарналардан тарауы туралы Эррера былай дейді: «Біз басқалардың да бұл материалдарды қолданатынын білген едік. Мен басқа телестансалардан ерекшеленіп, видеоны эфирден бермей қалған жалғыз журналист болғым келмеді. Егер бүкіл арналар апат видеосын эфирге шығарса, оны біздің де көрсеткеніміз жөн».

Мэриленд университетінің профессоры Карл Сессион Степ (Carl Sessions Stepp):

«Журналистикадағы бәсекелестік – журналистерді қатыгездікке жетелеуде. Онымен күрес мүмкін болмай отыр»¹, – дейді.

Егер барлық телеарна бейнежазбаны пайдаланбаған болса, онда сөз жоқ. Ал өзгелері пайдаланып, тек біреуі ғана пайдаланбаса, ол – бәсекелестіктен тыс қалғандық еді. Эррераның шешім қабылдауына осы бәсекелестік ықпал етті әрі ол өзін жеңіл сезінді.

Соңы: Екінші рет ойлану мүмкіндігі берілмейді

Сот процесі жалғасып жатқанда Эррера қаладағы басқа телестанса репортерлерімен сөйлесті. Олардың айтуы бойынша, барлық жаңалық бөлімі басшыларының ойы бір жерден шығып тұр.

1 Carl S. Stepp, Whatever Happened to Competition? American Journalism Review, 23, No. 5 (2001, June): 22.

«Видеоны толықтай көрсету керек, өйткені сот процесінде көрсетілетін ең басты айғақ — сол».

Оған қоса, барлық телеарна басшыларының Таламантестің «видеоны қолданбаңдар» деген өтінішіне айтқан жауабы бірдей болды: «Ешкім көруге мәжбүрлемейді». Эррераның айтуынша, репортерлердің арасында ешкімнің осы шешімге байланысты басқа ойы болмады. Өйткені олар «видеоны қолданбаймыз» деп уәде бермеген, сондықтан өздерін қандай да болсын этикалық қарама-қайшылықтардан ада сезінді.

Қоғам тіпті бұл видеоны көруге ықыласты емес еді. Телестансаның жауапты қызметкерлері көрермендерден кері реакция күтсе де, Эррераның айтуы бойынша, ешкім кері реакция танытпады, ешкім қоңырау шалмады, поштаға да хат жолданбады. Тіпті Таламантестің отбасы мүшелерінің өзі бұл видеоға қатысты пікірлерін білдірмеді. Олар өткенді қайта еске алмаған жөн деп ұйғарды. «Ертеңінде сот залында Валеридің әкесі журналистердің барлығымен жылы амандасты», — деп еске алады Эррера.

«Байас Валерия Таламантесті өлтірді» деп айыпталып, 15 жылға түрмеге қамалып, оған 10 000 АҚШ доллары көлемінде айыппұл салынды. Ол жоғары инстансаларға шағымданғанымен, оның өтініші қанағаттандырылмады.

Осы оқиға туралы материал дайындау Эррера секілді жас репортерге үлкен тәжірибе болды және оны оқиғаның осылай аяқталғаны қуантты. «Бұл оқиғаны осылай шешкеніме өте қуаныштымын. Бір ғана өкінетінім, видеоны стансадан тезірек алып тастап, оны елден бұрын онлайн жариялауға асықпағаным», — дейді кейінірек жас журналист.

Ой елегінен өткізсек:

1. Журналист ретінде сіздің көптеген жақтасыңыз болады: дереккөзі, жұмыс берушіңіз, қоғамдастық, әріптестеріңіз, жаңалық және шындық. Осы жақтастарыңыздың өзара шиеленіске түскен кезі болды ма? Нақты жағдайда әртүрлі жақтастарыңыздың қайсысының салмағы басым түсер еді? Осы тұрғыда қандай қиындықтар туындауы мүмкін? Сіздіңше, бәсекелестік өзге де нақты мақсаттар секілді, заңды журналистік құндылық болып санала ма, әлде бұл жай гана өмір заңдылығы ма?
2. Көптеген фотожурналистің ұстанымы: «Қазір түсіріп ал, сосын таңдайсың». Басқа сөзбен айтқанда, мүмкіндігі бар кезде барынша мәлімет жинап, оны қолданар-қолданбасыңды кейін шешесің дегенге

саяды. Қазіргі кезде көптеген репортерлер және ақпарат құралдары фото мен видеоны жиі қолданады. Осы орайда әлгіндей фотожурналистер мен операторлардың еңбегі қаншалықты бағалы? Сіз бұл көріністің ақпарат құралында жариялануына сенімді болмасаңыз да, суретке түсіре берер ме едіңіз? Фотоға немесе бейнетаспаға түсіру мүлде мүмкін емес жағдайларды білесіз бе? Суретке немесе видеоға түсіргеннен кейін оларды ешқайда жарияламағанның өзінде сізге немесе сіздің жұмысыңызға қауіп төнуі мүмкін бе?

3. Эмпатиясы болмаған кісі ешқашан жақсы журналист бола алмайды. Алайда тым көп эмпатия сезімталдық танытса, ештеңе істей алмай қалады. Егер сіздің өзіңіз басшылыққа алатын жеке Этикалық кодексіңіз бар болса, онда өзіңізді өзгенің орнына қойып көру туралы не айтылар еді? Осының бәрін ой елегінен өткізе отырып, видеоның жариялануына қарсы болған қаралы әкенің өтінішіне құлақ асар ма едіңіз? Егер сіз басшыларыңыздың бұл видеоны сіздің шешіміңізге қарамай тарататынына сенімді болсаңыз, әлгі әкеге «шешім қабылдайтын мен емес» деп айту — этикалық тұрғыдан қаншалықты дұрыс? Оған бұл жағдайда қабылдаған шешімді журналистік көзқарас тұрғысынан түсіндіре аласыз ба?
4. Жаңалықтардың бірінде алыс шетелдердегі жантүршігерлік оқиғаларды көрсетеді. Мысалы, Жапониядағы жер сілкінісі мен цунами, Ауғанстандағы соғыс көріністері көбірек пайдаланылады. Егер сізден: «Неге басқа мемлекетте қанға боялған баланы түсіруге болады да, ал өз елімізде қайтыс болған баланың суретін көрсетуге болмайды?» — деп сұраса, не деп жауап берер едіңіз?
5. Басшылар сіз дайындаған бір сюжетті немесе толық бейнежаңалықты эфирге жариялау не жарияламау туралы шешім қабылдаса, эфирге шыққан жаңалық үшін сізден этикалық жауапкершілікті алып тастай ма? Сіздіңше, шешім бірнеше апта бұрын қабылданған деп еш нәрсеге қарамастан бейнемәліметті жариялау дұрыс па немесе өзгелердің істеп жатқанын қайталау (тіпті этикаға қайшы болса да) қаншалықты дұрыс? Бағдаршамның қызыл шамына өткен видеоның, я болмаса World Trade Center (Дүниежүзілік сауда орталығы) ғимараттарының құлауы туралы видеоны қайта-қайта қолдану этикалық тұрғыдан дұрыс па?

Егер...

Қарапайым адамдар елей бермейтін, мән бермейтін дүниелерді журналистер көбірек аңғарады. Оның ішінде өлім мен зорлық оқиғалары да бар. Репортерлер оқиға болған жерден репортаж жасай отырып, сүреңсіз көріністерді жариялау қажет пе, жоқ па, шешіп алуы қажет. Егер жариялайтын болса, онда шындықты айқындай отырып, зардапты азайтуы керек.

Көптеген радио хабарлары, басылымдар және онлайн шығатын жаңалықтар жол-көлік оқиғасынан алынған суреттерді жаңалықтарда көрсетуді тоқтатты, өйткені олар кейбір адамдарға кері әсер етеді. Алайда бұл суреттердің ақпараттық құндылығын ескере отырып, кейбір апаттарды жариялауға тура келеді.

Екі жүк машинасы бір-бірімен соғысты делік. Екі жүргізуші де қайтыс болды және оқиға орнында көлік кептелісі болып, сіз ол жерге жетемін дегенше қайтыс болған адамның біреуінің мәйітін жақын маңдағы ауруханаға апарып тастаған екен, бірақ екіншісін қирандылардың астынан әлі шығара алмапты. Қираған көліктердің тіркемелері негізгі жолдан алыста аударылса, жүктері жолда, жолдың жиегіндегі арықтарға шашылып кетіпті. Осылардың бәрін қоссаң, жақсы материал жазып беруге болады.

Жол апаты болған жерге шақырылған қала тергеушісі сізге госпитальдық машина екінші адамның денесін қираған көліктің астынан жақын арада алып кететінін айтады. Ол сізге аударылып жатқан көліктің алдынан барып, тізерлей отырып, көліктің ішіне қарауды ұсынады. Ал көліктің ішіндегі аударылып жатқан жүргізушінің жүзі дәл сізге қарап тұрғандай болады. «Бұл өте жақсы сурет болуы мүмкін, солай емес пе?» — дейді тергеуші.

Бірнеше минут ішінде жедел жәрдем машинасы келіп, машинаның есігін жүргізушінің денесі шығарылатындай етіп ашып қойды.

Денені алып кетіп бара жатқан кезде, сіздің қолыңызда ұялы телефон не болмаса видеоға түсіретін аппарат болды делік. Сіз олардың артынан жүрін, алып бара жатқан денені фотоға түсіріп алдыңыз. Содан соң госпитальдың жанына барып, қайтыс болған адамның денесін госпитальға кіргізіп бара жатқанын суретке түсіресіз.

Болған оқиғаны баяндау үшін видео қаншалықты қажет деп ойлайсыз? Тергеушінің ұсынысын қабылдап, көліктен шығарылмаған мәйіттің түрін суретке түсіресіз бе? Ал денесін госпитальға алып бара жатқанын ше? Госпитальға кіргізіп жатқанын ше? Жарияламасаңыз да, оны түсіру этикалық тұрғыдан қаншалықты дұрыс? Жедел жәрдем қызметкерлеріне кедергі жаса-

май шет жақта тұрып және ең бастысы, түсірген материалдарыңыздың барлығын жарияламайтыныңызды біле тұра, оларды түсіре берген дұрыс па?

Ал енді өзіңізді осы жаңалықты теледидардан немесе галамтордан көріп отырған адам ретінде елестетіп көріңіз. Қаза болған адамның түрін көру сізге оқиғаны жақсырақ түсінуге көмектесе ме? Сізде қандай ойлар пайда болуы мүмкін?

Енді жағдайды өзгертіп көрейік. Сіз оқиға болған басқа бір жерге барасыз. Сол жақта бес жасар бала жол апатынан шетінегенін көресіз. Полиция қызметкерлері өз жұмыстары біткенге дейін баланың денесін жауып қояды. Камераңызды алып суретке түсіргелі жатқаныңызда, баланың әкесі келіп: «Фотоға түсіруге болмайды», — деп камераны қолымен жабады. Мұндай жағдайда не айтар едіңіз? Шындықты жариялау мен зиянды азайтудың арасындағы тепе-теңдікті қалай ұстайсыз?

Екі «дұрыс» шешімнің арасындағы шиеленіс этикалық дилемма тудырағандығын, сіздің шешім қабылдауыңызға не себеп болғанын анықтап және сол себептерді басқа адамдарға түсіндіруіңізді қажет етеді.

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Осындай апаттарды қалай жария ету керектігін Пойнтер институтынан таба аласыз:

<http://www.poynter.org/how-tos/newsgathering-storytelling/diversity-at-work/29537/tips-for-covering-tragedy/>

Дарт орталығының журналистика және жарақатқа байланысты қағидаларын мына сілтеме арқылы табасыз:

<http://dartcenter.org/content/tragedies-journalists-6>

Журналистика және адалдық жайындағы дискуссияларды оқу үшін мына онлайн-журналды қараңыз:

<http://digitaljournalist.org/issue0612/the-changing-problem-of-a-journalist-s-loyalty.html>

World Trade Center ғимаратында 11 қыркүйекте 200 адам қайтыс болған. Американың көптеген телеарнасы олардың суреттерін көрсетпеу керек деп шешкен болатын. Өйткені адамдарға ауыр тиюі мүмкін еді. Осы жағдай жайлы The falling man атты деректі киноны мына сілтемеден көруге болады:

<http://topdocumentaryfilms.com/911-falling-man/>

Дереккөздің өкініші: «Мақаладан менің аты-жөнімді алып таста»

Майкл О'Доннел

Кытай халқында «Сия – адамның ең мықты жадынан да күшті» деген мақал бар. Расында, басылымға шыққан оқиға өзінің кейіпкерлерінен де ұзақ «өмір сүреді». Алайда осы ұстанымның галамторға шыққан мәліметке де қолданылуы дұрыс па? Онлайн жарияланған жаңалықтар сайтта ұзақ уақыт бойы сақталып тұруы тиіс пе?

Тіпті қаралымы өте төмен деген сайттарда жазылған материалдың өзі біздің соңымыздан қалмауы мүмкін. Студент кезіңізде жазған қарапайым материалдарыңыз Google-де сақталып, сіздің есіміңізді тергенде бірінші сол шығып тұруы да ғажап емес.

2008 жылдың күзінде Ст. Томас университетінің журналистиканы үйренуші студенттері мен факультет басшылығы осы мәселені жан-жақты талқылады. Сол кезде баяғыда болған мына бір оқиға мысал ретінде алынды. Мысалдағы кейіпкердің аты өзгертілген.

Оқиға: Менің жұмыс берушім өткен өмірім туралы Google-ден шындықты біліп қоймай ма?

Миннесота штатындағы Ст. Пауль қаласында орналасқан Ст. Томас университетіндегі The Aquin студенттер газетінде ішімдік мәселесі хақында мақаланың жарияланғанына екі жылдай уақыт болған еді. Бұл оқиға газеттің бірінші бетінде және pdf нұсқасымен галамторда да жарияланған болатын. Оқиға университеттегі соңғы курстың студенті, кампуста мас болып ұсталған Алекса Келли туралы еді.

Университет газетінің кеңесшісіне жолдаған хатында ол қазір қала маңындағы бір мектепте жұмыс істеп жүргенін, google-дің іздеу жүйесінен өзі туралы мәлімет іздегенде, дәл осы мақаланың бірінші болып шығатынын айта отырып, сол кездегі жағдайға әлі күнге ұялатындығын жеткізіпті. «Менің жұмыс берушім бұл жағдайдан хабардар болса, болашақтағы кәсібіме кері әсер етуі мүмкін, – дей отырып, – бұл мақаланы google-дің іздеу жүйесінен алып тастаудың жолдарын қарастыруға болмай ма?» – деп өтінеді.

18.1 СУРЕТ The Aquin газетіндегі маскүнемдік туралы мақала студенттің болашағына кесірін тигізуі мүмкін



Ескерту: (Бұл оқиға Ст. Томас университетінің студенттері арналған The Aquin газетінің басылым нұсқасында да, онлайндағы PDF нұсқасында да басылған болатын. Біз сіздерге ол газеттің үзіндісін ұсынып отырмыз).

Кампустағы шарап ішуге тыйым салу саясаты кәмілет жасына толмағандарға ғана қатысты емес, жалпы студенттерге қатысты еді.

Энн Нассефф, штат жазушысы

21 жасқа жеткен студент Томас университетінің ішімдік ішуді шектеу саясатынан босатылмайды. Көптеген студент пен университеттегі қызметкерлердің ойлағанындай, университетте алкоголь өнімдерін қолдануға жол жоқ. Бұл – білім ордасы. Демек, қоғамдық қауіпсіздікке жауап беруші адамдар 21 жасқа толған, ішімдік ішуге рұқсат берілген мас студенттерге де ескерту жасай алады.

Олар (21 жасқа толғандар) ішімдікті белгілі бір уақытта, арнайы рұқсат етілген орындарда және қоғамдық қауіпсіздікке жауап беретін адамдар бекіткен көлемде ғана іше алады. Студенттің жасына қарамастан, егер ол кампуста удай мас болса немесе қанынан 0.08 пайыздан көбірек алкоголь табылса, университет әкімшілігінің шара қолданатыны мәлім еді.

«Жатақхана тұрғыны ретінде келісімшартқа қол қойғаныңыз есіңізде ме?» Сұхбаттасқан студенттердің көбінің оған қол қойғаны есінде болғанымен, оның ішінде не жазылғанынан хабарсыз болып шықты.

Сол келісімшарт ішінде кампуста алкоголь ішу мәселесі де айтылған еді.

Қоғамдық қауіпсіздікке жауап беретін арнайы жобалар меңгерушісі III Уильям Картер бұл жағдайларда студенттер мен кампус қонақтарына ішімдік ішу мәселесіне университеттің ұстанатын саясатының қандай екенін, қандай шаралар қолданылатынын түсіндіру – қоғамдық қауіпсіздік қызметкерлерінің міндеті емес екендігін айтты. Бұл жатақхана бөлімі мен деканның міндетіне кіреді.

Жалпы, кампустың ішкі тәртібін жоғары курс студенттері де жақсы білетін. Дегенмен бұл ережеге бағына қоймайтын. Мәселен, өткен айда қоғамдық қауіпсіздік офицері Алекс Келли есімді соңғы курс студентін мас күйінде ұстап алды. Офицер оның жеке куәлігін сұрады әрі оны алкотестке жолдау мақсатында өзінің екі ассистентін шақырды. «Олар менің мас екенімді айтып, ата-анамға қоңырау шалатындарын ескертті, – дейді ол. – Мен ата-анамның түнгі екіде қыздарының ішіп алғаны туралы хабарды естіп, кампусқа шақыртылуым қаламадым. Қоғамдық қауіпсіздік қызметкерлері менен бөлмеден жасы 21-ден асқан және ішімдік ішпеген досымның бар-жоғын сұрады. Қасымда бір қыз болатын, офицерлер одан да алкотест алды. Құрбымның ішпегені анықталғаннан кейін қызметкерлер мені соған ертіп жіберді».

Келли қоғамдық қауіпсіздік офицерлері тоқтатқан бір топ студенттің ішінде болған еді. Ст. Томас университетіндегі Алкоголь пайдалану және әлімжеттікке қарсы стратегиялық жоспарының авторы Картердің айтуынша, офицерлер екі қағидаға сүйене отырып шара қолдана алады: қан құрамындағы алкогольдің пайызына және ұсталған адамның жағдайына. «Көп жағдайда адамдар мәселенің күрделілігіне мән бермейді», – дейді ол.

Алкоголизм және алкоголизмді шектеу бойынша Ұлттық институт бірнеше студенттен сұхбат алып, оны университет газетінің сайтына жариялаған.

2002 жылы алынған сараптамалар бойынша, соңғы курста оқып жүрген студенттердің бес пайызы ішімдіктің кесірінен тәртіп сақшыларының немесе университеттің қоғамдық қауіпсіздік қызметкерлерінің көзіне түскен. Ал 18–24 жастағы студенттердің арасынан жыл сайын 1800 адам алкоголь кесірінен жол-көлік оқиғаларынан қайтыс болады екен.

Офицерлер алкотестің нәтижелеріне және студенттің өзін қалай ұстағанына қарап, ары қарай қандай шешім қабылдау керектігі туралы ойланады.

Университеттің жасы 21-ден асқан студенттерге қарсы қолданатын шаралары біраз студенттің наразылығын тудырған еді. Олар бұл шараларды тым қатал, құқықтың шектелуі деп түсінеді.

Келли: «Бұл ақылға сыймайды. Ішіп алған адам 21 жаста болса да, университет тәртібі бойынша оның ата-анасын университетке шақыртады. Мен көлік жүргізіп жүрген жоқпын, қоғамдық тәртіпті бұзып жатқан жоқпын. Заңға қайшы ештеңе істемеген адамды тек ішімдік ішкені үшін жазалауға бола ма?» – дейді.

ДЕРЕККӨЗ: St. Thomas университеті, Коммуникация және журналистика департаменті келісімімен басылды.


Тығырық: Шағын басылым, көп оқырман

The Aquin газеті апта сайын 2 600 данамен тарайды. Оны Twin Cities кампусындағы 11 000-нан астам студент оқиды. Ішімдік туралы мақала баспасөзде ғана жарық көргенде, оны көпшілік білмей қалар ма еді?! Алайда бұл мақала интернетке шығып кеткен еді. Газет түрінде аз данамен шыққанымен, басылымның интернеттегі нұсқасы өте танымал болатын. Ал одан көшірін басқан тағы бірнеше сайтты есепке алсаңыз, әлгі ішімдік туралы мақала дүниежүзі оқырмандарына таралып кетті деген сөз, яғни бір ақпарат құралында шыққан ақпаратты бірнеше ақпарат құралы көшіріп, сілтеме жасап беріп жатады. Мұны АҚШ журналистикасында «ұзын күйрық» деп атайды.

Осы терминді ең алғаш музыкаға байланысты онлайн шығатын деректерге қолдануды ұсынған *Weird* журналының қызметкері Крис Андерсон еді.

Оның пікірінше, ең танымал деген үздік әндер миллиондап сатылады. Сонымен қатар аса танымал емес бірнеше ән де шектеулі данамен сатылады. Нәтижесінде, бірнеше сапасыз әннің сатылымы бір ғана танымал әннің сатылымына пара-пар болады, яғни аз ғана танымал әнді сататын дүкен танымал емес, бірақ көп ән сататын дүкеннің пайдасымен бірдей пайда табады.

Төмендегі кесте Америка Құрама Штаттарында күнара жарық көретін бір басылымның 700-ге жуық оқырманы арасында жүргізілген сауалнама бойынша жасалды, онда жоғарыда айтылған бизнес принциптері қалай қолданылатыны көрсетілген. Бірнеше газет қана ірі басылымдармен бәсекелестікке түсіп, бүкіл таралымның кішкентай ғана бөлігін қамтыды. Бұл кестеде айлап, апталап, аптасына екі рет шығатын газеттер, колледж және мектептердің газеттері есепке алынбайды.



* Сенбі және жексенбі күнгі таралымын қоспағанда

ДЕРЕККӨЗ: Таралым жөніндегі аудит бюросы

Glassroots Editor жазушылары Ларри Тимбс, Дуглас Дж. Фишер және Уилл Аткинсон төмендегі газеттердің көбісі кішігірім газеттер, арасында тек бір-екеуі ғана ірі басылым деңгейіндегі газеттер екенін айтады¹.

Мақалалар онлайн шыққан кезінен бастап, олардың «практикалық түсініксіздік» статусы жоғалады, яғни аз данамен кұнара не болмаса, апта сайын шығатын онлайн-газеттерде, блогтерде, колледж газеттерінде, яғни «ұзын құйрықты» қамтитын желілердің кез келгенінде жарияланған оқиға интернетте дәл New York Times газетінде жарияланғандай, шығып тұрады. Бұл The Aquin газетінің алкоголь ішу тәртібі туралы мақаласындағы Келлидің жағдайына да қатысты.

1 Lawrence Timbs, with Doug Fisher and Will Atkinson, How America's Community Newspapers Handle (Or Don't Handle) Their 'Digital Attics': An Investigation Into Ethical, Legal and Privacy Issues Emerging From Publications' Web Archives. Presented at the Newspapers and Community-Building Symposium XIII, National Newspaper Association Annual Convention, Norfolk, Va., Sept. 27, 2007. Appeared in Grassroots Editor, 48, No. 4 (Winter 2007): 11-18.

ШЕШІМ: ІЗДЕУ ЖҮЙЕСІНЕН АЙНАЛЫП ӨТУГЕ ТЫРЫСУ

The Aquin газетінің редакторлары Келлидің мақаладан оның атын алып тастау туралы өтінішін орындайтынын айтты. Ал The Aquin газетінің сайтында жарияланған мақаланы басқа іздеу жүйелерінен қалай жасыру керек? Google бұл процесті қалай жасауға болатынын түсіндіріп, бірнеше кеңес берген, алайда олар мақаланың барлық сайттан және парақшалардан жоқ болып кетуіне кепілдік бере алмайтынын ескертті. Google компаниясына қызмет ететін сарапшы Сюзан Москва Google сайтының Webmaster Central атты форумында былай деп жазған²:

«Сізге ұнамайтын, жағымсыз мақала жарияланып қойған кезде, ең алдымен, бірінші болып жариялаған сайттан алып тастаңыз...».

Google интернеттің иесі емес. Ол тек қана сайттарда бар мағлұматтарды іздеу жүйесіне шығарып отырады.

robot.txt атты файлды жазып, кейбір парақшаларды қалай бұғаттап тастау керектігін көрсетеді. Іздеу роботы сұранысты веб-тен іздеуді бастамай тұрып, robots.txt бар сайттарды түгендейді.

Барлық «әдепті роботтар» осы жағдайда Google Webmaster Central-да жазылған бағыттарға сүйенеді, алайда бір шарт бар: robots.txt-ке спаммер немесе вирустардың кірмеуі керек³.

The Aquin редакторы газеттің парақшасына robots.txt файлын қойса да, ол pdf нұсқаны бұғаттай алған жоқ. Енді pdf файлына құпиясөзді қою керек. Алайда бұл да көмектеспеді. Келлидің есімін Google-ға жазған сайын осы мақала шыға беретін, бірақ қазір сілтеме арқылы ол мақаланы оқу мүмкін емес. Ол Google-дағы Uniform Resource Locator-дың көрсеткішінен осы мақаланың pdf нұсқасын алып тастауын сұрады.

Осының барлығы көп уақыт алды. Уақыт өткен сайын Келли өтінішім орындалмайтын болды-ау деп қауіптен бастады. Қайта-қайта хабарласып, өтінішін аяқасты етпеуін сұрады.

Соңында меңгеруші pdf нұсқаны да The Aquin газетінің онлайн архивінен жойып тастады. Оның айтуы бойынша, кімде-кім осы мақаланы іздеу жүйесіне жазып сұрастыратын болса, енді ол баяғыдай The Aquin газетінің

2 Susan Moskwa, Managing Your Reputation Through Search Results, Google Webmaster Central Blog, googlewebmastercentral.blogspot.com/2009/10/managing-your-reputation-through-search.html.

3 Google Search Console Help, «Block or Remove Pages Using a Robots. Txt File», <http://support.google.com/webmasters/bin/answer.py?hl=en&answer=156449&topic=1724262&ctx=topic>.

файлдарының арасынан шықпайды. Бұдан былай газет редакциясы осындай келеңсіздіктің алдын алу үшін қандай шара қолдану керектігін ақылдасты.

Шешімнің осылай оңай қабылдануына университеттегі ірі екі фактор әсер етті: біріншіден, университет The Aquin газетін жауып, орнына жаңадан тек онлайн нұсқадағы студенттік медиа ұйымын ашқалы жатқан еді. Екіншіден, университеттің кітапханасы The Aquin газетінің алғашқы басылымынан 76 жыл бойы шығарылған барлық нөмірін цифрлық жүйеге көшіру жұмыстарын аяқтаған болатын. Ол архив университеттің брендмауэрінің сыртында, іздеу жүйелерден қорғаулы қалыпта сақталады. PDF файл университеттің өз мұрағатынан жойылып, Келлидің жас кезіндегі абайсызда жасаған қателігін енді тек Google ғана еске салып тұратын болады.

2009 жылдың қыркүйек айында Ст.Томас университеті The Aquin газетін жауып, орнына TommieMedia.com атты жаңа сайт ашты. Веб нұсқаға көшу арқылы студенттерге күні-түні жаңалық ұсынатын болды. The Aquin газетінде аптасына бір рет мақала жазып жүрген тілшілер, енді күні-түні жұмыс істеді. Нәтижесінде, олардың оқырмандары да көбейе түсті.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Клиффорд Дж. Кристиан құпияны сақтау және адамгершілік хақында

Журналистер әлдекімге зияны тиетін жаңалықтарды жарияламау туралы айтқанда, әдетте SPJ Этикалық кодексі секілді кәсіби стандарттарға сүйенеді. Осы кодекс және тағы басқа кодекстер, ең алдымен, ақпарат құралдары мен журналистиканың сенімділігін қамтиды.

Кодекстер адамгершілік тұрғысынан емес, кәсіби маман ретінде не істеу керектігін үйретеді.

Иллинойс университетінің философия және қоғамдық этика профессоры Клиффорд Дж. Кристиан кәсіби кодекстер адамзаттың «ортақ құндылықтарын» ескермейтінін айтады¹. Оның ішінде құпиялық адамның заңды түрде берілген құқығы болмаса да, ол моральдық құқығы, яғни жекебас мәліметтерін құпия ұстауға әркімнің құқығы бар.

Құпияны сақтау – қазіргі кезде өте маңыз-

ды мәселе. Өйткені технологиялық даму құпиялықты бұзып, барлығын да жария ете бастады. Сондықтан құпиялыққа байланысты мәселелерді журналистерге кәсіби тұрғыдан емес, адамгершілік тұрғысынан қарастыруға кеңес берген Кристиан былай дейді:

«Қалыптасқан дәстүрлі философия мен өмірлік көзқарастарды қайтадан таразылап, олардың қаншалықты дұрыс немесе бұрыс екенін салмақта. Редакторлар мен баспагерлер өздері жұмыс істейтін БАҚ-тың атын бірінші қойып, жекелеген адамдардың жекебас құпиясы сақталмай жатса, ол қылықтарын «оқырман шындықты білу керек» деп ақтай салады.

«Журналистиканың адамгершілік құндылықтарынан алшақтап бара жатқаны байқалады», – дейді Кристиан.

Журналистер оқырмандардың, де-

1 Clifford G. Christians, *The Ethics of Privacy, in Journalism Ethics: A Philosophical Approach*, ed. Christopher Myers (Oxford, UK: Oxford University Press, 2010), 203–213.

реккөздердің не болмаса Кристиан айтқандай, «саналы қоғамның» орнына өздерін қойып көруі керек.

Өзіңе бұл жағдайда мына сұрақтарды қой:

Кәсіби стандартты қолдана отырып шешіміңізді ақтайтын болсаңыз, ол стандарт бұл жағдайға жарамды ма? Ал әдеттегі жағдайларға ше? Стандарттың бұлай бұзылуы сіздің қызмет етіп жүрген ақпарат құралыңызға зиян келтіре ме?

Адамдарға кейіпкер емес, адам ретінде қара. Журналистер көптеген жағдайда мәлімет беретін адамдарға тек дерек-көз ретінде қарайды: қоғам қайраткері, жәбірленуші, қылмыскер, айыпталушы, тағы басқалары. SPJ кодексі бізге зиянды азайтуымыз керектігін айтып, журналистерді шамалы скептик болуға шақырады. Оларға «дереккөздердің айтқанының растығына және оларға ешқандай зиян келмейтініне көз жеткізіп алу керектігін» ұсынады.

Кристиан: «Осындай жағдайлармен күресіп жүрген сезімтал журналистер өздеріне көбірек талап қою керек», – дейді.

Мәлімет берген адамдарға ешқандай қиянат жасамай жұмыс істеуге бола ма? Мақаладағы кейіпкердің есімін өз

есіміңізбен ауыстырсаңыз, қандай сезімде болар едіңіз? Оны оқыған ата-ана не сезінер еді? Мәлімет бергендерге олардың сөздерін қалай қолданатынымызды ашық айтамыз ба?

Мақаланың интернетте сақталуынан келетін ұзақмерзімді және қысқамерзімді салдарларды есепке алыңыз. Интернет бізге ертеңгі күн туралы ойлауды үйретеді. Өзі жайлы бірнеше жыл бұрын жарияланған интернеттегі жағымсыз мәліметті тапқан адамның өткен кездегі емес, қазіргі кездегі жағдайын ойлауымыз керек.

Біз студенттік журналистиканы жай тәжірибе ретінде қабылдасақ та, студенттер жариялаған мақалалар кәдімгі кәсіби журналистердің жариялағаны секілді тарайтынын ұмытпаңыз.

Жарияламақ болған оқиғаңыздың болашақта қандай ұзақмерзімді салдары болуы мүмкін? Жарияламай тұрып оларды мәлімет беруші адаммен талқылау керек пе? Оған құпиялықты уәде етесіз бе?

«Құпиялық этикасы – азаматтық этика» деген Кристиан: «Кез келген адаммен тек кейіпкер ретінде емес, адам ретінде сөйлес», – дейді.

Соңы: Көп сұраныс, жаңа стандарттар

TommiMedia.com сайты ашылғаннан кейін редакторларға жоғарыдағыдай тағы да екі хат түсті. Екеуі де бір кездегі жарияланған мақаланы алып тастауды өтінген. Сайттың басшылығы мен тілшілер осы мәселені бірге талқылайтын болды.

The Aquin газетіне қарағанда TommiMedia.com мәселені күрделі деп қарады. TommiMedia.com басшылығы бес меңгерушіден және бір басшыдан тұрады. Олардан бөлек бас редактор мен үш редактор жұмыс істейді. Мәселенің шешімін табуда басшының көп болуы ұзақ уақыт ойластыруға себеп болды.

TommiMedia.com басшылығы ақылдасу барысында The Aquin газетінде болған оқиғаны мысал ретінде қолданды. Өйткені бұл оқиға мәлімет берген

адамның өкініші мен студент журналистердің арасындағы этикалық дилеманы көрсететін. Келлидің өтінішіне сол кездегі редактор мен журналистер жанашырлықпен қарап, өтінішті дереу орындаса, қазіргі редакцияда мұны кәсіби мәселе деп қарастырды. Олар SPJ этикалық кодексінде (www.spj.org/ethicscode.asp) «зиянды азайту» қағидасын білсе де, Келли әлгі газетке өз еркімен пікір білдіргенін алға тартты.

Келлидің бұл жағдайда дереккөз болғаны «сәтсіз тәжірибе» деп қана сипатталды. «Мақалада атының аталуынан кейін оны қайта өзгерту журналистердің міндеті емес», – деді Майкл.

TommiMedia.com бастығы Кэти Бродуэлл адамдардың мәліметтерді бергеннен кейін оған өкінуі журналистердің проблемасы емес деген көзқараста еді. Бірақ Келлидің орнына өзін елестеткенде, ол да бұл жағдайдан ұялатынын түсінді.

■ ■ ■ ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Жарияламау туралы өтініш түскен кезде не істеу керек?

Торонто Стардың редакторы Кэти Инглиш 2009 жылы Америка және Канада мемлекеттерінде 110-нан астам газет редакторы арасында сараптама жүргізді. Ол кейіпкер немесе дереккөз мақаладан өз атын алып тастау туралы өтініш айтқан кезде, ол өтінішті орындау туралы ақпарат құралдары қызметкерлерінің қандай пікірде екенін білгісі келді. Таңғаларлығы, қатысушылардың 78 пайызы мұндай өтінішті орындау керек деген пікірде болды¹.

Редакторлардың жарияламау керек дегенге ең үлкен себеп ретінде алға тартқаны – «әділетсіздік» және «дәлсіздік».

Инглиш өзінің зерттеуін Редакторлар қауымдастығына «Жаңалықтардың ұзын құйрығы» деген атаумен берді. Оның мағынасы – тіпті кішігірім жазбаның өзі іздеу жүйесіне кірсе, көпшілік үшін ашық болады дегенге саяды.

Зерттеуге қатысқан газеттердің жартысы жарияламау туралы өтінішке қалай жауап беру керектігі туралы ортақ қағида болмағандықтан, мынадай мәселелерді анықтап, оның шешу жолдарын іздестірді:

1. Веб-сайттан мақаланы алып тастау өтінішін түсіну үшін өзіңіздің дүниетанымыңызға байланысты әділдік пен жанашырлық секілді адамгершілік қағидаларына сүйеніңіз. Адамдардың кез келген уақытта бастапқы ойларынан айнуға құқылы екенін де ескеріңіз;
2. Осы мақаланы болашақта интернет беттерінен табуға болады, оның адамға тигізер зияны қандай? Сонымен қатар журналистік ашықтық немесе оқырмандармен шыншыл болу секілді қағидаларды да ескеріңіз;
3. Жарияланған мақаланың нақтылығын сақтап қалу үшін және оларды онлайн жаңартуда қолданылатын шараларды анықтап алыңыз;

1 Kathy English, The Long Tail of News: To Publish or Not to Publish (APME Online Journalism Credibility Project, 2009): http://www.apme.com/resource/resmgr/online_journalism_credibility/questions_for_your_newsroom.pdf

- | | |
|---|---|
| <p>4. Оқырмандардың пікірлерін және тағы басқа да мәліметтерді өшіріп тастау туралы өтініш түссе, не істейсіз?</p> <p>5. Өтінішті орындауда белгілі бір шешім қабылдап, кейін өзіңіздің де сол ойды өзгертіп, «керісінше істеуім керек еді» деп өкінуіңіз мүмкін екенін де ескеріңіз;</p> <p>6. Сіздің осы тұрғыдағы ұстанымдарыңызды өтініш жасап отырған адамдарыңызға түсіндіріңіз;</p> <p>7. Интернеттегі мәліметті жариялау немесе алып тастау туралы шешімді кімнің</p> | <p>қабылдайтынын белгілеңіз. Барлық жауапкершілік тек бір адамның мойнында болмауы керек;</p> <p>8. Ең маңыздысы, редакция ретінде мәліметті кімнен алатыныңызды және интернетке нені жария ететініңізді анықтап алуыңыз керек, өйткені ол мәліметтерді дүниежүзіндегі кез келген адам көре алады²;</p> <p>9. Толық жазбаны мына парақшадан оқыңыз: www.arpme.com/?page=Unpublishing</p> |
|---|---|

2 сонда

«Мен де ақпарат құралдарының назарында болудан қашқақтар едім» деген Кэти: «Бірақ бір жағынан ондай оқиға үшін ешкімді кінәлауға болмайды, кінәлі өзім болар едім. Әркім өз ісіне жауап беруі керек. Өйткені бар ақпаратты жариялау да, оны жасырып қалу да журналистің шешімімен ғана жүзеге асады», — дейді.

Оған қоса, басылым редакторы Майлс Трамп былай деді: «TommiMedia.com сайтынан ең алғаш мақаланы көру үшін бес секунд уақыт кетеді. Ал The Aquin сайтынан қанша уақытта табу мүмкін екенін білмеймін».

Дискуссия барысында TommiMedia.com сайтының басшылары «жарияламау» туралы тағы екі өтініш түскенін жеткізді. Соңғы екі өтініш The Aquin газетіндегі мас болу оқиғасынан басқашалау еді. Үшеуін қоса отырып команда бірнеше қорытындыға тоқтады.

Белгілі себептерге байланысты жариялаудан бас тарту. Мақаладан өз атын алып тастау өтінішін қарастырған кезде журналистер жағдайға қарай ыңғайлана отырып, мұндай жағдайда не істеу керектігі туралы қағидаларды да естен шығармауы керек.

Бұл туралы TommieMedia.com бас меңгерушісі Крис Бантон: «Мен Этикалық кодекске ереже ретінде қарамаймын. Мұндай жағдайларда қандай қағидаларды қолдануымыз қажет? Этикалық ұстаным деген қалай болады? Соңында нақты шешімге келсең жақсы. Ал келмесең ше?»

Ақырында TommieMedia.com бірінші жылы келіп түскен әлгі екі өтінішті де орындады. Бантонның айтуынша, бір оқиғаға байланысты шешімді оңай қабылдаған. Өйткені онда плагиат болған. TommieMedia.com газетіне жазып жүрген студент басқа сайттағы мәліметті өз жазбасында сілтемесіз қолданған.

«Ақпарат құралы ретінде біз басқа адамдардың жазбаларын ұрламаймыз, — деді Бантон. — Осы орайда жазбаны алып тастауға кейіпкердің өтініші емес, мақаланың ұрланғаны әсер еткен».

Екінші оқиға қайырымдылық шарасына байланысты еді. Ол жайлы мәлімет берген де — бір ғана адам, PR бөлімінің қызметкері, Ст. Томас университетінің түлегі еді. Оқиға жарияланғаннан кейін мәлімет берген адамның жұмыс орны хабарласып, мақаладағы мәліметтің қате екенін айтты. Алайда жұмыс орнының шынайы ниеті патенттік мәліметтердің қолданылғаны үшін бұдан да күрделі болып көрінді.

TommyMedia.comның сол кездегі бастығы болған Шейн Китцман өтінішті естігенінде төбесінен жай түскендей күй кешкенін айтты. «Барлық оқиға өтірік болғаны ма? Бұл жерде кім кінәлі?» деп ойладым. «Мақаланы алып таста» деп жатқан мекеменің аргументтері қарапайым және эмоциялы болды», — дейді Китцман.

«Мен дұрыс істемедім, бұл мәліметтерді TommyMedia.com сайтына бермеуім керек еді. Егер редакция мақаланы өшірмесе мен жұмыстан шығарылатын едім», — дейді сұхбат берген PR қызметкері.

Мәлімет берген адамның осындай жағдайға ұшырауына өзі кінәлі болғанын түсінгенімен, Китцман және Бантон: «Біріншіден, бір ғана адамнан мәлімет алып жазылған мақаланы жариялауымыз ақымақтық болды», — деп мақаланы өшіріп тастады.

Мақала жарияламас бұрын бәрінің дұрыс екеніне көз жеткізіңіз. Мақаладан әлдебір есімдер мен деректерді алып тастау туралы шешім қабылдау үшін кеңес барысында қазіргі «сандық (digital) журналистиканың» әлеуетін ескеріңіз. Репортер ішімдікке байланысты оқиға бойынша Келлиден сұхбат алғанда, ертең оның аты Google-да шығып, ішімдікке қатысты мақаланың ішінде тұратынын ескертуі керек еді. Ал Келлидің өтініш хатында ол болған оқиғаға емес, оны репортермен бөліскеніне өкініш білдіретіні көрініп тұрды.

TommyMedia.com одан кейін 2010 жылы қазан айында алкогольге қатысты бірнеше мақала жариялаған болатын. Ол кезде студенттер де, профессорлар да TommyMedia.com сайтының дүниежүзіндегі кез келген адамға қолжетімді онлайн-газет екенін білетін.

Осы жаңалықтарда аз ғана студенттің пікірі қолданылса да, репортерлер сұхбат кезінде айтылған нәрселердің қай жерде жария болатындығын айтып отыру керек екенін сезді. TommyMedia.com сайтының тапсырмалар редакторы Тереза Маллоудың айтуынша, кейінгі сұхбаттарда жоғарыдағыдай келеңсіздік қайталанбауы үшін тілшілер барлық адамға ескертіп отырған.

Канада Журналистер қауымдастығы Этикалық кеңес беру комитетінің жетекшісі Кэти Инглиш журналистердің мәлімет беріп жатқан адамдарға айтқан сөздерінің алдымен интернетте жарияланатынын және оның ақыры қалай болуы мүмкін екенін жақсылап түсіндіруі қажет екенін айтады. Комитеттің кеңестерінде мынадай қағидалар бар⁴:

Мақаладан атын алып тастау немесе жарияламау туралы өтініш айтқан адамдардың көбі берген мәліметтерінің онлайн жарияланғанын, Google және басқа іздеу жүйелерінде шығатынын көріп таңғалады. Баспада және ақпарат құралдарында қызмет ететін журналистер мәлімет берген адамдарға айтқандарының кез келген жерге жариялануы мүмкін екенін және қандай нәтижеге алып келетінін түсіндіруі керек.

Алайда көп журналист қиынырақ жолды таңдайды. Олар мәлімет беруші адамдардың интернет дәуірінде не айтқанын және айтқан нәрселерінің

FIGURE 18.3 TommieMedia сайтындағы маскүнемдік туралы мақаланың скриншоты



ДЕРЕККӨЗ: Theresa Malloy, TommieMedia, Ст. Томас университеті, Коммуникация және журналистика департаменті келісімімен басылды

4 Kathy English, Tim Currie, and Rod Link, The Ethics of Unpublishing: A Panel Report, Canadian Association of Journalists, Ethics Advisory Committee (Oct. 27, 2010): http://www.j-source.ca/english_new/detail.php?id=5845.

жариялануы нені білдіретінін біледі деп ойлайды. Бродуэлл: «Олар мұның онлайн екендігін, жарияланатынын және жанына олардың есімдері жазылатынын біледі», – деді. «Олар тіпті осыларды түсінбесе, біз неге оларға «айтқандарыңыз екі жылдан кейін жұмысқа тұратын кезде интернеттегі іздеу жүйелерінен табылуы мүмкін» деп ескертіп отыруымыз керек» деп өз наразылығын білдірді.

Интернеттегі ерекшеліктерді ескеру керек. Инглиш зерттеуді жасаған редакторлардың кей кездерде өздері де осындай жағдайларға ұшыраса не істейтінін айтып кетті. Мысалы, веб-сайт айыппұлдан босатылған адам жайлы оқиға жазатын болса, төменде оның алдында айыппұл жайында жазылған мақалаларға сілтемелерді қоюы тиіс. Осылай жасаса, адамдар іздеу жүйесі арқылы айыппұлдан босатылғанын ғана емес, айыппұлдың көлемін де біле алатын болады.

Брэд Дэннисон Инглишке GateHouse атты ақпарат құралының ағылшынның Жаңа клубында «Күнің батуы» атты жоба бастағандарын айтты. Белгіленген тәртіп пен шектеулер жайлы жазбалар жарияланған күннен алты айдан кейін, онлайн архивтен жойылады. Бірақ іздеу жүйелерінде кэш бар болғандықтан, жазбалар интернеттен толығымен жоқ болып кетпейді.

«Дүкенде ұрлық жасаған адамның оқиғасы интернетте қанша уақыт тұруы керек?», «Менің моральдық «барометрім» бұл нәрсені әділетсіздік деп санайды. Мұндай нәрселердің оқырман үшін ешқандай да пайдасы жоқ»⁵ деп жауап береді мұндай сұрақтарға Инглиш.

Жаңа технологиялар осындай жағдайлардан жеңіл өтіп кетеді. «Сандық (digital) әлемде» журналистер ойларын әрдайым жаңартып тұруы қажет. Олар оқиғаны өзгере алатын, жалғасы бар мәлімет ретінде, оқырманға толық суретті баяндап бере алатын дәрежеге жету үшін жаңартылуды талап ететін құрал ретінде қарастырғаны абзал.

Студенттердің әрқайсысы әртүрлі екенін түсіну керек. TommieMedia.com газетіне ең көп мәлімет беретін және оны ең көп оқитын да – сол студенттердің өздері. Профессорлар мен басшылық студент журналистерден кәсіби маман ретінде жұмыс істеуді талап етеді. Бірақ бұл студент журналистер мен студент оқырмандар арасындағы қатынас кәсіби журналистер мен мәлімет беруші дереккөздер арасындағы қарым-қатынастай болуы керек дегенді білдіре ме? TomieMedia.com-ның қызметкерлерінің көзқарастары осы сауалға келгенде ортақ шешімге тоқтаған жоқ.

5 English, The Long Tail of News, 18

«Біз кәсіби маман болуға тырысып жүрміз ғой, сондықтан студент журналистер де оқырман журналистерге кәсіби тұрғыдан қарауы керек, — деді Кэти Бродуэлл. — Иә, олар да, біз де — студентпіз. Бірақ біздің ең басты мақсатымыз — кәсіби журналистиканы үйренгіміз келсе, біз оларға студент пен студент емес, маман мен студент ретінде қарауымыз керек».

Теориялық тұрғыда бұл дұрыс, бірақ Майлс Трамп айтқандай, тәжірибеде әрдайым дұрыс болып шықпайды. «Біз мәлімет берушімен кәсіби маман сияқты сөйлесеміз, ал шын мәнінде, біз тек қана студент пен студент ретінде сұхбаттасамыз», — деді Трамп. Трамп TommieMedia.com-да 2010 жылы спорт жаңалықтарының редакторы болып қызмет еткен. «Сұхбаттасқан кейбір спортшы адамдарды шын өмірде жақсы дос ретінде танитынмын», — дейді ол.

Жаңа дәуірдегі журналистика сезімтал болуды талап етеді. Егер сіз кезінде кампуста ішімдік ішіп ұсталған болсаңыз, қазір өте діндар адам болуыңыз әбден мүмкін. Сондықтан бір кездегі жарияланған мақалада сіздің атыңыздың тұрғаны орынды ма, әлде болған істі халық бәрібір білуі керек пе? Сіз оны бәрібір өшіру керек деп шешкеніңізбен, жариялаған редакция өшірмейміз десе ше?

Ой елегінен өткізсек:

1. SPJ этикалық кодексінде жазылған ең маңызды төрт принциптің бірі — зиянды азайту. Келлидің сұрауы бойынша ішімдік туралы мақаланы өшіріп тастайтын ба едіңіз, әлде APME сараптамасы көрсеткен нәтижелерімен, яғни мәлімет берушінің өкініші оқиғаны өшіріп тастауға себеп бола алмайтынымен келісесіз бе? Кәсіби және студенттік бұқаралық ақпараттар құралдары бұл жағдайға әртүрлі көзқараста болғаны дұрыс па?
2. Мақаланы жарияламау немесе деректерді алып тастауды өтінген жағдай өз өміріңізде кездесті ме? Бәлкім, өзіңіз өтініш жасап көрген шығарсыз? Сізге қатысты студенттік ақпарат құралдарының осындай өтініштерге қалай жауап беру керектігін түсіндіретін заңы бар ма? Ол тәртіп студент журналистерге және оқырмандарға қалай жария етіледі?
3. Жаңалықтардың «ұзын құйрығы» деген жазбаның авторы Кэти Инглиш мақалаларды интернеттен өшіруді сұрап жазатын адамдарға жауап беру үшін журналистерге мынадай скрипт ұсынады:

«Бізге жазғаныңыз үшін (қоңырау шалғаныңыз үшін) көп рақмет! Біз веб-сайтымыздан жарияланған мақалаларды өшіріп тастауды қарастырмай-

мыз. Ал мақалада қателер болса, біз оларды түзетіп, оқырмандарға ескерту жасаймыз. Егер жаңадан мәліметтер пайда болса, мақаламызды жаңартып немесе оның жалғасын басқа мақала ретінде жазып шығарамыз. Газетке шыққан оқиғалар секілді, онлайн жарияланған мақалаларымыз да — біздің оқырмандарымызға ұсынатын қызметіміз. Жарияланған мақаланы үнсіз өшіре салу «ашықтық» саясатына қайшы, оқырмандардың сенімінің азаюына және тарихтың жойылып кетуіне алып келеді. Бұлай істеу сенімді ақпарат құралына лайық емес және этикалық журналистикаға қайшы».

4. Көптеген газет сайттары газеттегі мақалалар негізінде қалыптасады, сондай-ақ оқиғаның бастапқы кезеңі жарияланғаннан кейін, оның жалғасы міндетті түрде назарда болады. Оқырмандардың толық ақпаратты алғанын қалай білуге болады? Веб-сайттарда мақалалардың тұрақты түрде жарияланып әрі арадағы үзілістің ұзап кетпеуі үшін қандай тәсіл қолдануға болады? Олар веб-сайттан мүлде жоғалып кетуі керек пе? Олардың сайт мұрағаттарында сақталу мерзімі шектелуі тиіс пе?

Егер...

Университетіңіздің жаңалықтар сайтына қылмыс жайлы мақала жазып көріңіз. Тәртіп сақшылары туралы мәліметтер арасынан мынадай ақпаратты көріп қалдыңыз делік.

«Полиция офицерлері Wingnut Hall-дан келген қоңырауға жауап берді. Джо Смит есімді студент кампуста мас болып, тәртіп сақшыларының қолына түсіпті».

Осы жазбаны сайтқа жариялайсыз ба? Егер сайт онсыз да күнделікті осындай ақпараттарды жариялап отырса ше? Тәртіп сақшыларына қатысты ақпараттар қандай мақсатпен жазылады? Бұқаралық ақпарат құралдары осындай мәліметтердің дұрыс қолдануын қадағалау үшін қандай шаралар атқаруы керек?

Кейбір сайттарда, әсіресе заң мен тәртіп туралы жазатын сайттарда айыпталған, не болмаса қамауға алынған, бірақ сотталмаған адамдар туралы жазбалар бар. Сіз оларды өз сайтыңызға жариялайтын ба едіңіз? Не себепті?

Мерзімді басылымға қарағанда, сайттардан мәлімет іздеу оңай. Егер сіздің университетіңізде бірнеше адамның есімі Джо Смит болса, жазбадағы Джо Смитті қалай тауып алар едіңіз? Оның кім екенін табу Этикалық кодексте жазылған ба, әлде жай ғана «Джо Смит» деп жазып, бұл оқиғаны оқырмандарға өздері қорытынды шығарсын деп қалдырған дұрыс па?

Кэти Инглиштің зерттеуіне қарасақ, көп адамның шағым жасайтын себебі — көптеген қылмыстық оқиғада ақпарат құралдары қылмыстың болғанын айтып, бірақ оның соңында соттың қандай шешім қабылдағанын айтпайды. Студенттік ақпарат құралдарының бастығы болғаныңызда қылмысқа күдікті адамдардың есімін толық берер ме едіңіз? Өйткені бүгін ол айыпты деп танылса, ертең ақталып шығуы мүмкін ғой. Қабылданған шаралар немесе айыппұл жайлы мәліметті оқиғаның жалғасы ретінде жариялар ма едіңіз?

Джо Смитты полиция мекемесінің сайтында немесе сіздің жаңалықтарыңызда көрген Клиффорд Кристиан не дер еді? Кристиан бізге тек кәсіби маман ретінде ғана емес, жалпы моральдық түсініктерді есепке алып жұмыс істеуге кеңес береді. Оның кеңестері бойынша жұмыс істейтін ақпарат құралдарының саясатын сынап көр.

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Кэти Инглиш және Канада журналистері қауымдастығының деректерді алып тастау немесе жарияламау өтініші кезінде қалай жұмыс істеу керектігін және олардың алдын алу жолдарын түсіндіретін жазба:
http://www.j-source.ca/english_new/detail.php?id=5845

Дуг Фишер Common Sense Journalism деген блогінде осындай өтініштерге байланысты әртүрлі зерттеулер мен мақалалардың қорытындыларын жинап жазған:
<http://commonsensej.blogspot.com/2010/01/unpublishing-growingchallenge-for.html>

The Washington Post секілді көптеген газеттер де осы мәселеге көңіл аударған:
<http://www.washingtonpost.com/wp-dyn/content/article/2010/08/06/AR2010080604341.html>

Осы тақырыпқа байланысты Пойнтер институтының БАҚ оқу бөлімі тегін вебинар жүргізеді:
<http://www.newsu.org/unpublishing-online-content-credibility>

IV ТАРАУ

БАЛАНС

19. Жапа шегушінің досы
20. Этикалық нормалардың қақтығысы
21. Сіз маған не жібергенсіз?
22. Жарнама берушінің қысымы: мектептегі түскі ас оқиғасы
23. Журналистік шешім көпшіліктің қалауына қайшы келсе
24. Лауазымды тұлғалардың блогтегі пікірін қалай пайдаланған жөн?
25. Жазылды ма, жазылған жоқ па?
26. Үні естілмейтіндердің даусын жеткізу
27. Жалғыз ойын — жақсы ұсыныс

Жапа шегушінің досы

Қайтыс болған студент туралы оқиға

Луис А. Бойнтон

Адам Рью

Н аурыз айының бір күні университет кампусында студенттер ұйымы президентінің мәйіті табылды. Оны әлдебіреулер атып кеткен екен. Көзді ашып-жұмғанша оқиға орнына медиа өкілдері мен сол жерде тұратын студенттер жиналып қалды.

Мұндай жаңалықтарды тарату журналистерге ауыр тиетіні анық. Жаңалықты қаза тапқан адамның таныс-тамырларына жеткізудің ауырлығы — өз алдына, ақпараттағы деректердің нақты болуын қадағалаудың да жауапкершілігі ерен. Студенттер газетіне осы оқиғаны жазуы тиіс болған студент-тілші қайтыс болған қыздың жақын досы еді.

Оқиға: Студенттік ұйым президентінің мәйіті табылды

2008 жылдың көктем мезгілі еді. Чапел Хиллдағы Солтүстік Каролина университетінің студенттері емтиханға дайындалып жүрген. Бір күні кампус маңайынан бір қыздың мәйіті табылғаны туралы жаңалық тарап

кетті. Қаза тапқан кісінің кім екенін полиция әлі анықтай алмай жатыр еді. Арада бір күн өткенде ғана қаза тапқан адам студенттер ұйымының президенті, 22 жастағы Ив Карсон екені анықталды. Студент ұйымы басшысының дәл бұлай қастандыққа ұшырауы барша студентті таңғалдырды.

WHSL атты радиостанса репортері, журналистика факультетінің студенті Адам Рьюға университет газетінің басшылығы осы оқиға туралы жазуды тапсырды.

Адам Ивті бұрыннан жақсы танытын. Адам студенттер ұйымы туралы мақала жазған кезде осы Ивтен сұхбат алып, екеуі одан кейін жақсы араласып кеткен. Ол Карсонның қазасының себебін тереңнен зерттеу керектігін жақсы түсінді. Бірақ репортер ретінде тек ақпарат дайындап беруі тиіс жайында еді.

Қазаның себебін, кім өлтіргенін Ивтің досы ретінде қатты білгісі келгенімен, журналист ретінде ол тек оқиғаның бергі жағын ғана жазып беруі керек. Осы екі пікір жас журналистің ойында арпалысып жатты.

Рью Carolina Week атты студенттер телеарнасында студенттер ұйымы және қайтыс болған Ив туралы айтатын болды.

«Ұйым президентімен достығым қалыпты нәрсе. Ал оның қазасы туралы тапсырма алғанда досы ретінде емес, репортер ретінде жұмыс істегенім ақылға қонымды. Кім болса да солай істер еді?» – деді Рью.

Тығырық: Эмоцияны тізгіндеу

Досының қазасы ауыр тиген Рьюдің ойы бөлініп, мақала жазуға қаламы жүрмей қойды. Дегенмен тапсырманың аты – тапсырма. Қайткенде де бейтарап және ешқандай эмоция қоспай жазып беруі керек. «Мен, ең алдымен, ішкі эмоциямды жиып қойып, журналист ретінде жұмыс істей бастадым», – дейді Рью. Оның айтуынша, кейбір адамдарға журналистердің көңіл күйіне ерік бермей, робот секілді тек деректерге сүйене отырып мақала жазғаны керек. Ал кей оқырмандар жазылған мақалаларда эмоцияның болуын қалауы да мүмкін. «Менің ойымша, жақсы репортер эмоцияларын қай кезде қосып, қай кезде тек деректермен шектелу керектігін білгені жөн», – дейді Рью.

Рьюдің мақаласы Ивтің қазасы полицияның ресми мәлідемесіне сүйенін жазылған және бірінші жарияланған дүние болды. «Егер ақпарат қате болғанда, көпшілікті адастырар едік. Өйткені университет қабырғасында болған қылмысқа қатысты көпшілік біздің жазғанымызға көбірек сенеді. Біздің Рью өз міндетін мүлтіксіз атқарды», – дейді редакция басшылығы.

Рью мақаланың өзегіне полиция қызметкерінің мәлімдемесін негізге ала отырып, бірнеше қосымша деталь қосты. Ол ең сенімді деген деректі тәртіп сақшыларынан ғана алуға болатынын түсінді. Дегенмен полиция қызметкерінің аты аталмай, жасырын берілуі мақаланың сенімділігіне күмән келтіруі мүмкін еді. Рьюдің бұл жерде тәртіп сақшысының сөзіне оны растайтын бірқатар детальды қосқаны табылған ақыл болды.

Ақпарат құралдарының ұстанған саясаты — берілген ақпараттың нақтылығын оны жарияламас бұрын тексеруді талап етеді. Әсіресе бұл есімі аталмай, анонимді дереккөздерге қатысты.

«Мен полиция мәлімдемесінің растығына сенімді болдым. Сол мәлімдемеге сүйену — ең дұрыс жол деп шештім. Бірақ ол мәлімдеме қате болса, жауапкершілік маған жүктелер еді. Өйткені мәлімдемені айтқан адамның аты аталмайды. Егер біреуге сілтеме берсем, әңгіме — бөлек», — дейді Рью.

Тәртіп сақшылары қылмыстың анық-қанығын тексеріп, кінәлілерді іздеп жатқанда, бұл жаңалық тез тарап кетті. Кейде ең сенімді деген дереккөздердің өзінің қателесуі бек мүмкін. Мәселен, полицияның алғашқы мәлімдемесінде «Карсон үйінен зорлықпен шығарылған» делінсе, кейінгі мәлімдемеде оның өз еркімен сыртқа шығып, сол жерде өлтірілгені айтылған. Журналистер барынша молынан мәлімет алуға тырысты. Әйтсе де, олар берілген мәлімдеменің қаншалық рас екенін ойлап жатпаған еді.

«Бұл іске қатысты көптеген күмәнді жерлер болды», — дейді Рью.

«Мен әсіресе, ақиқатына көзі жетпесе де, ел аузындағы сөздерге сүйенін жазатын әріптестеріме таңғаламын. Журналист алдымен дерек пен өсектің аражігін ажыратуы керек», — дейді Рью.

Радиостанса мен газетте қатар істейтін Рью екі жақта да осы іс туралы баяндап, мәселені тереңірек түсіне бастады. Тереңдеген сайын мұнда шатастыратын қарама-қайшы мәліметтердің бар екенін көрді. Мәлімдеменің дұрыстығын тексеру үшін көп уақыт керек. Ал Рьюдің эфирге шығуына немесе мақаланы жазуына аз ғана уақыт берілген.

ШЕШІМ: «МЕН ӨЗ ПІКІРІМНЕН ҚАЙТПАДЫМ»

Рью полиция бөлімшесі мен университеттің басшылығы тарапынан оқиғаға қатысты мәлімдеме мен түрлі деректер жинаудан уақыты артылмаса да, университет ұйымдастырған Карсонды еске алу шарасына да қатысты. Бірнеше студент пен журналист, өзге де адамдардың қатысуымен өткен шараны Рью радиода тікелей эфирден беруі керек еді.

Қаралы жағдай туралы тікелей эфирден хабар тарату Рью үшін оңайға соқпады. Көпшіліктен сәл былай шығып, микрофонға сөйлей бастады.

Рьюдің өзі де көз жасына ерік берудің аз-ақ алдында тұр еді. Бір жағынан, досының қайғысы кеудесін сыздатып бара жатса, екінші жағынан, тыңдар-мандарға құрмет көрсетін, эмоциясына ие болуға тырысты.

Алайда көпшіліктің ішінде осы қаралы кештен хабар таратқан журналистердің әрекетіне қарсылық білдіргендер табылып, бірнешеуі тілшілерге тап берді. Ол журналистердің арасында Рью де бар.

Эфир кезінде Рьюге бір әйел келін: «Студенттердің мазасын алмай ары кетіңдер!» – деп ұрсып та тастады. Онымен қоймай, әлгі әйел тәртіп сақшыларына шағым түсіріп, журналистерді шығарып жіберуін сұрады. Дегенмен заң сөзсіз Рью жағында еді. Мұндай шараларға емін-еркін қатысуға журналистердің құқығы бар. Сонымен қатар Рью шараға келмеген халықтың да осы жерде не болғаны туралы ақпарат алу құқығы бар екенін ескеріп, эфирге шығу – менің журналистік парызым деп санады.

Көпшіліктің осы жерден хабар алуы оның бұл жерде өзгелерге кедергі келтіруінен маңызды деп түсінді. Сол үшін Рью өзін сенімді ұстады. «Егер мен өзімнің азаматтық және журналистік құқықтарымды білмегенде, шараны тастап кетер едім», – дейді Рью.

Бір кезде журналистер қаза тапқан қыздың таныстарынан пікір ала бастады. Осы кезде Рью «қайтыс болған Карсонның досы ретінде пікір білдіруім керек пе?» деген ойға келді. Егер пікір білдіру керек болса, онда Карсонның танысы ретінде ме, әлде журналист ретінде ме? Ақырында Рью CNN, Fox News бен CBS арналары тілшілеріне сұхбат берді. Сол кезде Рью бір мезгілде дереккөз ретінде де, репортер ретінде де жұмыс істеудің қиын екенін түсінді.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: У.Д. Росс пен Сиссела Боктің философиясы

Карсонның қаза тапқанына байланысты мақала жазып, радиодан сөйлей жүріп, Рью мына философиялық ойларды еске алды. Бірі – шотланд философы Уильям Д. Россстың адам міндеттері туралы пікірі болса, екіншісі – Сиссела Боктің этикасындағы эмпатия мен әлеуметтік сенім арасында тепе-теңдік сақтау мәселесі.

Рью қос міндет пен қос құндылықтың арасында қай жағын таңдарын білмей қалғандай болды. Ол қаза болған қыздың досы ретінде өзге журналистерге дереккөз болса, екінші жағынан, өзі де осы мәселе туралы мақала жазғаны

анық. Ол қоғамға өз сезімі мен өзгелердің сезімін де құрметтей отырып, ақпарат таратуға тиіс болды. Осы тұрғыда көпшіліктің бұл оқиға туралы алған ақпаратының басым көпшілігі – Рьюдің айтқандары мен жазғандары еді. Ол бұл жағдайдан шығу үшін I Россстың философиялық¹ идеяларына сүйену жөн деп шешті. Ол көптеген этикалық проблеманың бір сәтте орындалуы мүмкін емес бірнеше бәсекелес міндеттердің немесе маңызды элементтердің қатар келуінен туындайтынын айтады, яғни Росс «қызыметтік іс» деп баға берген мәселе екінші

1 William d. Ross, *The Right and the Good* (Indianapolis, IN: Hackett, 1988).

жағдайда тура сондай салмаққа ие бола алмайды.

Мәселен, Рью Карсонды еске алу шарасынан ақпарат таратқанда тек журналист ретінде сол жерде болып жатқан оқиғаны хабарлап, адамдардың пікірін жұртшылыққа жеткізуге міндетті. Өз эмоциясына берілудің немесе тым әсірелеуге жол берудің орынсыз екенін білді.

Бұл жағдайда ол журналист ретіндегі міндетін орындап шықты.

Рью өз міндеті мен құқығын біле жүріп, Бок² айтатын этикалық шешімдер қабылдау моделін пайдаланды. Алайда ол бұл модельді саналы түрде орындамағанымен, әлеуметтік сенім мен журналистік иммунитетті пайдаланды. Кәсіби журналистер қауымдастығының Этика кодексінде³ айтылғандай, журналистер «ақиқатқа жетіп, оны жариялау» міндеттерін орындады. Дей тұрғанмен әр жағдайда әрқилы әрекет етіп, жағдайға қарай бейімделуді де естен шығармауы тиіс.

Боктің бұл тұрғыдағы тәсілі үш кезеңнен тұрады: (1) Мәселені ақылға салу; (2) Сарапшылардың пікірін сұрап, мәселені әр қырынан көру; (3) Шама келгенше көпшіліктің пікірін ортаға салу. Рью бастапқыда осы оқиға туралы «жалпы жазу керек пе?» деген ойға келгенде, мәселені ақылға салды. **Бұл – Бок тұжырымдамасының бірінші тәсілі.** Рью бұл жерде оның журналистік ұстанымы мен қаза тапқан қызбен достығы қарама-қайшы келетінін бірден түсінді. Ол журналистік міндеті мен достыққа деген адалдығын таразылай отырып, шешім қабылдады.

Боктің тұжырымдамасындағы екінші кезең – сарапшылар мен осы саланы білетін адамдардың пікірлерін тыңдау. Рьюдің жағдайында бұл – оның жұмыс орнындағы редакторлары мен университеттің журналистика факультетінің профессорлары және телеарна тілшісі

болып бірнеше жыл қызмет еткен өз әкесі. Сарапшылардың барлығы Рьюге тілшінің өз эмоциясына қалай ие болуы керектігі жөнінде бірқатар құнды кеңес берді. Радио және телеарна жаңалықтары қауымдастығының Этика кодексінде жазылғандай⁴, Рью бұл жағдайда «ақиқатты үздіксіз іздеуі», «таратқан ақпараттарында аудиторияға құрмет пен өз абыройын сақтай отырып жұмыс істеуі», «өз ісі үшін аудитория мен жалпы көпшіліктің алдында есеп бере алатындай болуы» керек.

Рью өз жұмысында бірнеше нұсқаны қарастырды. Оқиғаға байланысты хабар тарату да тек репортер ғана емес, досы ретінде де жаңалық тарату керек деп ойлады. Дегенмен досы әрі әдеттегі тілші ретінде ақпарат тарату мақаланы барынша әсерлі және өзге ақпарат құралдарындағы жаңалықтардан ерекше етер еді. Теориялық тұрғыда бұл оңай көрінгенімен, іс жүзінде өте ауыр болып шықты.

Боктің тұжырымдамасындағы үшінші кезең – мүмкін болса, қоғамдық талқылау ұйымдастыру. Тіпті әлеуметтік желілер дәуірінде де қоғамдық талқылау ұйымдастыру өте қиын. Сонымен қатар әдетте журналистер қандай да бір материал дайындар кезде қарапайым көпшіліктің пікірін сұрауға міндетті емес дейді. Дегенмен Боктің пікірінше, оқиғаны ары қарай жетілдіру мен аша түсу үшін көпшіліктің пікірі өте қажет. Оқиғадағы пікірлер қайшылығы мен алуан түрлі ойлар мәселені тереңнен түсінуге көмектеспек. Ең бастысы, Рьюдің жағдайында көпшілік пікірінің қамтылуы қаза болған Карсонды қылмыстың құрбаны ретінде емес, жалпы адам ретінде көрсетер еді.

Жетекшілері мен ұстаздарының айтқанын ескере отырып, Рью материалды қалай жазып беруі керек екенін әбден түсінді.

2 Sissela Bok, *Lying: Moral Choice in Public and Private Life* (New York, NY: Random House, 1978).

3 Society of Professional Journalists Code of Ethics (1996), <http://www.spj.org/ethicscode.asp>.

4 Radio Television digital News association Code of Ethics and Professional Conduct (2000), http://www.rtdna.org/pages/media_items/code-of-ethicsand-professional-conduct48.php.

ШЕШІМ: ТІЗГІНДІ ТЕҢ ҰСТАУ

Рью Карсон қазасы туралы жазған кезде студент әрі тәжірибесіз фрилансер тілші еді. Еңбек жолының алғашқы кезіндегі осы оқиға туралы мақала – барлық жұмысының ішіндегі этикалық талаптарға мейлінше сай келгені болды. Осы еңбегі үшін Рьюдің көңіліне қуаныш сезімі ұялады. Дегенмен сол уақытқа қайта оралар болса, бүгінгі тәжірибеге сүйене отырып, кейбір ұсақ-түйекті басқаша істер еді.

Біріншіден, кейіннен туындаған кейбір қайшылықтарға қарамастан, Рьюдің жақын досының қазасын журналист ретінде зерттеуі дұрыс шешім болды. Ол журналист ретінде де, Карсонның досы ретінде де оқиғаға ой жүгіртіп, эмоцияға ие болудың маңызын түсінді. Дегенмен аптасына жеті күн, күніне жиырма төрт сағат жұмыс істейтін жаңалықтар қызметіндегі журналистердің жеке өмірі мен қызметін араластырмай ұстау мүмкін емес еді. Қазір ойлап отырса, осындай кезде де кәсіби журналист ретінде жұмыс істей алғаны – үлкен ерлік болған екен.

«Оқиға болғаннан кейінгі алғашқы кездегі эмоциялық қысымның азаюы ойымды жинақтауға мүмкіндік берер еді. Алайда қаралы хабардың әсері бәсеңдеп, мақаламды дайындап біткенше мен дамыл тауып отыра алмадым. Журналистер де өзге адамдар секілді ішкі эмоциясымен арпалысатынын ұмытпау керек», – дейді Рью.

Екіншіден, Рью шешім қабылдау кезінде журналистік қағидаларды берік ұстанудың маңызын түсінді. Мәселен, Карсонды еске алу шарасынан хабар таратқан кезде оны жақтырмаған көпшіліктің айтқанын істеп, шараны тастап кетпей, журналистік құқығын пайдалана отырып, сол жерде өзінің кәсіби міндеттерін орындап шықты. Сонымен қатар ол деректерді тексеріп, мәліметтің қай жерден алынғанын, оның қаншалықты сенімді екенін анықтаудың да маңызды екенін білді. Кей жерде дереккөздерін нақтыламай бірер мәліметті кіргізіп жіберсе де, ол деректерге өзі сенімді болды және ақпарат алудың басқа көзі болмады.

Үшіншіден, Рью журналистика саласының өмір бойы ізденіс екенін жақсы білді. Қазіргі жағдайда әбден ойланып, қабылданған дұрыс шешімнің өзі келешектегі екінші бір оқиға үшін жарамсыз болып қалуы мүмкін. Мәселен, өзге ақпарат құралдарына қаза тапқан қыздың досы ретінде сұхбат бергенде кез келгеніне келісе бермей, таңдап сұхбат беруім керек еді деп ойлады. Журналистердің университеттегі қауіпсіздік туралы пікір білдіруін сұрағанда, Рью оларға: «Менің пікірімнің ешқандай да әсері жоқ. Біздің ойымызбен ешкім санаспайды», – деген. Алайда телеарна продюсерлері сонда да Рьюдің пікірін білуге құмартты.

Өзге арналардың журналистеріне пікір беруі оның журналистік қызметіне қатер төндіргенімен, бәрібір әріптестеріне дереккөз ретінде мәлімет бергеніне өкінді. «Ұлттық арналардың тілшілеріне, бір жағынан – журналист, екінші жағынан, Карсонның досы ретінде пікір білдіргенім дұрыс болмады», – деген Рью телеарналарға шығу керек болса, тек осы оқиғаны жеткізетін репортер ретінде ғана көрінуі керек еді, ал қаза тапқан қыздың досы ретінде пікір білдіргені дұрыс болмады. Бұл – аталған оқиғадан кейінгі Рьюдің ойлары еді.

Алайда тілшілерге көмекші дереккөз ретінде пікір білдіруі оған бұл оқиғаның қаншалықты ауыр екенін ұқтыра түсті. Рью өз еңбек жолында кейін де этикалық таңдаулармен бірнеше рет бетпе-бет келді. Сондай кездері студенттік шақтағы осы оқиғада жинаған тәжірибесіне сүйене отырып, барынша этикалық дұрыс шешімдер қабылдауға тырысты.

Ив Карсонның қазасынан бір аптадан кейін тәртіп сақшылары банкоматтағы камераның көмегімен бір күдіктіні қамауға алды. Күдікті 21 жастағы Дарем атты азамат еді. Бірақ Дарем жалғыз болмаған. Оның қасындағы 17 жастағы сыбайласы да «айыпты» деп танылып, екеуі өмір бойы бас бостандығынан айырылды. Ал Солтүстік Каролина университеті Ивтің қазасынан кейін Ив Карсон атындағы стипендия тағайындады.

Ой елегінен өткізсек:

1. Телеарна жаңалықтар мен ток-шоуларға кейде журналистерді белгілі бір тақырыпқа сарапшы ретінде шақырады. Соның ішінде сыртқы саясат, денсаулық сақтау саласы мен қылмысқа маманданған журналистер осы саланың сарапшысы ретінде пікір білдіріп жатады. Осы туралы сіздің ойыңыз қандай? Өзіңіз жазып жүрген мәселеге қатысты «пікір білдіріңіз» деп басқа ақпарат құралдары қонаққа шақырса, барар ма едіңіз? Өзіңіз ғана жазғыңыз келген мәселені басқа ақпарат құралдарымен бөлісер ме едіңіз? Бұл сіздің журналистік қызметіңіз тұрғысынан алғанда қаншалықты дұрыс?
2. Әлдебір ақпарат құралында жұмыс істейтін журналистің жеке өз блогінің болғаны қаншалықты орынды? Егер онда тұрған ештеңе жоқ болса, қандай да бір қағидалар немесе шектеулер қойылуы керек пе? Сонымен қатар белгілі бір тақырыпқа қатысты тілші өз блогіне басқаша, жұмыс істейтін ақпарат құралына басқаша жазуына бола ма? Егер қос мақала бір-біріне сілтеме берсе, бұл қаншалықты дұрыс және де бір журналистің өзге бір журналистің блогіне қонақ ретінде мақала жазуы қаншалықты орынды?

3. Сіздің ойыңызша, жедел ақпараттардың табиғаты мен сенімді дереккөздердің мәліметі ақпаратты өзгерте алатынын түсіне ме? Әлеуметтік желілер арқылы сенімді-сенімсіз дереккөздердің жазуымен минут сайын шығып отыратын онлайн жаңалықтардың заманында кәсіби журналистиканың маңызы қандай? Қарапайым халық кәсіби журналистердің таратқан ақпараты мен әдеттегі адамдардың жазған жазбаларының айырмашылықтарын біле ала ма? Кәсіби журналист ретінде сіз жаңалықтар табиғаты мен ақпараттың сенімділігін қалай түсіндірер едіңіз?
4. Сіздің ойыңызша, журналистикадағы объективтілік мүмкін нәрсе ме? Жалпы, объективтілік керек пе? Объективтіліктің негізгі белгілері қандай? Журналист әрқашан бейтарап және тәуелсіз бола ала ма? Болған оқиғаның әсері журналистің көңіл күйіне әсер етпеуі мүмкін бе? Тепе-теңдік сақтап жазылған мақаланың аудиторияға әсері қандай? Егер сіз объективтілік мүмкін нәрсе емес десеңіз, тепе-теңдік сақтау үшін қандай балама жолдар ұсынар едіңіз?

Егер...

Көп жағдайда, әсіресе қылмысқа, төтенше жағдайлар мен табиғи апаттарға байланысты ақпараттар тез ескіріп, қаптаған ақпараттың ішінде қайсысы дұрыс екенін оқырмандар анықтай алмай жатады. Ал интернеттің дамуымен азаматтық журналистиканың ықпалы, сонымен қатар әлеуметтік жазбадағы сансыз жазбалар мен әңгімелер жағдайды одан сайын күрделендіріп жібереді. Осындай жағдайларда ресми дереккөздер мәлімдеме жасаудан бас тартса, журналист ақиқатты қайдан алуы керек?

Ив Карсонның қазасы туралы жазу сізге жүктелген болса, әлдебір студент сізге Ивке шабуыл жасаған адамның бірін Ив жақсы танығанын айтса, сіз сол ақпаратты мақаланың ішіне кіргізер ме едіңіз? Ал бұл ақпаратты айтқан адам кампусқа қарайтын полиция қызметкері болса ше? Мәселені одан да күрделендіріп көрейік. Осы ақпаратты қаланың әр шетіндегі біріне-бірі қатысы жоқ он адам Twitter-де жазса ше? Ал сіз осы туралы полиция бөлімшесінен сұрағанда, олар бұл ақпараттың жалған екенін айтса? Ал егер сіз осы ақпаратты өзіңіз сенетін бір адамнан естісеңіз, бірақ құзыретті мекемелер оны растамаса, қайтесіз? Егер әлгі қылмыскерлер өз аттарының ақпарат құралдарында көрсетілмеуін қаласа ше? Біреуге сөз берместен бұрын, алдымен не нәрсеге көз жеткізуіңіз керек?

Қандай да бір мәліметті растамай тұрып, алдымен Этика кодексінің мына қағидасын еске алыңыз¹:

1 сонда

«Әрқашан дереккөздің кім екенін анықтаңыз. Аноним дереккөздер тек қана көпшілік үшін бұрыннан белгілі мәселелерді растау үшін, не болмаса, сол мәлімдемесі үшін дереккөзге қандай да бір қауіп төнуі мүмкін жағдайда ғана рұқсат етіледі. Журналистер дереккөздің қауіпсіздігін сақтау үшін барлық міндеттерді орындауы керек».

Тағы бір оқиғаны қарастырып көрейік: визуалды әсер — телеарна жұмысының негізгі құралы. Полиция қызметкерлерінің Карсонның денесін ашқан кезі таспаға жазылып, көпшілікке қолжетімді болу үшін ғаламторға салынды. Бейнеде қыздың жарақатының қалай түскені де көрсетілген. Сіз осы бейнетаспаны ақпарат құралына шығарар ма едіңіз? Ақпарат құралдары осындай қорқынышты бейнетаспаларды көпшілікке жариялауы керек пе? Ал Карсонның мәйітін әлдебір өткінші адам, кездейсоқ біреу түсіріп алып сізге жіберсе, ол суретті өзіңіз істейтін ақпарат құралына жариялар ма едіңіз? Ал егер суретті кәсіби фототілші түсірген болса ше?

АҚШ Ұлттық фототілшілер қауымдастығы мұндай жағдайда мынадай кеңес береді: «Кез келген нәрсеге құрметпен қараңыз. Жәбірленушілер мен әлеуметтік әлсіз топ өкілдеріне қамқорлықпен қарап, олардың мүдделерінің аяққа тапталмауына мән беріңіз. Көпшіліктің осы ақпаратқа деген мұқтаж-дығы болған кезде ғана сондай мәліметтерді жариялаңыз».

Сонымен қатар жаңалықтар қызметінің журналистері үшін қай ақпаратты жариялауға міндетті, қай ақпаратты жариялауға мұқтаждықтың жоқ екенін ажырата біліңіз.

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

2008 жылдың 6 наурыз күні WRAL-TV арнасында жарияланған Vigils for Slain UNC Student Body President Draw Thousands атты материал:
<http://www.wral.com/news/local/story/2534527/>

Марқұм Карсон туралы UNC-Chapel Hill сайтының жазғаны:
<http://universityrelations.unc.edu/alert/carson/>

Carolina Week Special Report басылымының «Ивті еске алу» атты мақаласы:
http://www.carolinaweek.org/carolina_week_special_reports/carolina_week_special_remembering_eve.html

Сол материалдағы фотолар:
http://www.wral.com/news/local/image_gallery/2536400/

Қылмыс тақырыбында жазатын журналистердің «Әділдік пен Қылмыс туралы жазу: Журналистерге нұсқаулық» атты материалы:
<http://www.justicejournalism.org/crimeguide/>

Этикалық нормалардың қақтығысы

Ұждан мәселесі

Кети К. Превис

Сіздің іргелі проблемаларға орай, бастығыңызбен келіспей қалған кезіңіз болды ма? Бір жағынан, сізге ұждан мәселесі қымбат, екінші жағынан, командадағы белсенді ойыншылардың бірі болғыңыз келеді; оның үстіне жұмыс орнында ешқандай кикілжіңге барғыңыз келмейді. Қоғаммен байланыс бойынша тәжірибеден өтушінің басына келуі мүмкін этикалық қиын мәселенің бірі: еңбекақы төлейтін ұйым талаптарын орындау мен қоғамға қызмет етудің арасындағы тепе-теңдікті сақтай білу. Бұл тақырыптық зерттеу осындай бір кикілжіңнің үлгісі десек болады. Американың Қоғаммен байланыс ұйымының (PRSA) кәсіби әмбебап құндылықтар мәлімдемесінің және қоғамдық қатынастардың Этикалық кодекстерінің негізінде этика саласында кездесетін тығырықтан шығудың жолдарын көрсетеді.

Оқиға: Қоғаммен байланыс бөлімінің әрекеті

Джон (біз оның тек атын ғана беріп отырмыз) қоғаммен байланыс бойынша кеңес беретін, кеңес беру тобының дамуы мен оңтайлануын қамтамасыз

ететін фирмада (біз оны «Энергиялық қоғаммен байланыс» деп атаймыз) жұмыс істеген. Бұл топ фокус-топ сияқты жұмыс істейді, яғни белгілі бір қалалық азаматтармен жүздесіп, оларды не мазалайтыны жайында сұхбаттасады. Мұндай топтар химиялық, көмір, ядролық, мұнай және басқа да энергетикалық сала өнімдерін өндіретін, соған орай ауаның ластануы және қауіпті қалдықтар секілді экологиялық проблемалары басым қалаларда белсенді жұмыс істейді.

Топтың мақсаты — өндірістің қай саласы болсын, өндіріс ошақтары мен қоғам мүшелерінің арасындағы өзара түсіністік пен сенім орнату. Сөйтін, бұл топ қоғамда беделді адамдармен тілдесіп, әртүрлі пікірлерді сарапқа салады.

EPR фирмасы — АҚШ-тың шығыс өңірінде, таулы аймақта орналасқан шағын отбасылық компания. Оның клиенттері де әртүрлі: электр энергиясынан бастап, химиялық, көмір, жанармай өндіретіндерге дейін. Джон және оның командасы қоғамдағы мүдделі топтарды тауып, жергілікті компания өкілдерімен кездесу ұйымдастырады.

Негізгі мақсат — энергия өндіруші компания жұмысының ашықтығын және қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтірмейтінін тұрғындардың санасына жеткізу, қақтығыстардың деңгейін азайтып, сенімділік тудыру және болашақта тұтануы мүмкін шиеленістердің алдын алу. Джонның сөзіне мән берсек, оның тобының негізгі жұмыстарының бірі — жиналыс барысында барынша бейтарап көзқарас ұстану. «Бұл мен үшін қиындық тудырмады. Мен журналистік білім алдым, этикалық курстардан өткенмін, сондықтан көп жағдайда барынша бейтарап болудың қыр-сырларын білемін», — дейді ол.

Энергия өндіретін компаниялар бір-бірімен бәсекелес болғанмен, EPR-дің мақсаты — қоғамға қызмет ету. Әр компанияға өкілдік етіп жүрген Джон мен оның әріптесі Джейнге бейтарап болу қиынға соққан кездері де болды. Себебі бір күні олар жұмыстан қайтарда өздері мінін жүрген машинаның сыртына жапсырылған хабарландыруды көреді. Оны компания басшыларының бірі Джеки жасапты. Онда көмір индустриясын қорғайтын коммерциялық емес ұйымның жарнамасы берілген. Осы кітаптың мақсаты үшін біз оны «Көмір қорғау тобы» (КҚТ) деп атайық.

Тығырық. Бейтарап болу

Джон мен Джейн журналист болғандықтан, Джекиге өз наразылығын білдіреді. Джеки бұған дейін ешқандай қауымдастықтың мүшесі болмаған еді.

Ол көмір өндіретін аймақтан, дәлірек айтқанда, АҚШ-тың оңтүстігінен еді, демалысын көбінде сол жақта өткізетін. Қоғаммен байланыс саласының қызметкерлері кейде бұл саладан мүлде хабарсыз немесе машина бамперіне әлдебір ұйымның жарнамасы жазылған жапсырманы жапсырып кетудің қыр-сырын түсіне бермейтін адамдармен жұмыс істеуге тура келеді. Мұндай кітапшалар әртүрлі географиялық аумақтарда жүріп жатқан жұмыстардың барысына қарай әртүрлі мағынада жасалады, көбіне тұрғындардың наразылығын төмендетуді мақсат етеді. Сонымен, бұл жағдай Джон мен Джейн үшін қандай дилемма тудырды?

Әрине, негізгі міндет – ненің дұрыс, ненің бұрыс болғанын айқындау үшін кімнің моральдық компасын пайдалану керектігіне келіп тіреледі.

Джекидің мораль негізі – өзін жарнамалату мақсатында оған мол қаржы төлеп отырған компанияны сипаттау болатын. Екінші жағынан, Джон мен Джейннен машиналарында олардың клиенттеріне бәсекелес ұйымның жарнамасын жапсырып жүруін өтініп тұр. КҚТ-ның жарнамасын машинаға жапсыру – көмір индустриясын жақтап, басқа да көмір өндіретін компаниялардың көзқарасын жоққа шығарумен бірдей. Бір жағынан, Джон да, Джейн де өздеріне ақы төлейтін компанияларға бейтарап болуға уәде берді ғой. Енді сол уәделеріне моральдық тұрғыдан адал болып қалуы керек.

Байланыс саласының кәсіби қызметкерлері үшін осындай дилеммалар кезінде Этикалық кодекстер біздің мінез-құлқымыз бен шешім қабылдау процесімізді айқындай алады. Нормалар белгілі бір бағытты көрсетеді.

Қоғаммен байланыс мәселелері әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді. Себебі тағылымдамадан өтушілер әуелгі кезеңде тәжірибенің жеткіліксіздігінен көптеген қателікке ұрынады. Индустриялық революция кезінде қоғаммен байланыс өкілдерінің қызметі шарықтау шегіне жетіп, зор пайдаға кенелді. Сол кезде ірі компаниялар жұмысшылары мен тұтынушыларының көзқарастарына мән бермей, қоғаммен байланыс өкілдерімен бірге жемқорлыққа батты. Газеттерде бұл туралы кеңінен жазыла бастады. Соған жауап ретінде фирмалар қоғаммен байланыс сарапшыларын (бұрын журналист болған адамдарды) жалдап, жағымсыз оқиғаларды жою міндетін тапсырды. Бұл жағдай медиа агенттіктің құрылуына түрткі болды. Мұндай агенттіктер бұқаралық ақпарат құралдарына мақала жіберіп, өзіне тапсырыс берген компания туралы жағымды оқиғалармен бөліседі. Былайша айтқанда, бұл – медиада қалыптасқан жағымды пікірлерді, яғни этикалық нормаға сай келмейтін ақпаратты басқару. Бүгінде кейбір басшылар қоғаммен байланыс бөлігінде тәжірибеден өтушілерге шындықты бұрмалауы үшін ақша төлейді.

Олар ұйымның қоғамдағы беделін жақсарту үшін бәріне барады. Осы себептерге байланысты PR тәжірибеден өтушілер этикалық нормаларды біліп, үйреніп, сақтап, өз мамандықтарына нұқсан келтірмеуі тиіс. Сонымен қатар қоғамға қызмет етеміз деген сөздеріне берік болуы керек.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: PRSA мүшесінің кәсіби құндылықтар туралы мәлімдемесі

Американың Қоғаммен байланыс ұйымы (PRSA) 1948 жылы құрылды. 1954 жылы осы саланың имиджін жақсарту мақсатында «өзін кәсіби, шынайы, нақты, адал және қоғам алдындағы жауапкершілікті мойнына алып», этикалық нормаларын енгізді¹.

Жоғарыда келтірілген оқиғаны мысалға ала отырып, PRSA-ның этикалық нормаларын, соның ішінде, PRSA мүшесінің әмбебап құндылықтарын талдай келе, Джон мен Джейннің жағдайына қатысты бірнеше шешімдер табуға болады.

1. **Қорғау:** «Біз өзіміз жауапкершілікке алған адамдарды қорғай отырып, қоғамға қызмет етеміз. Біз нарықта идеялар, дәлелдер мен түрлі көзқарастарды ұсына отырып, қоғамды толық ақпараттандыруды қамтамасыз етуге тиіспіз». Мұнда Джон мен Джейн кімді қорғауы тиіс: машинасына клиентінің жарнамасын жапсыруды талап ететін басшысын ба, Джон мен Джейн бейтараптықты уәде еткен қоғамды ма (CAP)?
2. **Адалдық:** «Қоғаммен байланыс кезінде біз өкілдік ететін тараптар мүддесін қорғай отырып, нақтылық пен шындықтың ең жоғарғы стандарттарын ұстанамыз. Джон мен Джейн CAP-тың негізгі қызметкерлері болғандықтан, басқа клиенттеріне шынайы болу үшін дилеммаға тап болды;
3. **Экспертиза:** «Біз арнайы білім мен тәжірибені жауапкершілікпен қолданамыз әрі соны талап етеміз. Біз барлық салада кәсібилікті, үздіксіз кәсіби дамуды, зерттеуді және білімді жетілдіреміз. Біз кең аудитория мен мекемелер арасында өзара түсіністік пен сенім орнатып, оларды жақындастыруға тырысамыз». Жоғарыдағы екі адам, компанияны құрушы әрі үйлестіруші Джон мен Джейннің мақсаты – әртүрлі энергетикалық компаниялардың біреуін басқалардан артық қою емес, керісінше өзара қарым-қатынасын жақсарту;
4. **Тәуелсіздік:** «Біз клиенттерімізге объективті түрде кеңес береміз. Біз өз әрекеттерімізге жауаптымыз. Джон мен Джейн көптеген энергетика компаниясы мен CAP-ға қызмет етеді. Бір компанияның жарнамасы жапсырылған машинамен жүру – басқа компаниялардың беделін төмендетіп, олардың объективті бола алмағандығын танытар еді;
5. **Ниеттестік:** «Біз өз клиенттерімізге адалмыз. Сөйте тұра, қоғамдық мүддеге қызмет ету міндетімізді де ұмытпаймыз». Мұнда Джон мен Джейн бейтарап бола отырып, қоғамдық мүддеге қызмет ете білген. Сондай-ақ бұл жағдайдағы қоғам дегеніміз – олар қызмет ететін CAP қауымдастығы;
6. **Әділеттілік:** «Біз клиенттерімізге, жү-

1 Американың қоғаммен байланыс қоғамы (PRsA), PRSA Code of Ethics, <https://www.prsa.org/AboutPRSA/Ethics/CodeEnglish/index.html#.ViaRdn6rst8>

мысшыларға, бәсекелестерімізге, қатарластарымызға, тасымалдаушыларға, медиа және жалпы қоғамға әділ болуға тырысамыз. Біз барлық пікірлерді құрметтейміз және еркін көзқарастарды қолдаймыз». Джекидің біреу-

дің машинасына жарнама жапсырып кетуі оның өз ойын еркін білдіруі десек те, Джон мен Джейн үшін ол әділдік емес. Олардың әділдігі энергия компаниялары мен жалпы қоғамға бейтарап көзқарасы арқылы танылады.

ШЕШІМ: ЭТИКА КОДЕКСІНІҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

Джон мен Джейн болған жай туралы Джекимен сөйлесуге келіседі. Сұхбат барысында Джейн өз көзқарасын былай білдірді: бір компанияның жарнама-сы жарияланған машинамен қоғамдық жиналыстарға бару, біріншіден, оның бейтараптық бағытына қайшы келеді, екіншіден, өзге үлескер компаниялардың түсінбеушілігін тудырады. Джон Джейннің ойына толық қосылатынын білдірді. Джон өз ойын былай білдірді: «Біз үлескерлерге берген уәдемізді машинаға жарнама қою арқылы бұзып отырмыз. Компаниялардың жарнасы төленгендіктен, біз бейтарап болуға міндеттіміз. Машинамызға бір компанияның жарнамасын жапсырып алсақ, онда біз қалайша бейтарап бола аламыз?».

Американың Қоғаммен байланыс ұйымының (PRSA) Этика кодексіне қосымша ретінде 2015 жылы қабылданған «Американың Қоғаммен байланыс ұйымының (PRSA) Ережелер кодексі» этикалық дилеммаға алып келген себептерді тізіп бере алады. Бұл зерттеуді тереңірек қарағыңыз келсе, «Мүдделер қақтығысын» қарап көрейік:

Клиенттердің, жұмыс берушілер мен қоғамның сеніміне кіру үшін, нақты, болуы мүмкін немесе болжалды мүдделер қақтығысын болдырмауға тырысатын негізгі принциптер:

Мақсат: Клиент немесе жұмыс берушімен арада өзара құрмет пен сенімді қалыптастыру. Жеке немесе кәсіби мүддесін қоғам мүддесімен шендестірудің алдын алу арқылы қоғамның сеніміне кіру.

Ұсыныстар: Қауымдастық мүшесі жұмыс берушінің немесе клиенттің мүддесін өзінің жеке мүддесінен жоғары қоя отырып, оларға қызмет етуі тиіс;

Жақсы іскерлік қатынасқа зиян тигізетін немесе жеке я кәсіби мүдде шиеленісін тудыратын әрекеттер мен жағдайлардан аулақ болу;

Туындайын деп тұрған немесе әуелден бар, осыған дейін клиенттер мен ұйымдар арасындағы болған мүдделер қақтығысын бірден тоқтату.

Егер мәселе шешілгеннен кейін де тараптар өзара әлі қырғи-қабақтық танытса, соны айқындау әрі оны сейілтуге күш салу.

Джон мен Джейн клиенттермен арадағы сенімнің бұзылмауына мүдделі. Сондықтан шиеленісті болдырмау арқылы қоғаммен сенімді байланыс орнатып, клиент пен жұмыс берушінің көзқарасына қарай әрекет етуі керек. Ал Джекиге кейбір ұйымдардың арасында бұрыннан шиеленіс бар екенін ескерту қажет.

Бейтарап болу үшін Джон өзі куә болған басқа да Этикалық кодекстерді еске түсірді. «Мен сол уақытта Қоғамдық байланыстың халықаралық қауымдастығының (IAP2) мүшесі болған едім. Оның Этика кодексі мынадай: Қоғамдық шешім қабылдау барысында қақтығысқа қатысқандарды да, қатыспағандарды да қолдаймыз. Кодексте тиісті шешім бойынша үлесі бар кез келген тұлға, топ, ұйым немесе саяси объект үлескер ретінде саналатыны көрсетілген. Сонымен қатар кодексте «қоғам дегеніміз – шешім шығаруға мүдделі адамдар мен ұйымдардан тыс көпшілік» делінген. IAP2-нің Этикалық кодексінде былай жазылған: «Барлық қатысушы арасында процесс кезінде сенімділік пен шынайылықты орнататын кез келген әрекетті қолдаймыз... Шешім шығару процесінде қоғамның рөлін барынша ескеріміз және нақты бейнелейміз... Біз қоғамдық қатысу процесін қорғаймыз және жеке көзқарас, топ немесе табыс жобасын қорғамаймыз»². Осылар Джон үшін нақты шешім қабылдауға жеткілікті болды.

Джон мен Джейнді біраз тыңдағаннан кейін Джеки әңгімені шорт үзін, өз пікірін екіұштылау жеткізді: «Сіздер – біздің клиентсіздер, біз ақша төлейміз, сондықтан біз СAG-ты қолдаймыз». Джон мен Джейннің көзқарасы тұрғысынан Джеки бұлар сияқты қоғамдық жұмыстың отымен кіріп, күлімен шығып жүрген жоқ және бұлардың дилеммасын терең түсінетін немесе бағалайтын жағдайда емес. Мұны Джон былай түсіндірді: «Энергетика компаниялары арасындағы қақтығыстардан алыс жүрген адам болғандықтан, ол өз компаниясын жақтап шығады». Джеки Джон мен Джейннің машинадағы жарнаманы алып тастау туралы өтінішіне құлақ аспады, орындағысы келген жоқ.

Джон мен Джейн Джекидің EPR-дің басшыларының бірі ретінде ол компанияның машинасына не жапсырса да өз еркінде екенін жақсы біледі. Оның үстіне әңгіме басталмай жатып үзілді, Джеки өз дегенінен қайтар емес. Джейн екеуіміз оны: «Компания осы әрекеті арқылы өзін тұтынушыларының алдында жағымсыз тұрғыдан танытты, мұның соңы өзге топтардың бізден теріс айналуына әкеп соғуы мүмкін», – деп біраз үгіттеуге тырыстық, – дейді Джон.

2 International Association of Public Participation (IAP2), IAP2 Code of Ethics, <http://www.iap2.org/?page=8>.

ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Нені таңдаймыз?

Джекидің мәмілеге келмейтіні белгілі болды, енді Джон мен Джейн бұл этикалық дилемманы қалай шешуі керек? Егер жұмыс берушіңіз сізге этикаға сай келмейтін бір жұмыс тапсырды делік, қандай әрекетке барар едіңіз? Осы жағдайды ескере отырып, Джон мен Джейннің мәселесін шешуге болатын жолдарды қарастырайық:

1. **Өз ұйымыңыздың білімін жетілдіріңіз.** Джон мен Джейн PRSA және IAP2-нің Этикалық кодексін Джекиге көрсетіп, машинаға компания жарнамасын жапсырудың этикалық нормаға сәйкес келмейтінін түсіндірді. Бұл жағдайда Джеки өзі басшылыққа алатын Этикалық кодексін көлденең тартып, өзіне ақша төлейтін компанияға, яғни CAG-қа деген адалдығын дәлелдеуге тырысуы мүмкін;
2. **Тапсырманы орындауға қарсылық.** Джон мен Джейннің көмір индустриясының жарнамасына қарсы шығушылардың ісіне мүлде араласпай, мәселені өз жайында қалдыруларына болады. Бірақ бұл өздері қызмет ететін

CAR-тың талаптарына қайшы келеді. Мұндай жағдайда бұл шешім сәл келіңкіремейді. Екінші жағынан, Джон мен Джейннің бір компанияның жарнамасы жапсырылған машинаны жүргізуден бас тартуына болады, яғни олар өз жұмыстарын жалғастыра береді, тек компания машинасын пайдаланбайды;

3. **Тапсырма ауыстыруды сұрау.** Бұл жағдайда Джон мен Джейн CAR-тың энергия индустриясынан бас тартып, басқа тапсырма сұрауына болады. Егер бұл компанияның үлескерлері көп болса, онда Джон мен Джейнді осы жұмысты істеуге немесе басқа үш таңдауды жасауға мәжбүрлейді;
4. **Тапсырманы қабылдау.** Джон мен Джейн тапсырманы қабылдап, бір компанияны екіншісінен артық көріп, оның нәтижесі не боларын соңынан байқап көреді. Тапсырманы орындау – «ештеңе айтпау» дегенді білдірмейді. Өз қарсылығыңызды тапсырманы қабылдау барысында білдіру керек. Егер тапсырма беруші қарсылығыңызды елеусіз қалдырса, онда қандай таңдау жасау керектігін шешу қажет.

Соңы: Келісімге келу

Джон мен Джейн төрт таңдаудың қайсысын таңдайтынын таба аласыз ба? Жауабы: №2 және 4. CAG-тың жарнамасы жапсырылған машинаны айдауға қарсылық танытады, бірақ өз жұмыстарын ары қарай жалғастырып, Джекиге жұмыс істеуін тоқтатпайды. «Мен ол машинаны энергия индустриясында істейтін өзге клиенттеріме мініп бармаймын. Өзімнің жеке машинама немесе жалға алған көлігіммен барамын», – дейді Джон. Кейде бизнесте бұлыңғыр жағдайлар кездесін жатады, мұндайда келісім мүмкін болған жерге дейін жасалады. Джон мен Джейн өз құндылық-ұстанымдарына зиян келмейтіндей таңдау жасады.

Аристотель: «Этикалық мінез-құлық — сенім мен мінез-құлық екеуінің шегі арасындағы тепе-теңдікке ұмтылудың нәтижесі», — деп баға берген. Алайда бұл — барлық шиеленісте ымыраға келе беруге болады деген сөз емес. Этикалық түсініспеушілік болып жатса да, қоғаммен байланыс саласында тәжірибеден өтушілер әрқашан өз ісіне адал болуы тиіс. Егер қоғамға қызмет ету мен жұмыс берушінің тапсырмасын орындау арасында қайшылық туындап жатса, ондай жағдайда турашылдықпен, өз мамандығына адал бола отырып, шындыққа негізделген шешім шығара алады. PRSA Этика кодексіне сәйкес, шыншыл бола отырып, өз мамандығыңызға қызмет ету әрқашан дұрыс таңдау болады. Керісінше, жұмыс берушіні немесе өз қа-мыңызды ойлап, опасыздық таныту қате таңдау болмақ.

Ой елегінен өткізсек:

Джон мен Джейннің жағдайын сіз басқаша шешер ме едіңіз? PRSA мен IAP2 Этика кодексіне сүйене отырып жауап беріңіз. «Неге олай?» немесе «неге олай емес?» деген сауалға жауап беріңіз.

5. Сіз — омбудсменсіз, яғни Джеки мен оның қызметкерлері арасындағы шиеленісті шешуге жіберілген тәуелсіз тұлғасыз. Джекидің әрекетін қалай қорғайсыз немесе қорғай аласыз ба? Неге?
6. Сіз клиент пен қоғамның сұранысын қанағаттандыру үшін өзіңіздің жеке көзқарасыңызбен ымыраға келе аласыз ба? Көзқарасыңызды нақтылаңыз. Сіздің шешіміңіз жоғарыда келтірілген этикалық нормаларға қайшы ма, жоқ па? Неге?
7. Егер Джон мен Джейн машинадағы жарнамаға саяси себептерге байланысты өз еріктерімен қарсы шықса, сіз қандай шешім айтар едіңіз немесе олардың CAP-қа қарсы шығуы тек осымен бітуі керек пе?

Егер...

1. Егер Джеки Джон мен Джейнге жарнаманы өз жеке көліктеріңізге жапсырыңыздар десе және олар оған қарсы шықса, не болар еді? Олардың этикалық дилеммалары басқаша сипат алар ма еді? (Түспал: PRSA-ның негізгі қағидаларын қайта қарап шығыңыз).
2. Бұл мәселені этикалық комиссияға, шешім шығару тобына ұсынсақ қалай болады? Олардың шешімі біздікінен басқаша болуы мүмкін бе? Джон мен Джейн өздерінің басындағы жағдайды Джекимен бірге басқа топқа тапсыруы керек пе?

3. «Өз ұйымыңыздың білімін жетілдіріңіз» деген бөлімде Джон мен Джейн біраз зерттеулер жүргізу арқылы осы жағдайға ұқсайтын тұжырымдар тауып, оны райынан қайтарар деген оймен Джекиге әкеліп көрсетсе қалай болар еді? Қоғаммен байланыс саласында тәжірибеден өтушінің жетекшісімен этикалық мәселеде шиеленіске түскен осыған ұқсас жағдайын интернеттен тез таба аласыз ба?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Америка Қоғаммен байланыс ұйымының сайтынан қараңыз:

<https://www.prsa.org/index.html>. Іздеу бөліміне «этика» деп жазып іздеңіз. Этикаға қатысты әртүрлі зерттеу, этикаға қатысты пікірлер, әмбебап көзқарастар және әртүрлі этикалық мәселелерді қарап шығып, одан өзіңізге керекті құнды мәліметтерді алуыңызға болады.

Қоғаммен байланыс саласында тәжірибеден өтушілердің этикаға келгенде неге беделі төмен екені жайындағы мына мақаланы оқыңыз: «Қоғаммен байланыс және Этика: неге беделсіз?»

<http://www.ereleases.com/prfuel/public-relations-ethics-bad-reputation/>

Келесі зерттеу көшбасшылық пен коммуникациялық қабілеттің этикалық шешім қабылдауда және ұйымдық этикалық мәдениет қалыптастыруда үлкен рөл ойнайтыны туралы. «Ішкі үлескерлерге арналған этикалық мәдениетті құруда доминантты ұйымның рөлін зерттеу», авторы Шаннон А. Боуен. Қоғаммен байланыс журналы, Vol. 9, No. 1 (Көктем 2015). <http://www.prsa.org/intelligence/prjournal/documents/2015v09n01bowen.pdf>

Қоғаммен байланыс саласында тәжірибеден өтушілер үшін этикалық қағидаларды меңгеруге қатысты материал: «Қызыл түске өтіп кетпеңіз: қоғаммен байланыс этикасындағы бес қағида», авторы Шерри Бейкер және Дэвид Мартинсон. Авторлар TARES тестінен өтуге кеңес береді. TARES дегеніміз бес сөзден тұратын қағида: шыншылдық, сенім, құрмет, теңдік және әлеуметтік жауапкершілік. Тоқсандық қоғаммен байланыс, күз 2002, Vol. 47, Issue 3, p. 15. <http://connection.ebscohost.com/c/articles/7514920/out-red-lightdistrict-five-principles-ethically-proactive-public-relations>

2006 жылы шыққан «Темекі шеккеніңізге рақмет» фильмін қарап шығыңыз. Бұл кино Кристофер Баклидің 1994 жылғы новелласының негізінде жасалған. Егер әлі көрмеген болсаңыз, көргеніңіз абзал. Себебі киноның бас кейіпкері Ник Нейлордың басынан этикаға қатысты бірнеше жағдайлар өтеді. Оның жұмысы – темекінің зиян еместігін

қорғау әрі ол 12 жастағы ұлына үлгілі әке болғысы келеді. Ол өз компаниясына адал, бірақ темекінің зиян екенін іштей мойындайды. Кино жайында мол ақпарат алу үшін қараңыз:
<http://www.imdb.com/title/tt0427944/>

Кітаптан оқыңыз:

<http://www.amazon.com/Thank-You-Smoking-A-Novel/dp/0812976525>

Сіз маған не жібергенсіз?!

Тағлымдама кезіндегі жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу оқиғасы

Келли Скот Рейсли

Интерндер шынайы өмірге жолдама алғанда оқыған сабақтары мен тапсырмалары алдынан шыға бастайды. Қоғаммен байланыс мандығының үшінші курс студенттері – Бринни Джексон мен Сидней Хулс қоғаммен байланыста жинаған тәжірибелерін спорт командасында қолданғысы келеді. Бұл 2015 жылы болған оқиға еді. Колорадо штатынан келген екі студент қызмет бастап, машықтарын арттыруды мұрат етеді. Екеуі де медиа жұмыстары мен ынталандыру шараларын жоспарлаудан гөрі, жұмыс орнындағы жыныстық қатынасқа итермелеу туралы жан-жақты тәжірибе жинақтап шықты.

ОҚИҒА: СУПЕРВАЙЗЕРДІҢ ЕКІҮШТЫ ӨТІНІШТЕРІ

Джексон мен Хулс ішкі футбол командасына тәжірибеден өтуге келеді. Жұмыс кеңсесі университетке көрші орналасқандықтан, екі қыз үшін апталық тәжірибе жинақтау уақыты аса қиынға түскен жоқ. Джексон факультеттегі эдвайзерімен ақылдасып, колледжде оқыған теорияға қоса, тәжірибе жинақтағысы келетінін айтады. Оның өтініші мақұлданып, 2015 жылы қаңтар айында Хулспен бірге жаңа тапсырманы орындауға кірісті. Хулс бұл тәжірибеге бастапқыда келіспеген еді.

Тәжірибенің алғашқы аптасында Джексон мен Хулс екеуі жұмыс орнына отбасының суреті салынған рамка мен кеңсе жұмыстарына қажетті заттарды әкелін, өздеріне ыңғайлы атмосфера қалыптастырғысы келеді. Супервайзер оларға жұмыс орнының ережелері мен талаптары туралы хаттар жіберіп тұрды.

Джексон медиа этикасы туралы курсқа мүше болатын. Оған баспасөз-хабарламаларына шулы мәліметтер қосып, оны сенсациялық ақпаратпен әрлеу тапсырылды. «Бізге команданы барынша жақсы көрсету туралы тапсырма берілді», — дейді ол. Баспасөз хабарламасы дегеніміз — тек ақпарат беру және фактілерді бөлісу, ол дегеніңіз — команданы қызылды-жасылды суреттермен әспеттеу емес екенін Джексон білетін. Бірақ бұл супервайзердің түсініксіз талаптарының бастамасы ғана екен. Уақыт өте келе, супервайзердің комменттері секстік бағыт ала бастады, мұндай комменттер ұйымның басқа да қызметкерлерінен келе бастады.

Хулстың суретке түсіру қабілеті бар еді. Оған қоғамдық медиа науқанына қолданылатын фанаттарға арналған тоқыма бұйымдарын жарнамалау үшін модель болу тапсырылады. Хулс келіседі, алайда бұл тапсырманың оның фотограф ретіндегі қабілетіне түк қатысы жоқ еді. Хулсқа: «Сіз қаншама интернет арасынан таңдалып алындыңыз, өйткені балалардың футболкасы сізге ғана сыяды», — депті. Алайда олардың негізгі мақсаты — оған жыныстық ишара білдіру және жыныстық қатынасқа итермелеу еді, киім үлгісін көрсету кезінде қатысқан компания қызметкерлері оған осындай мақсатта ишара білдіреді. Бірақ Хулс бұған мән бермейді, Джексон да солай етеді.

Джексонға жұмыстағы әріптестері және ойыншылар жұмыс барысында қайта-қайта секстік комменттер, ишаралар білдіреді. Мысалы, тәжірибенің алғашқы аптасында супервайзерден мынадай хат келеді: джинсы киме, сенің джинсың ойыншылардың ойын бөледі.

«Бәрі де джинсы киіп жүр, — дейді Джексон. — Мен әрқашан ықшам, ыңғайлы классика киемін, джинсым да тар немесе қысқа емес». Супервайзердің бұл сөзі шектен шығу еді, бірақ ол бұл жолы да мән бермеді. Топ ішінен ерекшелену және ешкімнен талап етілмеген дресскод (белгілі бір шара кезінде талап етілетін киім кию үлгісі — *Ред.*) талабының тек бұларға айтылуы алаңдатарлық нәрсе. Қандай киім кию керектігін талап ету, себебі басқалардың өзін-өзі ұстай алмайтынын айту — анық дискриминация. Бірақ екі қыз олардың бұл әрекеттеріне мән бермеді, супервайзерге деген сенімін жоғалтпады. Өйткені бұларға жетекшілік ету, үйрету — супервайзердің жұмысы.

Джексон ойыншылармен жиі әңгімелесе бермейтін; олармен тек корпоратив офисінде ғана бірнеше рет жұмыс барысымен сөйлескен. «Ойын-

шылардың көбі ештеңе демейді, — дейді ол. — Кейбіреуі кездесуге шақырып, арасында тиісіп жатады, бірақ мен ешқашан оларға рұқсат берген емеспін». Бірақ ақыры белгілі болды.

Джексонға снэпшот (эп-сэтте түсіріліп, бірден жіберу) арқылы бір ойыншыдан хат келеді. Сөйтсе офисте ресми сөйлесетін, жете танымайтын ойыншы өзінің жыныс мүшесінің суретін жіберіпті.

ТЫҒЫРЫҚ: НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Супервайзеріңіз сіздің дилеммаңызды көрмесе, әрекет етпесе, онда кімге барып жағдайыңызды айтасыз? Джексонның осы сауалынан кейін факультеттегі журналистердің тәжірибесімен айналысушы эдвайзері дереу екі қыздың тәжірибесін тоқтатып тастайды. Оның бұл әрекетін Джексон мен Хулсты қорғау деп түсінуге болады. Колледж басшылығы екі қызға тәжірибеден өтетін басқа жер іздейді. Джексон эдвайзерге: «Мен бұл жағдайлар жайлы супервайзерге ескерттім, бірақ ол менің ескертпелерімді дұрыс қабылдаған жоқ», — деп түсіндіреді. Супервайзер оған: «Бұл сөзіңді кадр бөліміне барып айт, алайда бізде кадр бөлімі жоқ», — деп біртүрлі жауап қатады.

Қолындағы билігін асыра пайдалану және құрбандарды елемей жоғарыдағы екі қыздың дилеммасында нақты көрініс тапқан. Мұндай факторлар жыныстық қысымдардың бастауына негіз болады. Джексон дер кезінде университеттегі жауапты тұлғаларға хабарласып, өзін және құрбысы Хулсты аман алып қалды. Тек эдвайзер ғана емес, оларға достары, отбасы мүшелері, факультетте сол бағдарлама бойынша білім алып жатқан студенттер, университет әкімшілігі — барлығы қолдау білдірді.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Мән доктринасы және кесімді бұйрық

Екі қыз жұмыс орнында бір нәрсенің дұрыс еместігін айқын сезді. Алайда олар жұмыс орнындағы өз ісінің хас шебер мамандарына сенді, өйткені жұмыстағы атмосфераны бұлардан жақсы біледі деп ойлады. Сондықтан біршама уақыт жағымсыз жағдаяттарға төзімділік танытты, бірақ қай жағынан алғанда да құптаған жоқ.

Екеуі соңында әрекетсіздіктің және жыныстық қысымның құрбанына

айналды. Егер олар сол практикаға келер алдында жұмыс орнында болуы мүмкін жыныстық қысым жайында Этика кодексіні оқып алғанда, мұндай жағдайда өздерін қалай ұстаудың жолдарын білер еді, осылайша одан шығу жолдарын өздері-ақ табар еді.

Джексон мен Хулстың үйренген екі теориясы олардың жағдайларында көмекке келер еді. Біріншісі — Аристотельдің «мән доктринасы» мен оның

екі қарама-қайшылығы шешім қабылдауға көмектеседі. Бір қайшылықта әйелдер ештеңе істей алмауы мүмкін. Бір жағынан, олар кетіп те қалуы мүмкін. Екеуінің дилеммасын шешуге мүмкіндік беретін орта тұс бар ма? Иә, ол – болған жай туралы супервайзермен сөйлесу. Алайда ештеңе өзгермеді. Олар өз жағдайын өзгеге білдірткеннен кейін жұмыстан кету шешімін қабылдады.

Канттың «кесімді бұйрық» немесе «ға-

ламдық заңы» да көмектесер еді. Имануил Кант айтады: «Егер сіз жұрттың бәрі ұстану керек бір мінезді қаласңыз, демек, ол ұсталуы тиіс заң». Бұған басқаша тұрғыдан да қарауға болады: Сіз жұмыс орныңызда бәрінің дұшпандық көзқарас қалыптастыруын қалайсыз ба? Әрине, қаламайсыз. Бәрінің супервайзерге ештеңе айта алмайтын ұялшақ болғанын қалайсыз ба? Жоқ, Сол секілді жоғарыдағы мысалдарда да жалпыға ортақ заң жүрмейді.

ШЕШІМ: ТАҒЛЫМДАМАДАН КЕТУ

Джексон жұмыс орнындағы ер қызметкерлер мен ойыншылардан байқаған секстік қысым жағдайларын өзінің эдвайзеріне: «Күні бүгінге дейін мұндай дүниелердің болатындығына сенбеймін», – деп қайталап айта берді. Әйелдердің әрекет және зерттеу ұйымы жүргізген сауалнама қорытындысына сүйенсек, 500 қатысушының 54 пайызы жұмыс орнында секстік қысымға ұшырайды, оның 21 пайызы – ер адамдар¹. Әйелдердің жұмыста жыныстық қатынасқа итермелеушілік жағдайына душар болатынына Джексон таңғалып жүргенде, оның әрекеті Сократ әдісімен параллель болып шықты.

Сократ әдісі бойынша этикалық мінез-құлық мәселесін шешуде сыни ойлау арқылы жол табуға болады. Бұл әдіс кезінде сұрақтар қойылады, дискуссия жасалады. Джексон мен Хулс секстік жәбірлеу оқиғасын бірден супервайзеріне жеткізді, алайда супервайзері проблеманы шешуге әрекет етпеді. Супервайзердің әрекетіне қанағаттанбағандықтан, олар ұйымның сыртындағы адамдарға шағымдануды жөн көрді.

Сәуір айында Джексон эдвайзеріне әлгі жыныстық мүшесін суретке түсіріп жіберген ойыншының суретін көрсетуге ұсыныс жасайды (дәлел ретінде ол суретті сақтап қойған болатын). Джексон сол оқиғадан бері өзін қауіпсіз сезіне алмай жүр, футбол ойнында өткізген ынталандыру шарасынан кейін машинасына баруға да қорқып қалған. Эдвайзер бұл оқиғадан тек жағымсыз жағдайды ғана емес, сонымен қатар жұмыс орнының қауіпті екендігін де түсінді. Джексон кезінде әлгі супервайзерге секстік әрекеттер мен комменттердің өте ұятсыз екенін түсіндіріп, бір жауап күткенде, ол: «Сен өзің әдемі болсаң, маған не дейсің?» – деп жауап берінті.

Джексонның тәжірибеден өтін жатқанына үш апта толғаннан кейін эдвайзер университеттің басқа да мүшелерімен ақылдасып, олардың тәжірибе

1 <http://www.aware.org.sg/>

мерзімін тоқтату туралы шешім шығарады. Бұл шешім ІХ бөлімнің² баптарына сәйкес, университеттің деканының келісімімен шығарылған.

Хулс университетте әлі студент болғандықтан, ол осы ЖОО-ның қорғауында. Оған да жұмыс орнына бармау туралы ескерілді. Хулс Джексонның эдвайзерлігіне мәселенің тек суретке модель ретінде түсуде емес екенін түсіндірді, негізгі проблема суретке түскеннен кейін басталған. Суреттің астына қызметкерлер «мен бұл суретке «ұнату» (like) белгісін басамын» деген сынды комменттер жазған, бұл әрекет Хулстың көңіліне ауыр тиген. Хулстың ойынша, мұндай әрекеттер офистің мәдениетіне айналған.

Сексизм мәдениетінің нәтижесінде, секстік жәбірлеуге көз жұму үдерісі байқалады. Бұл әйелдердің батылдығының арқасында болған оқиға университетке жеткізілді және супервайзердің жауапсыздығы әшкере болды. Университет деканы екі қызды шақырып алып сөйлесіп, бұдан былай әлгі кеңсеге жақындамауын, тәжірибе жайлы нұсқаулықты супервайзерлерден емес, тікелей эдвайзерден алу керектігін мәлімдеді. Осылайша, Джексон мен Хулстың тәжірибелік курсы тамамдалды, бірақ болған оқиға олардың санасынан біраз уақытқа дейін өшпесі анық.

■ ■ ■ ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Жұмыс орнында жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу немесе сексизм мәселесін шешу

Әйел де, еркек те әріптестері, супервайзер, тұтынушы, клиент тарапынан жыныстық жәбірлеуге душар болуы мүмкін. Джексонның оқиғасы бір күнмен ғана шектелсе де, егер мұндай жағдай жиі қайталанса, оның соңы сотқа тапсырылып, жауапты адамдар түрмеге қамалуы мүмкін.

АҚШ-тың Тең жұмыс мүмкіндігі ұйымының (ЕЕОС) мәлімдеуінше, жұмыс орнында адамды жынысына қарай жәбірлеу – заңға қайшы әрекет. ЕЕОС жәбірлеуге мынадай анықтама береді:

Жыныстық жәбірлеу – жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу, жыныстық қатынасқа ишара білдіру. Оған тілдік және физикалық тұрғыда жыныстық кемсітудің бәрі кіреді.

Ал әзілдеп тиісу, арақашықтық сақтай отырып диалог құру, көңілге келмейтін комменттер жазу заңға қайшы емес. Тек бұл нәрселер нақты кемсіту немесе жәбірлеу сипатында тұрақты түрде жалғасса, жәбірленуші қорланса, өзін қауіпсіз сезіне алмаса және объектіні айтқанына көндіру үшін жұмыстан шығару немесе сөгіс жариялау сияқты амалдармен қорқытуға ұшыраса, ол заң алдында қылмыс ретінде саналады¹.

Қорлыққа ұшыраушы немесе жәбірленуші әйел, не еркек болуы мүмкін. Сол сияқты жәбірленуші де, жәбірлеуші де бір жыныс өкілдері болуы мүмкін, яғни екеуі де – әйел немесе екеуі де – еркек. Жыныс-

1 Анықтама http://www.eeoc.gov/laws/types/sexual_harassment.cfm. сайтынан алынып отыр

2 <http://www.justice.gov/crt/overview-title-ix-education-amendments1972-20-usc-1681-et-seq>

тық жәбірлеу тек адамның табиғатына қатысты болмауы да мүмкін, егер біреу жалпы әйелдер жайлы қауіпті ойларын жиі бөлісетін болса, заң алдында жауап беруге соның өзі жеткілікті.

Егер сіз жоғарыда келтірілген мысалдардың біріне душар болсаңыз, онда дереу мынадай әрекетке көшкеніңіз абзал:

- Жұмыс берушіге тез ескертіңіз, егер мұны созып алсаңыз, кейін өзіңізді қорғай алмауыңыз мүмкін. Жәбірлеген уақыт пен орын және адамның аты-жөндері туралы жазып алыңыз.
- Егер компанияда секстік жәбірлеуге қатысты арнайы нормалар болса, сол нормаларды ұстаныңыз және жұмыс берушінің де сол норманы ұстануын қадағалаңыз.

- Егер жұмыс беруші дұрыс әрекет етпесе немесе сізді қорғауға тырыспаса, онда бірден заңгерді шақырып, арнайы қылмыстық іс қозғалуын қадағалаңыз.

- Егер өзіңізді жәбірлеудің құрбаны сезінсеңіз, ЕЕОС-ның ең жақын кеңсесіне барып, арнайы кеңес алыңыз².

Біреудің жұмыс орнында жыныстық жәбірлеуге қатысты қауіпті атмосфера жасауы, біреуден секс талап етуі, қызметін сол мақсатта асыра пайдалануы этикалық нормаларға қайшы келеді. Егер клиент, қызметкер немесе тұтынушы басқа бір қызметкерді секстік тұрғыда жәбірлесе және бұл оқиға супервайзерге жеткізіліп, ол ештеңе істемесе, онда мұндай жағдайлар бірден құқық қорғау органдарына хабарлануы тиіс.

2 Ақпарат <http://www.workplaceethicsadvice.com> and <http://www.eeoc.gov> сайтында берілген

Соңы: Болашаққа көз тігу

Екі қыз жұмыс орнында отбасыларының суретін, жаңадан алған кеңсе заттарын қалдырып кеткен еді. Ал қазір олар тәжірибе жинақтауға келуді доғарды. Бұл жағдайдың қалай болғаны туралы екеуі де ойланды. Джексонның айтуынша, ең алғаш жыныстық жәбірлеуге ұшырағанда ол ешқандай әрекетке бармаған. Себебі әрекеті шиеленіс туғызады немесе ойыншының карьерасына зиян келтіреді деп ойлады. Алайда қорлау әрекеттері жиі қайталанса, адам өзін құрбан ретінде сезінсе, жекебасын қауіпсіз сезіне алмай қалғанда дереу құзырлы органдарға хабар беріліп, басшылар жағдайды шешуге асығуы керек.

Джексон мен Хулс ештеңені қате жасаған жоқ. Олар, бір жағынан, өздеріне сенімді әрі аздап аңқаулау деуге болады, сол себепті бірден спорттық мекеменің қоғаммен байланыс саласында тәжірибеден өтуге талпыныс жасаған. Өкінішке қарай, олар еркектердің саны басым ұйымнан бір-ақ шықты, сол жерде жыныстық жәбірлеуге ұшырады. Мұндай оқиғалардың заманы әлдеқашан өтіп кеткен деп ойлаған.

Бұл оқиға Джексон мен Хулс үшін қаншалықты жағымсыз болса да, екеуі сонымен шектеліп қалмады, қоғаммен байланыс саласындағы басқа да жұмыстарға атсалысып жүр. Осы оқиғадан кейін олар жаңа жұмыс

орнында секстік қысымның қандай да белгілерін көрсе, қандай шешім не әрекет жасайтындарын жақсы біледі. Егер бір адамның тарапынан екінші бір адамға жыныстық қорлауға қатысты пікір не көзқарас туындап, құрбан өзін қауіпсіз сезіне алмаса, бірден Джексон мен Хулстың оқиғасын еске түсіріп, солар секілді жоғары орындарға ақпаратты жеткізуі керек.

Ой елегінен өткізсек:

1. Осы оқиға сіздің басыңыздан өтті делік. Супервайзерге болған жайт туралы айттыңыз, ол сізге сенді. Сөйтін, оқиғаға қатысты адамдарды жинап, жиналыс жасағысы келді. Сіз не істер едіңіз? Егер жиналысқа қатысуга келісім берсеңіз, қандай дайындық жасар едіңіз?
2. Тәжірибе мерзімінің бітуіне үш апта қалғанда, ортасынан үзіп тастау «өз ісінің маманы емес» деген түсінікті қалыптастыруы мүмкін. Қалай ойлайсыз? Дәл солай ойласаңыз, қандай шешім шығарар едіңіз? Шешім шығару үшін Аристотельдің «Мән доктринасын» есіңізге алыңыз.
3. Жұмыс орнында қалыптасқан мәдениетті өзгерту қиын болуы мүмкін, бірақ ұйым секстік қорлау мәселесін жою үшін қандай шара жасауы ықтимал? Өзіңіз жұмыс орнында бәрі ұстануы тиіс кодекс және құндылықтарды жазып шыға аласыз ба?

Егер...

Жұмыс орнында жыныстық жәбірлеуге тап болғанда өз құқығыңызды білу өте маңызды. Мұндай жағдайларда мемлекеттің заңы ел азаматтарын қорғайды. Кейде ер мен әйел жұмыс орнында біреуді жыныстық тұрғыдан жәбірлеп қойдым деп ойлауы да мүмкін. Джексон сияқты ойыншының карьерасын ойлап, зиян тигізуден тартынуы да мүмкін.

Жыныстық қорлау өз басыңыздан өтпеді делік, бірақ сіз сондай оқиғаға куә болсаңыз, не істер едіңіз? Қандай әрекет жасар едіңіз?

Спорт саласында қоғаммен байланыс мамандығында жұмыс істегіңіз келіп, танымал спорт компаниясына жұмысқа тұрдыңыз, кеңсенің мәдениеті мен әдептері қарапайым әңгімеден аспайды. Сол қоғаммен байланыс бөлімінде отырғаннан жарты жылдан кейін басшылық сізге тәжірибе курсы құру, жоспарлау, басқаруды тапсырды.

Практикалық оқу курсы құру барысында негізгі жұмысыңыз — қауіпсіз жұмыс атмосферасын қалыптастырып, тәжірибеден өтушілерге жайлы орын жасау болды. Негізгі мәселе: әйелдер бұл жерде өзін жайлы сезіне

ала ма? Барлық жыныс өкілі бұл ортада өзін қауіпсіз, жайлы сезінуі үшін қандай шараларды қолға алар едіңіз?

Практикалық бағдарламаны дайындап болғаннан кейін арада бір апта өткен соң, жазғы тәжірибеден өтуге алты орын дайындадыңыз. Төрт әйел және екі еркек іріктеліп алынды. Біраз уақытыңызды секстік жәбірлеу және дискриминация турасында материал оқуға жұмсадыңыз. 15 аптаның бес аптасы өткен соң, Дарсидың оғаш әрекеттерін байқай бастадыңыз. Ол үйінен жұмыс істеуге көбірек сұрана бастады, бірақ тәжірибе бағдарламасы бойынша негізгі тапсырмалар жұмыста өтуі тиіс.

Келесі жолы Дарси жұмыс орнына келгенде, оның әрекетін бақылай бастадыңыз. Сіз жұмыс орнына Дарси, Эшли, Меган немесе Хизер кіріп келгенде, еркектердің әңгімесінің тақырыбы өзгеретінін байқадыңыз. Олардың әңгімелері секстік әзілдер, қыздарға тиісуге көп жақын екенін көрдіңіз. Практиканттардың супервайзері ретінде жағдайды қалай шешер едіңіз?

Осы мәселені шешуге қай теория пайдалы болар еді? Бұл мәселе менеджмент жағынан шешілетін болғандықтан, өзіңізді осы жағдай басынан өткендердің орнына қойып көріңіз. Джон Роулздың әділдік теориясын ескеріңіз.

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

АҚШ Білім департаменті, Азаматтардың құқығы кеңсесі, Өз құқығыңызды біліңіз парақшасы:

<http://www2.ed.gov/about/offices/list/ocr/docs/title-ix-rights-201104.html>

Америкалық Әйелдер университеті ұйымы жұмыс орнында және оқу барысында кездесетін сексуалды жәбірлеу оқиғаларынан жапа шеккендерге қолдау білдіру туралы:

<http://www.aauw.org/>

Феминист қорының веб-парақшасы жыныстық қорлау туралы әртүрлі зерттеулер ұсынады:

<http://www.feminist.org/default.asp>

Жарнама берушінің ҚЫСЫМЫ

Мектептегі түскі ас оқиғасы

Рэй Никемп

Медиа мекемелері де қызметкерлеріне жалақы төлеу мақсатымен, салық төлеу ниетімен, керекті жабдықтарды сатып алу үшін, пайда табу үшін бизнеспен айналысады. Ол үшін жергілікті бизнес құрылымдарына жарнама қызметтерін ұсынады. Бірақ жарнама берушілер көбіне өнімдері туралы ақпаратпен бірге берілетін белгілі бір оқиғаны ұнатпай, егер жағдай осылай жалғаса беретін болса, жарнамаларын тоқтатып, келісімшартты бұзамыз деп қорқытады.

Жарнама берушілер тарапынан қысым көбіне-көп шағын медиа мекемелеріне жасалады, өйткені бұл жерде төленетін ақша тым мардымсыз. Жарнама берушілердің көңілін тауып, ыңғайына жығылу үшін медиа өкілдері кейбір жарнамаларды өзгертуіне тура келеді. Бұл кейс — осының бір мысалы.

ОҚИҒА: МЕКТЕПТЕГІ ТҮСКІ АСҚА ҚАТЫСТЫ ШАҒЫМ

Сюзан Беннет (есімі өзгертіліп алынды) Оңтүстік-Батыстағы кішкентай телеарнада таңғы жаңалықтарды оқитын. Таңғы жаңалықтардан кейін ол «Сенің жағыңда» («On Your Side») бағдарламасын жүргізетін. Бұл бағдарламада тұтынушылардың арыз-шағымдарын және проблемаларын талқы-

лап, бір шешім табуға тырысушы еді. Бір күні ол жекеменшік бастауыш мектепте оқитын қызының жайынан сыр шерткен ер адамнан хат алады. Сол мектептің асханасында берілетін түскі асқа ер адамның көңілі толмайды екен. Оның ойынша, онда берілетін тамақтар денсаулыққа зиян, сол тамақтардың кесірінен қызы жиі ауыратын болған. Түскі ас мәзірінде қуырылған тауық еті, чили және начос бар.

Беннет осы оқиға бойынша бірнеше күн жұмыс істеді. Алдымен сол әкені тауып сұхбат алды, сосын денсаулық бөлімінің сарапшысымен сөйлесті. Денсаулық маманы «мектепте кейде тек жалғыз ғана тамақ болады, таңдау жоқ, құнары мол қосымша тамақтар болуы керек» деп ой бөлісті. Бірақ ол мектеп әкімшілігінен болған жайға қатысты еш пікір ала алмады. Жазбаша жазған өтінішіне жауап болмады.

Бұл оқиға эфирден берілгелі жатқанда, арнаның сату бөлімі менеджері және бас менеджер жаңалықтар директорына хабарласып, жаңалықтың шықпайтынын айтты. Жаңалықтар директоры Беннетті шақырып алып, жаңалықтың біраз уақыт эфирге жіберілмейтінін жеткізді. Себебі жергілікті жарнама берушінің әлгі мектеппен байланысы жақсы екен. Егер бұл жаңалық эфирден алынбаса, жарнама беруін тоқтатамын деп қоқан-лоққы жасапты.

Тығырық: ЖАРНАМА БЕРУШІНІҢ ҚЫСЫМЫ

Әдетте арнаның жарнамасы телеэфирге жарнама берушінің бизнесі жайында жағымсыз жаңалықтар болуына орай тоқтап жатады. Бірақ бұл жағдай мүлде басқаша сипат алды. Мектеп телеарнаға ешқандай жарнама бермейді, бірақ мектепке қатысы бар біреу жарнама береді. Сөйтсе, ол жергілікті автодилерлік компанияның бастығы екен. Автодилерлер арнада жиі жарнама беріп тұрады, ал бұл компания арнадағы ең ірі жарнама беруші екен. Ол сонымен қатар мектепке ірі көлемде қаржы аударып тұрады әрі ұлдары, немерелері сол мектепте оқиды екен.

«Ол бұл оқиғаның жарыққа шыққанын қаламады, өйткені өзінің мектепке қатысы болғандықтан, мектептің беделіне нұқсан келтіретін қандай да бір нәрсенің болғанын қаламады», — дейді Беннет.

Мұндай жарнама берушінің бопсалауы өте қауіпті. Арнаның басшылары бірден оқиғаның жарыққа шықпауын қадағалады. Беннет жаңалық директорынан оқиғаның қашан жарияланатынын сұрағанда, ол түсініксіз жауап берді. «Жаңалық директоры жаңалықтың жарыққа шығуы үшін күресін жатқанын айтты, — дейді Беннет. — Маған оқиғаның әзір жарыққа шықпайтынын айтты, жағдай тынышталғанша біраз күту керек», — деді.

ШЕШІМ: «МЕНИ БҰЛ ОҚИҒА АБДЫРАТЫП ТАСТАДЫ»

Жағдай тынышталса да, әлгі оқиға сол күйі жарыққа шықпады. Беннеттің бұл арнаға өзге бір шағын арнадан ауысып келгеніне көп болмаған. Ол «жаңалығымның эфирден өтпей қалуы мүмкін емес» деп түйді. «Не істерімді білмей абдырадым. Мен бұған дейін қызмет істеген телеарнада денсаулыққа пайдалы түскі ас туралы қаншама жаңалықтар дайындағанмын, бірақ осындай жағдай ешқашан болмаған еді», – дейді ол.

Осы оқиғаға байланысты ақылдасу үдерісі өтті ме, өтпеді ме, Беннеттің одан хабары жоқ. Егер арна басшылығы, сату менеджері, жаңалықтар директоры ақылдаса қалса, мұны араларына қосқан емес. «Менің қызметтес әріптестерім мұндай жағдайдың жиі болып тұратынын айтты. Басқа тілшілер де көп жаңалықтың жарнама берушілер кесірінен жарияланбай қалғаны жайында айтып өтті», – дейді Беннет.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Еркін қимылда

Бұл – ескі оқиға. Ондаған жыл бойы әртүрлі индустрияның басшылары жарнама берушілер тарапынан журналистерге жасалатын қысым туралы әңгіме қозғап жүр. Тәуелсіз болу – журналистің негізгі қағидаларының бірі. Сату бөлімі мен жаңалықтар бөлімінің арасында виртуалды Қытай қорғаны тұру керек, сонда ғана жаңалықтар сату бөлімінің ықпалынсыз еркін жарыққа шығады. Бұл идеал әлі бар, бірақ шынайы өмірде сату бөлімі жарнама берушілерге жағынамыз деп, жаңалықтар бөлімінің жұмысына араласа береді.

Әмбебап журналистер қоғамының этикалық кодексіне қарасақ: «Жарнама берушілер, донор және басқа да тұлғалар тарапынан келетін ішкі және сыртқы қысымдардың жаңалықтарға әсер етпеуін қадағала», – деп жазылған. Радио-телевизия Цифрлық жаңалықтар қоғамының (RTDNA) журналистерге арналған кодексінде де осы сынды ескертпе бар: «Әмбе-

бап электронды журналист қандай да бір сыртқы және ішкі дереккөздің, жарнама беруші, оқиға кейіпкерінің, құзырлы тұлғалардың және арнайы мақсат көздеген топтардың әсеріне илікпеуі керек».

RTDNA-ның кодексі жарнама берушінің ықпалын тоқтату жайында былай дейді: «Журналистер, жаңалық менеджерлері және бизнес менеджерлер өзара бірігіп, журналистика мен коммерциялық табыстың аражігін ажыратып алуы тиіс. Бизнес менеджерлер журналистердің еркіне қол сұқпауы керек, сеніміне селкеу түсірмегені абзал. Журналистердің жаңалықтары арнаның негізгі құндылығы екенін түсінуі тиіс». RTDNA кодексі Беннеттің жағдайына былай деп жауап жазып қойған: «Жаңалықтар бөлімі жарнама берушілердің ыңғайына жығылмауы керек. Жарнама берушілердің жаңалықтар бөліміне ешқандай әсер ете алмайтынын алдын ала шешіп алу керек».

Соңы: Ішкі цензура

Беннет арнада жұмысын әлі жалғастыруда. Бірақ оның түсінігі өзгерді. «Менің арна туралы ойым өзгерді», — дейді ол. Енді ол «Сенің жағыңда» бағдарламасын жасарда өзін тексеріп алатын болды. Автокөлік дилерлері (көтерме саудагерлері) арнаның басты жарнама берушілері ретінде әлі жұмыс істеп келеді, сондықтан Беннет автокөлік туралы бірде-бір жаңалық дайындамайды. «Тілші ретінде менің жұмысым жаңалықтарды барынша түсінікті ету, бірақ қандай жаңалықтар жасау керектігін ұқтым», — дейді ол.

Ол арнаның қаржылық қиыншылықтардан қандай жолмен шығу керектігін түсінеді. Сағат кешкі бес, алты және онда берілетін жаңалықтарды адамдар онлайн-сайттардан оқи салады. Сондықтан бұл жаңалықтарды эфирде тамашалайтын адамдар саны да аз. Бұл арна үшін жарнамаға адам тарту тұрасында қиындық тугызады. Арна да жарнамадан ақша жасау керек.

«Шағын нарықта жұмыс істегендіктен, жарнама берушілердің айтқанына көнуге тура келеді. Соңында жарнама берушілер мүддесі жоғары қойылады», — дейді Беннет.

Ой елегінен өткізсек:

1. Беннет сату бөлімінің менеджері мен жаңалық директорының талаптарына көніп, жаңалықты жоя салды. Олардың ойларын өзгерту үшін Беннет не істеу керек еді және жаңалықты эфирде көрсету үшін қандай шаралар жасауға болады?
2. Беннет өзі тікелей автокөлік дилерлік орталығына хабарласып, жаңалықтың жарық көруіне көндірді делік. Бұл әрекет орынды ма? Сату менеджері мен жаңалық директорының орнында болсаңыз, не істер едіңіз?
3. Егер болашақта Беннетке автокөлік дилерлік орталығы туралы жағымды оқиға дайында десе, ол оған көнер ме еді?
4. Беннет жұмысын жалғастырды, бірақ «Сенің жағыңда» бағдарламасында көлік дилерлері туралы жаңалықтар жасамайтын болды. Этикалық тұрғыдан алғанда, Беннет жасауы керек деп ойлайтын басқа қанағаттандырарлық жауап бар ма?

■ ■ ■ ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Журналистік құндылықтар мен бизнес бірлестіктерден түскен қысымдар балансы туралы RTDNA нұсқаулығы

RTDNA нұсқаулығы 2001 жылы жарық көрген. 1998 жылы RTDNA жүргізген сауалнама бойынша қатысушылардың оннан сегізі жаңалықтардың мазмұнына жарнама берушілердің ықпалы бар деп жауап берген. Ал 2001 жылы Керемет жобасының жасаған сауалнамасына қарасақ, жаңалық директорының бесеуінің бірі жарнама берушілердің жаңалықтарды жарыққа шығартпай қоятын жағдайлары болып тұратынын айтқан. Жарнама берушілердің ықпалы шағын нарықтағы арналарға қатты әсер етті. Ол жерде үш жаңалық директорының екеуі демеушілер тарапынан болатын дөңайбатты мәлімдеді. Зерттеушілердің бірі былай деп айтады: «Бір қаланың танымал адамы сол қаладағы арнада өзі жайлы жағымсыз жаңалық жарияланар болса, танымалдығын араға салып, оны алдырып тастайды. Бұл жағдай біздің бүгінгі кейсте де болды».

Пойнтер институтының қызметкері Томпкинс RTDNA-ның кодексін жазуға көмектескен. Журналистер мен жарнама берушілер арасындағы шиеленісті шешуге мынадай идеялар ұсынған:

- Журналистік еркіндігіңізді пайдалана жүріп, жаңалық, сату және ынталандыру бөлімдері арасында байланысты арттырыңыз;
- Жаңалықтар директоры мен сату менеджері арасында өзара тығыз қарым-қатынасты арттырыңыз. Сонда олар бір-бірінің проблемасын түсіне алатын деңгейге жетеді;
- Сату бөлімінің жаңалықтар бөліміне ешқандай ықпал жасамайтыны туралы хаттама жасаңыз;
- Жаңалықтар директорын басқа арналардың басшыларымен сұхбаттасуға алып барыңыз. Сол арқылы жаңалықтар департаментінің беделіне нұқсан келтірмей әрі қысқа уақыттық пайданы көздемей, шешім табуды үйренеді;
- Жаңалықтарды сапасына және сенімділігіне қарай жарнама берушілерге сатыңыз;
- Журналистердің жазғандарында жарнама берушілердің ешқандай ықпалы жоқ екенін оларға жеткізіңіз;
- Жоғарыда қабылданған шешімнен басқа қандай шешімдер ұсынар едіңіз? Беннеттің жұмыс істейтін арнасы таразының бір басына ақша қойылса, қандай жағдай туындаса да, қызметкерлердің талаптарын орындамай қоятын айдалары бар екенін білдіртті.

Мынаны байқап көріңіз

Бұл цитата ағылшындық Джордж Орвелдікі: «Журнализм дегеніміз — ешкім жариялағысы келмеген нәрсені жариялау, ал қалғандары — тек қоғаммен байланыс қана».

Көлік дилері мектеппен тығыз байланыста болғандықтан, жарыққа шықпақ болған оқиға оған қандай да бір зиян тигізетіндей көрінді. Соның алдын алу үшін жаңалықты алдыртып тастады. Бірақ жарнама беруші ретінде оның жаңалықтар бөліміне әмірі жүре алмайды. Жаңалық мазмұнын өңдеуге, жасауға, өзгертуге оған ешкім құқық бермейді, бере алмайды, бермеуі керек. Жаңалықтардың жарнамаға ешқандай қатысы жоқ. Алайда кейбір жарнама берушілер «егер арнаға ақша төлеп отырсақ, демек, оның жаңалықтарына да пәрменіміз жүреді» деп ойлайды.

Мына жағдайды талқылаңыз: әйел мен қызы машинада кетіп барады. Кенеттен машинаның тежегіші істен шығады. Ақыр соңында машина ағашқа барып соғылады, абырой болғанда, әйел мен қызы аман-есен қалады. Осы оқиғаны жергілікті арнаның тілшісі түсіріп, жақсы жаңалық дайындайды. Әлгі машинаның қай көлік өндірушіден алынғанын зерттейді. Қараса, жергілікті көлік дилері сатқан екен. Ал ол бұл жұмыс істейтін арнаға үлкен көлемде жарнама береді.

Бұл жағдай көлік дилері мен мектептің түскі асына қарағанда маңыздырақ па? Егер сіз тілші болғанда, қалай істер едіңіз? Осы оқиғаны жариялар алдында жаңалық директоры, сату бөлімімен қалай ақылдасар едіңіз?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Жаңалықтар бөлімі мен жарнама бөлімі бір-бірінен бөлек сияқты көрінгенімен, олар тығыз байланыста жұмыс істейді. ТВ арналар жарнамалар арқылы күн көреді, сондықтан Сюзан Беннеттің басына түскен оқиға сияқты жағдайлар болып жатыр. Пойнтер институты жанындағы Аль Томпкинс институтының осындай мәселелерге қатысты сұрақтары мен жауаптар тізімі көрсетілген. Ол жерде жарнаманың жаңалықтар бөліміне ықпалы жайында жазылған «Бизнес ықпалы мен журналистика құндылықтарын теңдестіру» мақаласы бар:

<http://www.poynter.org/uncategorized/1596/balancing-business-pressure-and-journalism-values/>

Профессор Лоуренс Солейдің жарнама берушілердің жаңалықтар бөліміне жасайтын бопсалауы жайында Әділдік және дәлдік есебі (FAIR) веб-сайтында берілген:

<http://fair.org/extra-online-articles/the-power-of-the-press-has-a-price/>

Журналистік шешім көпшіліктің қалауына қайшы келсе...

Веб-талдаудың ықпалы жөнінде

Гэри Ритзенталер

Бұл дәстүрлі журналистикадағы тепе-теңдікті сақтау туралы: көпшілік қалайтын оқиғаларды жазу және тәжірибелі журналистің көпшілікке не керек, не пайдалы, соны жазудың маңызы. Көп уақыт бойы журналистер мұндай таңдау жасарда түйсікке сеніп немесе аздап нарыққа зерттеу жасайтын. Бүгінде веб-талдаушылар қандай оқиға көпшілік назарына ілікті, қай мақалаға көп пікір жазылып жатыр, соларға қарап сұранысқа ие материалдарды анықтайды.

Осындай ақпараттар қолыңызда болса, қалай әрекет етер едіңіз? Егер сіздің сайтыңыздың оқырмандары танымал адамдардың ажырасуы туралы мақаланы көп оқып, бюджет дефициті туралы қажетті мақаланы оқымаса, онда бюджет дефициті туралы мақалаларды жазбау керек пе? Осындай сауалдар негізінде мақала таңдау және мақаланы сайтқа орналастыру мәселелері ортаға шығады.

Бір жас веб-продюсер халықаралық маңызға ие мақаланы көреді де, «бұндай мақала бас бетте тұруы тиіс» деп шешіп, ұйым сайтының негізгі

бетіне орналастырады. Бұл оқиға медиа ұйымдарының веб-талдаулардың ықпалын алғаш зерттей бастаған кезінде болған еді. Осы оқиғаны берген продюсер қыз өзінің бұрынғы жұмыс орнының беделіне нұқсан келтірмеу үшін оқиғадағы кейіпкерлердің аты-жөнін өзгертуді сұрады.

ОҚИҒА: МАҢЫЗДЫ МАҚАЛА НЕГЕ БАС МАҚАЛА ЕМЕС?

Газет шығаратын редакциялардың веб-продюсерлері сайттың жұмысын жіті қадағалап отырады. Онда салынатын мақалаларды рет-ретімен орналастырып, сайттың оқырмандар санын арттырумен, контент жасаумен, техникалық жұмыстармен айналысады. Содан кейін қай мақаланың жүгі ауыр, қай мақаланы оқу қызықты екенін талдап, соны бас бетке орналастырады.

Стэйси Родригез Флоридадағы The Florida Journal басылымының веб-продюсері болып жұмыс атқаратын. Бұл газет күн сайын шығатын, ал оқырмандары бүкіл әлемде бар. Газеттің басшылығы сайтқа қатысты бір фотограф редактор, бір копирайтер, бір жалпы редактор сайлап қойған. Басты бетте қандай материал жарық көретінін, қай мақала қайда, қалай тұру керектігін шешетін веб-продюсер тікелей бас редакторға бағынатын. Егер супервайзер редактор жоқ болса, онлайн продюсер өзі шешім қабылдай береді, ал редактор қайта оралса, билік соның қолына қайта өтеді.

«Ол кезде халық арасында кеңінен тарап кеткен атышулы оқиғалар туралы жазатын журналистерге нақты бір нұсқаулық жоқ еді. Әр журналист өз білімі мен тәжірибесіне сүйеніп жазатын», — дейді жас продюсер Родригес.

«Мен жұмыс істеген жерде жанымда онлайн-продюсер отыратын. Продюсер деген аты болмаса, ол, негізінен, онлайн-тілшілік пен онлайн-редакторлық жұмыстарын атқаратын. Жұмысын жақсы білетін (Қазақстандағы ақпарат агенттіктері мен сайттарда бұл қызметті «шығарушы редактор» деп атайды — *Ред.*).

Таңертеңгі уақытта оларға жұмыс болмайды. Тілшілер шаралар мен оқиға орындарына барып келіп, жаңалықтарын дайындап бергенше ол бос отырады. Тілшілердің ақпараттары дайын болғаннан кейін ғана олар мақалаларды тексеріп, сайтқа орналастыруға қамданады», — дейді Родригес.

Мәселен, әлдебір көшеде өрт болып жатыр делік. Тілшілер оқиға орнына барып, түсірілген видеоларын онлайн-продюсерлерге жолдайды. Продюсер оны сайтқа салады.

Тілшілердің жіберген ақпараттарынан бөлек онлайн-продюсерлер өзге ақпарат агенттіктері мен сайттарды жіті қарап, маңызды оқиға бар болса, сол туралы жазуға міндеттеледі. Бұдан бөлек мемлекеттік орган, ірі компаниялар мен түрлі мекемелердің баспасөз қызметтерінен, яғни ресми сайттары мен әлеуметтік желілердегі парақшаларынан ақпарат қарайды.

Ол кезде The Florida Journal басылымының бас бетінде негізгі ең маңызды деген бір мақалаға үлкен орын қалдырылып, одан кейін барынша маңызды үш-төрт мақалаға төменгі жақтан орын берілетін. Бұл мақалалар әртүрлі салалардан болуы керек. Бірі – экономика, бірі – саясат, келесілері – өнер немесе спорт деген секілді. Ал бас мақала көпшілікке ортақ, ең көп аудитория жинайды-ау делінген мақала болуы тиіс.

Родригестің пікірінше, The Florida Journal сайтының негізгі бетіндегі дизайн оқырмандардың мақалаларды бірінен кейін бірін оқып, сол сайттан шыға алмай қалатындай қызықты ету қағидасы негізінде жасалынған. Бір мақалаға кіргеннен кейін жанында тағы бір мақаланың тақырыбы көрініп тұруы керек. Сол кезде оқырмандар автоматты түрде екінші мақалаға кіреді. Веб-дизайнерлердің негізгі жұмысы да – осы.

2008 жылдың ақпан айының бір күні Родригес жұмыста кезекші еді. Ол кезде жыл соңына жоспарланған АҚШ Президент сайлауының қызу науқаны жүріп жатқан. Ақпан айында алдын ала жүргізілген болжамды дауыс беруде елдегі 24 штатта «Республикалық партия» мен «Демократиялық партия» айтарлықтай деңгейде аз дауыс жинап қалған. Сол күннің жаңалығы да осы болатын. Ал редактор бас мақалаға әлдебір қаладағы жол-көлік оқиғасы мен онда бірнеше адамның қаза болуы туралы мақаланы салды. Родригес мұнымен келіспеді. Бас мақала ретінде сайлауалды науқанындағы қос партияның ең ірі сәтсіздігі туралы мақаланы қою керек деді. Бұл Родригес үшін тек кәсіби шеберліктің емес, сонымен қатар этиканың да сақталмауы секілді көрінді.

Дегенмен Родригес қарапайым продюсер болғандықтан, редактордан аса алмай, бас мақала ретінде сол күні сайтта жол-көлік оқиғасы тұрды.

Тығырық: Бірінші бетке қай мақаланы қою керектігін кім шешеді?

Сол күні Родригестің ойына мынадай сауал келді: Халықаралық жаңалықтардың елдің ішкі жаңалықтарынан маңыздырақ болуының өлшемі қандай? Қандай жағдайда халықаралық жаңалықтарды елдің ішкі жаңалықтарынан маңызды дей аламыз? Танымал адамдардың қай әрекеті аудитория үшін маңызды және қызық болуы мүмкін?

Родригестің ойына бұдан басқа да сұрақтар келді. Көбі, шынымен де, ол үшін жаңа еді. Бұрын өзіне ондай сауал қойып көрмеген болатын. Мерзімді басылым қызметкері болғандықтан Родригес онлайн-басылымдардың аудиториясына қалай ақпарат ұсыну керектігін білмейтін. Бұл тұрғыда мерзімді басылымға қарағанда, сайт редакциясы өздерінің қай мақалаларының жұртқа көбірек ұнап, қайсысын аз оқитынын статистикадан біле алады. Ал газетте ондай мүмкіндік жоқ. Сайттың жарияланымдарының оқылу және талқылану статистикасын зерттеп, қорытынды шығаруды «веб-талдау» деп атайды.

Қай ақпараттың көпшілік тарапынан көбірек оқылып, қызықты болатынын білу — ақпарат құралдары үшін өте маңызды. Бұл редакцияның, оқырмандардың сұранысы мен қалауына сай тақырыптар туралы мақала жазуына түрткі болады. Веб-талдаушылар бұл тұрғыда редакция басшылығына ұсыныстары мен кеңестерін айтып, іздеу жүйесінде сіздің сайтыңыздың бірінші шығуы мен SEO ілгерілету жұмыстарын жасап, оқырманға сол сайтты барынша жақындатуға жұмыс істейді. Сонымен қатар қай тақырыптағы (саясат, экономика, өнер, спорт, т.б.) материалдар қандай форматпен (мақала, инфографика, слайд-шоу, сурет, видео, т.б.) жазылса, көбірек оқылатынына зерттеу жасайды.

Аудиторияның нені қалайтынын жақсы білсеңіз, сіз өз ақпарат құралыңыздың қай штаты мен қызметін қысқартып, қай жерді керісінше кеңейту керектігін түсінесіз. Көп жағдайларда өз сайттарының трафигін зерттеп қана қоймай, жалпы елдегі немесе әлемдегі осы тектес ақпарат құралдарының қай бағытқа қарай бұрылып жатқаны мен осы саладағы өзгерістерді де назарда ұстап отырады.

Веб-талдау мамандарының пікірінше, олардың талдауларының қорытындысы журналистердің қалай ақпарат жазу керектігін де үйретеді. Олардың айтуынша, қазіргі кезде жаңалықтар бұрынғыға қарағанда барынша ғылымиланған және демократияланған. Қазір көпшіліктің қандай жаңалық оқығысы келетінін біле тұра, неге әлі күнге дейін бұрынғы тәжірибе мен ішкі түйсікке ғана сенеміз? Көз алдымызда тұрған веб-талдаудың нәтижесіне неге көз жүгіртпейміз? Сіздің ақпарат құралыңыз неше жерден күшті болса да, егер сіз SEO және өзге де веб-талдауларға жүгінбейтін болсаңыз, жұмысыңыз босқа зая кетеді.

Алайда журналистердің көпшілігі веб-талдауға сенімсіздікпен қарайды. Олардың пікірінше, веб-талдаудың нәтижесі сайттың қалыптасқан жазу дәстүрін өзгертін жіберуі мүмкін. Жоғарыдағы оқиға секілді редакция басшылығы «халық нені білуі керек» деген қағида бойынша емес, «халық нені қалайды» деген қағидамен жұмыс істеуіне тура келеді.

Осы тұрғыда «Веб-талдауды қалай дұрыс пайдалану керек» деген сауал пайда болады. 2010 жылы New York Times басылымында шыққан мақалада Джереми Петерс атты тілші веб-талдаулардың ірі ақпарат құралдарындағы дәстүрлі журналистикаға әсерін зерттеген. Өз жұмысында ол The Wall Street Journal газетінің wsj.com сайты мысалға алады. Онда Родригестің жоғарыда веб-продюсерлердің айтқанындай, wsj.com редакторлары таңертең жұмысқа келе сала соңғы веб-мәліметтерді қарайды. Петерс wsj.com атқарушы редакторының сөзін келтіреді³: «Біз соңғы мәліметтерге қараймыз. Егер әлдебір статистика күрт өзгеріп, не болмаса, әлдебір цифр тым өсіп немесе азайып кететін болса, біз оны бас мақала ретінде береміз. Бұл аудиторияға маңызды үлкен оқиға өткен секілді әсер етеді».

Ал The Times басылымында да ресурсты анықтау үшін веб-талдауларды пайдаланатын ақпарат агенттіктері туралы айтады. Бұл дәстүрлі журналистика үшін жағымсыз жаңалық секілді көрінгенімен, Петерс веб-талдаудың да өз артықшылықтары бар екенін, оны тек пайдалана білу керектігін жеткізген. Веб-талдау тек қай тақырыпта жазу керектігін емес, сонымен қатар қалай жазу керектігін де көрсетеді. Мәселен, ең көп оқылатын тақырыптың бірі — жемқорлық туралы жаза берудің орнына, кез келген ақпаратты қалай берген жөн, оның формасын қалай жасаған абзал, видеоның ұзақтығы қанша болуы керектігі туралы веб-талдаудың нәтижелеріне қарап, дайындалған ұсыныстарды тәжірибеге қосу — редакция жұмысын керісінше жемісті ете түспек.

Өз кезегінде The Washington Post тілшісі Паул Фархи Петерстің жоғарыдағы еңбегіне жауап ретінде Америка Журналистика шолуына мақала жариялады: «Біздің редакция оқырмандардың сұранысына байланысты ғана ақпарат жарияламайды. Күн сайын әртүрлі оқиғалар болып жатады. Біз тек соны жариялауды өз мойнымызға аламыз». Фархидің пікірінше, күн сайын алуан түрлі ақпарат арасынан қайсысы қандай жаңалық деп отыратын уақыт жоқ. Олар бар ақпаратты шетінен жариялай береді.

ШЕШІМ: «ЖОҒАЛТЫП АЛҒАН МҮМКІНДІК»

Тараудың бас жағындағы Родригес пен редакторы арасындағы оқиғадан кейін де ол редакторына барып бас мақалада тұрған танымал адам туралы материалдың орнына ауыл шаруашылығына қатысты қолмен суару технологиясы туралы жазылған мәтінді қойғысы келетінін айтты. Дегенмен

3 Jeremy W. Peters, Some Newspapers, Tracking Readers Online, Shift Coverage, New York Times, September 5, 2010, <http://www.nytimes.com/2010/09/06/business/media/06track.html>.

редактор тағы да оның өтінішін орындамады. Родригес бұл жолы мәселені өзге де редакторлармен талқылап, басшылыққа жеткізу керек деп ойлағанымен, ойынан бірден айныды.

«Онлайн-журналист ретінде, мен көше қозғалысы туралы жазғанымның оқырмандарға қызықты болатынын білемін. Сол үшін біз осы мәселе бойынша статистикалық мәліметтерді де қамтуымыз керек», – деді Родригес. Ал қолмен суару технологиясының бас мақала ретінде салынбай қалуын ол «жоғалтып алған мүмкіндік» деп қабылдады. Оның ойынша, жаңалыққа маманданған ақпарат құралдары мемлекеттік, әлемдік деңгейде маңызы бар жаңалықтарды бас бетке беруге белгілі бір деңгейде міндетті.

«Егер шағын ғана газет болса, мен оншалықты ренжімес едім. Онсыз да АҚШ-та халықаралық маңызды тақырыптар туралы жазатын ақпарат құралдары аз», – деді Родригес.

Петерстің мақаласы шыққан айда The Washington Post газетінің репортеры Пол Фархи өз редакциясындағы жағдайды сипаттайтын Америка журналистикасы туралы шолу жасайды. «Біздің редакцияның шешімдері көбіне-көп «оқырманмен санастық» дегенге сайып жатады. Басты бетке шығатын мақалалар оның оқылу деңгейіне орай үнемі өзгеріп отырады», – дейді ол. Фархидің ойынша, мақаланың оқылу деңгейі редакторларға үнемі ықпал етін отырады: «Өйткені олардың басты мақсаты – газетін, яғни тауарын сату. Олардың кейбірі маған осы мақсатқа жету жолында мақаланың құндылығын бағалау жұмысының біршама тоқырап қалғандығын айтқан еді».⁴

ОЙ ҚҰРАЛЫ: В.Д. Росс және қарама-қайшы жауапкершіліктің бірін таңдау

Шотландиялық философ У. Д. Росстың пікірінше, адам баласы кез келген моральдық шешім қабылдаған кезде ортақ заң мен әдепке сүйенбей, қарама-қайшы мүдделер арасында таңдау жасайды. Басқаша айтар болсақ, Росс теориясы көптеген факторды бағалау мен сараптауға негізделген плюралистік таңдау. Оның ойынша, бір ғана формула мен заңға негізделген

мораль теориясы дұрыс емес шешім қабылдауға жол ашуы мүмкін.

Бұл әсіресе тараудың басындағы жағдайға қатысты. Родригес екі таңдаумен бетпе-бет келді. Бұл оның журналистік мансабы үшін маңызды еді. Бір жағынан, журналист оқырманға маңызды оқиғаларды хабарлауы керек болса, екінші жағынан, оның басшылық алдындағы міндеті айтқанда-

4 Paul Farhi, Traffic Problems, American Journalism Review, September 2010, <http://www.ajr.org/article.asp?id=4900>.

рын орындап, тапсырманы екі етпеу. Екі жолдың екеуі де өте маңызды. Екі таңдаудың бірі – маңызды ақпарат, ал екіншісі – редактордың тапсырмасы. Ал екінші жағдайды қарастырып көрейік, бас мақалаға екі ақпарат лайық болса ше? Ондай жағдайда, бірнеше дұрыс нұсқаның кез келген бірін таңдау дұрыс шешім болып саналады. Плюралистік мораль теориясын Родригестің оқиғасына қатысты пайдалану көптеген сауалға жауап тауып береді:

Мен тапсырылған жұмыстың маңызды екенін қайдан білемін?

Екі таңдаудың қайсысы маңызды екенін қалай анықтаймын?

Бірінші сұраққа, Росс жауапкершіліктің бірнеше санатын атады. Мәселен, уәдеде тұру, өзгелерге зиян тигізбеу,

өзімізді жетілдіру және тағы басқалары. Бұл – біздің жалпы азамат ретінде қоғамдағы міндетіміз. Ал жұмысқа тұрғанда сізге тағы да қосымша жауапкершілік жүктеледі. Журналистер мәселен, Кәсіби журналистер қауымдастығының Этика кодексінде көрсетілген міндеттерді орындауы тиіс. Осы міндеттері мен жауапкершіліктеріне қоса, журналистердің қызметкер ретінде жұмыс орнында, бастығының алдында тағы басқа да міндеттері бар. Кез келген салада кикілжіңдер, негізінен, жұмыскер ретінде және маман ретінде түрлі жолды таңдауымыздан туындайды. Росстың пікіріне сүйенсек, мүдделер қайшылығы кезінде жауапкершілігі ауыр осындай таңдаулар жасауда дұрыс жолды табу – тек тәжірибемен ғана келетін дүние.

Соңы: Барынша көп талдау, таңдау және сауал

Ақырында Родригес ол жұмыстан шығып, жекеменшік компанияның корпоративті сайтының басшылығына ауысып кетті. Жұмыстан шығуына редактормен арадағы бас мақаланы таңдау мәселесі себеп болмағанымен, Родригес The Florida Journal басылымында жүргенде «журналистік таңдау мен көпшіліктің ақпараттық сұранысының» сәйкес келмейтінін көп байқады.

«Мен қазір журналистикадан кеттім. Өйткені мен тұрақты салада жұмыс істегім келді. Дегенмен әлі де жаңалықтар қызметінде еңбек етуге құмарлығымды жоғалтқан жоқпын. Бірақ менің журналистикадағы қағидаларым мен ұстанымдарым қазіргі журналистикадан бөлек», – дейді Родригес.

2008 жылдан бері веб-талдау журналистикаға айтарлықтай әсер ете бастады. 2011 жылы Рейнолд Журналистика институтының АҚШ ақпарат құралдарындағы басқарушы редакторлар, редакторлар мен атқарушы редакторларына жасаған зерттеуге сүйенсек, олардың 90 пайызы апта, ай, күн сайынғы талдау жұмыстарын пайдаланатынын, соның ішінде 49 пайызының сол талдау нәтижесіне қарай редакция жұмысын өзгертетіні белгілі болған. Сонымен қатар, зерттеуде белгілі болғанындай, 25 мыңнан

көп таралыммен шығатын басылымдардың 72 пайызы талдау материалдары негізінде мақала жазатын болса, 25 мыңнан аз таралыммен шығатын басылымдардың тек 44 пайызы ғана әлгіндей әдіспен мақала жазады екен⁵.

Веб-талдаудың жаңалықтар қызметінде пайдалану көрсеткіші көбейгеніне байланысты бағдарламалық қамтамасыз ету қуаты да арта түсті. Analytics атты бағдарламалық қамту қазіргі таңда медиа компанияларға түрлі тәсілдермен ақпараттық саясатты құрып, журналистердің кез келген ақпаратты оңай алуына мүмкіндік ашты. Бүгінгі бағдарламалық қамтамасыз ету аудиторияның онлайн ақпарат құралына қаншалықты жиі кіретінін, неше минут бір ақпаратта отыратынын, қай сайттар арқылы, қай әлеуметтік желілер арқылы кіретінін – бәрін анықтап береді. Ол 2008 жылы тек бірнеше формада басшыларға ғана арналған болатын⁶. Журналистер осындай талдаулардың нәтижелері туралы көбірек білген сайын, ақпаратты (енді тек қызықты немесе маңызды екеніне көңіл аудармай) сонымен қатар SEO тұрғысынан да оңтайлы етіп жазуға тырысады. Ал компаниялар өз кезегінде қызметкерлеріне мәліметтердің жаңа түрін игеруге қолайлы жағдай жасап беруге мән беріп, дәстүрлі журналистика мен жаңа тәсілдердің арасында тепе-теңдік орнатуға күш салады.

2010 жылы Никки Ашер жаңалықтар бөлімінің SEO қызметінде тағылымдамадан өтті. «SEO біздің журналистік өмірімізді қарапайым етіп тастады. Ақпарат агенттігінің SEO-ны қаншалықты меңгергені оны жетістікке жеткізуге негізгі факторлардың бірі болса керек. SEO-ның мүмкіндіктерін түсінген медиа компания құр дақпырт пен бос ақпаратқа еріп, сапасыз трафик қумай, аз және тиімді жұмыс істеу тәсілін пайдаланады. Бұл ондағы журналистер үшін де жақсы. Журналистер өздерін кәсіби маман емес, Google Trends-тің құлы секілді сезінбеуі үшін медиа компания өзінің SEO стратегиясын журналистерге түсіндіруі керек⁷.

5 Joy Mayer, Highlights from the 2011 Journalists Engagement Survey, Reynolds Journalism Institute, July 7, 2011, <http://rjionline.org/news/highlights-2011-journalists-engagement-survey>.

6 Мысал үшін Newsbeat software ресурсындағы талқылауды қараңыз: <http://www.niemanlab.org/2011/08/newsbeat-chartbeats-news-focused-analytics-toolplaces-its-bets-on-the-entrepreneurial-side-of-news-orgs/>

7 Nikki Usher, What Impact Is SEO Having on Journalists? Reports from the Field, Nieman Journalism Lab, Sept. 23, 2010, <http://www.niemanlab.org/2010/09/what-impact-is-seo-having-on-journalists-reports-from-the-field/>

Ой елегінен өткізсек:

1. Стейси Родригес The Florida Journal басылымында жұмыс істеп жүргенде басшылық оған ақпараттарды қалай таңдау керектігі туралы үйретпеді. Осы орайда Родригестің басшылық пікірімен келіспеуі қаншалықты орынды? Сіз оның орнында болғанда не істер едіңіз?
2. Егер сіз бұрын бір жерде журналист болып қызмет еткен болсаңыз, ол мекеме аталған талдау жұмыстарын қалай жүргізді? Сіз Родригестің оқиғасы секілді жағдайлармен бетпе-бет келдіңіз бе?
3. Егер сіз жаңалықтар қызметінің басшысы болсаңыз, қарамағыңыздағы журналистерге қандай талап қояр едіңіз? Веб-талдау нәтижесін пайдалану туралы қандай кеңес берер едіңіз?
4. Америка журналистік шолуы басылымындағы еңбегінде Паул Фархи веб-аналитика туралы мәселе көтерді. Веб-талдаудың журналистика үшін маңызының бар-жоғы, қаншалықты керек екені, беретін әсері туралы сіздің ойыңыз қандай? Оқырман ретінде сіз көпшіліктің аузында жүрген жаңалықтар жарияланған ақпарат құралдарын жақсы көресіз бе, әлде маңызды ақпараттарды берген БАҚ-ты тәуір көресіз бе, әлде сіз үшін маңызды ақпарат деген сол ел аузында жүрген жаңалықтар ма?
5. Веб-талдаудың маңызын түсіну журналистердің жазуына, тақырыбына, жеткізу тәсілдеріне қаншалықты әсер етеді деп ойлайсыз?

Егер...

Өз еңбегінде Паул Фархи кей ақпарат агенттігінің контент трафигін арттыру үшін қолданатын құлығының бірнешеуін мысалға келтіреді. Мәселен, ол «Тым сұлу болғаны үшін жұмыстан қуылды» деген тақырыппен жазылған мақаланы мысалға келтіріп, ең негізгі деген тәсілдерді тізеді⁸.

Негізі, мұндай тәсілдерде стандартты жол жоқ, бірақ кейбір көп қолданылатын әдістер бар. Мәселен, жаңалықтардың ішіне атақты адамдардың суреттері мен аттарын енгізу сол ақпараттың Google-да танымал болуына түрткі болса, біреулер аудиторияға әртүрлі тақырыптағы жеңіл-желпі сауалнамалар ұйымдастырады.

Өз тәжірибеңізде сіз осындай күмәнді немесе тақырыптары менмұнда лап тұрған мақалалар көрдіңіз бе? Мысал келтіріңіз. Ол жерде қандай тәсілдер қолданылған? Сіздің ол туралы ойыңыз қандай?

8 Farhi, Traffic Problems

Егер сіз өте маңызды мақала жазсаңыз, бірақ аз ғана адам оқыса, ал сіздің бір әріптесіңіз жазған жеңіл-желпі ақпараттың оқылуы көп болса, қандай сезімде боласыз? Өз мақалаңыздың оқылуын көбейту үшін қандай тәсілдер қолданасыз?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Веб-продюсер (шығарушы редактор) қызметі, міндеттері мен қабілеттері туралы көбірек білім алғыңыз келсе төмендегі сілтемелерді пайдаланыңыз.

<http://journalismjobs.com/>.

<http://projects.pbs.org/confluence/display/PX/Production+Requirements>

<http://www.adweek.com/fishbowlny/the-journalists-guideto-analytics/241831>

<http://www.poynter.org/how-tos/digital-strategies/e-media-tidbits/104772/what-web-analytics-can-and-cant-tell-you-about-yoursites-traffic-and-audience/>

Лауазымды тұлғалардың блогтегі пікірін қалай пайдаланған жөн?

Кеңесшінің блогі туралы

Джэн Лич

Технология саласына маманданған жас журналист мемлекеттік органда қызмет ететін лауазымды тұлғаның блогінен даулы мәліметтерді тауып алады. Блогте лауазымды тұлғаның журналистермен кездесуінде, не болмаса арнайы сұхбаттарында кей мәліметтерді жасырып қалғаны туралы сөз қозғалған. Блогте жарияланған мәліметтердің барлығы ақпарат құралдарында жаңалық болып шығуы керек пе? Лауазымды тұлғалардың айтқанын журналистердің сөзбе-сөз қолдануына бола ма? Мемлекеттік орган қызметкерлерінің блогтерінде жазылған жайттар қаншалықты ашық?

Блогтер дамыған кезең болса да, осы мәселелер әлі күнге дейін нақты шешімін таппай отыр. 2008 жылы блог жазу әлі кең тарала қоймаған еді, ал блогті түсінетін тәжірибелі журналистер осы блогтерге редакторлық жасап, сауалдарға жауап беріп отыратын.

Оқиға: ҚАЛА ӘКІМІНІҢ КЕҢЕСШІСІ ОЙЫНДАҒЫСЫН АЙТТЫ

Миранда Уотлинг есімді журналист Lafayette Journal & Courier деген журналдың жаңалықтар бөлімінде жұмыс істеп жүрген кезінде Google-дан ескерту алды. Оқиға былай болды:

2008 жылдың ақпан айы еді. Уэст Лафайеттедегі мектептерді қалаға қосу мәселесі қызып тұрған кез болатын. Мектеп басшылығы да оқу орындарын қаланың білім басқармасына қосу бюджет үнемдеу тұрғысынан ұтымды шешім екенін айтқан. Алайда қозғалған ешкім болмады.

Ол кезде 22 жастағы Уотлинг Journal & Courier журналы мен Индиана штатындағы Gannet басылымына он екі жылдық білім беру жүйесі туралы бір жылдай тұрақты мақала жазып жүрген еді. Алғаш журналистік қызметін осы тақырыптан бастаған ол білім беру саласының қоғамда ерекше талқылауға түсетінін білмеген-ді. Әйтсе де, уақыт өте келе көпшілікті алаңдататын және редакция қызметі үшін де ұтымды тақырып осы білім беру саласы екенін түсінді. Білім саласындағы мұғалімдердің біліктілігі, мектеп ұйымдастыратын іс-шаралар, мектеп бюджеті, студенттердің қажеттілігі, одан қалды халықтың төлейтін салығы Уотлингке аптасына сегіз мақалаға дейін жазуға мүмкіндік берді. Жазғандарының біразы басылымда бас мақала ретінде де жарияланып жүрді.

Осы мәселелерге қатысты жазылған мақалалар көптеген кездесу мен шараларда талқыға түсіп, кейбірі — осы саладағы үлкен өзгерістерге түрткі болып, лауазымды қызметкерлердің жұмысына әсер етсе, енді бірі — сол жазылған күйі қалып қойып жатты. Уэст Лафайетте қауымдастығы мектептерін қаланың мектептеріне қосу мәселесі шаһардағы білім беру жүйесінің басты тақырыбына айналды. Қауымдастық мектептері басшыларының мәліметіне сүйенсек, қаланың білім бөлімінен бөлек болғандықтан, олардың тұрмыстық ахуалы нашарлап кеткен. Уэст Лафайетте болса, Purdue университеті орналасқан үлкен округ. Штат басшылығы аз уақыт бұрын ғана Уэст Лафайетте секілді 2000 оқушыға жетпейтін студенті бар округтегі мектептерді жақын жердегі ірі қалалардың басқаруына беру керектігі туралы мәлімдеме жасаған еді.

Бұл тақырып Уотлингті ынтықтырып, осы мәселені зерттеу керек деп шешті. Қалалық білім бөлімі мен мектепшілік кеңестерде айтылған сөздерден кейін Уотлинг тақырыпқа тіптен қызыға бастады. Мектептердің басшылары оқу орындарын біріктіру жұмыстарымен айналысатын арнайы комитет құру туралы ұсыныс тастады. Оның пікірінше, бұл оқушылар санының артуына, мектептердің материалдық базасының нығаюына әсер етпек.

Мәселе тым күрделі болғандықтан бастапқы жиналыстарда сұрақ қоюшылар болмады. Дегенмен Уотлинг мәселені ары қарай зерттей түсу керек деген шешімінен айнымады. Білім беру саласындағы осы мәселені асықпай, бірнеше мақалаға арқау етпек болды.

Арада бірнеше күн өткенде Уотлинг қала әкімдігінің кеңес мүшесі Питер Бандердің блогіне кірді¹. Бандер өз жазбасында аталған мәселеге қатысты бес мәселе көтерген екен. Содан-ақ оның мектептерді біріктіру бастамасына қарсы екені білінін тұрды. Бандердің ойынша, мектептерді қаланың білім басқармасының қарауына беру кезіндегі жұмыстардың ашық және таза өтетіні күмәнді. Әсіресе мұндай ойдың аяқ астынан пайда болып, осы бағыттағы жаңа комитеттің құрылғаны көкейге күдік ұялатады. «Бұл мәселе тым күрделі», – деп жазды кеңес мүшесі. Кеңес мүшесі ескертулерді жиі алға тарта отырып, мәселені іштен білетін адам ретінде бастаманың оп-оңай іске асырыла салмайтынын түсіндіргісі келгендей. Сонымен қатар Бандер: «Бәрі тым ақылды секілді көрінеді. Ал мәселе негізі күрделі», – деп жазды.

Бандердің кім екенін білгенімен, Уотлинг білім саласының маманы болмағандықтан, одан ешқашан сұхбат алып көрмеген еді. Бандердің осы жазбасы Уотлинг мақала беріп жүрген Journal & Courier басылымында бұл мәселені басқа қырынан тануына түрткі болды. Нақтырақ айтар болсақ, Уотлинг «бұл бастаманың артында кімдер тұр», «мектептерді қаланың білім басқармасына бергеннен қандай оң және теріс нәтижелер болады» деген секілді сауалдарға жауап іздей бастады. Нәтижесінде, осы бағыттағы ізденістерді «кешенді тексеріс» деп атады. Бір айта кетерлігі, Бандерден бұрын бұл мәселе туралы лауазымды тұлғалардың ешқайсысы ашық пікір білдірмеген еді.

■ ■ ■ ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Блогте жаңалықтарды қолдану тәсілдері

Интернет – дереккөзбен байланыс орнату мен халықтың кері реакциясын анықтаудың таптырмас құралы. Алайда блогтерде немесе басқа да онлайн-желілерде жарияланған мәліметтерді қолданар алдында оны журналист ретінде қалай тексеру ке-

ректігін білмесең, өте үлкен қиындыққа соқтыруы мүмкін. Сондықтан мына тәсілдерді қарастырыңыз:

Түпнұсқалығын растау: Мақаладағы мәліметті растау үшін, қандай да бір блогке сілтеме жасау үшін оның авторын

1 Peter Bunder, School Reorganization Study, West Lafayette District No. 2, Feb. 2008, <http://wldistrict2.blogspot.com/2008/02/school-reorganization-study.html>.

анықтап алу керек, яғни авторға тікелей хабарласу керек. Өйткені лауазымды тұлғалардың блогтерінде, Facebook, Twitter парақшаларында олардың өздері емес, көмекшілері отыруы мүмкін. Ал кейде біреулер лауазымды тұлғалардың атынан жалған парақша ашып алуы да ғажап емес. Сондықтан интернеттегі жазбаны нақты сол адам жазғанын тікелей хабарласу арқылы анықтайсыз.

Хабарлау: Әдетте кез келген ақпаратты қалай зерттейсіз, мұны да солай зерттеңіз. Блог иесі не себепті сол жазбаны жазды және ол ақпарат сіздің оқырмандарыңызға қаншалықты қызық? Сонымен қатар блог жазған адам жағдайды ішінен терең білетін адам ба, әлде сырттай ғана таныс адам ба?

Осы сауалдарға өз ойыңыздан тағы бір-неше сұрақ қосыңыз. Блогті жақсылап оқып шығыңыз. Мазмұны түсінікті ме? Бұл бұрын көрген өзге бір блогтегі жазбаға ұқсай ма? Ұқастықтар болса салыстырып, автордан мән-жайды анықтаңыз. Сонымен қатар мыналарды есте сақтаңыз: Әдетте блогтегі жазбалар тез ескіріп кетеді. Сіз аудиторияға онлайн-пікірталастардан да мәлімет шығарып бере аласыз. Мәселен, қандай да бір проблемаға қатысты халықтың пікірін көрсету үшін блогті жазылған пікірлерді мысал ретінде

беруге болады. Сол пікірлердің ішінен кейде құнды пікірлер де кездестіруіңіз мүмкін.

Ашық болу: Кімнің онлайнда отырғанын тани біліңіз. Аудиторияға ақпаратты қайдан алғаныңызды айтыңыз. Мәселеге қатысты мүдделер қайшылығы болса, оны жасырмай беріңіз, халықтың қайшы пікірлерін де қосыңыз. Қателерді дереу анықтап, жөндеп, оның қалай кетіп қалғанын оқырманға ашып айтыңыз. Егер қандай да бір мәлімдеме, ескерту немесе түзету жасайтын болсаңыз, жұмыс орныңыздың осы туралы ішкі тәртібімен танысыңыз. Жазылған, жарияланған нәрсенің тез тарайтынын және бүкіл халық көретінін ұмытпаңыз.

Мәселенің ақырын ескеру: Егер этикалық тәртіп сақталмағаны туралы күмәніңіз болса, материалды жариялай салмай, қайта қарап шығыңыз. Мәселені әріптестеріңізбен ақылдасып, дереккөздердің де пікірін біліңіз. Мәселеге блог жазған тұлғаның көзімен де, қарапайым адамдардың көзімен де қараңыз. Онлайнда жарияланған жазбаның барлығы мәселені ашық көрсете бермейді және оның бәрі тек позитивті нәтижеге алып келеді деген сөз емес. Егер блогке жазған пікірлерді қолдансаңыз, мәселені шиеленістіруден, отқа май құйып алудан сақ болыңыз.

Тығырық: БЛОГТЕГІ ЖАЗБАЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫНАН АҚПАРАТ ЖАСАУ КЕРЕК ПЕ?

Бандердің жазбасы мәселені терең қозғағандықтан, Уотлинг оны өз мақаласында қолданбақ болды. «Мемлекеттік орган қызметкерлері ішінен осы мәселеге қатысты алғаш пікір білдірген, оның пайдалы және зиянды тұстарын тарқатып айтқан алғашқы адам», — дейді Уотлинг. Уотлинг барлық лауазымды тұлғалардың ой-пікірін анықтамақ болды. Алайда алдымен блогті, шынымен де, Бандердің өзі жазғанын анықтау керек деп шешті.

Журналист осы идеяларын J&C басылымының жергілікті редакторы Дейв Бангертке айтты. Редакторы осы аймақта бірнеше жылдан бері жұмыс істегендіктен, проблеманы тереңірек білетін. 2008 жылы ақпарат

құралдары әлі блогтегі жазбаларға сілтеме беріп ақпарат дайындамайтын еді. Ал Уотлингтің өзі болса төрт жылдан бері блог жазып жүрген. Ол блогінде журналистика туралы білгендерімен бөлісіп, халықтың бұл сала туралы білімін жетілдіруге үлес қосуға талпынатын. Алайда Уотлингтің ұсынысына редакторы рұқсат бермеді. Блогтегі жазбаны пайдалануға болмайды деп шешті.

«Өйткені ол жазбаны Бандердің өзі жазбаған болуы мүмкін», — деп қауіп қылған. «Әдетте ондай лауазымды тұлға осындай мәселелер жайлы блогте мәлімдеме жасамайды», — деді. Бангерт бұл тұрғыда Бандердің ешқашан да блог жазбағанын алға тартты. Сонымен қатар Бандердің блогі оның жеке өміріне байланысты болғандықтан, оның блогте жазғанына сілтеме беру — жеке өміріне қол сұғумен пара-пар деді. Ал Уотлинг блогті көпшіліктің назарына әдейі ұсынылған мәлімдеме деп санап, редактордың пікірімен келіспеді. «Блогке жарияланса, демек, ол көпшіліктің осы туралы білгенін қалайды», — деді Уотлинг.

Блогтегі жазбаға сілтеме беру арқылы ақпарат дайындау — ол кезде енді ғана еніп жатқан тәжірибе еді. Бұл тұрғыда Уотлинг блогтегі жазбалардың қолданылуына қарсы шығатын журналистерді технологиялық дамуға ере алмайтын адамдар деп ойлайтын іштей. Өзі де жеке блог жүргізетін болғандықтан, журналист ретінде біреудің блогіндегі мәліметті алудың еш әбестігі жоқ деп білді.

Дегенмен лауазымды тұлғалардың блогіндегі мәлімдемелерге сілтеме берудің жүз пайыз дұрыс екеніне сенімді болса да, редакторының айтқанынан аса алмады. «Бұл қаладағы ең маңызды мәселелердің бірі еді және ол туралы лауазымды тұлғаның өзі мәселе көтеріп отыр. Ол кезде мен мақалаға тек ресми мәлімдемелерді ғана пайдалана алатын едім. Оның өзінде сілтеменің дұрыс берілгенін анықтау керек», — дейді Уотлинг.

Уотлинг осы мәселені зерттей жүріп, Бандердің осы лауазымға келгеннен кейін бірнеше апта өткен соң жазған ескі блогін тауып алды. Бұл жазба әлгі мәселенің көтерілмей тұрған кезінде жазылған екен. Жазбаның басына «Бұл жазбаны баспасөз хабарламасы ретінде қабылдаңыздар», — деп көрсетілген. «Сіздер менің не істеп жатқанымды, не ойлап жүргенімді, не болмаса, қандай жоспар құрып жатқанымды білгілеріңіз келетін шығар. Осы ауданның атынан жұмыс істейтін адам ретінде аталған сауалдарға блогімде жауап беруге тырысамын»² делінген жазбада.

2 Peter Bunder, Think of This as a Press Release. West Lafayette District No. 2, Dec. 2007, <http://wldistrict2.blogspot.com/2007/12/think-of-this-as-a-press-release.html>.

Бұл алғашқы жазбаны Уотлинг редакторына апарып берді. Редактор Бандердің «баспасөз хабарламасы ретінде қабылдаңыздар» деген сөзінен кейін ғана әлгі жазбаларды ресми мәлімдеме ретінде пайдалануға болатынын айтты. Енді бір ғана кедергі бар. Жазбаны Бандердің өзі жазғанын анықтау керек. Уотлинг мекемеге қоңырау шалып, Бандердің блогін Бандердің өзі жүргізетінін, ондағы жазбалардың барлығы соның жазғаны екеніне көз жеткізді.

Ақырында Уотлинг мақаласында Бандердің жазғандарын еркін пайдалана отырып, оның жоғарыдағы бастамаға қатысты күмәнді ойларын да кірістірді.

ШЕШІМ: ЖАРИЯЛА ДА, ТАҢҒАЛ!

Уотлингтың осы мақаласы сенбі күнгі басылымда бас мақала ретінде бірінші бетке шықты. Мақалада Бандердің блогіндегі соңғы мәлімдеменің де қамтылғаны анық. Оның ішінде Бандердің: «Мен бұл мектептерді біріктіру туралы идеяның қай жері маңызды екенін көре алмай тұрмын»³, — деген сөзі де бар болатын.

Мақала жарияланып, мәселе аз уақытқа жабылғандай болды. Уотлинг әлі де болса интернеттегі жазбаны мақалаға пайдаланудың жөн-жобасын зерттеумен болды. Ақырында әлеуметтік желілердің бірінде ол журналистер мен редакторлардың пікірталас алаңдарының бірінен «сіздер лауазымды тұлғалардың интернеттегі жазбаларын дереккөз ретінде қолданасыздар ма» деген сұрақты тауып алды. Оның астына біраз адам пікір қалдырған екен. Уотлинг де былай деп пікір қалдырды: «Менің ойымша, жазбаны дереу алып, мақалаға кіргізе салуға болмайды. Оның бірнеше себебі бар... Жазба авторы журналистермен бұрын-соңды жұмыс істесіп көрмеген адам болуы мүмкін. Олардың аңғалдықтарын өз пайдаңыз үшін пайдалануға болмайды».

«Енді мынадай жағдайда не істеу керектігін айтыңыз. Сайланған лауазымды тұлға блог жүргізеді делік. Оның жазған жазбасының халыққа жетуінде қандай кедергілер бар екенін талқылаңыз. Егер блогті жазған сол лауазымды тұлғаның өзі екенін білсеңіз, оның жазбасын пайдалану қаншалықты әділ болар еді?»⁴

3 Meranda Watling, Merger Doubts Simmer in WL, Journal & Courier, Lafayette, IN, Feb. 24, 2008, A1.

4 Meranda Watling, Public Officials Blogging, Do You Quote? Merandawrites.com, <http://merandawrites.com/2008/02/19/>

Уотлинг жеке блогінде былай дейді: «Бұл тұрғыдағы позициям — блогті пайдалану жүз пайыз әділ. Менің бас қатыратын мәселем — тек ол жазбаны тиісті тұлғаның өзінің жазған-жазбағанын анықтау. Оның атынан біреудің жазып жібермегеніне көз жеткізу. Менің пікірімше, егер сіз мемлекеттік лауазымды тұлға болсаңыз, алдымен өзіңіздің осы туралы ұстанымыңызды көрсетіп, блогтің тек өзіңізге тиесілі екенін жариялаңыз. Ал одан кейін әр сөзіңіз ресми мәлімдеме болып есептеледі. Егер олай еткіңіз келмесе, онда блог жазбаңыз».

Уотлингтің сауалына жауап берген бес адамның бесеуі де былай деді: «Лауазымды тұлғалар өздерінің блогтерінің бар екенін және оған тек өздері ғана жазатынын растағаннан кейін кез келген журналистің ол жердегі сөзді лауазымды тұлғаның сөзі ретінде ақпарат құралына жариялауына болады».

Сонымен қатар пікір білдіргендер арасында егер қандай да бір лауазымды тұлғаның жазбасын ақпарат құралдары қолданып, сілтеме бергеннен кейін, оны жазба авторы өшіріп тастаса, журналистер не істеу керектігін сұрағандар да болды.

Онлайн-журналистикада дәстүрлі журналистикадағы секілді жеке құпиялар мен әділдікті сақтау өте маңызды. Негізінен, мемлекеттік лауазымға сайланған кез келген тұлға журналист пен халықтың назарында екені анық. Ал қоғамдық мәселелер туралы мәлімдеме жасаған кезде олардың жекебас құпиясы деген нәрсе болмауы керек.

Екінші бір мәселе — әділдік. Әділдікті сақтаған журналист мәлімдемені кім айтқаны мен қалай айтқанын айна қатесіз жеткізіп қана қоймай, оны түсіндіріп, мәселенің түп-төркінін де таныстыруы керек.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Дэйдің ЖСШ (жағдаят, сараптау, шешім) моделі

Этикалық шешім қабылдау біршама уақытты және терең ойлануды қажет етеді. Өйткені сіз мәселеге бірнеше тараптың: аудитория, дереккөз, әріптестер мен жұмыс орныңыз және өзге көпшіліктің көзімен қарауыңыз керек. Минут сайын жаңарып отыратын онлайн-контентте сіздің сөзіңіз оқырманға адал қызмет етуі керек.

Этикалық шешім қабылдау моделін қолдану сізді ынталандыра отырып, әрекетіңіздің салдарын есептеуіңізге көмектеседі.

Луис Алвин Дэйдің⁵ ойлап тапқан моделі — Уотлингтің жоғарыдағы оқиғасында қолдануға таптырмас құрал. Луизиана университетінің профес-

5 Fred Brown, SAD Formula Can Turn Happy Ethical Results, Society of Professional Journalists, Oct. 2006, <http://www.spj.org/rrr.asp?ref=4&t=ethics>.

соры, бірнеше кітаптың авторы Дэй ЖСШ (Жағдаят, сарап, шешім) атты этикалық шешім қабылдау моделін ұсынады. ЖСШ тұжырымдамасына сәйкес, журналист, ең алдымен, ситуацияны түсінуі керек. Соңғы шешімді қабылдайтын адамның кім екенін анықтаңыз. Оны тұжырымдамада «моральдық агент» дейді. Одан кейін мәселенің этикалық құндылығын түсініңіз. Мәселен, әлеуметтік әлсіз топ өкілдерін қорғау немесе дереккөздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Уотлингтің жағдайында ол өзі агент бола отырып, ақиқат, адалдық пен құпиялылықты ескерді. Дэй этика туралы сыни көзқараспен ойлау үшін мәселені дұрыс баяндау керектігін айтады.

Екінші кезеңде Дэй сараптаманы ұсынады. Екі түрлі таңдау сәті туғанда әлдебір нәрсенің құндылығы мен принциптерін ескеру керек. Бұл мәселе ақиқат пен құпиялықтың екі жаққа тартқан тұсы ма? Лауазымды тұлғалардың мүддесі мен репутациясы қатерге тігіліп тұрған жоқ па? Көп жағдайда бірнеше мәселе мен сыртқы құндылықтар рөл ойнайды. Соның ішінде қайсысы маңыздырақ және қажетті? Негізгі мүдделер қайшылығын анықтаңыз. Мүмкін, белгілі бір тұлғалар мен ұйымдар осы мәселенің айтылуына мүдделі шығар. Сіздің шешіміңіз оларға қалай әсер етуі мүмкін? Бұл тұрғыда сіз У. Д. Росстың жауапкершіліктің плюралистік

теориясы немесе Иммануэль Канттың «Категориялық императиві» секілді моральдық теорияларды қолдана аласыз.

Қала басшылығы кеңесшісінің блогіне қатысты ЖСШ тұжырымдамасын пайдалану Уотлингтің аудитория алдындағы жауапкершілігі мен Бандерден бұрыннан бері сұхбат алып жүрген өзінің әріптестеріне адалдығының таразыға түскен кезі болды. Сонымен қатар ол Бандердің жазбасы мен оны сөзбе-сөз беруден репутациясына келуі мүмкін нұқсанның таразыға түсуін ескерді. Бұдан бөлек ол мақаланы тіпті жазбай қою да белгілі бір деңгейде аудитория алдындағы жауапсыздық деп білді. Егер Бандердің жазбасын Уотлинг пайдаланбаған кезде не болар еді?

Үшіншіден, ЖСШ осы екі кезеңнен кейін, яғни пайдасы мен зиянын сараптай келе, үшінші кезеңде шешім қабылдау керектігін ұсынады. Мәселен, Уотлингтің жазбасы былай болуы мүмкін еді:

«Мен кеңесшінің блогін жарияламақпын. Дегенмен басқалар мұны жеке құпия деп түсінеді. Менің ойымша, оның лауазымы мен идеялары бұқараның мәселені тереңірек ұғынуына көмектесер еді».

ЖСШ моделінің бір артықшылығы – мәлімдемені тікелей жеткізу сіздің өзіңіздің кейіннен жасайтын шешіміңізді қорғайды, яғни сіз ол сөз үшін жауапқа тартылмайсыз.

Соңы: БЛОГТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ АРТТЫ

Меранда Уотлингтің пікірінше, Бандердің жазбасы туралы мақаласы көпшіліктің мектептерді біріктіру мәселесін өзге қырынан түсінуіне көмектесті. Мақала жарияланғаннан кейін осы мәселеге қатысты басқаша пікір-

лер қылаң бере бастады. Соның ішінде кей тұрғындардың бастамаға қарсы шыға бастағаны да байқалды. Басылым осы мәселеге қатысты әртүрлі көзқарас пен көпшіліктің пікірі қамтылған бірнеше мақала жариялады.

«Бұл мен ойлағаннан да лас саясат болып шықты, — деді Уотлинг. — Билік халықтан мұндай реакция күтпеген болар». Мектеп бюджетін үнемдеу мақсатында қала шетіндегі мектептерді қаланың білім бөліміне өткізу мәселесі көтерілгенге дейін қала әкімдігі мен мектеп басшылығы ешқашан бірлесе жұмыс істемеген еді. Мектептер бюджетті үнемдеу мақсатымен көтерген осы бастама ақыры соңына дейін жеткізілген жоқ.

Уотлинг 2010 жылы тамыз айында газеттен шығып кетін, Indianapolis атты басылымның редакторы қызметіне ауысты. Бандердің блогі шыққаннан кейінгі екі жылда жаңалықтар қызметіне әлеуметтік желідегі жазбалардың қарқынды ене бастағаны байқалды. 2010 жылдары жаңалықтарда лауазымды тұлғалардың әлеуметтік желідегі мәлімдемелерін пайдалану нормаға айналды. Қазір баспасөз журналистері техниканы меңгеріп, жаңалыққа ере бастады. Соның ішінде J&S тілшілері де Twitter, жекелеген блогтер мен Facebook желілеріндегі жазбаларды аңдып отыратын болды. Уотлинг осы заманда тілші болса, қалай жұмыс істер еді?

Бұл туралы Уотлингтің өзі «Мен Бандердің блогінен барынша кеңінен ақпарат алар едім, — дейді, — мен әлі күнге дейін сол кездегі істегенімнің дұрыс екеніне сенімдімін».

Ой елегінен өткізсек:

1. Меранда Уотлинг бастапқыдағы кеңесшінің блогіндегі жазбаны пайдалану туралы шешім қабылдағанда, алдымен ол сол жазбаны Бандердің өзі жазғанын тексеру керек деді. Бұл жалғыз ғана мәселе ме? Егер олай болмаса, журналистер лауазымды тұлғаның жазбасын пайдаланарда тағы қандай нәрселерге мән беруі керек?
2. Егер сіз біреудің жазбасын пайдаланатын болып шешсеңіз, оны сөзбе-сөз және толығымен жеткізесіз бе? Егер жазбадағы кей сөздер бейәдеп немесе грамматикалық жағынан қате болса ше? Осы туралы өз ойыңызды ақпарат құралдары үшін бекітілетін тәртіп ретінде жазып көріңіз.
3. Бюджет тапшылығы кезінде лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметкерлер қаражатты үнемдеудің түрлі жолдарын іздестіре бастайды. Тек соның ішінде кейбірінің ғана идеясы пайдалы болатыны анық. Осындай түрлі идеяларды ақпарат құралдарына жариялауда журналистердің жауапкершілігі қандай? Уотлингтің мектеп-

терді қалалық білім басқармасының қарамағына беру туралы мәселені зерттеп жүргенінде Бандердің жазбасы қандай жаңалық немесе өзгеріс әкелді? Егер Уотлинг, оның редакторлары, тіпті барлық журналист Бандердің жазбасын жарияламағанда, олардың мақалалары тақырыпты толықтай ашты дей аламыз ба?

4. Бандердің блогіндегі жазбасын ақпарат құралдарының дереккөз ретінде пайдаланғаны кімге пайдалы, кім үшін зиянды болуы мүмкін? Блогті жариялаудың қандай жағымды және жағымсыз нәтижелері бар? Осындай таңдау қазіргі технология дамыған заманда сіздің алдыңызға келсе, сіз қандай факторларды есепке алар едіңіз?

Егер...

Меранда Уотлинг лауазымды тұлғаның әлгі жазбасын, бір жағынан, кекесінді жазылған жазба деп қабылдады. Егер сіз де өз қалаңыздың осындай лауазымды тұлғасының жазбасы қоғамды дүрліктірген бір мәселеге қатысты болса және жазбада сол мәселеден бөлек әлдебір адамның қылмыс жасағаны немесе заң бұзғаны да айтылған айыптау сөздері болса, сіз ол жазбаны жариялар ма едіңіз? Қалай жариялар едіңіз? Сонымен қатар сол жазбада нәсілшілдік мазмұндағы сөздер болса ше?

Қандай жағдайда сіз жазбаның астына қалдырылған пікірлерді өз мақалаңызда қолданасыз? Егер осы туралы оқырмандар шағым түсіріп немесе редактор ескерту айтса, сіз өз ісіңізді қалай ақтап аласыз? Ал егер блогті жазған адамның өзі шағым түсірсе ше? Өз мақалаңызда блогтің мәтінін пайдалану мен оған тек қана сілтеме берудің айырмашылығы бар ма?

Осы тараудағы жағдайда Бандер өз блогіндегі жазбаның өзінікі екенін растады. Ал сіз егер белгілі бір лауазымды тұлғаның блогіндегі жазбаны пайдаланып, артынан сол лауазымды тұлға өз блогіне ештеңе жазбағанын айтса, не істейсіз? Соған қарамастан, сіз әлгі жазбаны өз мақаланызға кіргізер ме едіңіз? Ал егер шенеунік жазбаны өзі жазғанын растап, сіз оны жариялағаннан кейін қайта өшіріп тастаса ше? Егер сіз сол жазбаның өзінікі екенін сұрағанда растаған хабарламасын сақтап қойсаңыз, өшірілген жазбаны қолданасыз ба? Не себепті? Ол туралы шенеунікке ескертесіз бе?

Мансабының алғашқы жылдарында жоғарыдағы оқиғаны бүгін еске алатырып: «Егер қазіргі технологияның дамыған заманында сондай жағдайға тап болсам, ойланбастан Бандердің жазбасын Twitter-ге жариялап жіберер едім», – дейді. Сіз де сөйтер ме едіңіз? Егер солай істейтін болсаңыз, мұнымен келіспейтін адамға өз ісіңіздің дұрыс екенін дәлелдеңіз. Белгілі бір мәселеге байланысты жекелеген шағын мәлідемелерді әлеуметтік желіден

жариялаудың артықшылықтары қандай? Қандай кемшіліктері бар? Осы тұрғыда әлеуметтік желідегі шағын жазбалар мен үлкен зерттеу мақалаларын жазуда журналистердің аудиторияны «ағарту» міндеттері бар дегенмен келісесіз бе?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Көптеген ақпарат құралдары мен кәсіби топтар интернетте ақпарат тарату мен әлеуметтік желіде ақпарат таратуды дамыту жолдарын қарастыруда. Мына жерде осыған қатысты бірнеше нұсқаулық:

American Society of Newspaper Editors 10 Best Practices for Social Media:
http://asne.org/portals/0/publications/public/10_Best_Practices_for_Social_Media.pdf

Radio Television Digital News Association social media guidelines:
http://www.rtnda.org/pages/media_items/social-media-and-bloggingguidelines1915.php?g=37?id=1915

Reuters Handbook of Journalism: Reporting From the Internet:
http://handbook.reuters.com/index.php/Reporting_from_the_internet

The Guardian:
<http://www.guardian.co.uk/info/2010/oct/19/journalist-bloggingcommenting-guidelines>

Los Angeles Times:
http://asne.org/article_view/articleid/317/los-angeles-times-socialmedia-guidelines.aspx

National Public Radio:
http://www.npr.org/about/aboutnpr/ethics/social_media_guidelines.html

Жазылды ма, жазылған жоқ па?

Ренжулі профессордың оқиғасы

К. Тим Вулфемейер

Интервью алған кісімен неше түрлі тақырыптың қатарынан көтеріліп кетуі — журналистер үшін қалыпты жағдай. Репортер мен сұхбаттасып отырған адам арасындағы әңгіменің бұзылуына бірнеше фактор әсер етуі мүмкін: түсінбестік, техникалық үзілістер, мүдделер қайшылығы мен семантика.

Бір студент-журналист профессордан жауап алғаннан кейін күтпеген жерден мынадай кедергіге ұшырады. Профессор журналистің бірнеше күрделі сұрағына жауап бергенімен, айтқандарының ешқайсысын жариялауға рұқсат етпей қойды. Журналист профессордың пікірін газетке шығару керектігін айтса да, профессор айтқанынан қайтпады. Студент-журналист профессордың істегені дұрыс емес екенін білсе де, университет қабырғасында жүргендіктен, сабағына кедергі келтіре ме деп қауіптеніп, қарсы келмеді. Төменде осы оқиғаға қатысты адамдар мен университет және басылым аты өзгертіліп берілген.

ОҚИҒА: КЕШ.

ПРОФЕССОР ЖӘНЕ АШУЛЫ СТУДЕНТТЕР

Ақпан айында Сантана университетінің бірнеше студенті геология факультетінің профессоры өткен семестрдің бағасын әлі қоймағанын айтып, The Sun атты студенттік газетке шағымданды. Барлық профессор студенттердің бағаларын соңғы емтихандарынан кейін екі аптаның ішінде, яғни желтоқсан айының ортасына дейін қоюы тиіс. Бағаның уақытында қойылмағаны бірқатар студентке кейбір курстарға тіркелуге, ары қарай оқуларын жалғастыруға, енді біріне тіпті диплом алуына, жұмысқа тұруына бөгет болды. Дженнифер Коллинс атты студенттер газетінің тілшісі профессордың мұндай кемшілігі соншалықты өрескел қателік еместігін білгенімен, сонда да жағдайды зерттеп көрмек болды.

Студенттердің шағымдары орынды екендігіне көз жеткізу үшін студенттерден сұхбат алып, табельге, шын мәнінде де, бағаның қойылмағанына көз жеткізді. Генри Чен деген жалғыз студент қана газетте өзінің есімін жариялауға келісті. Басқалары болашақта профессордың сабағына тағы да баратын болғандықтан, өз аттарын жарияламауды өтінді. Коллинс бұл туралы The Sun газетіне жазғысы келді. «Менің ойымша, бағалардың уақытында қойылмауына бірнеше себеп болуы мүмкін: сырқаттану, отбасылық жағдайлар мен академиялық демалыс және тағы басқалар», — деп ойлады Коллинс.

Осы мақсатпен Коллинс профессор Петерсонның бағаларды бір айға кешіктіру себебін анықтау үшін өзіне тікелей хабарласқан еді. Бірнеше рет қоңырау шалып, хат жазса да, еш жауап ала алмады. Сондықтан бірнеше күннен кейін Петерсонның кеңсесіне баруды жөн көрді.

Профессор есікті ашқанда Коллинс өзін The Sun газетінің репортері ретінде таныстырып, студенттердің шағымдары жайлы мақала жазғысы келгендігін айтып, профессормен сұхбаттасуға рұқсат сұрады.

«Иә, әрине, мен сізге мән-жайды айтып беремін. Кіріңіз», — деді. Коллинс отыра салып өзінің дәптері мен диктофонын шығарды. «Егер келіссеңіз, айтқандарыңызды жазып алсам деп едім», — деді Коллинс. Профессор: «Иә, жаза беріңіз», — деп жауап қайтарды.

Коллинс Петерсонның не үшін бағаны дер кезінде қоймағанын сұрардан бұрын, алдымен жалпылама сұрақтардан бастағанды жөн көрді.

Коллинс Петерсонның студенттерге және кәсіби журналистерге бірнеше рет интервью бергенін білетін. «Алайда ол мемлекеттік лауазымды тұлға болмағандықтан, сұхбатта айтылған кез келген нәрсенің ақпарат құралдарына жариялануы мүмкін екенін ескертін отырдым», — дейді Коллинс.

15 минуттық сұхбатта Петерсон бағаларды кешіктіргеніне бірнеше себеп бар екенін айтты. Студенттермен арадағы қарым-қатынастың нашарлығы, профессорларға университеттің жағдай жасамауы, жеке кеңсесінің болмауы, университет және кафедра басшылығының қолдамауы секілді факторларды алға тартты. Оған қоса, академиялық зерттеуі бойынша ашқан жаңалығын жариялау жөнінде университет басшылығымен араздығы да оқытушы ретінде өз жұмысын дұрыс атқармауына түрткі болған екен.

Сұхбат кезінде профессор бірнеше рет шағым жасаған студенттердің есімдерін сұрады, алайда Коллинс айтудан бас тартты.

«Сұраған соңғы нәрсем, «Бағаларды қашан қоясыз?» болған еді. Ол мен келмей тұрып бағаларды қойып тастағанын айтты. Профессорға рақметімді айтып, шығып кеттім», — дейді Коллинс.

Петерсонның бағаны дер кезінде қоймауының себебі — университет басшылығы мен оның арасындағы жеке алауыздық болғанын сезген Коллинс мәселенің бұдан да тереңде жатқанын түсінді. Осы ойдың жетегіне еріп, Коллинс геология кафедрасының басшылығымен әңгімелесу керек деп ұйғарды.

Геология кафедрасының меңгерушісі Марко Валенцуэланың айтуынша, Петерсон соңғы семестрде 73 студентке баға қоймаған. Ал жеке кеңсенің берілмей жатқаны құрылыс жұмыстарының әлі аяқталмауымен байланысты екен.

Кафедра меңгерушісі бағалардың кеш шығуы студенттердің оқуы мен жұмысқа орналасуына кедергі келтіретінін біліп отырғанын айтты. Оның айтуынша, геология пәнінен қойылмаған баға студенттердің университетті аяқтауына кедергі келтірін қана қоймай, олардың болашақта оқуын ары қарай жалғастыруына және жұмысқа тұруына кедергі келтірмек.

«Біз профессор Петерсонға барынша көмектесіп жатырмыз. Алайда ол ылғи жұмысты кері шегере береді», — деді Валенцуэла.

Тығырық: «СӨЗІМДІ ҚАЙТЫП АЛДЫМ»

Петерсон хабарласқан кезде Коллинс өзіндегі барлық мәліметті жинақтай бастаған еді. Профессор Коллинске хабарласып: «Сізге айтқандарымның жарияланғанын қаламаймын, — деді. — Айтқандарымның бәрін қайтып аламын». Коллинс таңғалды. Ол The Sun газетіне осы тақырыпқа мақала жазатынын айтып қойған еді. Оған қоса профессордың өзі де бірінші кездескен кезде жариялауға рұқсат беріп қойған. Профессор айтқандарының барлығы таспаға жазылғанын да біледі.

«Мен сізге мақала жазғалы отырғанымды айтқанда, сіз сұхбат беруге келіскен едіңіз ғой, — деді Коллинс профессорға. — Сұхбаттың жазылуына қарсылық танытпадыңыз ғой, тіпті интервью кезінде сіздің сөйлегендеріңіз жазылып жатқанын ескертін отырдым». Профессор айтқанынан қайтар емес. Егер айтқандарын жариялайтын болса, Коллинсті, The Sun газетін және университетті сотқа беретіндігін айтты.

Коллинс: «Редактормен сөйлесуім керек», — деді. Петерсон телефонды қоя салды.

Коллинс тез арада редакторы Корти Виллиге жолығып, мән-жайды баяндап, интервью алардың алдында профессорға ескерткенін де тәптіштеп жеткізді.

«Журналистика кафедрасындағы профессор Льюиспен ақылдасып көрейік», — деді Коллинске Вилли.

Коллинс профессор Эрик Льюиске қоңырау шалып, не болғанын айтып берді. Одан мұндай жағдайда не істеу керектігін сұрады.

«Егер сіз Петерсонға бәрін алдын ала ескерткен болсаңыз, онда сіздің еш кінәңіз жоқ», — деді Льюис.

«Ал оның сіздің ескертпелеріңіз жайлы білер-білмесіне аздаған күмәндарыңыз болса, онда жазған мақалаңызды профессорға көрсетіп, рұқсатын алуыңыз керек. Сіздің орныңызда болсам, мен өзім солай жасайтын едім. Оның үстіне бұдан кейін де сіздің ол кісіден сұхбат алуыңыз мүмкін ғой. Жақсы сұхбат бере алатын адаммен болмашы нәрселерге бола ренжіспеу керек. Оған қоса профессорға жазғаныңызды көрсетсеңіз, мүмкін ойы өзгерер», — деді Льюис.

«Сұхбатты жазып отырғанымды оған ескерткенмін», — деді Коллинс.

«Менің ойымша, сіз бәрін дұрыс жасадыңыз. Заң жүзінде де, этикалық тұрғыдан да мақаланы жазып жариялауыңызға болады деп ойлаймын. Бірақ, әрине, соңғы шешімді өзіңіз қабылдайсыз. Алайда профессордың айтқандарын алып тастасаңыз, мақалаңыз қызық болмай қалатын секілді», — деді Льюис.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Этикалық кодекс және теория

Профессор айтқандарын жарияламауды сұрап: «Егер жарияланса, заңды түрде сотқа беремін», — деп қорқытқан кезде репортер Дженнифер Коллинс түрлі тәсілдерді қолдана отырып, бір шешімге келу жолын іздеді. Ол өзінің ар-ұжданын тыңдап,

басқалардан көмек сұрап, Этикалық кодексті қайталап оқып шықты да, әдеттегі этикалық теорияның негіздерін басшылыққа алды. Мұндай жағдайға байланысты ережелерді Кәсіби журналистер қауымдастығы Этикалық кодексі, Жаңалықтар са-

пасы мен принциптерін баяндайтын баспалар байланысы және Жалпыхалықтық радио жаңалықтарының этикалық және тәжірибелік кодекс жинақтарынан табуға болады. Коллинс «жазбаны өшіру» деген мәселемен бетпе-бет келмей тұрып, өзінің университеттік газетінде жазылған Этикалық кодексін оқыған кезде жарияланған мақаланы өшіру не болмаса, өңдеу тек репортердің келісімімен. Аталған кодексте былай деп жазылған: «Сұхбатты диктофонға жазуға келісім берген адам кейін айтқандарын өшіруді сұрайтын болса, сіз журналист ретінде оның өтінішін орындау, не болмаса, өтінішін орындамауға толықтай құқылысыз. Осыны әлгі адамға түсіндіре біліңіз».

Кейбір өзекті мәселелерді қарастыру кезінде бұл кодекс өте пайдалы, алайда оқырмандарға маңызды, нақты және үйлесімді мақала жазуға қажетті мәліметтердің бар екеніне сенімді болу үшін Коллинстің кеңірек ойлануы керек еді. Редактор және журналистика кафедрасының профес-

сорымен ақылдасқан Коллинс өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмайтын орта жол табуға тырысты. Аристотельдің «орта жол» ілімі осы кезде керек болды. Журналистік мақсатынан айнымау үшін Коллинс Сиссела Боктің тұжырымдамасындағы қадамдарымен әрекет етуді жөн көрді. Ең алдымен, ол осы дилемма жайлы ойлады. Содан соң білімді және тәжірибелі адамдармен мәселені талқылап, таңдау жасау жолдары жайлы ақылдасты.

Оған қоса, жекелеген деректер мен детальдарды ой елегінен өткізіп, пікір білдірген адамдардың солай айтуына не түрткі болғанын да ойлау керектігін есіне алды. Дереккөздердің айтқандары жекелеген детальдарға қалай әсер ететінін ойлады.

Соңында Коллинс қолынан келгеннің бәрін жасап, бәрін де дұрыс істегеніне сенімді болды. Керек болса, ол осы шешімдерінің дұрыс екенін сұхбат берген профессорға да, басшылыққа да, әріптестеріне де соттың алдында, ең маңыздысы, оқырмандар алдында дәлелдеуге дайын болды.

ШЕШІМ: «ЖЕТІ ӨЛШЕП, БІР КЕС»

Коллинс профессор Льюис мырзаға рақметін айтып, редакторына қайта жолықты. Екеуі отырып мақаланың жазылуына мынадай бес таңдау тапты:

1. Мақаланы Петерсонның айтқандарымен жариялау;
2. Мақалаға Петерсонның сөздерін мүлде қоспау;
3. Мақалада қолданылатын мәліметтерді алдымен Петерсонға жіберіп, жариялауға рұқсат алу;
4. Мақаланы Петерсонның айтқандарымен жариялап, жанына редакторлық ескерту ретінде, шын мәнінде, қалай болғанын жазу;
5. Мақаланы мүлде жарияламау.

Коллинс пен оның редакторы мақаланы мүлде жарияламау нұсқасын

бірден алып тастады. Оқытушылардың баға қоюы қазіргі кезде университетте ең көп талқыланып жатқан мәселе болғандықтан, қайткенде де мақала жариялануы тиіс. Оған қоса профессордың берген мәліметтері қамтылмаса, мақала шикі болып қалатынын да білді.

Петерсоннан алған мәліметтер нақты және дұрыс екендігіне сенімді болғанымен, оларды профессордың алдынан өткізу үшін қайта жіберуге қысылды. Коллинс Петерсонға қоңырау шалып, қай сөзді оның атымен беру керектігін сұрауды жөн көрді. Алайда Коллинс хабарласқанда профессор сөйлесуден бас тартып, The Sun газетінде оның айтқандары шықса, сотқа беретіндігін қайталап айтып, қорқытты.

«Менің алдыңғы жолғы айтқандарым, жай сөз. Оның үстіне сіздер менің не айтқым келгенін дұрыс түсінбедіңіздер», – деді профессор.

Коллинс әбден ашуланды. «Профессордың екі сөйлегені – өз алдына, айтқан сөзімді дұрыс түсінбедіңіздер деуі – ашықтан ашық мазақ ету», – деп ойлады.

Ақырында Виллимен ақылдаса келіп, Коллинс мақаланы Петерсонның айтқандарымен жариялай беруді жөн көрді. Әйтсе де жанына редакторлық ескерту ретінде осы мақаланың басылымға шыққан себептерін және осы уақытқа дейін профессормен арада болған әңгімені де жазатын болды.

«Біздің ең үлкен уайымымыз оқырмандарымыздың көңілінен шығу болды», – деді Коллинс. «Мақаланың шикі болмауы үшін профессор Петерсонның сөздерін қолдануымыз міндетті еді. Оған қоса біздің қолымызда таспа бар және мақаланың жанына мәселенің мән-жайын ашып, редакторлық ескерту қосып отырмыз», – дейді Коллинс.

Мақаланы жазып отырғанда Коллинске геология кафедрасының басшысы профессор Валенсуэла қоңырау шалды. «Маған жаңа ғана хатшылық хабарласты. Профессор Петерсон бағаларды қойыпты. Баспасөздің күші расында әсер еткен гой», – деді Валенсуэла.

Коллинс дереу уақытқа қарады. Сағат 16:15. Ол Петерсоннан сұхбатты сағат 14:00-де алып біткен еді. Мақаласын Генри Ченга қоңырау шалып, оның реакциясын тыңдағаннан кейін 18:30-да тамамдады.

Төменде есімдері өзгертілген күйде Коллинстің газетте шыққан мақаласын көруге болады.

Professor Withholds Grades

Jennifer Collins

Staff Writer

Редактордан ескерту: Мақаланың толықтығы және тұтастығы үшін профессор Роберт К. Петерсонның айтқандары өте маңызды. Студент журналист Дженнифер Коллинс профессордан сұхбат алды. Алайда біршама уақыттан кейін Петерсон сөзін қайтып алып, оларды мақалада қолданбауымызды сұрады. Айтқан сөздерінің дұрыстығына өзі күмәнданыпты. The Sun газеті сонда да оқырмандарға оқиғаның толық суретін ұсыну үшін профессордың айтқандарын қолданды.

Өткен семестрде Сантана университетінің геология пәнінің G400, G420 және G470 курстарын алған студенттер өз бағаларының порталға қойылуын бір жарым айдай күткен екен. Профессор Роберт К. Петерсон бағаларды кеше ғана шығарып, көптеген студенттің жұмысқа тұруына, ары қарай оқуын жалғастыруға кедергі келтірді.

Ол аз болғандай, кейбір студент бірнеше курсын ала алмай қалды, өйткені олардың көбіне геология курсының бағалары қажет болған.

Геология кафедрасының басшысы доктор Марко Валенсуэладан кеше түскі сағат 15:45-те сұхбат алғанымда, ол Петерсонның 73 студентке бағасын шығаруын күтіп отырғанын айтты.

Сантана университетінің тәртібі бойынша, факультет мүшелері бағаларды өз уақтын-да шығаруы керек. Бағаларды шығару практикасы әділетті, объективті және дәл болуы тиіс.

Валенсуэла: «Профессор Петерсон соңғы семестрдің бағаларын әлі шығармады. Ал көмектесейін десем, көмектен бас тартады. Сөйте тұра, бағаларды мүлде қоймаймын демейді. Тек тағы бірнеше күн уақыт сұрайды. Студенттердің бағалары тезірек шығуы үшін қолымнан келгенін жасадым».

Біраздан соң Валенсуэланың берген мәліметтерінен кейін университет басшылығы қоңырау шалып, Петерсон 16:15-те бағаларды шығарғанын айтты. Петерсон The Sun газетіне бағаларды сағат 14:00-де шығарғанын айтып, сұхбатты ары қарай жалғастырғысы келмейтінін жеткізді.

Геология кафедрасын бітіру үшін жоғарыдағы үш сабақтың барлығын тамамдау керек еді, ал оларды оқытатын тек Петерсон ғана.

Профессордың бағаларды кешіктіргені жайлы осы жылы бітіргелі отырған Генри Чен: «Бұл әрекеті оқытушыға жараспайды», – деді. «Сен профессорларға сенесің. Олар осы сенімді ақтау үшін жауапкершілікті сезінуі тиіс», – деді Чен.

Ченнің айтуынша, Петерсон семестрдің басында бір апта сабаққа келмеген. Оған қоса, соңғы аптада емтиханның алдында мүлде сабақ бермепті. Тіпті семестрдің ортасында да үш-төрт сабақты өткізбеген.

Петерсонның бұл салада он екі жылдан астам халықаралық деңгейдегі тәжірибесі бар екен. Соған қарамастан, оқытушылық міндеттерін толығымен орындамай жүрген көрінеді.

«Менің зерттеу жұмыстарым университеттің кесірінен тоқтап қалды. Менің зертханам кішкентай. Поштама қайтадан кіруге рұқсат алу үшін жарты семестрден астам уақыт өтті. Оған қоса, зертханамда әлі телефон жоқ», – деген қарсы шағым айтты профессор.

Валенсуэланың айтуынша, жеті-сегіз түлек қолдарында әлгі сабақты бітіргені туралы қағаз болмағандықтан, жұмысқа да тұра алмай қалған екен.

«Кейбір студент жұмысқа тұру үшін әңгімелесуге барған кезінде мен әрқайсысына жеке түсініктеме жазып беретінмін. Ол түсініктемеде студент керекті курстардың барлығын тамамдап бітірді, алайда бір сабақтың бағасы әлі шықпағандықтан, дипломын ала алмайтындығын жаздым», – дейді Валенсуэла.

Оған қоса, Валенсуэла кейбір студенттердің осы тоқсаннан бастап оқуын жалғастыру үшін басқа университеттерге тапсырғанын, алайда тағы да сол бағаның қойылмағаны үшін тапсыра алмай қалғанын айтады.

ДЕРЕККӨЗ: The daily aztec, San diego Мемлекеттік университеті келісімімен басылды

Соңы: Қоғамдық ықпал және жекелеген әсер

Профессор Петерсон Сантана университетінде сабақ беруді жалғастыра берді. Ол Дженнифер Коллинсты, The Sun газетін осы мақала үшін сотқа бермеді. Осы мақаладан кейін университет бағаны дер кезінде қоймаған оқытушыларды санкциялау саясатын енгізді. Санкция былайша қойылады: алғашқы ескерту үшін профессор айыппұл төлесе, екінші рет қайталанған жағдайда, жалақысы қысқартылады. Ал үшінші жағдайда, профессорды жұмыстан шығарып жібереді.

Дженнифер Коллинс университетті аяқтап, қазіргі кезде Вашингтондағы ірі бір газеттің мультимедия бөлімінде репортер болып қызмет атқарады.

«Петерсонның оқиғасы маған қалай сұхбат алу керектігін үйретті. Бұл жағдай мен үшін үлкен сабақ болды», – дейді Коллинс.

Петерсонның жағдайы Сантана университетінің журналистика кафедрасын да айналып өткен жоқ. Хабар, заң және этика курстарындағы профессорлар мен мәлімет жинау процесіне қатысқан адамдар сұхбаттың жарияланар-жарияланбасы арасындағы айырмашылықты түсінуі керек. Профессорлар The Sun газетінің редакторымен және журналистерімен кездесін, олармен Этикалық және кәсіби кодекстің маңыздылығын талқылайтын.

Ой елегінен өткізсек...

1. Егер сіз Дженнифер Коллинстің орнында болсаңыз, профессордың өз сөзін қайтып алғанынан кейін не істер едіңіз? Коллинс пен оның редакторларының істегендеріне тағы да не қосар едіңіз? Ал профессордың орнында болсаңыз, сұхбат бергеннен кейін айтқандарыңыз сізге болашақта зиян келтіретінін білсеңіз не істер едіңіз? Журналистке айтқандарыңызды қолданбауы үшін қандай аргумент келтірер едіңіз, әлде мұндай қателік жіберуге болмай ма?

2. Сіздің ойыңызша, Коллинс интервью кезінде профессордың айтқандары мақалада қолданылатынын дұрыс жеткізе алды ма? Егер сіз газетте жұмыс істесеңіз, репортерлерге мәлімет жинау және оны жариялау процестерін сұхбат беретін адамдар үшін барынша ашық етуіне қандай қағидаларды ұсынар едіңіз? Жаңалықтың онлайн жариялануы газетте басылуынан, теледидардан көрсетілгенінен, не болмаса радио арқылы айтылғанынан ерекше сақтықты талап ете ме?
3. Мақалада есімдерді жариялау қағидасы барлығына бірдей болуы тиіс пе, әлде адамына байланысты ма? Айталық, ол қағида студенттер мен профессорлар, шенеуніктер мен мекеме басшыларына бір басқа қолданыла ма? Мүмкін, жас ерекшелігі әсер ететін шығар? Қалай ойлайсыз, кейіннен тағы сұхбат алуыңыз мүмкін адамдарға журналист ретінде «жеңілдік» жасайсыз ба? Мәлімет беруші адам осы оқиғадағы студент Чен секілді есімінің жазылуына рұқсат берсе, сіз ойланбастан атын жариялай бересіз бе, әлде профессор оған өшігіп алуы мүмкін екенін ескеріп, студент үшін сақтанып, жасырын жариялайсыз ба? Репортер сұхбат берген адамға айтылған мәліметтің интернетте ұзақ сақталатынын, оның қандай салдары болуы мүмкін екенін түсіндіруге міндетті ме?
4. Мақаланың жанында жазылған редактордың ескертуін тағы да оқып көріңіз. Сіздің ойыңызша, ол ескертуде штаттың осы жағдай жайлы не ойлайтындығы оқырманға жеткілікті түрде білдірілген бе? Не қосып, нені өшіріп тастар едіңіз? Жарияланған оқиғада сізді редактор ретінде басқа ештеңе алаңдатпас па еді?
5. Штаттағы журналистердің шешім қабылдау тәсілдеріне қарап, сіз өзіңіздің жаңалықтар бөліміңізде осындай жағдайларға байланысты қандай этикалық шешім қабылдау жолдарын ұсынар едіңіз? Мәселенің қандай болғанына қарамастан қолданыла беретін стандартты тәсілдер бар ма?

Егер...

Сіз жаңалықтар бөлімінде репортер болып қызмет етесіз. Бюджеттегі қаражатты қала билігі дұрыс қолданбағандығы туралы зерттеу жасап, мақала жазбақшысыз. Сол жақта жұмыс істейтін бір қызметкер сізге мәлімет бергісі келетінін айтты, алайда оның есімі жасырын қалып, айтқандары мақалада тек қосымша мәлімет (көмекші ақпараттар) секілді қолданылғанын қалады.

Сұхбатты жазып алу үшін оған не деуге болады? Егер сұхбатты диктофонға жазуға көндіре алмадыңыз делік. Осы тұрғыда «қосымша (көмекші) мәлімет ретінде қолдану» мен «сұхбаттың мүлде жазылмауы» арасындағы айырмашылықты қалай түсіндірер едіңіз?

Мәлімет берген кісіге есімі жасырын болатынына сіз уәде бергенмен, редакторыңыз ол адамның аты-жөнін мақалада көрсету керектігін қаласа, не істейсіз? Ал егер редактор оның есімін тек өзіне ғана айтуын сұраса, айтпасаңыз мақаланы жарияламайтынын айтса, не істейсіз? Сіз дерек-көзіңізге берген уәдеңізді орындап, аттарын атамас үшін, жұмысыңыздан бас тартар ма едіңіз?

Интервью берген адам айтқандарын тек қосымша ретінде қолдануын сұрайды. Тақырыпқа қатысты екінші адам да өз пікірін қосымша мәлімет ретінде пайдалануға ғана рұқсат етеді және аты-жөнін жасырын ұстауды өтінеді. Осындай жағдайда бірінші сұхбат берген адамның алдындағы міндеттеріңіз қандай?

Бірінші сұхбат алған адамға жағдайды түсіндіріп, оның айтқандарына ұқсайтын мәліметтерді басқа адамнан алғаныңызды және оны жариялайтындығыңызды айтасыз. Ол сізден бұл мәліметтің мақалада ашық түрде басылмауын сұрайды. Өйткені мақаланы оқыған адамдар екінші адамның сөзін бірінші адам айтты деп ойлауы мүмкін. Оған не айтар едіңіз? Ал егер өзін жариялағысы келмеген адам жайлы сізден сотта сұраса, не істейсіз? Ол адамның атын айтасыз ба, әлде сот үкіміндегі жауапкершілікті мойныңызға аласыз ба?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

МакБрайд, Келли. «Жазуды бастар алдында қойылатын сауалдар»,
Пойнтер Институты
<http://www.poynter.org/uncategorized/25191/questions-to-ask-beforegoing-off-the-record/>

«Мәлімет бергендерді жеңіл жолмен жасырын қалдыру» Гарвард Ниeman
Журналистика қоры өткізген симпозиумдағы мәтіннің редакцияланған түрі:
<http://www.nieman.harvard.edu/reportsitem.aspx?id=101110>

Жекелеген ақпарат құралдары қызметкерлеріне сұхбат алуға қатысты әртүрлі қағидалар:
Reuters Журналистика нұсқаулығы:
http://handbook.reuters.com/index.php/The_Essentials_of_Reuters_sourcing

Үні естілмейтіндердің мұң-шерін жеткізу

Өзгенің жағдайын баяндау

Бет Е. Концепсион

Соңғы кездері журналистер мен ақпарат құралдарындағы тақырып алуандығының жоқтығы үлкен проблема ретінде көтерілген еді. БАҚ басшылығы көбіне жоғары білімі жоқ журналистерді жұмысқа ала бермейді. Өйткені АҚШ-та көпшіліктің жоғары білім алып шығуына мүмкіндігі жоқ. Журналистердің кейіпкер ретінде жазатын адамдары олардың өздерінен басқаша ойлайтын, білім деңгейі мен дүниетанымы басқаша адамдар болып жататыны жасырын емес. Дей тұрғанмен, журналистика деген – баяндау және белгісіз нәрселерді ашып көрсету ғана.

Жаңалық жазу курсынан өткеннен кейін жас журналист гендерлік, нәсілдік және таптық мәселелерге қызығушылық таныта бастады. Ол өзінің қоғамдағы орны туралы ой жүгіртін, өзіне берілген кей артықшылықтар туралы ойлап, өзіне ұқсамайтын өзге адамдар туралы жазуға бекінді.

ОҚИҒА: ЖАҢА ЖОБА КҮТПЕГЕН НӘТИЖЕГЕ ЖЕТКІЗЕДІ

Астория Джеллет «Жаңалық жазу және редакциялау» атты сабақты оқығысы келмеген. Бірақ университетті тамамдау үшін бұл міндетті сабақ еді. Осы

сабақты оқи бастағаннан кейін жаңаша ойлар мен идеялар келін, сабаққа ынтасы оянды. Нақтырақ айтар болсақ, ол ақпарат жазу мен жергілікті жаңалықтарға назар аудара бастады. Тіпті саясатқа деген ынтасы артып, алғаш рет дауыс берді. Джеллет өмірде болған оқиғалар туралы жазуға құмартып, әрқашан өзімен бірге диктофон алып жүретін болды. «Мен әр нәрсені диктофонға жаза беретін», болдым — дейді өзі.

Тоқсан аяқталғаннан кейін осы қабілеттерін ары қарай жетілдіре түскісі келді. Осы мақсатта жергілікті фотографпен бірлесіп жұмыс істейтін болып шешті. Фотограф Джорджиа штатындағы Африка-Америка қатынасы туралы фоторепортаждар дайындайтын. Ол бірнеше жылдан бері осы аймақта жұмыс істейтін болғандықтан, керек адамдардың бәрін жақсы танытын. Джеллеттің міндеті — тиісті адамдардан сұхбат алу. Екеуінің бірігіп бастаған жобасының мақсаты — Саванна галереясындағы көрмеден мультимедиялық инсталляция (орналастыру, құрастыру, монтаждау) дайындау.

Джеллеттің бірінші тапсырмасы шаштараздағы адамдардан сұхбат алу болды. Сұхбат берген адамның бірі — 23 жастағы азамат өз замандастарының көпшілігі әкесіз өскенін айтып, ер адамдардың ортасында көбірек болу үшін осы жерге жиі келетінін жеткізді.

Бұл жерде Джеллет пен фотограф қана ақ нәсілді еді, сонымен бірге әйел затынан да екеуі ғана болатын. Джеллет тұратын Алабама штатындағы қала халқының 84 пайызы — ақ нәсілді адамдар. Ал мына жерде халықтың 55 пайызы шыққан тегі африкалық америкалықтар болса, тек 38 пайызы ғана — ақ нәсілділер.

«Мен өзімді ыңғайсыз сезіндім. Айналамдағы адамдар мені ұнатпаған сияқты көрінді», — дейді Джеллет.

Осы кезде Джеллеттің ойына бір кездері көрген деректі фильмі түсті. Режиссер Элизабет Барреттің 2000 жылы түсірген «Камералы бейтаныс» атты фильмінде 1967 жылы Кентуккидегі кісі өлтіру қылмысынан кейінгі адамдардың реакциясы тексерілді. Деректі фильмде Колин Лоу есімді режиссер: «Камера деген — қару» дейді. Осы сөз Джеллеттің есіне түсіп, шаштаразда ыңғайсыз жағдайға тап болуына да осы камера себеп болғанын түсінді. Адамдарға сұрақ қойып, олардың жауаптарын камераға түсіріп жатса, оның үстіне таптық және нәсілдік ерекшеліктері менмұндалап көрініп тұрса, кім болса да ыңғайсызданып қалары анық.

Тығырық: «Бұл оқиғаны айтатындай мен кімін?»

Сәл кейінге шегінсек, әлгі деректі фильмде режиссер Барретт Американың ең кедей аймағы саналатын шығыс Кентукки тұрғындарының тұрмысын көрсетеді.

АҚШ Сауда департаменті режиссер Хюг О'Коннерге Техастағы 1968 жылдардағы кедейлік пен жоқшылық туралы фильм түсіруге тапсырыс береді. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары кедейлік пен жоқшылық АҚШ-тың ең басты проблемасы болғаны анық. Сол кездегі трагедия туралы материалдарды санаулы ғана ақпарат құралдары жариялаған еді. Соның бірі – деректі фильм түсіруші Хюг О'Коннер. О'Коннер кейіпкері ретінде алған шахтерді әлдебір азаматтың үй маңында түсіріп жатқанда үй иесі О'Коннерді атып тастайды. Біреулер мұны қылмыс десе, енді біреулер режиссер О'Коннердің танымайтын адамның ауласына рұқсатсыз кіргенін айыптап, атқан адамды ақтап алып жатты. Барреттің жоғарыда аталған деректі фильмі осы туралы еді.

Осы деректі фильм «Жаңалық жазу және редакциялау» курсына студенттерге бөгденің мүлкіне мұқият болу керектігін үйретеді. Сонымен қатар деректі фильмде әлдебір жаңалық пен ақпаратты журналистің, ең алдымен, не себепті хабарлағалы жатқанын анықтап алудың маңызын көрсетеді.

Біреудің жекеменшігі мен жария ақпарат арасындағы қайшылық бүгін ғана пайда болған ұғым емес, дегенмен Джеллеттің жоғарыда аталған шаштаразда аса мән бермеген нәрсесі осы болды. Ол бірден осы деректі фильмді есіне түсіріп, «Камералы бейтаныстың» былайғы адамдарға қаншалықты «қатерлі» екенін бірден түсінді де, қателігін түзетуге тырысты.

Джеллет Алабамада тек ақ нәсілділер мектебінде оқыды. Студент кезінде жетімдер үйінде волонтерлік жұмыстар атқара жүріп, өз өмірі мен жетім қалған қара нәсілді балалардың өмірі арасындағы жер мен көктей айырмашылықты байқады.

«Мені де кезінде асырап алған еді, бірақ менімен ол балалардың өмірінде зор айырмашылық бар», – деп ойлады Джеллет. Шаштараздағы оқиға кезінде де оның ойына осы естеліктер оралды.

«Мен әлі күнге дейін таңғаламын. Бұл адамдардың көрген қиындықтары мен ауыртпалықтарын өзім көрмей тұрып, олардың өмірі мен тағдыры туралы қалай жазбақпын? Осы тақырыпты жазуға қаншалықты құқылымын? Екінші жағынан, «сонда орта таптағы ақ нәсілді әйелдер туралы ғана жазуым керек пе?» – деп ойлады Джеллет.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Роулдің әлеуметтегі алуандық көзқарасы және әділеттілік

Америкалық философ Джон Роул
(1921–2002) этикалық мінез-құлықтың
«әділеттілік» моделін құру үшін Джон

Лок пен Жан-Жак Руссоның философиясын қолданды¹. Сонымен қатар бұл философия Иммануэль Канттың «адамдар

1 J. Rawls, A Theory of Justice (Cambridge, Ma: Harvard University Press, 1971).

құрал ретінде пайдаланылмауы керек» деген ойымен астасып жатыр. Роулдің пікірінше, қоғамдағы ең бірінші қажеттіліктер мен игіліктер адамдарға теңдей берілмесе, кейін ол қоғамдық проблема асқынып кетеді. Осы орайда Роул әлеуметтік алуандыққа мына екі негізде қарсы шығады:

1. Барлық адам негізгі қажеттіктерді тұтынуға теңдей құқылы.
2. Әлеуметтік және экономикалық теңсіздік таптық айырмашылық болмашы ғана болған кезде рұқсат етілуі керек.

Байлық пен билікке негізделген, кедей мен әлеуметтік әлсіз топ өкілдерінің құқығын аяққа таптайтын шешім қабылдауды қоғамнан мүлде жою және әр адамның тең деңгейде мүмкіндікке ие болуын қамтамасыз ету үшін Роул «надандық пердесі» идеясын алға тартады. Пердені ашсаңыз кез келген адамның шын бейнесі көрінетіні анық. Сол кезде әр адамның тең екенін көреміз. Роулдің пікірінше, адамзат қашан да қоғамдағы

ең әлсіз топтарды өздері белгілеп, оларды қорғап, қатерді барынша азайтуға жұмыс істемек.

Джеллеттің жағдайында ол әлеуметтік тұрмысы жақсы және жоғары білімді адам ретінде көпшіліктен бөлініп тұр еді. Олар мүмкін әл-ауқат жағынан ұтпағанымен, өздерінің жобасын пайдалана отырып, көпшіліктен ерекшеленіп, жұрт назарын өздеріне аударған еді. Ал надандық пердесін түріп қарайтын болсақ, ол да – сол жердегі көптеген қара нәсілді адамдар секілді қарапайым жан. Егер әлеуметтік теңсіздікті алып тастайтын болсақ, қос тараптың да деңгейлері бірдей еді.

Осы оқиғаға қарай отырып, мұндағы адамдардың арасында біреуінің пайда тапқалы тұрғанын байқай аласыз ба? Зиян көретін адам бар ма? Бұл жобаны «үні шықпайтындардың даусын естірту» деп айтуға бола ма? Бұл жоба, шынымен де, көмектесуді мақсат етсе ме, әлде жекебас мүддесіне бағытталған ба?

ШЕШІМ: АДВОКАТ ІЗДЕУ

Джеллет осы кезде өзінің ішкі сезімдерін таразыға салып көрді. «Жаңалық жазу және редакциялау» пәнінен сабақ берген профессордан кеңес сұрады. Профессор Джеллеттің мұндай тақырыптарды қозғауға деген ұмтылысын жоғары бағалай келіп, ең бастысы, ешкімге зиянын тигізін, ешкімнің абыройына нұқсан келтіріп алмауды ескертті. «Сенің жобаң бар болғаны көргенің мен естігеніңді баяндау гой. Сен ешқандай да жаңалық ашып, жұрт білмеген дүниені таныстырайын деп жатқан жоқсың. Ол жердегі адамдар да сенің сұхбат алуға келгеніңді, камераға түсіріп жатқаныңды көріп тұр. Сен олардың абыройына ешқандай да нұқсан келтіріп жатқан жоқсың», – деді профессор.

Джеллет жұмысын әрі қарай жалғастырып, мақсатты түрде айналыса бастады. «Әркімнің де өз басынан өткен оқиғасы бар. Бірақ оны айтуға

көпшіліктің мүмкіндігі жоқ. Айтатын жер жоқ» – деді Джеллет. – Олар өздерінің басынан өткенді әлемге таныту үшін білімдері немесе мүмкіндіктері шектеулі. Мен олардың оқиғасын жеткізуші ретінде өзіме жауапкершілік аламын», – деп түйген Джеллет фотографымен бірге жұмыстарын жалғастыра берді.

«Мен олардың өміріне араласып, білгішінгім келмейді. Әйтсе де мен айтпасам, олардың оқиғасын ешкім білмей кетеді. Мен олардың оқиғасын өз даусыммен емес, солардың үнімен жеткізуді мақсат еттім», – дейді Джеллет.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: SPJ этикалық кодексіне жүгіну

Кәсіби журналистер қауымдастығы Журналистік кодекстің¹ кіріспесінде «ағарту ісі әділдіктің басы және демократияның негізі» деп жазылған. «Ақиқатты іздеп, оны жарияла» деген қағидалардың ішінде үшеуі Джеллеттің осы оқиғасына қатысты:

1. Қырағы әрі батыл бол. Үні көпшілікке жетпейтіндердің даусын естірт;
 2. Адамның басынан өткен оқиғаны жан-жақты, барынша кеңінен батылдықпен баянда. Көпшілік даусын ести қоймайтын адамдардың үнін естірт;
 3. Стереотипке сүйеніп ойлаудан сақтан. Журналистер өз материалдарында олардың құндылықтары мен тәжірибесі қалай көрініс табатынын ойлауы керек.
- Журналистер алуан түрлі дереккөздер

іздеу кезінде екі түрлі қиындыққа тап болуы мүмкін.

Біріншісі – ақпарат табу. Тауып қана қоймай, дереккөздерден алған мәліметтерінің дұрыстығын жақсылап тексеруі керек. Ал деректерге оңай қол жеткізу үшін тілшілер түрлі ұйымдар және мекемелермен жақсы байланыс ұстауы керек.

Екінші қиындық – сіз жазғалы отырған нәрсенің маңыздылығын анықтау. Журналистің міндеті – шын өмірдегі адамдарды, олардың үміттері мен үрейлерін, бастан өткен оқиғалары мен жетістіктерін жеткізу. Журналистер осындай оқиғалары бар кейіпкерлер тапқан кезде кейіпкерлері де өз оқиғасымен бөлісуге қарсы болмайды. Басты міндет – шынайы оқиғаны жеткізу.

1 <http://www.spj.org/ethicscode.asp>

Соңы: «ӘР НӘРСЕ – ӨЗІНШЕ БІР ОҚИҒА»

Джеллеттің барған көрмесі – жетістік еді. Бірнеше адамның еңбегі мен жетістіктері паш етілетін жер. Көпшілік үшін бұл алғаш рет келген галерея болатын.

Джеллет қазір БҰҰ Тренинг және зерттеу институтында инструкциялық дизайн бойынша тағылымдама өткізіп жүр. БҰҰ тәртіп сақшыларына жыныстық және гендерлік әлімжеттікке қарсы күрес бойынша электронды оқу курсынан дәріс оқиды. Тағылымдама аяқталғаннан кейін ол Никарагуаның Матагалпа аймағында фермерлікті оқытатын коммерциялық емес ұйым құрмақшы.

«Әр нәрсе – өзінше бір оқиға», – дейді Джеллет. Оның әлгі фотографпен бірлесіп жасаған жобасы қоғамдағы кейбір адамдардың жағдайы мен басынан өткен оқиғаларын көпшілікке жеткізу керектігі жөнінен үлкен сабақ берді. «Біз нәсілімізге, білім деңгейіміз бен әлеуметтік деңгейімізге байланысты қоғамда өзгелерден артығырақ өмір сүрсек, онда бұл бізге өзгелердің де жағдайына мән беру, олар туралы да айту жауапкершілігін жүктейді», – дейді Джеллет.

Ой елегінен өткізсек:

1. Сіздің ойыңызша, Джеллет жоғарыдағы жобада фотографқа көмектесу үшін ең ұтымды таңдалған адам болды ма? Біңғайсыз жағдайда қалған ол қалай сытылып шығуы керек еді?
2. Мақала жазғанда дереккөздерің әртүрлі әлеуметтік жағдайдағы түрлі ұлт пен нәсілдің адамдары болса, сіз олардың біріне басымдық бересіз бе? Барлығын бір мақалаға қалай енгізесіз?
3. Жаңалықтар қызметінде тақырып алуандығы жоқ деп ойлаңыз. Ақпарат құралында түрлі адамдардың жұмыс істеуі жаңалықтарыңыздың әралуандығына кепіл бола ма? Әртүрлі журналистерді жұмысқа алудың қандай артықшылықтары бар? Неге әртүрлі дауыс керек деп ойлайсыз? Әдетте журналистер жоғарғы білімді адамдар болатынын білеміз, афроамерикалықтардың – 23%-ы, латынамерикалықтардың – 15%-ы, ал ақ нәсілді адамдардың 40%-ы бакалавр дәрежесін алған. Азиялық ағылшындардың 60%-ында бакалавр дәрежесі бар, бірақ олар жұмыс істейтін редакциялар әлемдегі редакциялардың тек 3%-ын ғана құрайды.

Егер...

Сіз қалалық шағын телеарнаның репортерісіз делік. Сіз тұрған қаладағы тұрғындардың 51 пайызы – ақ нәсілді, 49 пайызы – қара нәсілді еді. Ал сіздің туған қалаңыздағы тұрғындардың 98 пайызы – ақ нәсілді. Бастығыңыз полиция қызметкерлерінің жүргізушілерді тексеру жиілігі туралы мақала жазуды тапсырды. Соңғы бір айдағы статистика бойынша, тоқтатылған 100 жүргізушінің 75 пайызы – қара нәсілділер. Мұнда сіз полиция қызметкерлерін нәсілшіл деп айыптауыңыз мүмкін. Полиция қызметкерлері тоқтатқан адамдардың арасында сіздің көршіңіз де бар. Жергілікті бастауыш мектепте мұғалім болып істейтін ол – қара нәсілді азамат.

Сіздің осы жағдай туралы материал дайындап жатқаныңызды білгеннен кейін сізге сұхбат беруге келіседі. Әңгіме барысында оның тоқтатылған себебі – шектелген жылдамдықтан сағатына 5 миль асырып жібергені белгілі болды. Дегенмен, оның айтуынша, ол жылдамдықты асырмаған, жанында келе жатқан көлік жылдамдықты асырып жіберген екен. Ал оны тоқтатқан тәртіп сақшысы бір кездері көршіңіз сабақ беретін мектептегі полиция учаскесіндегі қызметінен мектептегі әлдебір қара нәсілді балаға «бұзақы» деп жала жапқаны үшін қуылған еді.

Сұхбат біткеннен кейін көршіңіз сізге айтқан сөздерін мақалаға енгізбеді өтінеді. «Мектептегі әріптестері осы сөзі үшін араласпай кете ме» деген қорқынышы барын жасырмайды. Сіз көршіңіздің осы сөзі қаладағы нәсілшілдіктің ең үлкен мысалдарының бірі екенін сезіп тұрсыз. Бұл мақалаға өте керекті мәлімдеме болар еді. Сіз көршіңіздің өтінішін орындап, сөзін мақалаға қоспайтын ба едіңіз, әлде жариялап жіберер ме едіңіз?

Роулдің «надандық пердесі» тұжырымдамасын осы жағдайға қолданыңыз. Бірнеше адамның тізімін жасап, ішіне лауазымды тұлғалар, аудитория мен өзіңізді де қосып, шешімге әсер етуі мүмкін адамдарды анықтаңыз.

Мақалада қамтылатын және қатысы бар адамдардың ішінде кімнің мүддесі кімге қайшы келетінін анықтаңыз.

«Үні естілмейтіндердің даусын естірту» керек, сонымен қатар дереккөзге келуі мүмкін зиянды барынша азайту да маңызды. Мәселені қалай шешесіз?

Оған қоса, басшылықтың, аудиторияның алдындағы журналистік міндеттеріңізді қалай орындайтыныңызды да ұмытпаңыз.

Көршіңізбен арадағы сыйластықты сақтап қалу үшін және оның абыройын да «былғамау» үшін не істеу керек?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Боб Стил үні естілмейтіндердің даусын естірту кезінде репортерлердің қандай кедергілерге ұшырайтынын мына сілтемеде баяндайды:

<http://www.poynter.org/news/mediawire/747/holding-the-powerful-accountable-giving-voice-to-the-voiceless/>

Мүдделер мен тараптардың әралуандығының болмауына бірінші себеп – журналистикадағы әралуандықтың жоқтығы. Америкалық Жаңалықтар редакторлары қауымдастығы қоғамдағы өзге ұлт өкілдері, біржынстылар секілді аз топтардың журналистикадағы үлесі тек 12 пайыз ғана екенін айтады:

<http://asne.org/content.asp?pl=121&sl=415&contentid=415>

Колумбия университеті журналистикалық шолуында «Қоғамның аз топтары журналистикада неге көбеймейді?» – деген зерттеу жасады. Сілтемесі төменде: http://www.cjr.org/analysis/in_the_span_of_two.php

Жалғыз ойын – жақсы ұсыныс

Жұмыс іздеу этикасындағы екі жағдай

Скот Р. Хамула

Оқу аяқталуға таман соңғы курс студенттері жұмыс іздей бастайды. Интернеттегі хабарламаларды ақтарып, ақпарат құралдарының кадр бөліміне қоңырау шалуды жиілетеді. Біреулері түйіндеме жазып, жан-жаққа жолдайды. Алайда олар әдетте әлдебір жұмыс орнынан сұхбаттасуға шақырту келгеннен кейін не істеу керекін білмейді. Сізді шақырған жұмыс орны сіздің қалауыңыздағыдай болмаса ше? Тіпті ол жерге жұмысқа тұрып кеткеннен кейін көп ұзамай одан да жақсы жер шақырса ше?

Итака колледжінің маркетингтік байланыс факультетінің екі түлегі осындай таңдаумен бетпе-бет келді. Бұл тарауға арқау болған қос кейіпкер Эмили Парнель және Джош Мюррей (есімдерін өзгертуді өтінді). Олардың жұмыс істеген компанияларының да аттары өзгертілген.

ОҚИҒА: «МЕН ЖҰМЫС ТАПТИМ, БІРАҚ...»

ЭМИЛИ ПАРНЕЛЬ

Эмили Парнель — өте үлгілі түлек. Ол - А типіне жататын: бәсекеге қабілетті, барлық нәрсені жылдам әрі жоғары деңгейде, кәсіби түрде істегенді ұнататын адам. Университетте ол алдыңғы қатарлы студенттердің бірі болды. Бағасы да өте жоғары. Университет қабырғасындағы түрлі шараларға қатысып, көшбасшылық қырымен танылды. Түрлі тағылымдамалардан өтіп жүрді. Алайда диплом алатын күн жақындаған сайын жұмыс таппағанын уайымдай бастады. Жұмысты жарты жыл бұрын іздей бастағанына қарамастан, әлі күнге дейін оны шақырған жер болмады.

Оның арманындағы жұмысы АҚШ-тың шығысындағы қалалардың біріндегі жарнама агенттігінде есеп менеджері болу еді. Бірнеше жерге кездесуге барғанынан түк шықпады. Жұмыс табылар емес. Бір рет қана сұхбатқа бір компания шақырғанымен, кейін қайта қоңырау шалған жоқ.

Ақырында бір жұмыс табылғандай болды. Профессоры оған Бостондағы Коннектив атты онлайн-маркетинг фирмасына адам керек екенін айтты. Сату жағын ұната қоймағанымен, бұл жұмыс жоқтан жақсы еді. Екі рет сұхбаттасудан кейін бірден жұмысқа қабылданды. Парнель қатты қуанды.

Кампусқа қайтып келгеннен кейін Парнель не істерін білмеді. Жұмысы соншалықты кісі қызығарлық емес, дегенмен басқа таңдау да жоқ. Әрине, жұмыс жарнама саласында болды, бірақ агенттікте екпінділік пен шығармашылық атмосфера болған жоқ. «Мен Бостонға екі рет барып келдім, қонақүйде тұрдым, бұл жолға көп уақытым мен ақшамды жұмсадым. Сондықтан ол жұмысқа орналаспай кеткім келмеді», — дейді ол. Ақырында өзіне сабақ берген екі профессордан ақыл сұрады. Олардың айтқаны, бұл — Парнель үшін әзірге жалғыз мүмкіндік. Ал бітіретін уақыт жақындап қалды. Ақырында Парнель келісімшартқа қол қойып, фирмаға жолдады.

Бірнеше күннен кейін ақырғы емтиханға дайындалып жатқан кезде когнитивті диссонанс (қабылданған шешімді қайта таразыға салу) жасады. «Сауда саласын ұнатпайтынын біле тұра неге ол салаға жұмысқа тұрдым?» «Отбасынан 400 миль жердегі қалада нем бар еді?» — деген ойлардан кейін ол, іштей «қателік жасадым» деген қорытындыға келді.

ДЖОШ МЮРРЕЙ

Джош Мюррей Парнельге қарағанда басқаша. Ол — В типіне жататын: салмақты, сабырлы, еркін адам. Парнель секілді ол оқуды мамыр айында емес, желтоқсанда аяқтамақ. Өйткені бір сабақ алып, оқуды тағы бір

семестрге созып, соңғы семестрді Лос-Анджелесте оқымақ болып шешкен. Жұмысты тек қарашаға қарай іздей бастады. Жіберген түйіндемелеріне бес жерден жауап келгенімен, сұхбаттан кейін жұмысқа қабылданбады. Ол Нью-Йоркте – жарнама агенттігінде, БАҚ саласындағы жоспарлау немесе есептеу менеджерлік қызметінде жұмыс істегісі келді.

Университетті бітіргеннен сегіз айдан кейін үміт оты пайда болды. Бұл туралы ол профессорына 2010 жылдың тамыз айының 24-і күні сағат түнгі 1:57-де былай деп жазды: «Мен бүгін InterAd Media-ға жұмысқа қабылдау барысында өтетін әңгімелесуге бардым. Сәтті өткен сияқты (мен тек үміттенем аламын)».

Ол профессорына тағы да 2010 жылдың 30 тамыз күні сағат таңертеңгі 9:23-те былай деп жазды: «Өткен аптаның соңында маған InterAd Media-дан қоңырау шалды. Мені жұмысқа қабылдады. 7 қыркүйектен бастап сатылым үйлестірушісі қызметін атқаратын боламын. Көмегіңізге рақмет. Қиын жұмыс соңында жемісін берді».

Алғашқы жұмыс күні бірнеше қағазбен жұмыс істеп, одан кейін негізгі міндеттерімен танысу үшін күндізгі курсқа қатысты. Бір жағынан, алғашқы жұмысындағы қиындықтарды ойласа, екінші жағынан, осы жердегі мол мүмкіндіктер естен кетпей қойды.

Тығырық: Екінші ойды қабылдау

ЭМИЛИ ПАРНЕЛЬ

Бостондағы фирмада жұмыс істеуге келіскеннен кейін бір апта ішінде Парнельге жұмыс тауып беруші агент қоңырау шалды. Парнель туралы ақпаратты ол LinkedIn-нен тауыпты. Оның айтуынша, Нью-Йорктегі Nova Associates жарнама агенттігі маркетинг үйлестірушісін іздеп жатқанын, сол орынға Парнельді ұсына алатынын жеткізді. Бостонға онсыз да барғысы келмей жүрген Парнель бірден келісім берді. Сұхбатқа барғаннан бастап Парнельге барлығы ұнады. Нағыз ойындағы жұмыс осы екен.

Сұхбаттасу кезінде ол өзінің Бостоннан шақырту алғанын да айтты. Nova оны Бостондағы жұмыстан бас тартқан жағдайда қабылдайтын болды. Дегенмен Парнельдің алдында қиын таңдау болды. Бірі – өзінің қалаған жұмысы, сүйікті қаласы болса, екіншісі – онша ұната қоймаған, бірақ өзара құжатқа қол қойып, келісімшарт жасап қойған жұмыс. Бұл жолы ол ата-анасымен және оқытушысымен ақылдасты. Ата-анасы оған: «Өзің қалаған жерде жұмыс істе», – десе, оқытушысы келісімшартты бұзбауға кеңес берді. Оның орнына сол Бостондағы жұмыстың артықшылықтарын көру керектігін айтты.

Жұмыс тауып беруші агент әдетте келісімшартты бұзуды қолдамай-тынын, алайда Парнель ол жұмысты, шынымен де, қаламаса, онда алға қадам басуы керектігін айтты.

ОЙ ҚҰРАЛЫ: Кейінгі ұрпақ

Әлеуметтанушылар АҚШ-та қазір 1977–1998 жылы туған адамдар (миллениалдар) санының 75 миллионға жеткенін айтады¹. Ғалымдардың зерттеуінше, аға толқын кейінгі жастардың моральдық құндылықтардан алшақтап кеткенін, әдептерін жоғалтқанын, үлкенге құрмет дегенді ұмытқанын айтады². Алайда дәл осы уақыт аралығында дүниеге келген адамдардың Американың дамуына қосқан үлесі зор болған екен. Рьюдің зерттеуіне сүйенсек³, мінез-құлық жағынан да сол заманда дүниеге келгендер өздеріне сенімді, ойларын ашық айта алатын, жаңа идеяларға ашық адамдар екені туралы пікірлер де бар.

Осы кейінгі ұрпақ өз ата-аналарымен де көп жағдайда пікірлерінің қабыспай жататынын байқайды. Бірақ мәселе онда емес. 1978–1998 жылдар аралығында туғандар (миллениалдар) – біреудің ақылына құлақ аса қоймайтын, өздерінің дегендерін істейтін адамдар. Көп жағдайда жұмыс орындары да осы азаматтарды сол қасиеттері үшін сынап жатады. Миллениалдар мен оның алдындағы толқынның басты айырмашылығын

мамандар FOMO (fear of missing out – әлденеден қалып қоюдан қорқу) синдромы деп атайды⁴. Әлеуметтік желілерді минут сайын тексеріп, тұрақты түрде біреулерге хат жазу әдеті кейінгі ұрпақтың қанына сіңіп кеткендей. Олар бұл әдетін тоқтатса, әлденеден құр қалғандай сезінеді. Енді жоғарыдағы екі кейіпкердің жұмысқа тұру оқиғасына тоқталайық. Бір жағында – жұмысқа шақырту алса да, одан да жақсысынан айырылып қаламын деп қорыққан университет түлегі. Тіпті жұмыс іздегенде де әлденеден қалып қоюдан қорқу синдромы байқалады. Екінші кейіпкер – өзінің ойындағы жұмысына тұрса да, одан да жақсысын жіберіп аламын ба деп алаңдаған жас.

Бұл миллениалдар алғаш рет үлкен өмірге қадам басып, жұмысқа орналасып жатыр. Мұндай кезде олар сабыр сақтап, барынша реалист болуы керек. Егер жұмыс орныңызда қандай да бір қиындыққа тап болсаңыз, ол қиындық өмір бойы сіздің соңыңыздан еріп жүрейін деп тұрған жоқ. Шыдау керек. Ең басты проблема – сіз бен сіздің бастығыңыз екі заманның, екі

- 1 Diane Thielholdt and Devon Scheef, generation X and the millennials: What You need to Know About mentoring the new generations, Law Practice Today, August 2004. <http://apps.americanbar.org/lpm/lpt/articles/mgt08044.html>
- 2 Chris farrell, flip flops and facebook Breaks, the millennial generation Invades the Workplace, march 4, 2011. <http://www.marketplace.org/2011/03/04/life/makinmoney/flip-flops-and-facebookbreaks-millennial-generationinvades-workplace>.
- 3 The Millennials: Confident. Connected. open to Change, feb. 10, 2010. <http://pewresearch.org/millennials/>
- 4 J. Walter Thompson, JWT Explores fear of missing out Phenomenon, may 4, 2011. <http://www.jwt.com/content/447047/fomo-jwtexplores-fear-of-missing-outphenomenon>

менталитеттің адамысыздар. Бастығыңыз – адам өз мақсатына ұзақ жылдар бойы еңбектеніп жетеді деген философияның адамы. Шама келгенше бүгінмен ғана өмір сүру туралы ойдан аулақ болыңыз.

Егер сізге Gen Y стереотипі сәйкес

келетінін білгіңіз келсе, онда <http://pewresearch.org/millennials/quiz/cil-temecine-otiniz-jane-de-Pew-Research-How-Millennial-Are-You?testin-alyңыз-немесе-зерттеулерді-мына-cilтемеден-http://pewresearch.org/millennials/оқысаңыз-болады>.

ДЖОШ МЮРРЕЙ

InterAd Media компаниясында ассистент ретінде екі апта жұмыс істегеннен кейін Мюррей компанияға әбден сіңісіп кетті.

2010 жылы қыркүйектің 16-сы кешкі сағат 4:05-те Мюррей профессорына: «Сізден кеңес сұрасам бола ма? Бұл – менің InterAd-тағы екінші аптам. Мұндағы адамдар өте жақсы әрі ұнамды жұмыс істейді.

Маған Direct Message Advertising-нен қоңырау шалды. ААЕ [Assistant Account Executive] қызметіне адам керек екен. Оларға мен басқа жерде жұмыс істейтінімді айтпадым. Олар мені, шынымен де, жұмысқа қабылдағысы келетінін айтты. Сонымен қатар оларда БАҚ-қа арналған екі позиция бар екен.

Барлығын ой елегімнен өткізіп көруге тырысамын. Бұл жұмыс жаалақымен қоса, қосымша ақы ұсынып отыр. Есеп жазбасы жоқ. Таңдау қиынға соғуда, сондықтан шын жауап беруіңізді өтінемін.

Рақмет!» – деп жазды.

«Сенің жұмысың бар. Жаман жұмыс емес. Мен саған кемінде жарты жыл сол жерде жұмыс істеуіңе кеңес беремін. Кеше ғана жұмысқа кіріп, қайта шығып кеткенің этикаға сай емес», – деп жауап берді профессор.

Сонда да Мюррей жаңа жұмысқа ауысатын болып шешті.

ШЕШІМ: АСЫҒЫС ШЕШІМ

ЭМИЛИ ПАРНЕЛЬ

Парнель бірінші шешімнің екінші шешімге қарағанда маңыздырақ екенін түсінді. Кім не десе о десін, Парнельдің бірінші жұмыстан бас тарту себебі тек жұмысқа ғана қатысты емес. Таныс емес алыс қалада болу да өзі үшін ауыр келетінін ойлады. Айналасындағы адамдармен де оңай үйренісін кете алмайтындай көрінді. Сол үшін кәсіби және этикалық тұрғыдан қате істесе де, ол екінші жұмысқа тұратын болып шешті. Бірақ алдымен «бірнеше адамнан кеңес алу керек» деп шешті.

ДЖОШ МЮРРЕЙ

Тағы да Мюррейдің ойы хатқа түсті. 2010 жылдың қыркүйек айының 27-сінде, таңертеңгі сағат 9:25-те былай деп жазды: «Direct Message-дің өткен жұмада жіберген ұсынысын ойлана отырып, қабылдадым. Direct Message маған жоғары жалақы ұсынды.

Сізге барлығы үшін рақмет».

Ақырында Мюррей кеше ғана тұрған жұмысын тастап, екінші жұмысқа ауысты. Ал бұрынғы жұмысы оның бұл әрекетіне наразылық білдіргенімен, екі жақ ың-шыңсыз тарады. Мюррей жаңа жұмысына қуана барып жүрді. Ол жақтың жалақысы да жоғары еді.

Егер сіз екі кейіпкердің басынан өткендей келеңсіздіктерге ұшырағыңыз келмесе, оқу бітіріп жатқан кезде-ақ өз мақсатыңызды нақтылап алуыңыз керек. Шын мәнінде, нені қалайтыныңызды анықтаңыз. Ой елегінен өткізбес бұрын, ең алдымен, реалистік ойлар ойлаңыз.

■ ■ ■ ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРАЛЫ: Бенджамин Франклиннің тепе-теңдік қағазы

Мансап кеңесшілерінің «Бенджамин Франклиннің тепе-теңдік қағазы» деген термині бар. Ол – саудагерлердің тұтынушыларға таңдау жасауға көмектесетін әдісі. Өте қарапайым әдіс. Түрлі нұсқаларды жазып, жанына «иә» немесе «жоқ» деп көрсетесіз.

Ең бастысы, жұмыс таңдаған кезде жан-жақты қарастыру керек. Компанияның беделі, атақ-абыройы, басшылығы, ондағы қызметкерлер, қай қалада орналасқаны, жұмыстарын-

дағы ерекшеліктер, жалақы көлемі, қосымша тапсырманың бар-жоғы секілді факторлардың барлығын ескеру керек.

Сонымен қатар жоғарыдағы «Бенджамин Франклиннің тепе-теңдік қағазында» белгілі бір нәрсенің артықшылықтарын қағаздың – бір шетіне, кемшіліктерін екінші шетіне жазсаңыз, көз алдыңызға ол таңдаудың қаншалықты дұрыс екені айқын көрінеді.

Соңы: Екі тәсіл, екі нәтиже

Парнель мен Мюррейдің оқиғасы өте ұқсас. Дегенмен бір ерекшеліктері бар. Парнель бірінші жұмыс орнына бірден ескертіп, жағдайды түсіндіріп, кешірім сұрап, жақсы қарым-қатынасын сақтап қалса, Мюррей бір жұмысты істеп жүріп, екінші жермен келісіп жүрген еді.

ЭМИЛИ ПАРНЕЛЬ

Nova Associates компаниясында бір жылдай жұмыс істегеннен кейін ол дұрыс шешім қабылдағанына көз жеткізді. «Мен өз арманымға адал болып, тек осы жұмысты ғана істей алатынымды білетінмін. Ұнамаған жерде бәрібір ұзақ отыра алмас едім», – дейді Парнель. Әрине, ешқандай шешім 100 пайыз дұрыс болмайды. «Бірнеше ай бұрын PROMO журналын оқи отырып, Бостондағы компаниямның Groupon-esque өнімі күнделікті келісімшартқа отырып жатқанын, жұмысының алға басқанын оқып, «Бостонда болсам, қазір мансабым қандай болар еді?» – деп ойлады. Бірақ бұл ойды Парнель тез ұмытты. Ол алғашқы іссапарында Нью-Йорктегі Жарнама аптасында агенттіктің бас директорымен бірге жүрді. Бұл туралы Парнель: «Осындай кезеңдер Рочестердегі Nova Associates-те жұмысқа тұрғанымның дұрыстығын дәлелдейді», – деді.

ДЖОШ МЮРРЕЙ

Ал Мюррей болса, орналасқанына екі апта болған жұмыстан жөнін айтпай шығып кетуі өміріндегі үлкен қателіктердің бірі болғанын түсінді. «Өз өміріңді қалай сүрем десең де, өз еркің» дейді көпшілік. Бірақ арасында кейбіреулердің, әсіресе кейін қайтып көруің мүмкін адамдармен бейбіт тарасу керек деген ақылын тыңдау артықтық етпейді», – дейді қазір Мюррей.

Ой елегінен өткізсек:

1. Егер сіз Парнель мен Мюррейдің досы болсаңыз, таңдау жасай алмай жүрген кездерінде қандай кеңес берер едіңіз? Қандай этикалық немесе кәсіби стандарттарға сүйенер едіңіз?
2. Тәжірибе бәрін өз орнына қояды. Егер сіз екі апта ғана істеп, жұмыс орнын тастап бара жатсаңыз, бастығыңызға басқа жұмыс орнына ауысатыныңызды қалай айтар едіңіз?
3. Белгілі бір компания университетке келін, студенттермен сұхбат ұйымдастырып жатыр. Компанияның бос жұмыс орны шектеулі. Сіз ол жерде жұмыс істемейтініңізді біле тұрып, сұхбатқа қатысар ма едіңіз? Не себепті?
4. Егер бір компанияның бос орнына 2 үміткердің бірі сіз болсаңыз. Ал компания сіз армандаған жұмыс орны болса, сіздің бәсекелесіңіз бұл компаниядан бөлек басқа жерлерде де сұхбаттан өтіп жүрген болса, басшылыққа айтып қояр ма едіңіз?

5. Сұхбаттасу кезінде сіз өзіңіз туралы компания өкіліне өтірік айттыңыз ба?
6. Егер сіз Парнель мен Мюррей секілді таңдау жасауыңыз керек болса, кіммен ақылдасар едіңіз?

Егер...

Айталық, 45 жерге түйіндеме жіберіп, соның ішінен тек 3-еуінен ғана жауап алып, тек 1-еуі сізге шақырту жіберді. Ал сіздің оқу бітіргеніңізге бес ай болды. Ата-анаңыз да сізді «жұмыс тап» деп мазалай бастады. Университетті тамамдағаннан бері бір жақын досыңыз бен сізден басқа түлектердің барлығында жұмыс бар. Содан кейін бір күні сізге жарнама компаниясы хабарласып, жұмысқа шақырды. Кездесуде супервайзер сізге: «Сіз жаңа клиентпен жұмыс істейсіз, яғни Camel темекісінің жарнама-сымен айналысатын боласыз», – деді. Сіз өміріңізде темекі тартпағансыз және жалпы темекі шегуге қарсысыз. Жұмыс үшін осы ұсынысқа келісесіз бе, әлде бас тартасыз ба және не себепті? Егер жақын туысыңыз рактан қайтыс болған болса ше? Егер Camel тауарлары дамыған елдерде сұранысқа ие болса немесе қала маңында ғана сұранысқа ие болса, онда бұл сіздің жауабыңызға әсер ете ме?

Егер сіз бұл жұмысқа бармайтыныңызға сенімді болсаңыз, сіздің шешіміңіздің өзгеруіне әсер ететін жағдай болуы мүмкін бе? Ал егер агенттіктегілер Camel компаниясымен алғашқы алты айда ғана жұмыс істеп, кейін сізді басқа клиентке ауыстыратынын айтса, ұсынысты қабылдар ма едіңіз? Осы клиентпен жұмыс жасаудың тиімділігін ескертіп, жалақыңызды өсіруді ұсынса ше?

Егер темекінің орнында сыра болса, ал сіз сыра ішпесеңіз және бір-неше досыңыз бен туысыңыз маскүнемдікпен күресіп жүрсе ше? Ал егер клиент «ересектер» веб-сайтынан болса не істер едіңіз? Енді тікелей сізбен жұмыс істемейтін, бірақ жұмыс барысында сіз қатысуыңыз керек болатын жағдайды қарастырып көрейік. Атом электростансасындағы әрдайым ядролық энергетикаға қарсы болып жүрген энергетикалық компаниямен жұмыс істеуіңіз керек болса, онда не істер едіңіз?

Толығырақ ақпарат алуға қажетті сілтемелер:

Қалаған жұмысыңызды табуға көмектесетін мақсатты іздеу жүйесі:
<http://www.indeed.com/>

Фильм және телевидение өнімдеріне арналған ресурстар:

<http://mandy.com/>

Журналистикадан жарнамаға дейінгіні қамтитын медиа мамандарына арналған жұмыстар:

<http://www.mediabistro.com/>

Фильмде, телевизияда, музыка және мультфильмде көңіл көтеру жұмыстары:

<http://www.entertainmentcareers.net/>

Жарнамаға, ресурстар мен хабарландыруларға арналған сайт:

<http://www.careerbuilder.com/JobSeeker/Resources/CareerResources.aspx>

Интернетте жұмыс іздеуге және өзге де мәселелерге қатысты көмек қолын созатын ресурстар өте көп. CareerBuilder.com сайтында Advices & Resources Articles (кеңестер&ресустар) секциясы бар. Онда жаңа оқу бітірген жас маман үшін әртүрлі жұмыс орындары ұсынылады. Сондай-ақ этикалық мәселелерге қатысты да, көптеген пайдалы кеңестерді таба аласыз.

ҚОСЫМША

Этикалық кодекске сілтемелер

Төменде этика кодексінің бірнеше нұсқасы берілген:

Америка Маркетинг қауымдастығының этика мәлімдемесі:

<http://www.marketingpower.com/AboutAMA/Pages/Statement%20of%20Ethics.aspx>

Американың Газет редакторлары қауымдастығының этика тәртібі:

http://asne.org/key_initiatives/ethics/ethics_codes.aspx

Associated Press агенттігінің Жаңалықтар құндылығы және қағидалары мәлімдемесі:

<http://ap.org/company/news-values>

Dow Jones-тың Әдеп кодексі:

http://asne.org/article_view/articleid/306/dow-jones-code-ofconduct.aspx

Gannett компаниясының Этика тәртібі:

http://asne.org/article_view/articleid/298/gannett-company-incethics-policy.aspx

Hearst газетінің кәсібилік қағидалары:

http://asne.org/article_view/articleid/307/hearst-newspapers-statementof-professional-principles.aspx

Сату және маркетингтің халықаралық кодексі:

<http://www.smei.org/displaycommon.cfm?an=1&subarticlenbr=16>

Маркетинг зерттеу қауымдастығының стандарттар кодексі:

<http://www.mra-net.org/resources/documents/CodeMRStandards.pdf>

АҚШ Ұлттық фототілшілер қауымдастығының Этика кодексі:

http://www.nppa.org/professional_development/business_practices/ethics.html

АҚШ Ұлттық радиожаңалықтарының Этика кодексі:

http://www.npr.org/about/aboutnpr/ethics/ethics_code.html

Pew Research Center зерттеу орталығының Этика кодексі:

<http://www.journalism.org/node/125/print>

Америка PR қауымдастығы Этика кодексі:

<http://www.prsa.org/AboutPRSA/Ethics/CodeEnglish/index.html>

Біліктілік зерттеу кеңесі қауымдастығының Мүшелік этика кодексі:

<http://www.qrca.org/displaycommon.cfm?an=1&subarticlenbr=26>

Телерадио жаңалықтары қауымдастығы Этика және кәсібилік кодексі:

http://www.rtnda.org/pages/media_items/code-of-ethics-and-professional-conduct48.php

Жаңалықтар дизайны қауымдастығының Этикалық стандарттары:

<http://www.snd.org/about/code-of-ethics/>

Кәсіби журналистер қауымдастығының Этика кодексі:

<http://www.spj.org/ethicscode.asp>

Ел аузындағы сөз маркетингі қауымдастығының Этика кодексі мен стандарттары:

<http://womma.org/ethics/code/>



ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАПСЫРЫСЫМЕН АУДАРЫЛЫП БАСЫЛДЫ

Ли Энн Пек, Гай С. Рил
МЕДИА ЭТИКА
Жас мамандардың тәжірибесінен
2-басылым

Редактор – *Кәтқызы Е.*
Корректор – *Құлпейісова Г., Болатханқызы А.*
Беттеген – *Жұмағалиев А.*

Басуға 05.02.2018 ж. қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «DS Svetlana».
Пішімі 00000. Шартты баспа табағы 19,0 б.т.
Таралымы 10 000 дана.
Тапсырыс №

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Жаңа гуманитарлық білім
Қазақ тіліндегі



Жаңа
ОҚУЛЫҚ

ҰЛТТЫҚ
АУДАРМА
БИҮРОСЫ
ҚОҒАМДЫҚ ОҚРУ



ISBN 978-601-7943-18-9



9 786017 943189